


A 2010

22878<sub>10</sub>

ЖӘРДЕМ ТІЛЕКОӨ

# КАЙНАР









ЖӘРДЕМ ТІЛЕКОВ



# ҚАЙНАР

ПОВЕСТЬ



---

ҚАЗАҚТЫН МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТАУ – 1953



Колхоз құрылышы болмаған болса,  
колхозшылар мен колхозшы әйелдер  
жанқыярлықпен еңбек етпеген бол-  
са, біз бұл аса қыйын міндетті, әрине-  
орындаі алмаған болар едік.

*И. СТАЛИН*



## **БІРІНШІ ТАРАУ**

### **I**

Тұлпарлы жайлауының таң алдындағы тамылжыған табиғаты, өз перзентінен жан-тәнін аямайтын анадай, жан-жануардың бәрін кең пейілді мейріміне бөледі. Исі жұпар аңқый құлпырған алуан түрлі өсімдік қалын шыққа малына, балбырап тұр. Тұні бойы құлын, тайлары шұрқырасып, баяу желге қарсы пысқыра жайылған жылқы жым-жырт жусап жатыр. Жылқышықұс та тыным алған, Тауқұдрет те тым-тырыс. Ақырын ғана сылдырай аққан өзен түнде жағасына келген жайдары жандардың інәзік құлқісін қайталап жатқан тәрізді. Сан-мың жүлдіздардың ішінде, күнисен жаралғандай жарқырап жаңа туған шолпан шұғласы жайлау аспаңып жанарландыра түсті.

Тұнгі үйқысы қансын, қанбасын — әйтеуір шолпан туған шамада бір ояну Есеналының ежелгі әдеті еді. Ол бүгін де осы мезгілінде оянды. Төңірегі түрлілген төрт қанат үйдің төрінен тұрып тыска шықты. Таңын тэтті самалың, өзінің кеше құндіз шөлдел келіп ішкен сары қымызындағы ракаттана сімірді. Өзениң сынаптай мөлдір, жібектей жұмсақ сұнара жуынды. Ол енді жанағы үйқыдан ояниған минуттағысынан да жеңілейіп алды. Өзен жағасының көк майсасында жусап тұрған атын жүгендеп, ер салды...

Құншығыс құланиектене бастағанда жылқы өрісінен атка қоңған Есеналы шүү дегеннен Қасқырқараны бөкенжеліске басты. Бұл оның өткен қыста он төрт қасқыр соккандықтан «Қасқырқара» атанған аты еді. Отыз мың гектардай жер көлеміне орналасқан «Социализм» колхозының ол шеті мен бұл шетіне үнемі үдерес жор-

туға дағдыланған, аршының сака қара ат, қазір Тұлпарлы тауының күнгейіне бет ала, ылдайынан өріне кетеріле желіп келеді.

Тацертенгі тау самалы, Есеналының бешпет сыртынан желбегей киген женіл шапаншасын ат сауырынаң асыра желбіретеді. Орта бойлы, шақпақ сом денесін козғалмай ат үстінде берік отыrsa да, шалғылы бурыл мұрты карлығаш қанатындақ қағылады. Қазір ғана қарсы алдынан күле қараған күн нұры, сол бурыл мұрты мен шокша сақалын зәрлі шоқтай жарқылдатып, аздалап тұз тотықтырған қараторы жүзін жаңартса жайнатып келеді. Кірпіктері қою, ұлкен қой көзі алдағы бел-белестерді шола, женіл пүшпақ бөркін шалқайта киіп, қасқая жортады. Қөніл қуаты кең қеудесін керней келіп, көмекейден біржола актарылғандай аныратада ән салады. Ән салғанда Біржан «Жамбас сыйпарының» «Біз картайдық», деп басталатын өлеңін ұнатыңқырамай ма, әлде оны кайталай беруге жалыға ма — әйтеудің сол әнге Жамбылдың «Жазын» косады.

«...Шынына шыбық шашып, гүл түлетів.  
Сайлы елім саяхатқа саяттанған.  
...Жазында Сталиннің жаңа жасап,  
Күлшындық қыран құстай тояттанған».

Оның даусынан Тұлпарлы тауының жакпарлары жаңғырығып, бірнеше Есеналы қосылышп келе жатқав тәрізденеді.

Есеналы бүгін көңілді ән, бөкенжеліспен Тұлпарлы тауының асуынан аса ілгерілеуге ден койып еді. Бірақ, сол биікке кетеріле бергенде ән кілт тоқталып, ат шаужайлана қалды. Етек-жен жыйылып, бөрік баса күлді. Жоспары бұзылып, маршруты өзгерді. Дереу кейін дерлік бағытқа бұрылуға мәжбүр болды. Енді сол бағытына қарай жортты. Қеудесін керней қалған ашу-ыза болмаса да, күнгейден көленкеге бет бүргав оның ажары арыстан тәрізденді. Жоғарыдан тәмен жорткан оның кабағы тұлкіге түсер алдындағы ақиықтайды түйілгенге ұксады. Қазір оның қанатты ойы Қасқыр-карадан озып, тіпті мына жазды да, алдағы құзді де артта қалдыра тұрып, сонау қыс айларына қарай самғап кетті. Сонау батыс көкжиектен кетерілген қою қара бұлтқа қарай береді. Қараған сайын ой қанаты қағыла береді...

Пішенишілер бригадасы Есеналы бұрылған жерінен жеті километрдей қашықтықтағы Майлыхөлде болатын. Майлыхөл, жердің бір көремет кең тайқазанындаі тәңірегі дәңгеленіп жаткан шалғынды ойпат. Бұл кездес пішенишілер, сол казанды қайнатып жаткандаі қызу іс үстінде еді.

Есеналы Майлыхөлге таянғанда, шөпті шабушылар мен шөмелей салушылар топтараты бүгіндік нормаларының жартысын орындаған койып, енді маяшылар тағы бір зәулім мая табанын тарта бастаған-ды. Бұдан бес күн бұрын сол маяшылар тобындағы қызыл жалау, қазір пішенишілердің алдынғы машинасынан желбіреп барады. Орақ салмас бұрын, тынық теніздей толқып қана өзімен өзі болып жай жаткан Майлыхөл көрінісі қазір өзгеріп, оған Кайнардағы колхоз қыстагы орнап қалған сыйкты еді. Катар-катар салынған шатырлы үйлер бейнелес маялар көбейіп кеткен. Көптеген шөп машиналарына, қырмызықурені, шиежирені, шаңқацбозы, қаракөгі аралас жегілген аттардың бастарын шұлғып, кекілтерін қакканы қызыл-жасыл киінген қыздардың колорамалдарын бұлғағанына ұксайды. Аттарға арканмен тарттырган шөмелелер, тасқан теңіз үстінде өркеш-өркеш сөндер көшіп бара жаткан тәрізді. Никельге ма-лынғандай болат құрал-сайман күн көзіне шағылысып, прожектордай жарқылдайды.

Іс үстіне келгенде мін тапкыш Есеналы, көзін жүргіре бір шолып шыққапнан-ак көnlіне ұнамағанын айта салу әдеті еді. Бірақ, пішенишілердің де таңнан тұра жұмысқа жұмылғанын сезе койған ол, аман-саудая кейін-ак өзінің ежелгі макалын кайталап:

— «Ерте тұрган еркектің ырысы артық, ерте тұрган жаңелдің бір ісі артық», — деп қуаттады пішенишілерді.

— Бригадирдің бергені шабан торы, шабанның жүрісінен тұрысы артық,— деп косты бір шөмелей тартушы.

— Біздің ферма жылкысы шабан болмас, жүргізе алмай тұрганың жаман болар,— деді Есеналы.— Өзін айыр сабын да сыйидырыпсын...

— Күшті кол ағаш тұргай темірді де сыйидырмай ма, Есеке-ау,— деді ол өзінше мыктымсып.

— Оқыс қыймыл олактықтың белгісі. Енді мына жана сапты әйнек сыйығымен болса да ыскылап, майдалап алсаңшы, алақаныңды алдырасын ғой.

— Мұны осы мүйізді алақанымың өзі де жылмый-тып шығарады,— деді ол одан сайын күшейіп.

Есеналы мұнан былай, бұл сияқты ұсақ-түйек әңгімеге бөгелгісі келмеді, пішеншіні де кідірткісі келмеді, бригадирдің қай топта жүргендігін сұрады.

— Сонау жалаулы машинаны жүргізіп бара жатқан соның өзі,— деді пішенші сұқ қолын шошайта нұскап.

Енді сол бригадирге қарай аяқмен келе жатқан Есеналы, жолында ер-тұрманымен оттап тұрған атты көріп:

— Мына, сыйыр фермасының көгімен келген кім? — деп сұрады тағы бір пішеншіден.

— Сол ферманың бастығы, Ұлжан ғой.

— Ол неғып жүр мұнда?

— Оншасын білмедік.

— Өзі қайда, қашан келді?

— Әлгі бір әзірде келіп еді, әне, ана бір көпене көтеріп бара жатқан сол ғой...

— Атының айылын босатып қойшы, жылқыны отқа жіберуге де салак-ау түге бұл сыйыршылар,— деді де ілгері өте беріп: «Мұнікі не шаруа екен?— деп ойлады ол Ұлжан туралы.— Зоотехниктің тағы бір жаңа тапсырымасымен келіп жүр-ау бұл... Пішени шабудың да мен білмейтін бір ғылыми жаңа тәсілі табылды ма екен?»...

Ұлжанның сыйыр фермасына бастық болып барғалы өткен жарты жылы ішінде мұндай ауыр еңбекке арасынан Есеналы көрмеген еді. Қазір оның мына корғасындағы салмақты көк шалғынды шөмелейлеудегі қайратына таңдана көніл аударды. Аздал маңдайы тершігенні болмаса, қызыл шырайлы, аққұба өңі өзгермеген, қыйналып жүрген қыз емес. Темір айырды терең түйреп, көк шалғындан салынған үлкен көпсөні көтере жөнелгендеге орында бір уыс шөп қалмайды. Сонысына қарашаңда қайратына қабілеті серік секілді. Ат үстінен: «Сәлемет пе, шырағым!» деп амандақсан Есеналыға Ұлжан сәл кідіре сәлемдесті де, шөмелейді сала берді. Есеналы да, бұл мезетте оны сөзге бөгемей етіп кетті.

Бригадир де жанына келген Есеналыға бола машинаны кідірте коймады, бас изеп қана амандасты да, машинаның алдыңғы көтермесін бір тиек төмөндөтіп койып, қалықтау келе жатқан сыртқы аттың делбесін қағып-қағып жіберді.

Кызу іс, қызыл жалаулы машина, қыз қайраты, —

бәрі Есеналының ойындағысын ұмыттырып жіберген тәрізді еді. Бірақ, сонау батыстағы шоғырланған қалың қара бұлт тағы тынышын алып, машинаны кідіртуге мәжбүр етті. Ол бригадирге:

— Басқа жұмыстың бәрін дөфара түр да, бригаданы түгел маяға жұмылдыр! — деп бұйырды.— Қөрдің бе, сонау шоғырлана бастаған нөсер бұлтты.

— Есеке-ау, нениң бұлты болса да әлі алысырақ, оның қалай қарай жауары да бізге бимәлім емес пе? — деді бригадир қынжылып.

— Судіні сұық, қысырар бұлттың түрі емес, аспашыңды кептей қалып, нөсерін төгер болса үйлімеген шемелейді шірітеді. Сақтықта қорлық жоқ.

Бұл колхоздың мал шаруашылығына байланысты жұмыс салаларындағы адамдарға Есеналының айтқаны заң сыйкты қабылданатын-ды. Оның үстіне пішеншілер нөсер түрғай, жай жаңбырды жактырмайтыны ежелгі дәстүр. Бригада жаппай маяға жабылды. Есеналының Тұлпарлы тауынан кейін бұрылып келіп тұрган максаты осы еді.

Олар маяға жұмылған шақта қара бұлт та өзіне қарай майда соққан самал желге карсы көтеріліп, көкжиектен Майлықөл аспанына өрледі. Дүркін-дүркін наизағайы жарқылдайды.

Маяға жұмылғандардың мандайынан шықкан бұршақ-бұршақ тер сынаптай сорғалап көк шөпке тырстырс тамшылады. Табаны аса кең тартылып қойған мая өзінің төнірегіндегі шоғырлана шөккен шемелейлерді тониалап асап, центиерлеп жұтып жатқан сыйкты.

Қара бұлт та қаһарлана жоғарылады. Ол қазір аспан астының бар дауылын ішіне тартып алып, пәрмендете ышқынғандай құдреттene күркіреп келеді.

Егер, мая үйліп үлгірілсе адам жеңгені, үлгерілмей қалса оның сөбек жемісін тағы күштің тартып алғаны болып шығады...

Мая төбесін өруге шыққан жігіттермен бірге Есеналы да қолына айыр алып іске кірісken. Оған шөпті Ұлжан өперіп тұрган кабыргадан қабылдауға тұра келген. Соңдықтан, қазіргі сын сағаты үстінде жас пен қарттың қайраттары да таразыға тартыла бастады. Ұлжанның Есеналы алдына тастаған шөбі шөккен нарлардай шемелейлене берді. Қыйнала қыймылдан тұрган Есеналыға бір пішениші:

-- Есеке-ay, осы шөпті шабатын машиналарымыз ғой шүкір жеткілікті,— деді.— Ал, маялайтын машина қайда?

— Ол машинаны да алдырамыз, оған дейін өзің де өйлан, іс тәсілін тап,— деді Есеналы алқынған даусы дірілдеп.— Ана қора құрылышшылары экскаватор жа-  
саң алды...

— Пәлі, солардың тасқауғасы да машина болып па?

— Жаңалықты жақтырмасаң жаңың қыйналар.

— Ендеше өзіңіз де қыйналыңқырай қыймылданың!

— Жә, тілің мен жағыңа сүйенбей, алдыңдағы шө-  
мелейді жоғары таста,— деп кіlt қайырды сөзден ұтыл-  
ған Есеналы.

Есеналының бұл сезіне осы пішениң атынан Ұлжан  
жауап бергендей, жуан бір айыр шөпті скпінмен аспан-  
дата тастап, оны көміп жібере жаздады. Ұш кісі бойын-  
дай тәменде тұрған Ұлжанның тегеуріні өзіне катты ти-  
ген Есеналы ол туралы ойлап жүрген жобасын бекітे-  
түсіп, іштей: «акылына ісі сай қыз, бұл өнірден іздесе  
таптырмас келін...» деп корытты.

Нөсер бұлты Майлышкөл шегіне жетпей-ак пішениші-  
лер мая тәбесін өріп ұлгерді. Оны қаша катты дауыл  
болса да козгалмастай етіп када шанышп, салмақты  
сырыктармен бастырыктап таставы.

Емен сапты, төрт бұтакты темір айырды көлденең  
ұстап, зәулім биік мая тәбесінен кара бұлтқа қасқая  
карап калған Есеналы: найзалы мылтық кезеңіп, кас  
дүшпанға карсы тұрған карт солдат сыйқтанды. Май-  
лықөлдің батысынан бассалардай төніп келген кара нө-  
сер оңтүстікке карап аунай жауды. Қаһарлы колхоз  
картынан табиғаттың тағы күші тайсалғанға ұксады...

Есеналы маядан түсерде оның салмағы, арканның  
екінші ұшын ұстаган жігіттен басымырақ болды ма,  
әлде сол жігіт капы айрылып калды ма,— ол тәбеден  
төмен каратай құлдырады. Оны жерге жеткізбей қүшақ-  
тай алған Ұлжанның өзі езіліп қала жаздады. Сонда  
да ол Есеналыны кательден аман алып калды. Бірақ  
бұл, мұндай қауіп-қатердің талайын бастан кешірген  
Есеналының есінде каларлықтай елеулі оқыйға болып  
есептелмеді. Ұлжанға «көп жаса, шырағымын» айтты  
да, қағынып-сілкініп жатып:

— Жаңағы жаңашылым қайда? — деп дауыстады.

— Мен мұндамын, Есеке,— деді ол мая тәбесінен.

Пішеншілер ду күлісті. Жаңа Есеналы төбеден төмен құлдыраганда арқаның екінші үшін беліне байлаған ол, майның арғы қабырғасынан шошаң етіп жоғары шыга қалған екен. Ол мая төбесінен түскеннен кейін «сен өзің бері таман келші» деп шакырды Есеналы. Оның төңірегінде өзге пішеншілер де топтана калысты.

— Сен жаңашылым — деді Есеналы,— маялайтын машинаны аңсайсын. Сталин оны сенен бірнеше жыл бұрын ойлап, әрбір тетіктеріне шейін жоспарлап койған. Маялау тұргай, сүрлеу, малды жемдеу, сауру, сауу, кой қырку, малды будандастыру,— бәрін істейтін машина болады. Оның бәрі электр қуатымен жүргізіледі. Осы әлгі кемеліне келешек сыйыр тәулігіне жыйырма бес літр сүт беруі үшін қайту керек деуші еді зоотехник? — деп сұрады ол Ұлжанға бұрылып.

— Сол тәуліктегі оның жүргегінен он екі мың літр қан жүгіріп өту керек екен,— деді Ұлжан.

— Сол үшін ол сыйыр жылыша қаша жем жеу керек екенін де айтшы осыған.

— Шөптен, орта есеппен жетпіс центнер дейді зоотехник,— деп өсірінкірәй айтты Ұлжан.

— Демек, колда бар ірлі-ұсакты малымыздың әркайсысына елу центнерден есептегендегі, елу мың то-о-шина,— деді Есеналы «тонасын» көтеріңкі айтып.

— Оның үстінен,— деп косты Ұлжан,— сүр, жем дақылдары, концентрат, астық саломы және минералдық корек...

— Естіп тұрмысын? Енді жадағай жайлаудың қыскы тебіні есептелетін есқі салтты естен шыгар. Бынылдан бастап қыс малшыны қосқа, малды далаға түнете алмаймыз.

— Жылқышылар мен жылқыны да ма? — деп сұрады әлгі пішениші.

— Жылқышылар мей жылқыны да. Енді адамға да, асыл иәсілге де жадағай жайлау мекен бола алмайды. Ұқтың ба?

— Әбден түсінікті, Есеке,— деді пішениші.

Бірак, Есеналыдан мұндай сөзді бұрын естімеген ол, «осы айтып тұргапыңың бәрі зоотехниктің сөзі гой!» деп жорыды да, оның қытығына тигісі келіп тосыннан тағы бір сұрак қойды.

-- Есеке-ая, осы жаңа бастамалар колхоз құрылғалы басталмай келіп, быйыл қолға алынуы қалай?

— Игіліктің ерте-кеші жоқ,— деп тағы кілт қайырып тастанды Есеналы.

Бірақ, оның өзі осы макалды айтушыларға: «кеш келіп, кейін қалдырған игіліктің несі игілік. Асықпағаның арбамен қоян соққанын да көргенім жоқ» деуші еді. Қазір соны өзі де андамай айтып қалғанына өкінген ол:

— Жоспар талқылағанда «сан жағынан кемелге келдік, енді сапамен озамыз» деген тоқтам есінде ме? — деп тесіле қарады пішеншіге.

— Есімде.

— Ендеше, тіл тиегін ағыта бермей енбегінді еселе.

— Жә, жарап енді Есекенің жолын бөгемей, — деп тоқтатты пішеншіні бригадир. — Есеке, жақсы келдініз,— деді ол енді өз сұрағына да жауап алғып қалғысы келіп,—мұндағы жұмыс жоспары мерзімінен бұрын орындалғалы түр ғой, содан кейінгі...

— Қой корасы тұсындағы қорыққа көшесін. Көшкеніңше өзім де оралармын.

— Макұл.

Енді атына карай бет алған Есеналы, өзімен бірге ере жүріп келе жатқан Ұлжанға бұрылып:

— Ұлжан шырағым, жай келіп пе едің? — деп сұрады.

— Жайша,— деді Ұлжан төмен карай, аз іркіле сөйлеп,— пішеншілер: «баскарма мүшслерінің Есекенің баскасына пішеннің керегі жоқ» демесін деп...

— Е, ракмет, шырағым, көп жаса! Зоотехник қайдада?

— Сол сыйыр фермасында.

— Онымен мушауарапасатын тағы бір жәйт бар еді. Мені, жұлдыздың жыйырма төрті күні конага келеді де, сол күні фермада болсын,— деп тапсырды ол аяғын үзенгіге сала беріп.

— Жақсы, айтайни.

Есеналы, Майлышкөлден шыға бере Қасқыркараны тағы бөкенжеліске салды. Ол өзінің ертемен бастаған маршрутына қайта келіп түсті.

Кеше кеште, жылқы фермасындағылардың газет-журналдарын тапсыра келген почташы бала, оған колхоздағы бастауыш партия үйімінің секретары Ербөлек Есеновтың сәлемін айтқан. «Сәлем соңында,— деген

ол,— июнның жыйырма үші күні ертеңмен Қайнарға келсін,— деді».

Есеналы Қайнарға кар кеткелі келген жоқ еді. Бес жұз биені аман құлындағанша жылқы өрісінен шыға алмады. Одан кейін, Тұлпарлы жайлауында мың жыл-кылышқа кора құрылсызы басталды. Құрылсы жұмысы қыза түскен кезде қыр пішени пісіп қалды. Өткен жылғыдан екі есе артық дайындалуы тиіс мал азығы жұмысына кора құрылсызы қосылған соң, оның күзге созылуы, немесе тапшы қалу қаупін туғызды. Тұліктегі тұқымын асылдандыру ісінің тағдыры құнарлы азық пен күтімге тірелді де, малшылардың талай жылғы тәжрибесін ғылыми мен үштастыруды іс үстінде талап етті. Басқасы тұргай, быйыл алынған асыл тұқымды айғырды үйріге салудың зоотехникалық бабының өзі, жылқы фермасының бастығы болғанмен қарапайым Есеналыға, бұрын есігін ашпаған ауылшаруашылық институтын бітіруден онай тимеді. Оның үстіне колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары болғандықтан, тек жылқы ғана емес сыйыр, қой фермаларының да тағдыры Есеналы Жоламановтың шешіміне тіреліп отырды. Қыруар майдың қыскы күтімі, жазғы жайылымы, өсімі, өнімі — бәріне жауап беретіп өзі болғандықтан, қырдан қыстаққа бұрын да сирек келетін-ді.

Оның шакырылған уақытта, екі күндей ерте келе жатуының себебі семьясын сағынғандық. Отыз жыл отасқан кәрі жолдасы Нұргайша, орта мектепті быйыл бітіретін кіші баласы Фалым, Қайнардағы колхоз қыстагында.

Басқарма мәжілісі жуық арада, қырда, сыйыр фермасы басында болып өткен еді. «Япырау, кауырт керегім болып қалса колхоз председателі шақыртпай партияда жоқ мені партия үйымының секретары не үшін шақыртады екен? — деп ойлады Есеналы жорытып келе жатып.— Әлде актив қатынасатын ашық партия жыйылсы болмақ па? Онда мал фермаларындағы коммунистер неге шақырылмаған?... Тегі малшаруашылығын жаңаша басқаруға байланысты мұшауараласатын бір төтенше жайт бар-ау... Эрине солай».

— Шүү, қарышта Қасқырқара, Есекенің партия шақырып жатыр!

...Жазында Сталиннің жаңа жасап,  
Күлшындық қыран құстай тояттанған.

«Социализм» колхозының мал түкүммын асылдандыру ісі колхозга зоотехник Таутан Тайбагаров келумен бірге басталды. Әсіресе, сыйыр фермасының келешегі туралы жаңаңызда жана сүйсінген Есепалы кейде Таутанды «асыл нәсіл атасы» деп те атап жүр. Бұлай атауының мәнісі бар.

Есепалының өзі айтқандай, бұрын малының саны көптігімен аудан көлеміндегі колхоздардың алдына шыккан «Социализм» малшылары, сиді сапасымен озу жарысына жаппай жұмылды. Таутан бұл колхозға жыл басында жоспар талқыланар алдында гана келгесі еді. Колхоз басқармасы, асылдандыру ісін жылқы мен сыйырдан бастауды үйірген соң, сол екі ферманың бастықтары және малшыларымен кенессе отырып, жана жоспарды Таутан жасап шықты. Оны колхозшылардың жалпы жыйылысы бекітті.

Бірак, бұл жоспарды Аудандық жер бөлімінің аға зоотехнігі Қалдыбай Құлмұқанов макұлдамады. Оның макұл көрмеуінде де мынадай мәніс бар.

Осы өңірде 1913 жылы «племрассадник» атапып үйімдасқан түкүмдүк мал өсіру шаруашылығының зоотехнігі болған еді Қалдыбай. Содан бері бұл өңірде оның асылдандырып көрмеген түлігі жок. Бірак, кай түлікті асылдандырса да «нәсілдің аты нәсіл» болып шыға берді. Өйткені оның зерттеген теориясы мен колданған тәжрибесі біріне бірі кайшы келіп, барған сайын басы катты. Табынған тәңірісі Морган болды да, ол бұған шыбын-шіркейлерді будандастыртып әбден әуресарсанға салды. Акырында асылдандыру дегенимен аттоның ала қашқан Қалдыбай колтуманың тіршілігін тіледі. Байыргы колтуманың саны өскесімен сапасы өзгермелі. Сөйтіп Қалдыбай картая берді де, ой өрісі тарай берді. Ал, оған аудандық жер бөлімінің аға зоотехнігі міндеттін аткартып отырган отыз жылдық «тәжрибенің» белелі. Сондықтан, бұл өңірдің ілуде бір мал маманы аттаған Қалдыбай, колхоз табалдырығын кеше гана аттаған жас Таутаниң жаңа жоспарын макұлдай алмады. «Бұл жоспарды колдаудан ойда жоқ иәтиже туын қалар болса, Қалдыбай атының құрығаны деп ойлады ол. Өйткені, «Социализм» колхозының жаңа бастамасы жасырынбақ емес, ертең-ақ бүкіл аудан малшыларының құлагынан шалынады. Бірқатар жас зо-

отехниктердің де Тайбағаровтың төнірегіне топтана калуы ғажап емес. Тіпті сол жоспардан бағалы нәтиже шыксын-шықпасын, қазіргі бастамасының өзі, колтума жаратылысының өзгермесін отыз жыл уағаздаған Қалдыбайды қағып шетке шығарып тастауы мүмкін. Қалдыбайдың ойынша: қайткенде де Таутан бастамасын бастатпау керек болды. «Ең алдымен зоотехник Тайбағаровты өз жоспарынан бас тартқызы, жүрегін айнастып, тауын қайтарып бақ, Қалдыбай» — деп күбірледі ол өзіне өзі.

Ол осы мақсатпен Таутанды аудан орталығына шакырып алып, өз кабинетінде оңаша арбап бакты.

— Әлі баласын шырагым,— деді ол жас зоотехникке жаңы ашығансып.— Жас кезімізде акыл айтар ага болмаганына әлі өкінем. Мысалды алыстан іздемей-ак, осы өңірдің өзінде үйымдаған «племрассадникті» алайық. Мен оған қызметке енгенімде, тап қазіргі сенің жасында елім. Содан бері мұндай жоспарлардың талайы жасалып, олардан талай рет таұым қайтқан шырагым,— деп ауыр күрсінді де, қалтасынан тарағын алып, селдіреп қалған бурыл шашын тарады. Мұнысы Таутанға «мына шаш ие үшін ағарды дейсін» деп отырғандай сезіліп қалды.

— Айтып отырғанының рас шығар, бірақ көп жылдық енбекпен өсірілген өсімдіктің үш жүздей жаңа сорттарын жер шары жаратылысының тарихы бұрын көріп пе еді? — деп сұрады Таутан салмақпен.

— Эрине, өсімдіктің ондай сорттарын Мичуриннен басқа ешкім өсіре алмаганы даусызы, — деп басын шұлғыды Қалдыбай, Таутаның ыңғайына жығылғансып.— Бірақ, ол селекционер гой. Ал, мен талай герефордтыңда, симменталінді де қолтумамен будандастырып көрген ағаңмын.

— Соңда шыққан биігіңіздің ең үшар басын көруге болар ма екен?

— Мәселен: герефорд пен қолтуманың буданынан жаралған нәсіл, — деп кенірдегін соза түсті Қалдыбай, — сен көздең отырған биіктің манына бара алмады. Колтуманың сүтін де, герефордтың салмағын да бере алмады.

— Будандастырып қана коюмен қанағаттапып немесе оның сол бірінші төлі өзінен өзі өсіп жетіледі екен деп қол қусырып қарап отырумен рекорд жасал-

майды ғой. Мұндай еңбек, көктемде егіп, жаздай жаратылысқа жалбарынып, күздің күні құралақан қалатын ескі заман егіншілерінің арам тери сыйқты зая кететіні даусыз.

— Шырағым-ау, сонда сен генетика ғылымын жоққа шығарып әлем алдында масқара болмақпсың?

— Мен генетикаға қарсы емеспін, бірақ...

— Ендеше, нәсілдің аты нәсіл,— деді Қалдыбай Таутанның алдын орай қыза сөйлеп. Генетиканы да жақтایтын жас зоотехникті енді бұлтартпасына сене сөйледі.— Қазактың байырғы сыйыры қандай болмасын асыл тұқымды өндіргішпен будандастырылса да, оның нәсілі сол баяғы байырғымыз болып шыға береді. Немесе, сұтке сарап герефорд пен салмаққа жеңіл колтуманың буданынан салмақтан да, сұттен де жүрдай бір ергежейлі пайда болады...

— Осы соңғысын,— деді Таутан Қалдыбайдың сезін бөле сабырсызданып,— етке де, сұтке де жомарт болып өсу шегіне жеткізу керек. Бірінші нәсілі жете алмаса, соның іріктелген таза қанды төртінші, не бесінші буданынан төлдеген үрпақ жетеді. Академик Иванов, Лысенко тәжрибелері, Костромадағы тәжрибе осыны көрсетіп отыр.

— Мүмкін емес. Бұл өңірдің жазды күнгі шыжыған ыстығы мен оқтай тиетін оқырасы, қысты күнгі сұрапыл сұығы сыйыр малының тұқымын үлдай асылдандыруға ешбір мүмкіндік бермейді.

Таутан аз кідіріп, ойланып алды да:

— Материалистік биология,— деді,— кай өңірде болса да төлдеген тұліктің нәсілі сол жердің табиғатына бейімделіп өсетінін ғылми түрде долелден отыр.

— Осы айтып отырғаныңды мына мец,— деді жұдырығы түйіле шошайған басбармағымен өз кеудесін нұскап,— немесе, герефордтың шыккан жеріндегі Уругвай галымдары ойламады, іс жүзінде қолданып көрmedі деп отырмысың?

— Сіз өз тәжрибеніз туралы айтып өттіңіз, истиже шықпағаны рас та болар. Бірақ, мұныныз еткен өмір тәжрибелері ғой. Соны «Социализм» малшыларымен бірлесе отырып жаңаша бастауға маган рұқсат етініз, көмектесіңіз. Ал, Уругвайдан шықты деген материалист биологтың атын естігенім жок. Жер шарының сол бөлегін ашқан Христофор Колумб да жазбапты.

— Томас Гент Морган ше? — деді Қалдыбай, орак мұрнының дөнестіне киіліп тұрған көзілдірігінің үстінен сүзе қарап. Арбау арқылы жас ғалымды алған бағытынан бас тартқыза алмасын сезген оның ажымданған көсе ажарынан ашу нышаны байқалды. Манадан бері аталмай отырған ат, ашу үстінде аузынан шығып қалды да, енді кайта айналып шыға алмайтын тұйыққа тірелгенін өзі де сезбеді.

— Морган да, морганшылдар да биологияны кежегесінен кейін шегіндіру үшін жарапған шыбын-шіркейшілдер. Морган да, морганшылдар да организмдердің нәсіл қууын өзгермейді деп есептейтін керітартпалар. Бұдан жыл жарым бүрүн Москвада болған, биологтердің жеті күндік шайқасында<sup>1</sup>, — деп қыза сөйлеп кетті, сол дискуссияға қатынасқан Таутан,— материалистік биология, организмдердің дамуының зандалықтарын ғылми жолмен дәлелдеп берді емес пе? Америкада да, батыста да Мичуриндік ілім жоқ. Болмайтын себебі, оларда талантты оқымыстылардың жоктығынан емес, таланттың дамуына жағдайдың жоктығынан. Сондықтан атақты биолог Бербанктің де ілімі болмай қалды. Я, солай, деді Трофим Денисович өткен жылғы баянда-масында<sup>2</sup>...

Морганшылдарға материалистік биологияны қарсы қойып қанша айтса да, Қалдыбайдың байыбына бара қоймады. Оның үстінен, колхозға кеше ғана келген жас Таутанның тұра айтпаса да «сен шыға алмаған биікке мына мен шығамын» деп отырғаны бұл ауданға «Қалекен» атанған қарт зоотехниктің өзімшілдігіне катты тиді. Сондықтан ол енді Таутанға коқан-локы көрсете, тауын шағып, майырлта жасытың тастағысы келді.

— Отыз жылдық еңбекті он күндік ойыншық жокқа шығара алмас болар, әуреленбе, арамтер боласың, тула ма, мекре балықша басынды тасқа соғасын, — деді ол куре тамыры жуанайған сайын дауысы қырылдай булығып.

— Советтік зоотехника ғылыминың өкілі бір сіз ғана емес, және оның даму тарихына сіздің тәжкірибенізден қосылған үлес жоқ,— деп Таутан да тік кетті.

<sup>1</sup> 1939 жылғы Октябрьде Москвада, генетика мен селекция мәселелері жөніндегі ғылми маслихатта бір жетілік дискуссия болды.

<sup>2</sup> <sup>2</sup> 1940 жылды ССРО Ғылым Академиясында Т. Д. Лысенко материалистік биологияны дамыту туралы баяндаған жасаған.

— Көрермін, сенің қандай үлес қосқаныңды! «Социализм» колхозының сыйыр фермасы асыл тұқымды мал өсіру шаруашылығы емес, товарлы ферма...

— Асыл да, товарлы да бола алады,— деді Таутан Қалдыбайдың алдын орап. Бірак ол, «екі проблеманы катар жүргізе алмайсың, біrine бірін сыйырата зиянын тигізеді» деген сөзді айтқызбай асығыс орады.

— Аудандық жер бәліміңің аға зоотехнігі мен бе, сен бе? — деді Қалдыбай ақырында қара күшке салып.

— Сіз.

— Ендес мен саған ферма малшыларының сибебін еш еткізбеймін.

— Осы бастаманы бастап отырған сол малшылардың өздері.

— Оларды бүрмалап отырған сен. Мұндай шолақ белсенділікке президиум жол бере алмайды,— деді ол енді аудандық атқару комитетіне арқа тіреп.

— Маған тапсырма берген аудандық партия комитеті,— деп Таутан орнынан ұшып тұра келді.

Ендігі сөздер едәуір ашумен айтылып, қаттырақ кетіскең олар, жер бәлімінен шықты да, екеуі екі мекемеге қарай адымдады. Қалдыбай, жер бәлімі бастығының кабинетіне кірмesten аудандық совет үйіне қарай жөнелді де, Таутан аудандық партия комитетіне келді.

Олардың сол күні, сол мекемелерге барғанда кімдерге жолығып, не айтқандарын баяндауға қайсысының да қасында болғанымыз жок. Ал, біздің білетініміз Таутан аудандық партия комитетінің өзінен-ақ қызметін бітіріп шықты ма, әлде облыска, не одан да жоғары барып келді ме,— әйтеуір ол колхозға қайтып оралғаннан кейін Есеналы, бұрын мал өсіру кәсібінің ілудегі ғалымы деп жүретін Қалдыбайдың ұмытып кетті...

### 3

Қалдыбайдың ойынша: колхоздың мал шаруашылығын басқарушылары Таутанды қолдамай шықса, өзіне едәуір ұтыс болар еді. Соңдықтан ол Таутан жоспары қабылданғаннан кейінгі күндердің бір кешінде: колхоз басқармасының беделді мүшелері Есеналы мен Ұлжанды Таутанға қарсы қою қамын ойлады. Олар мен Таутан арасына от салынса, жоспар қабылдана тұрса да, орындалуына қауіп тудады. Өйткені, Таутан бір сүрінсе-ақ болғаны, аржағын Қалдыбайдың өзі біледі... Бірак, бұл

мақсатын жүзеге асыру үшін сол колхоздың ішінен Таутан мен Есеналының арасына от сала білетін біреу табуы керек. Сол кісі Ұлжанды ырқына көндіріп ала алатын айлакер, бойдақ жігіт болуы шарт...

Ондай кісі қайда? Ондай кісі табыла қалған күнде, ол Қалдыбайдың тұзағына түсіп мұндай масқаралыққа батылы барада ма?

Қалдыбай «Социализм» колхозының кәрі-жасын қалдырмай санаң отырып, оймен, әрқайсының ата-тегін тексерді, мінез-құлыштарының артық-кемін өлшеді... Аудандық жер бөліміндегілердің бәрі кешкі қызметті аяқтап кеткеннен кейін, ол жалғыз қалып өз шылымының көк түтініне көмілді. Қөсе қара жүзі, бурыл басындаі көгеріп, мысық көзі жылтырап отырған оның кескіні де, пигылы да, тұманды түнде колхоз түліктерін торып тұрған көкшулан бәрі сықылданды. Сандалған сайын көз алдына, аудан келемінің барлық малышларын бастаған Таутан келіп: «Босат орынды!» — деп тұрған сияқтанды. Содан үрейі ұшып отырған оның ту сыртынан кәрі Морган келіп: «Көнбе, дәрменің таусылғанша тартыс, нәсілдің аты нәсіл» — деп құлағына сыйырлап тұрған тәрізденді... «Суга кетіп бара жатқаның тал кармағанында!» тарыққан Қалдыбайдың қолына, кеңінет бір сырғауыл іліге қалғандай болды. «Табылды!» деп есін қайта жыйнады ол. Сондағы тапқаны «Социализм» колхозындағы Сарқыт Сарманов дейтін, боз бала кезінде — «салкам», кейінірек «сараң» атанған жігіт, Есеналының балдызы. Қалдыбай енді сол Сарқыттың салмағын өлшеп, алды-артын айналған шолый бастады.

Есеналының әйелі Нұргайшаның туған агасының баласы еді Сарқыт. Әкесі Сарман қайтыс болғаннан кейін, оның әйелі екінші күйеуге шығарда алты жасар Сарқытты жетелеп алғып келіп, Нұргайшаның қолына тастанап кеткен болатын-ды. Сол бетсіз шеше, баласы он тәрт жасқа келгенде қайта оралды. Сонда да оның тас жүргегі жібіп келген жоқ. Үшінші күйеуі Карапашоң байдың қолшоқпary кулак Бөрібайдың баласы болмады. Ол ержетіп келе жатқан Сарқытты балағып асырап алғысы келді. Сол мақсатпен әйслін әлдепеше рег астыртын Қайнарға жіберіп, оның өз баласын өзіне азғырта бастады. Сарқыттың әкесін, азамат соғысы кезінде партизандар қолында өлген деп баяндаатты. Совет мектебін жексүрін көрсете жамандатты. Шешесінің жы-

ландаі арбағанына азған Сарқыт, кей қундері болашақ өгей әкесінің үйіне астыртын барып қонып келіп жүрді. Бірақ, сол кезде Бөрібай совет адамдарына қарсы зыянкестік әрекеттері әшкереленіп ұсталып қалды.

Сарқыт бір класта екі жылдан отырганын, сотқарлықпен мектептен шығып қалып, бос жүрген бір жылдын қоса есептегендеге он тоғыз жасында алтыншы класқа зорға көшті. Арифметикадан басқа сабактардың қайсыынан да қанағаттанарлық баға ала алмады. Ал, қуні бүгінге дейін, оның бұлайша бұзылу себебін, Қалдыбайдан басқа ешкім білмейді.

Есеналы өсіндай сотқар Сарқытты, «сенің профессор болар түрің жоқ» деп жылжарымдай жылқы бақтырып көріп еді, бірақ одан озат жылқышы да шығара алмады. Оның үстіне, ескі әдет бойынша балдыздың жездеге басым келетінін біліп алған Сарқыт Есеналының ырқына қонбей қылжактай беретін болды. Оның орашолақтығын, сотқарлығын, соларының үстіне қаңғыбас, қыдырмалығын ұнатпаған Есеналы малдан да, үйден де бөлектеп шыгарды.

Апа-жездесінің үйінен киім-кешегін, көрпе-жастығын алып бөлектеніп шыққаппан кейінгі бес жылда Сарқыт бірнеше мамандықтың құйрығына жармасты. Алғашқы екі жылда қоймашы, үшінші жылы, қысқа мерзімді курсын өтіп есепші, төртінші жылы бригадирдің көмекшісі, быйыл егіс бригадасы екіге белінгені скінші бригаданың бригадирі болып жүр. Кейбір оғаш мінездері бола тұrsa да, онысын өзінің кулық-сұмдығы, жағым-паздығымен жуып жүр ме, әлде «Есекенің балдызы» деген бір ауыз сөз корған болып келе ме, әйтеуір ешкім оның алдына шыға қоймады. Есеналы алғашында «осы қылжақbastan оңған колхозшы шықпайды» деп жүрші еді. Соңғы жылдары, әсіресе ол бригадир болғалы «түзеліп кетті» деп түсінді.

Сарқыттың жасы быйыл жыйырма алтыдан асып барады. Сонда да ол әлі үйленген жок. Нұрғайша талай қыздың ата-анасымен сөйлесіп өзінше «құда болысқан-мен» Сарқыт қызды ұнатпай шығады, немесе қызбен өзі танысып бірнеше күн қыдырады да «алатын болды, бірер күнде ЗАГС-ке барады» деген лақап дүнк ете түскенде айнып кетеді. Сондыктан Нұрғайша інісін үйлендіру дегенді мулде ауызға алмайтын болып кетті...

Сарқыттың іші-сыртын тінткілей отырып, өсіндай

өзіне керектерін қайта бір шолып шыққан Қалдыбай, өткен жылы колхоздың есеп беру-сайлау жыйынысы кезіндегі оның сөз саптауынан мансапқорлықты байкағанын да есіне түсірді. «Сарқыт, қалай сілтесем де дәп тиетін, ынғайлы қолшоқпар» — деп қорытты ол.

Қалдыбай қолшоқпарлыққа Сарқытты қалап кателлескен жок, дәл басты. Өйткені, сол Сарқыттың өзі іштей Таутанға тісін қайрап жүр. Оның Таутанға деген өшпендейдігі Ұлжанды қызығануынан басталды.

«Социализм» колхозының ұстасы Әділ Қайсаровтың бала дегенде жалғыз қызы Ұлжан быйыл апрель айында, бір жұмыспен қырдан Қайнарға келген еді. Үйіне түсісімен, жуынып, таза киініп колхоз кенсесіне карай бара жатқан оған Сарқыт көшеде қарсы ұшырасты. Ұлжаның, иықты, сұнғақ сұлу денесі, ашаңдау келген белі, көверкот жұқа пальтоның өңірін едсөйр көтерінкі көрсетіп тұрған қазбөтеге қеудесі, екі беті қызырыңқы келген акқұба, донғелек жүзі, кою кірпік астынан төнкеріле қарағанда баданадай көрінген кара көзі, езу тарта сәл жымыйып «сәлематсыз ба!» деп өте шыққанда байкаған, мәржандай тізілген кіршікіз ақ тістері — Сарқытты тоқтатып тастап еді. Бірақ, кідірмей өте шыққан қыздың, енді артынан қарағанда, жаурынынан төмен төгілген құндызыздай кара кос бұрымы, пальтоны белбеусіз жабыстырыған мықыны, биік өкшелі хром етігінің қонышына сыйыңқырамаған балтырлы тік аяғы, салмақты басқан әдемі түзу жүрісі,— Сарқытты сол жерде аныртып едәүір тұрғызып қойды. «Япирау, бұл да осындай ма еді! — деп ойлады ол.— Мен мұны қалайша елемей жүр екенмін?»...

Сарқыт сол күні Әділдікіне барып отырып, кештіғұрым қырға жүріп кеткен Ұлжанды аттандырып салған. Бір жетіден кейін жоқты сұлтауратып, сыйыр фермасына барып та қайтқан. Мінезге ауыр, сөзге сараң Ұлжан, шұу дегениен шешіліп сырласа қоймаса да, сырттай жылы жүзді көрінген сыйқты еді. Сондыктан, Сарқыт өзінің Ұлжан туралы қортындысын асығыстау шығарып: «кет әрі емес, әлі де сынаңқырап алғысы келетін шығар, бірақ, түбінде өз қолыма қонағын құс» деп ойлаған. Кейінірек, керісінше болып шықты. Ұлжан Сарқытқа сырттай да салқын көрінді. Сонда да Ұлжаннан күдерін үзбеген ол, жүзкөріскең сәттерінде оның жүргегіне дақ салғысы да келмеді, басын иіп баурай да қоймады.

Өйткені «Ұлжанның беті бері қарамауына себеп: сыйыр фермасына Таутаның келуінен» деп қорытты. Оған енді Таутанды сүріндіріп, колхозшылар алдында оның беделін жою, немесе Есепалы мен Таутан арасына от салу керек болды. Оның ойыниша: колхоз председателінің орынбасары мен зоотехникті араздастыра алса, ол екеуі бірін-бірі жеңіп тынады. Қайсысы жеңілсе де бұның пайдасы. Таутан жеңілсе колхоздан тайып тұрады да, «Ұлжанды өз қолына қондырады». Есепалы жеңілсе, көптең бері аңсап жүрген арманы орындалып, оның орына өзі қона қалады. Колхоздың негізгі байлығы мал. Мал тағдырын өз қолына алатын болса «екі қоянды бір окпен атып алады...»

Сарқыттың Ұлжан туралы топшылауы дұрыс. Москванды Тимирязев атындағы ғауылшаруашылық ақадемиясын бітіріп келген жас Таутан, бір айдан кейін-ақ Ұлжан жүргегінен бір сезім оятқанын өзі де байқамай жүрді. Өйткені, ұяң Ұлжан өз жүргегінен жаңған бұл шам-шыракты Таутаның көзіне көрсете алмады. Көрсетпейін десе өз сезімі өзін билеп жетелей берді. Таутанмен жұз көрісе қалса-ақ болғаны акқұба ажары нұрлана құлпырып, күреңіте түседі. Эзілдесіп көрейін десе келістіре алмай қалам ба деп жасқанды. Екіншіден, қыздың жігітке өздігінен сыр сездіруі масқаралық, деп есептейді. Ал, Таутаның әзірше шамалауынша: «сырты сұлу болғанмен, іші сезімсіз, оның үстіне ұялшак, ышықтың қызы...»

4

Ертеңмен жайылымға өргізілген сыйыр, Сүттігенді жайлауының отыз түрлі өсімдігіне оты кана, түскі не кешкі сауыныңа келген сайын ферма басы бір үлкен думанға айналатын. Сауын мезгілі жетіп, алшаңдай басқап сыйырлар ферма басына жақындағанда аспан астеги азан-қазанғып ақырай-мөңгірейтін. Қек майсаға тігілген аппақ үйлерден акқиімді адамдар шыға-шыға келіп шу ете қалысатын. Эрбір сауыншылар өздері сауатын сыйырларының аттарын атап «қау-қаулай» қарсы алатын. Ферманың бастығы, зоотехник, есепші, сауыншылар, сепораторшылар, сүт және каймак қабылдаушылар,— борі өз істеріне жұмылратын. Күрт-күрт күйсеп тұрған сыйырлар күр-күр сауылып, толы шелектердегі

сүт сүзіліп бактарына құйылған сепораторлар інгендей боздайтын.

Пішепшілер бригадасынан шыға бере көк жорға атты ағыза теңсөлткен Ұлжан, фермаға түскі сауының осында думаны қызған кезде келді. Келісімен-ақ жуынып, халат киіп, іс үстіндегі сауыншыларға араласты.

Есеналының осы фермадағы бақташы баласы Ержаның әйелі Зылиқа «аға сауыншы» аталушы еді. Ұлжан жоқта сауынды сол басқаратын. Сондықтан Ұлжан оған: «желіндері жуылды ма? Мастит байқалған жок па? Ыдыстар дезинфекцияланды ма? Сынақтағы сыйырлар кірге түсірілді ме? Бұл тәуліктे қаша салмақ қосыпты?» — деген сияқты сұрақтарды қоя жүріп, сыйырларды аралады. Оған ере жүріп, жауап беріп келе жатқан Зылиқа:

— Бұл тәулік сүттің молая бастағанын байқатып тұр,— деді.— Зоотехниктің бақташыға қойған шарттары орындалып келе жатса керек.

— Ержаның қаблетін арттыра берсейші,— деп әзілдеді Ұлжан.

— Нанбасаң мына Балқыядан, ана Шарипадан сұра,— деп қызырақтай қалды ол.— Немесе, бұрын бес литрден артық сүт бермейтін мына қоныр сыйыр...

Сол сыйырдың шелекті толтыра бастағанын байқаған Ұлжан:

— Дұрыс, Ержаның зоотехниканы менгеріп қалған екен,— деп тағы қалжындарды,— бұл айдың сүт жоспары екі есе орындалатын болды.

Ферма малшылары, осы айдың басында жасаған социалистік жарыс шартында сүт өндіру жоспарын екі есе орындағақ болып міндеттеме қабылдаған. Өйткені өткен айдың жоспары орындалмай қалды. Оның себебі: Таутан товарлы ферманың мемлекет алдындағы міндеттіне мән бермей, бір жақты асыл тұқымдық мал өсіру шаруашылығына тән жұмыстарды қолға алды да, малшылардың бәрін осы мақсатқа бағындырыды. Ғылми жұмыс жүргізу үшін, оған қатынасатын адамдардың бәрі сол ғылыми хабарлы болуы шарт деп есептеген ол,— бақташы, сауыншы, төл күтушілердің бәрін жаппай зоотехникалық оқуға жұмылдырыды, соның бәріне өзі сабак берді. Олар күні-түні теориямен бас қатырды да, тәжрибелі қоя тұрды. Қыстан арыцқырап шыққан сауын сыйырларды көктемиен бастап-ақ семірту мақсатымен

күніне үш рет сауынды екі ретке түсірді. Ферманың келешегіне көбірек назар аударған жас зоотехник, төл күтушілерге деген талапты қаттырақ қойып еді, олар бұзауға берілетін сүтті нормадан асырындырап жіберді. Әдепкі кезеңдегі осы сыйкты қателіктер мен асыра сілтеулер ферма өндірісіне олқылық туғызды. Бұл жағдай колхоз басқармасын, әсіреке Есеналыны едәуір қобалжытты да, Қалдыбайды қуантты...

Ал, казіргі сүт өнімінің арта түсуіне аса қуаныш, жоспардың екі есе орындалатынына сеніп тұрған Ұлжан:

— Зоотехник көрінбейді ғой, бір жаққа кетіп қалған ба? — деп сұрады Зылиқадан.

— Кызыл отауда отыр білем...

Кызыл отау, сауын басынан едәуір оқшау тігілген алты канат акбоз үй еді. Бұл үй, кейде «зоотехникалық лаборатория» деп те аталатын. Өйткені, оның ішінде кітаптар, түліктер нәсілінің түрлі фотографиялары, мал өсіру істеріне тән плакаттар, әралуан есімдіктер, азыншоғын аспаптар,— бәрін жыйғанда бір үлкен чемодандық материалдар болатын. Бірақ, Ұлжан үшін бұл, Ғылым Академиясының көрнекті құралдарға бай малшаруашылық институты сыйкты болып көрінетін. Қазір Ұлжан сол кызыл отауға карай келе жатыр.

Бұл кезде Таутан ой енбегі үстінде еді. Жас зоотехниктің ауыр ойға шома беруі табиғи әдеті болып көрінетін-ді. Солай болуының өзі табиғи нәрсе. Батыл басталған істің дамып кемеліне келуі еналдымен оның ой енбегіне тіреліп тұрғаны айқын. Оның үстінде аудан көлемінің барлық малшылары осы фермаға көз тігіп отыр. Өзі өткеп жылы катарына енген ұлы партия, сол бастаманың ғылми басшылығын тапсырды. «Қай жерінен мін табам» дегендегі-ак күн сайын қадағалап Қалдыбай жур. Адамгершілік қасиетін қаблеті арқылы сынаған сыйқтанып, ойда жоқ түйінді сұрактардың зоотехникалық шешіміне келгіштеп Ұлжан жур.

Қазір ол, академик Ивановтың бір кітабын қарап шығып, өзінің сақсиян тысты, қалың қойын дәптерін қолға алды. Бұл дәптерді Академия табалдырығын алғаш аттаған күші бастаған. Содан бергі беттерін аудара карай отырып, быйылғы жылдың басында жазғанына үңілді. Онда: «Бірінші кезең бес жыл,— деп жазылған.— Бұл кезеңде бірнеше будандастыру, әрбір будан нәсілін іріктеу, таңдау, шынықтыру, салмақ үшін күрес...

Екінші кезеңде бес жыл. Бұл кезең, әсіресе, сүт рекорды үшін күрес жылдары... Он жыл үдайы күрес»...

Ол өзінің бұл жазғандарын қайталай оқып шығып, соның соңына «он жылдық күрестің алғашқы жылғы әдістері» деп қос нүкте қойды да, біраз кідіріп қалды. Бұл кідірісте оның ойы өзінің жоспарында жазылған: зоотехникалық оқу, ветеринариялық шарттар, құнарлы азық, қолайлы кора, машина,— дегендерді шолып өтіп келіп, алғашқы жаңа төлді қабылдау ісіне тірелді...

Дәл осы мезетте қызыл отауға келген Ұлжан оған кіре қоймай, есік алдында едәуір кідіріп қалды. Ауыр ой үстінде алдындағы кітаптары мен дәптеріне кезек үңгіліп отырған Таутанды ашық есіктен көріп, оның ойын бөлуге жасқана кідірген еді ол. Бірақ, келіп қалғансоң кірмей кетуі де қолайсыз, оның үстінен өзіне тарташып түрған Таутан дидары мұны бір адым кері шегіндерер емес. Оның аксүр ажары, қағазға қыйыктана қарап отырған кішірек койкөзі, толқындана құлпырған қою қара шашы, орта бойлы қағылез тұлғасы, сол тұлғасына біткен қадірлі қасиеттері,— бәрі Ұлжанды жіпсіз байладап жібермей қойды. Таутанның Москвадан киіп келіп, әлі үстінен тастамай жүрген бастон костюмын, түйінін жұдырықтай ғып байлаған әдемі галстуғін, қолына таққан кішкене кірпіш сағатын, жазып отырған автомат қаламын, тіпті түймелеріне шейін түгендей телміре қарап тұр. Қазір онымен тілдесе бастағанда өзінің не айтары туралы Ұлжанның ойы аяқталғанша Таутан басын көтеріп алды.

— Кіріңіз, кімнен қымсынып тұрсыз? — деді, зоотехник орнынан түрегеліп.

— Кімнен қымсынайын, кіріп келе жатыр емеспін бе,— деді ферма бастығы өзінің жасқанғанын жасырып.

— Менің көзіме, сіз ішке енбей, едәуір сыртта тұрып қалғанға үқсадыңыз.

— Мына балансыңыздың шығуын күтіп сәл кідірген едім,— деп мойындағы Ұлжан Таутанның дәптеріндегі цифrlарды көзі шала қойып.

— Біздің баланс әрқашан да шықпай қалмайды, ал, сіздің баланс ше? — деп сұрады Таутан қойкөзін құлімсірете жымайып.

Оның осылай дегендегі әзілді әуені әсем естілді. Ұлжан аз іркіліп, Таутан дәптеріне қою кірпігін қага қарап тұрды да:

— Эр істің тағдыры математикаға ғана тірелетін болса оңай-ақ шешілер еді...— деп нәзіктеу үнмен сөзінің аяғын жұмбақтай жауап берді Ұлжан. Оның осы айтқанының өзі сезіміне тие қалған Таутан жадырап:

— Зоотехникаға тірелетіндеріне көмектесіп көрейік,— деді.

Олардың осылай басталған әңгімесін сұраусыз кіріп келген почташы бала бөліп жіберді. Ол кеше кеште жылқы өрісіне келіп кеткеннен кейін қой фермасына жетіп қонған. Бүгін мұнда пішеншілерді, құрылышыларды аралап шыққаннан кейін келуі — Таутан адресіне жазылған хаттың заказной еместігінен еді. Почташы шығып кеткеннен кейін Ұлжан жаңа газет-журналдарды ақтара бастады да, Таутан өзіне келген пакетті асты. Хат партия үйімінің секретары Ербөлектен екен, былай жазылышты:

«Зоотехник Т. Таїбагаров жолдасқа:

Ауданнан алынған нұсқау бойынша, сыйыр фермасының жұмысы жайлы ең алдымен бастауыш партия үйімінің бюро мәжілісінде мәселе талқылану қажет болып қалды. Мал тұқымын асылдандыру ісіне байланысты кейбір қателер жіберіп алған сыйқтымыз. Егер шын мәнісінде қателескен болсақ, оны бұдан былай қайтала маудың қамын ойластыра дайындалып келіңіз. Жоламанов жолдаспен де ақылдасын алууды мақұл көріп, оны да шақырттық, озат тәжрибеге де орын ұсыну қажет болатын шығар. Мұны да ойланыңыз. Бюро мәжілісі шөннің 23 күні кешикі сағат 9 да басталады.

Е. Есенов».

Осындай қысқаша жазылған хат әп-сәтте оқылып шыққанмен оның әрбір сөзі әртүрлі ой салып, Таутанды өзіне қараты едәуір кідіртіп қойды. Қозғалған сайын көнілі әртүрлі қайшылыктармен арпалыса отырып: «Күлмұқановтың әрекеті басталды,— деп ойлады ол.— Демек, ол әлі талай рет ашық та, астыртын да әрекеттеп бағады...»

Таутаның іштей оқып отырған хатының мазмұнын білуге іңкәрлі Ұлжан, оның не куаныштан, не ызадан екенин біле алмаса да ажарының қызыра бастағанын байқады. Бірак, тіл қатпастан ешнэрсе сезбегендей, газетін оқып отыра берді.

Партия үйымының секретары өзіне ғана арнап жазған бұл хаттың мазмұнын Таутан Ұлжанға жариялағысы келmedі. Бірақ, осы хаттың қайдан, кімнен келгенін білуге ынтық болып отырған Ұлжан үшін оның құпыялануы жұмбақ болып қалды.

Таутан партия үйымы секретарының тапсырмасын қазірден бастап орындауға кірісті. Жаңағы бастала түсkeп әңгіме бағытын енді қызмет бабына қарай бұрып алды да:

— Математикаға тірелетін істің тағдыры оңай шешілетін болса,— деді ол едәуір салқынраймен,— ферманың осы айдағы өнім жоспары қанша процент орындалғанын айта қойыңызышы.

Ұлжан оның бұл сұрағына іштей таңдана отырып іркілмей жауап берді.

— Бүгін таңертенгі сауын өнімін қоса есептегендегі бір жүз қырық жеті де оннан тоғыз...

## 5

Күн кешке айналғанда Қайнарга таянып қалған Есеналы Еспе каналы құрылышына соқты. Өйткені, өзін қырдан шақыртқан, әрі партия үйымының секретары, әрі агроном Ербөлек сонда шыгар деп шамалады. Екіншіден сол құрылсты көріп, ондағы, өзінің ежелден ізгі досы Колосовпен сәлемдесіп өткісі келді.

Қайнар көлінің қысы-жазы сарқылмайтын мол сұзы Еспе, Еділше өзендері арқылы тегін ағып жататын. Егер осы екі өзен бірдей сағадан бөгеліп қалса, асты қайшар бұлакты, сондықтан «Қайнар» атанған көл өзінен-өзі тасып, далаға сел болып жайылып кетер еді. Канал Еспе өзенінен сегіз километр жердегі Қаймақты алағының аралығынан қазылып жатқан болатын.

Қектем егісінен кейін, Еспе өзенін егіс даласына ағызу үшін аудан көлеміндегі колхоздарды көмекке шақырып жазған «Социализм» колхозшыларының хаты аудандық газетке жарияланған. Бұл шақыруды қабыл алып, колхоздардан көлік, құрал-саймандарымен жүзден астам адам келген. Канал құрылышы май айының басында басталған. Көлемі шағын бола тұрса да қазіргі екі жүз адамға жарты жылға жуық жұмыс болып есептелген бұл құрылсты басқарушы, «Социализм» колхозының бригадирі Дмитрий Андреевич Колосов болатын.

Есеналы бұл құрылстың қарқынын, өзі басқарып

салдырып жатқан мал қорасы құрылсынан гөрі күштірек көрді. Мұндағы екі жүз колхозшының еңбегі, былтыр «Шығыс жолын» салған қырық мыңның қыймылына ұксас. Әзірге ұзындығы километрдей, терендігі кісі бойындағы қазылып келе жатқан каналдың екі жағына үйілген топырақ қаз-қатар қара бурагар шөгіп қалған сияқты. Канал ішінен жүздеген күрек катар лақтырған қара топырақ, сол бурагардың желгендегі шудасындай желпілдейді.

— Қәне, сенің текшеметрің қанша, өлшеймін.

— Өлшесең өлшеп көр, жарыс шартында айтқаным айтқан.

— Уау, күректің үңғысын үзіп алма.

— Сүйменді бер деймін, сүйменді.

— Ал кәне, көтеріндер мына тасты.

— haу-у-у-ф,— десе жамырасқан жер қазушылар сөзін, ерсілі-қарсылы көлік айдаушылардың «айт-шүү» «соп-соп» деген дауыстарын алысқа жібермей, трактор мен жүк машиналар моторы жұтып қойып тұрғандай шала естіледі.

Есеналыға сырт сыйпатын осылай көрсеткен құрылыш, одан өзінің ішкі сырын да жасырмады. Қазылып жатқан каналдың Қаймақты жағынан бастап бір жақ бойын куалай үйілген топырақ сыртымен аяңдалп келе жатқан Есеналының көзіне оның тереңіндегі бір топ адам көрінбенмен, құлағына олардың сөздері шалынды. Шөптің басы сыйбыр еткенін сезетін ол атын шаужайлап тосыла қалды.

— Осы колхоздың каналын қазып табар пайдамыз қанша? — деді біреу.— Онан да егініміздің арам шебін отап, өз бақшамызды суарсақшы.

— Қаза бер, сол өзіңің егінің мен бақшанды осының сұы суарады.

— Осы бір Еспенің сұы Колосовтың Қаймақтысынан ауысады деп тұрмысың?

— Ауысар еді-ау, әлі көмбесін көре алмай тұрғаның болмаса... Ай жарым қазғаның мынау, ал, ана алдыңдағы жолбарыстай жымыйып жатқан жота жылжарымсыз көнер ме?..

— «Япырау, мыналардың бұл не дегені?» — деп таңдаған қалған Есеналының өз көзі де сол жотаға тесіле қарады.

— Қаза беріндер деймін,— деді үшінші біреуі,—

Есеп сүзы Қаймақтыны қандырса да игілік. Бұкіл аудан егісінің сортты тұқымы Гордейформені өсіріп беріп отырган осы колхоз емес пе!

— «Е, бәсе, сопы айтиши ана ақылсызыңа» — деп іштей қуаттады Есеналы соңғысының сөзін.

— Тілмен тілгілемей, жүрекпен өлшеп, білекпен кесу керек, әйтпесе, звеноның артта қалуы ғажап емес, — деді тағы біреуі. Бұл осы звеноның бастығы сыйқты. — Жолбарыстай жотаның қабырғасы динамитпен қакырайды. Егін орағынан кейін Есеп каналы біtedі де, Едіше бөгеледі. Қайнар сүзы Қара теңіздей көтеріледі. Аудан көлемінің жері Қайнар мөлшерінен отыз метр төмен. Соңдықтан, оның сүзы осы канал арқылы, сенің бақшаң тұргай, отыз колхоз егініне жетеді. Осы мақсаттың маңызын құрлыс басталар алдында-ақ айтқан емес пе еді Есенов. Қашаңғы қайталаймыз...

«Бәрекелде, сөз тапқанға қолқа жоқ» — деп қостады Есеналы.

Енді, каналдың осы жерінен тасталған топырақ бұрынғысынаң қойыла, жанағылардың сөздерін астына ала гүрс-гүрс шәге бастады.

«Согиализм» колхозының егіс бригадирі Дмитрий Андреевич Колосов қапсағай денелі, тұлғага зор кісі еді. Бір топ құрылышылар арасында жүрген оны Есеналы едәуір жерден таныды. Оның төрт жас үлкендігін сыйлайтын және ежелгі достығын жоғары бағалайтын Есеналы, қазір де сол аға досына жақындаій бере атышан түсіп, көрісіп жатып:

— Иске сәт Метрей! — деді.

— Сәті бірге болсын Есеналы Жоламаныч, — деп шүңірек көкшіл көзі құлімдей көрісті Колосов. Оның өз ажары түстес жирен қаба сақалы мен кою мұртының қара топырақ тозаңы әдеуір қарайта көрсетіп тұр еді. Сонысын әзілдеп:

— Өзінді канал қайта жасартыпты-ау, — деді Есеналы мұртынан күле.

— Соңдықтан қайрат та шыныға түсіп, қара жерге шабуыл жасап жатыр, — деп мактаныш етті.

— Қазіргі қыймылың каркынды-ақ, бірак, ана алдындағы күдіре жалды «жолбарыс» жымайып жатыр екен...

— Ол курекке көнбес болған соң, бомбамен бұзгалы тұрмыз.

— Ойнасаң да, сол бір кісі өлтіретін пәленің атын атай көрмеші, Метрей, бомбасы құрысын...

Дәл осы мезетте сол жотаны пәрменімен қопара динамит жарылды. Бір емес, бірнеше рет аспан астын жаңғырта жарылды. Төніректегі жан-жануарлардың бәрі астындағы жермен бірге селкілдеді. Шошынған көліктердің кейбірі арбаның дертесін сындырды. Динамит жарылған жердің төңірегі аспанинан кесек жауғандай болып кетті. Есеналының жаңағы айтып тұрган «құдіре жалы» жұлынып, «жымыйған жолбарыс» мертіге қалған сияқтанды.

— Метрей-ау, мына инженерлерді тағы қайдан тауыш алдың? — деп сұрады Есеналы, динамит жарылған жерді нұсқап.

— Олар өзіміздің инженерлер,— деді ол мұртын шынырып қойып.— Агрономия мен гидро-мелиорацияғылымдары қосылып бір жотаны бұза алмаса не болғаны.

Дмитрий Андреевичтің қаладағы гидро-мелиорация техникумын быйыл бітірген кіші баласы Павел Колосов колхозға осы құрылымың басталар алдында гана келген еді. Қанал қазу ісіне Ербөлек Есенов те инженерлерше қатынасып жүр. Дмитрий Андреевичтің «өзіміздің инженерлер» деп мақтаныш етіп тұрганы осы екеуі.

— Жездес, каналға түсіңіз,— деп араласты әңгімеге Сарқыт.— Құрылымызыра қол жалғацыз, қартайғанда халық салтын бұзып қолұшын тигізбей кеткіңіз келіп тұрмаса.

Сарқыттың бұл айтқаны жездесіне балдыз әзілі сияқтанса да, Есеналы оның сөзін тұра мағанасында қабылдады. Ескі ырым бойынша: қызу іс үстіне келген адам оған қол ұшын тигізбей кетсе, оның да үлесі қалып, іс ұзакқа созылады-мыс. Оның үстіне «қартайғанда» деген сөз намысина тиғен Есеналы, бешпетінің екі етегін белбеуіне қыстыра, білегін сыбана қолына күрек алып, каналға түсті. Кісі бойына таяу терең каналдан топыракты алышыраққа, бұрыңғы үйіліп жатқаннан әдеуір асыра тастап-тастап жіберді. Мұны көріп, Сарқыттың аузы тағы қарап тұрмады.

— Тастаныз жезде, топыракты тастанқыраңыз, ертең орныңызды Таутан тартып алса, осы құрылымың келмей қайда баармын дейсіз.

Оның бұл сөзі, секемшіл Есеналының шекесіне балғамен ұрғандай тық ете түсті. Қолындағы күректі тастай беріп, каналдан шыға келді.

— Осы сен бейпілауыз не оттап тұрысын? — деді ол.

— Е, «Алты жасар бала алыстан келсе, алпыс жасар көрі алдынан шығар» деуші емес пе едіңіз. Алпысқа келмегенмен, елуді еңсеріп тастадының, Таутан жас, алыстан келді, алдынан шықтыңыз, атыңыздан түспей қайтермін дейсіз, ха-ха-ха...

Есеналы капелімде Сарқыттың бұл сөзіне жауап боларлық ешиәрсе айта алмай қалды. Өйткені партия ұйымы секретарының өзін қырдан шақыртуы, Сарқыттың осы айтып тұрғанына байланысты ма деп ойлады.

Ал, мұны естіп тұрған әзілқой досы Дмитрий Андреевич те осы мезетте Есеналыға бірдеңе деп қалуы тиіс еді. Ол үндемеді. Соған қарағанда, ол да бірденені билетін болып, көңілге қарап ешиәрсе айта алмай тұр ма деп күдіктенді. Сондықтан Сарқыттың сандырағына мән бермеген кісідей-ақ, енді бұл жерде көп аялдағысы келмеген ол, Дмитрий Андреевичпен бірге Ербөлектерге карай жүрді...

Сарқыт әлгі сөзді текке айтып тұрған жок. Бұдан бірнеше күн бұрын ол Қалдыбаймен кездескен болатынды. Сол кездесуден кейін-ақ өзінің бұрыңғы қара дүрсіндеу салқам-салдығын ішкі мақсатына бағындыра бастады. Сондықтан ол әзілқойлығын да керек жерде пайдаланып қалуы тиіс. Табан тірер тыянағы табылса, өсекті де өзінше сахнаға шығарып роль ойнатуы керек. Бір гана Ұлжан емес, колхоздың барлық қыздарына ілүдегі бір тамаша жігіт болып көрінеді. Ербөлек Есеновтың алдында екі айтпайды. Дмитрий Андреевичтің ішіне кіріп алады. Есеналының әзілқой балдызы, керек жерінде жанашыры болып шыға келеді. Таутанға деген қарым-қатынасы да бұрынғыдан өзгеріп, көзінше досы, көзі жок жерде не істейтінін өзі біледі... Ақыр аяғында Сарқыттың Қалдыбайдан басқа ешкім білмейтін іштей жоспары бойынша: колхоздың кезектегі есеп беру-сайлау жыйылысына дейіп жұмысқа өзгелдерден озат, ақыл-ойға терең, өнерге «сегіз қырлы» болуы шарт еді.

Ал, оның жаңа Есеналының орнын Таутанға «тартып алып» беріп тұрғандағы мақсатының пе екенин енді айтпасақ та түсінікті.

Ербөлек жаңағы динамит жарылған жердегі апандардың көлемін өлшеп жүр еді. «Жемшөп сүрлейтін апандарды да осы әдіспен қаздырар ма еді» деп ойлаған Есеналы онымен амандақсаннан кейін:

— Жер қазу істерінің бәріне мұндай дәріні қолдану мал мамандарының да қолынан келе бере ме екен? — деп сұрады.

— Ол саған не үшін қажет болып сұрап тұрсын, Есеналы Жоламаныч? — деді Колесов Ербөлектің жаубынан бұрын. Оның ойниша сырмінез досы: «мен де қырдан канал қаздырар едім» десе, «өзен тұрғанда малынды канал сұымен суармақпсын» — деп қафыта карқылдай құлгісі келіп еді. Бірақ, Ербөлек:

— Есекенің сұрағы дұрыс,— деді ол да бұл сұрақтың астарына Колесовша түсініп.— Егінге керек су пішнеге де керек. Құнарлы жемшөптің өзі егіп өсірілуі тиіс. Ал, материалы болса таулы, тасты жерлерде, бұл әдісті қолдану қай мамандың да қолынан келеді.

Бұл кезде күн батуға таянған еді. Құрылыш басына қонған қостар, шатырлар алдына самауырындар койылып, жерошактағы қазандар астынан жалын жарқылдай бастады. Оның төңірегінде алжапқыш байлаған әйелдер де жаң-жүң жамырасып жүр. Бір үлкен шатыр төбесінен ту желбіреп тұр. Дмитрий Андреевич пен Ербөлек Есеналбыны сол шатырга қарай бастап келді. Оның маңдайшасында қызыл матаға «Еспе каналы құрылышының басқармасы» деп жазылған. Ербөлек сыртта киномеханигімен кідіріп калды да, Есеналы мен Дмитрий Андреевич шатырга енді. Екі дос «Социализм» колхозының болашағы туралы өзара кеңесетін әдеттегі үзак әңгімесіне кірісті. Олар әдетте осындай бастары қосыла қалған бос уақыттарында өткенді бір шолысып алып сонымен бүгінгілерін салыстырып, содан кейін бүгінгіні өздерінше келешекпен салыстыра самғайтын-ды.

Колхоз қарттарының мұндай өзара әңгімесіне де араласқысы келіп асырып тұрған Ербөлек Есенов, кино механигімен қысқа ғана тілдесті:

— Сталин атындағы Фердана каналының картинасын әкелдініз бе?

— Әкелдім.

— Ракмет! Мен кино басталар алдында қысқаша лекция оқыймын, қатеріңізде болсын...

— Макұл.

Біз жогарыда Дмитрий Андреевич Колосов пен Есеналы Жоламановты достар дедік. Достастырып отырған автор емес. Бұл өңірдің кәрі-жасы, ер-әйелі, ол екеуінің ежелден келе жатқан, ортақ тілектерінен туған терең тамырлы тарихи достығының мынадай жайларын жақсы біледі:

...Қалба тауын айнала үдерे көше жайлаган қазақ байы Қарашоң, 1916 жылғы патша жарлығына бас иді де, өзінің төрт баласының орнына төрт жалшысын тізімге тіркетті. Соның бірі Қарашондың малшылығында он бір жыл өмірін өткізген жыйырма алты жастағы Есеналы еді. Есеналы бай баласының орнына барып империалистік соғыстың құрбандығы болғысы келмей, көтерілісшілер тобына қосылды. Ол өзінің қатын-баласын да Қарашоң есігіндегі азаптан азат етті. Азат еткенмен анаарар жер таптай тарыққан ол, семьясын орыс селосына әкеліп паналатты. Сонда оған екі бөлмесінің бірін босатып берген Колосов еді.

Азамат соғысы жылдарында Қызыл Армиядан соққы жеп қашқан актарды Қалба тауынан қарсы соққы берген партизан отрядында Колосов пен Жоламанов та болатын. Бір түнгі шайқаста жау оғынан жарапланған Колосовты жаяу арқалап, ажал аранынан алып шыққан Жоламанов еді.

Жыйырмасынышы жылы, Жоламанов өзінің туған жері Қайнар көліне көшкенде оны көшіріп әкеліп, осы күнгі үйін салысқан Колосов болатын-ды.

Жыйырма екінші жылы, Қайнар конысын ұнатып, Колосовтың өзі көшіп келді. Оны өзінің Романовка селосынан мұнда тартқан Қайнар конысының әсіресе «Қаймакты» деген жері еді. Алдағыны алыстан ойлайтын ол, Есеналыны көшіріп әкеліп, оның үйін салысып жаткан кезінде әдейілеп барып сол Қаймактыны көрген. Қаймақты Қайнардан Ертіске қарай ағатын Еспе өзенинен тоғыз шакырымдай жердегі, макпалдай майдада кара топыракты, бүлістей құбылған көк орайлы, айнала алқақотан бүйрараттар, шокылар шеккен аймағы кең алап екен. Бұрын-соңды Колосов көрмеген алуан түрлі өсімдіктердің де мейірімді апай төс анасы осы алап сыйкты. Бұл жерді «Қаймакты» деп халық бекерге айтпаған екен деп еді сонда Колосов.

Оның көшіп келіп, Қайнар ауылдық советі тізіміне тіркелудегі мақсаты: быйыл күзге дейін үй салып орналасып, қыстай әзірленіп, көктемде Қаймақтыға соқа салу еді. Ол осы мұрадына жету үшін өз қаблетіне және Есеналы көмегіне сенген. Көшіп келген досының сенімін Есеналы да актады. Колосовтың қазіргі үш бөлмелі ағаш үйі салынғанда ол қолдан келген күш-көмегін аяған жок.

Сол жылы Жоламановтың әйелі Нұргайша да, Колосовтың әйелі Антонина Федоровна да жүкті болатын-ды. Колосов өзінің жаңа үйі салынып біткен күзде жаңа дүниеге келген жас нәрестенің крестинасына Есеналы досын да шакырды. Бірақ, осы тойда жас нәрестеге Есеналы есім ұсынады екен деп ойлаған жоқ еді. Есеналы өзінше мұны да «достық белгісі» деп есептеп, орыс, қазақ халықтарына ортақ есім «Мария» ні ұсынды. Дмитрий Андреевич досының бұл әдетін ұнатпасада ұсынған есімін ұннatty. Сол айдың аяқ шенінде Нұргайша босанып, шылдақанаға шақырылған Колосов Есеналының ұлына есім әзірлеп барған жоқ еді. Досы тағы да оның ойламаған жерінен шықты:

— Ұрпағың өрбіген аға халықтың ұлы едің Метрей, жеріміздің ырысы, еліміздің тынысында болып отырсын, мына жас нәрестенің есімін жаңаша ата,— деді. Сол жаңаша аталған есім Есеналының үрім-бұтағын жаңа қасиеттің адамдарына айналдырып жіберетіндегі көріп үлкен сеніммен айтты.

Дмитрий Андреевич едәуір іркіліп қалды. «Мұндайыңа қыйнамай-ақ қойсаныш мені» дейін десе, досының болмашы нәрсеге өкпелей қалатыны мәлім...

— Мұдірме, Метрей, ойың бай, өрісің кең емес пе еді? — деп өзеуарей түсті Есеналы.

— Ендеше,— деді іштей қыйналып отырған Колосов,— аулыца жаңалық әкелетін менің де, сенің де көрмегенімізді көрсететін ғылым той, ұлының өзі де есімі де, «Фалым» болсын.

— Бәрекелде, Метрей, айтқаның келсін!..

Жыйырма үшінші жылдың көктемінде Қаймақтыға соқа сала бастаған Колосовтың алдына екі түрлі кесел кесе-көлденен тұра қалысты. Біріншісі, оның сол жылғы Қаймақтыға салғаны, жамбасына Ермак бейнелі марка жапсырылып, қалың қара темірден соғылған сөлекет ауыр «Рандруп» сокасы болатын. Оны қыстың күні Ро-

мановка селосындағы бір кулактан күздің күні 45 пүт астық бермек болып жалдап алып келіп, қыстай ремонтаған қалың топас түрені мен қылышын екі күннен егеп, әбден әбігерге түскен. Қоктемде сол сөлекетті қыстай арық шыққан екі өгізі алып жүре алмады. Амалы таусылып, дағдарған Қолосов өзінің досына қол созды. «Рандрупқа» Жоламановтың жалғыз аты екі өгізben парлана жегілді. Екінші кесел, Қолосовтың Қаймактыға соқа салғанын көрген Қарашоңның әпер-бақан балалары «жайлайуымызға жау тиді» деп, қолдарына сойылдарын ала аттарына міне-міне шапты. Сарт-сұрт төбелестің үстіне ауылдан бір атқа жайдақ міне шапқан Есеналы келіп килікті. Егін салып жатқан Қолосов пен оның баласы Николайға тиіскең Қарашоңның үш баласы еді, ашумен екпінді келіп емен сойылмен соғып өткен Есеналы оның бірін аттан мұрттай ұшырды. Қалған екеуі тайқып шыға келді. Қасқыр бөлтіріктеріне канды кекті Жоламанов сол күні бұрынғысынан да бетер долданып: «Сендерді Қаймактыға қадам бастырмақ тұрғай, үрімбұтағыцмен, зәу-зэтіңмен құртып жібермесем Есеналы атым күрысын», деген еді. Сол сертін ол жыйырма сегізінші жылы орындан Қарашоң тұқымының мал-мұлқі конфискеленгенде, өзінің он бір жыл ала алмаған ақысын алды...

Достар өмірінің сондай келелі кезеңдеріне қосылатын бақыт сапарлары да бар. Олар отыз үшінші жылы Москвада болған екпінді колхозшылардың Бүкілодактық Бірінші Съезіне бірге барды. Сонда сүйікті көсемді көрді, оның съезде сейлекен тарихи сөзін тыңдады, данышпан ұстазынан ауыз екі нұсқау алып қайтты.

Отыз тоғызынышы жылы Қолосов та, Жоламанов та Москвага Бүкілодактық ауылшаруашылық көрмесіне барды. Қаймакты астығынан да артық жоғары сортты астықты, Қайнар тұліктерінен де асыл малды көрді.

Содан соңғы екі жыл ішінде колхоз жоспары талқыланған сайын, Қолосов — сортты тұқым, мол өнім үшін; Жоламанов — малдың асылдығы үшін бірін бірі қуаттай ұсыныс енгізіп, ойда жоқ айтысты туғызып келді.

Есеналы Жоламанов пен Дмитрий Андреевич Қолосов үйлерінің терезелері тең көрші тұрады. Қөршісінің қарағай шатырлы үйіне еліктең, Есеналының үлкен баласы әкесінен бөлініп, енші алып шықпай тұрып-ак,

үйін шатырлап алған. Есеналының өзі онша қостамаса да балалары мен әйелі үй-жиһазын сол көршісіне елкеп жыйиайды. Көршісінің үйіндегі ұлken шар айна, ак кровать, тігін машинасы, қабырға сағат, патефон сыйқты заттар бұл үйде де бар. Колосовтың кіші баласы Павел мен кенже қызы Мария өздерінің бұрынғы ескі гармонының ои екі тілі жаңа күйлерге жеткіліксіз деп отыз бес тілді баян алдырған еді. Жоламановтың кіші баласы Фалым да әкесіне үнемі қыңқылдаپ жүріп қоярда қоймай, ойнауына онша жетік болмаса да баян алдырыды. Есеналы алғашында баласына «домбырац бар емеспе ні» айтып көріп еді, кейін «Колосовтың балалары алдырыпты» деп естіген соң қарсы бола қойған жок.

Көршілердің үйішін жүйниау тәртібінде де айырмашылық аз. Тек Колосовтар үйінде стол, арқалы орындықтар көбірек көзге түсіңкірейді де, Жоламановтарда алаша, сырмақ, оюлы текемет жаюлы жатады және оның түзден үйге келгенде өзі отыратын бөлмесінде аяғы екі тұтам, топсалы дәңгелек стол тұрады. Ауыз үйіндегі орысша салынған плиталы пештің бір жағынан қазандық орнатылған.

Бұл екі семья бірін бірі конакка шақырысып, үнемі өзара араласып отырмаса көнілдері көншімейді. Осы конакқа барысады көксетіп отыратын, бір жағынан екі үйдегі адамдардың тату-тәттілігі болса, екінші жағынан әрбір семьядан ай сайын, алта сайын табылып отыратын тұз-дәм, тұрмыс жанағына құмарлық. Бұл екі үйдегі адамдардың әнгіме-әзілдері, ойны-сауыктары, әсіресе, бір кең дастарханды қоршап отырысқанда қыза туседі. Мәселен: келетін конактары Колосовтың семьясы болса, Нұрғайша жаңа дастарханын биік ұлken столға жаяды. Сол жомарт дастархан жайылған кең столды қоршай отыратындар екі семьядан кейде сегіз, кейде он екі адам болып жыйылады. Әдетте Колосов әйелімен және ұлken баласы Николай мен келіні Людмилана да ерте келеді. Оларды Есеналы әйелімен ұлken баласы Ержан, келіні Зылика қарсы алады. Үйіне қонақтары келген кезде Есеналының:

— Фалым қайда? — деген сұрагына Нұрғайша:

— «Клубқа кетті білем», — деп жауап береді.

— Жаздың күні жастар үйде отырушы ма еді? Әлгі біздің қыз да кетті, — деп толықтырып қояды Антонина Федоровна.

Ас столын қоршай отырыс орысша болғанмен, қонақасысы қазақша беріле бастайды. Алдымен шай, сол шаймен ішетін тағамдар: бауырсақ, құрт, жент, сарымай, қант қойылады. Шайга піскен қаймақ құйылады.

— О-го-о, Есеналы Жоламаныч егіншілікті елемей жүргенге өзі нан жемейтін болып алған шығар десем, бауырсаққа деген аппетиті жаман емес екен ғой,— деп қағыта қарқ-карқ құліп алады Қолосов.

Есеналы оның бұл сөзіне жауап боларлық ешнэрсе айта алмай қалады да, шайды ауызға ала бергенде әйеліне қарал:

— Мына Метрей асың піскенше шыдап отыра алмас, шыныңды да әкеліп қой,— деп Қолосовты жеңіл қалжындал, мұртынаи күліп қойған болады.

Шыныдағы құйылғанин кейін Зылиқадан басқалары бір-бірден ғана алып қояды. Зылиқа Есеналы алдында көп сөйлемейді де, арақ-шарапты да ішпейді, қонақасыны әзірлеп қонак күтеді. Нұрғайша ас-су тізгінін келінің қолына беріп қойып, өзі қонакпен қонақ болады.

Бұл екі семья осындай аралас отырғанда, оларды бет-ажарындағы айырмашылықпен есімдері ғана екіге бөлгені болмаса, тілектері бір максатқа ұштасып, жүректері бірдей соғып тұрған бір семья сыйқты. Бірак, Қолосов пен Жоламанов екеуінің мінезі екі түрлі. Бірі — әр іэрсеге әуес, өзіне керегі болсын, болмасын — әйтеуір білсем деп тұрады. Солай бола тұрса да, ұстамды, қыйынишылыққа шыдамды, пейілге кең. Бірі — өзіне керегі жокқа әуескөй емес, жаңалық деп тапқанын он өлшел, бір кеседі. Сонысының үстіне күйіп-пісе қалады, шорт мінезді.

## 7

Қантарда да қатпай жататын, асты кайнар бұлакты, сондықтан «Қайнар» атанған көлді шығыс жағынан шөгे сораптаған, жердің аруанасындағы өркешті дөң «Күнтөбе» аталатын. Оның өркеші сонау Тарбагатай, Қалба, Шыңғыс шындарындағы аспандаған асқар болмаса да, осы өнірдің едәуір елеулі биігі. Сол биіктен карағанда айналған көптеген километр жердегінің бәрі көрінін тұрады. «Социализм» колхозының қыстағы сол дөңнің көлге төнген тұмсығында.

Сіз колхоз қыстағының кештіғұрымы көрінісіне Күнтөбе төбесінен көз жіберіп тұрсыз делік. Сыртын

әппақ қып сылаған өңшөң қызыл шатырлы үйлер батуға таянған күн шүгласына шомыла құлпырып, күнге қараған терезелердің бәрі сол үйлердің ішіндегі қуанышты жариялап жарқылдай күліп тұрған тәрізді. Көше бойы көкпен тілдескен теректер көлецкесі, қыстактың оңтүстік-шығыс жағында жатқан «Жолбарыс» жонына шығыл алған. Ауылды табиғий аралға айналдыра ағып жатқан Еспе, Еділше өзендері, Қайнар көлінің сарқылмайтын казнасынан тарту алғып сонау Ертіске қарай шұбалып бара жатқан керуендердей қоңыраулатады. Сол өзендер қоңырауы, Қайнарды оңтүстік жағынан қоршай өскен қалың орман құстар мен орта мектеп алдындағы спорт алаңында ойнаған оқушы жастар үні, клуб алдындағы дінгектен сайраған радио — бәрі қосылып ауылды әсерлі күйге бөлеп тұр. Сол күйге, әр үйге қарай алшаңдай басып аңырай-мөңіреп келе жатқан бірден-екіден сыйырлар, оны хау-хауладай қарсы алған кемпірлер де қосылады. Ауылдық совет үйінің шатырынан желбіреген қызыл жалау осы ауылдың даңқын қанат қып қағып тұрғанға үксайды.

Күн батысымен-ақ Қайнар көлі айнадай мөлдірей түсті де, жаңағы көріністер суреті енді көл бетінен де көрінді. Көл ортасында да бір қыстак тұр. Сол қыстактың көшелерінде қаз-ұйректер жүзе бастады. Бір үйдің тұрбасынан сұңғіп кеткен сұксыр ұйрек, екінші үйдің тұрбасынан сумандың етіп шыға келеді...

Осындағы сұлу көріністі көрсетіп жатқан айдын көл, көл жагалай көк майса өрім-өрім құба тал, өзендері күй шертсе, үкілі қыздай би билеп, ырғалып тұрған бал құрак, аймалай ескен жібек жел, көк-жасыл көркем ну орман, шоктығы биік Күнтебе — бәрі осы өңірдің жаратылысынан жасалып қойған көрмедей.

Дүниеге келгеннен бері осы көрмені көріп өскен Мария мен Ғалым да, қазір оған Күнтебе төбесінен қайта қарап тұрған тәрізді. Бұл екеуін сол баяғы крестина мен шылдақанада бірінің есімін екіншісінің әкесі қойысқан Мария мен Ғалым. Бірақ олар бұл биікке Қайнар табигатының тамашасын көру үшін ғана шығып тұрған жок. Екеуін де, іштей еріксіз жетелеп келіп тұрған екінші бір күшті себеп бар. Соның өзі осы Күнтебеңің биіктігінен туған себеп секілді.

...Өткен қыстың бір жексембі күні, Мария мен Ғалым Күнтебе төбесіне шанғымен шыққан. Әйткені төбе ба-

сынан Қайнарға дейінгі мың жарым метрлік беткей шаңғы спортына арналып жаратылған сыйқты. Бірақ, әдепті ретте төбе басынан қатар құлдыраған оларды, қыстаққа жеткізбей-ақ, бірін Еспе, екіншісін Еділше ерікіз жетелеп әкеткендей болды. Қатарласа тура зымырамақ болған Мария мен Фалым, алдындағы ылдыйдан гөрі оны мен солындағы құламаның тіктеу екенін есептемеген еді. Шаңғы спортына әбден жетілмеген ол екеуі екі жаққа қарай ағып кетіп, бірі Еспеден, екіншісі Еділшеден барып шықты. Енді екі жастың арасын километрдей қашықтатып, біріне бірін көрсетпей Күнтөбе дөңі көлденең жатып алды. Оларды соңша ызаландырған бұл сәтсіздік, мұз үстінде кол ұстасып коньки тепкендегі бір ырғақпен тербелген тең серуенді естеріне түсірді. Шаңғыны да солай теуіп көргілері келді. Тік құламадан шанғымен өрге өрлеудің кыйыншылығына қарамастан тырмысып екеуі де Күнтөбе шоқтығына кайта көтерілді.

Төбе басында тұрып екеуі бір таяқтың екі басынан үстап алды да, жұбын жазбай тағы төмен самғады. Енді әлар тура ауылға қарай километріне үш минуттік шашшандықпен құйылып келеді. Егер осы екпінмен келе жатқанда бірнәрсеге соғыла қалса қатты жарақаттану қауіп қайсысының да қаперінде жоқ. Шаңғы спортына құмарлық бұл сыйқты қауіпті естен шығарып жіберіп, албырт жастықтың ағыны билеп келеді. Эдегение ауылға жетті де, дөң етегінен ылдыйлай барып Қайнар құлайтын кең көшеге түсті. Қары тапталып, мұздай жылтырап жатқан көше шаңғының ағынын бұрынғысынан да қатайтып жіберді. Қабыргадан қосыла кеткен көше иттері шабалана шапқылап, ілесе алмай қалып қойып жатыр. Көлденең көшелердің бәрінен кесіп өтіп ағып келеді. Енді кілт бұрыла қалса үйлердің кабыргасына, не ағашқа екпінімен соқтығып жаракаттанады. Теменде Қайнар. Оның ортасы катпай, бұлағы бұркырап жатыр. Қазір, бір минутте сол түңгійықтың үстінен түседі. Қайту керек? Екеу ара бір таяқ, бұл екпінді тоқтата алар емес... Алмадай қызырған беттері қуқылдана қалды. Оның үстіне көшеде көріп тұрғанлар «мыналар суға батып кетиегей еді» десіп шу ете қалысты. Марияның Людмила дейтін женгесі суға бара жатыр еді, сасқаннан шелегін коя салып, олардың сонынан жүгірді. Жел тымык бола тұрса да, шанғышылардың өз екпіні

қарсы алдынан қатты жел түрғызып, көз жастарын парлатып барады. Аяқ астындағы көл беті бірсеке сағымдана бұлдырап, бірсеке толқыны бетке соққан тәрізденеді... Қайнар қабағынан қарғып түсуге бірнеше секунд қалғанда оң жақта келе жатқан Фалым тізесін бүге беріп, бір қолымен өзінің шашы баулары тиегін ағытып жіберді. Мария жалмажан Фалымды құшақтай алды. Қайнар қабағындағы құлама қаша тік болғанмен Марияны құшақтай пимамен сырғанаған Фалымды көл ортасындағы қатпай жатқан тұңығышыққа жеткізе алмады.

Ұша жүгіріп, келе жатқан Людмила жағаға әп-сэтте жетіп қалды ма, әлде Фалым мен Марияның сырғанап барып тоқтаған секунды сол ғана ма, әйтеуір ол екеуінің құшағы әлі жазылмаған екен.

— Шаңғы тепкендегі максаттарының өзі осы ма еді? — деп қалжындаған болатын-ды Людмила сол сэтте...

Сол күнгі осы бір мезет, спортшы жастар өмірінде үнемі кездесе беретін және олардың өздері онша мән бере қоймайтын мезеттердің бірі бола тұrsa да, Фалым мен Мария үшін ұмытылmas өкійға болып қалды. Әйреке Людмиланың әзілі екеуінің де есінен кетпей койды. Өйткені, сол әзіл айтылып түрған секундтерде бұл екеуінің жүректері бірдей соғып, екеуін де біртүрлі тәтті сезім билеп алған болатын-ды. Бір жылы туып, бакытты балалық шакты бірге өткізіп, он жыл бірге өкійған өмір ішінде сан-алуан өкійғаны, талай тәтті сәттерді бастаң кешірсе де солардың ішінде дәл осындағы болып көрген жоқ еді. Содан кейін бұл екеуін Күнтебе күнде шакырып түрған тәріздене берді. Сондықтан олар сол тәбеден төмен құйыла талай рет шаңғы теуіп жүрді. Бірақ, үнемі Еспеге, не Еділшеге қарай зымырады да, мұзы тастай қатып жатқан өзендер Қайнар сыйкты кауіп туғызып өткен өкійғаны кайталата алмады. Тағы да сол Қайнарга қарай самғауға жол кауіпті, оның үстіне Людмила сыйктылардың көзіне түсе қалады. Өстіп жүргенде кар еріп, көктем келді. Орта мектептің кәмелеттік аттестат алу емтиханына әзірлік басталды...

Міне, казір бұл екеуін Күнтебе тагы шакырып алып, өткен өкійғаны тағы да естеріне түсіріп түрған тәрізді. Бірақ, шаңғы тебетін қар жоқ. Енді олардың көз жібен-

ріп тұрганы Қайнар көлі ғана емес оның онтустігіндегі орман, соган қарайлай береді. Қыстың күші қалың мұз жамылып мылқау жатқан Еспе мен Еділшенің қазіргі шерткен күйін тыңдайды. Сол орманга да, өзенге де, көлге де, көк майсаға да — бәріне, жаратылыстың жанды-жансыз заттарының бәріне де тіл бітіп, бәрі де «кел мұндалап» шақырып тұрган тәрізді.

— Эх, шаңғы болар ма еді, жаздың күні де мына төбеден тәмен зымырататын тегершікті шаңғымыз болар ма еді! — деді Мария. Ол осыны айтқанда дөңгелек қара көзі құлімдей пұрланып, екі беті қызара қалды да, аксары ажары құлпыра түсті. Онысын өзі де сезген жок. Оның өткен қыста Қайнарға қарай шаңғы тепкен сәтті еске түсіре, ойлар оятып, сырлар шерткісі келіп тұрганы Фалым да түсіне қойды.

— Шаңғысыз-ақ самғап көрсек, Еділшеге қарай бұлтарып кетпес пе едің? — деп сұрады ол.

Сырттай қараганда бұл сұрақ сол шаңғы тепкен күні Марияның Еділше өзеніне қарай ылдыйлап кеткесін еске түсіріп, «тағы да соны қайталамас па едің?» леген сұрағы сыйқты. Бірақ, Мария оған өзінше түсініп, ашыла жауап берді:

— Бұлтармаймын, өзің Еспеге қарай, не тағы бір жаққа қыныр тартып кетпесен, мен бұлтармасқа бел байлағам.

— Қайсымыз қай жаққа да бұрылмай қатар тартқандағы бағытымыз, барып тоқтар жеріміз баяғы сол Қайнар бола ма? — деп, он өлшеп, бір кесетін әкесінше тәптештей түсті Фалым.

— Бұл жолы орманға барып көрсек қайтеді? — деп жетеледі Мария.

— Кеттік! — деп бір сөзben корытты Фалым.

Олар Құнтебе шоқтығынан қатар карғып түсті де, қолтықтаса орманға қарай аяндады. Жаңа тәбе басында «самғамак», «зымырамақ» болып тұрган ол екеуі тәмен түскеннен кейін байсалды басып, балалық шакты кейін қалдырган ересек адамдар әдетіне тән қалып сақтады. Орманға барғандағы әңгімені нeden бастарын өздері де білмейді, әзірге көрші үйлердің үйренісken жастарына тән жеңіл-желлі сөздерді сөйлескен болды. Бірақ, орманға енгенсоң тағы бір себеп табылып, Қайнар жағасында болған тәтті мезет қайталана ма деп

тулаған жұректер дүбірі бөгде сөзді бір-біріне есіттіреп емес.

Орманға өздерінен ойлары бұрын еніп, іштей көңілдері көлдей толқыған олар, төніректе кім бар, кім жоғын да елемеп еді. Құрлыс басынан Қайнарға келе жатқан Сарқыт олардан бұрын Еспе өзеніндегі қарағай көпір астына тасалана қалды да, бұл екеуін құлақпен де, көзben де көпірден өткізіп салды...

Кешкіғұрым қолтықтасып балбыраған баққа еніп бара жатқан бақытты жастарды аяқ астындағы тасадан Сарқыт сығаласа дәл осы кеште еліміздің батыс шекарасындағы тасада қанды шенғелдер ашылып, ажал танктары өкіріп, апат бомбалары аспанға көтерілгелі жатыр еді...

## **ЕКІНШІ ТАРАУ**

### **I**

Есеналы ежелгі әдеті бойынша шолпан туысымен-ақ оянды, аттанатын алыс сапары болмаса да Қас-қырқараға ер салды. Кеше кешкіліктे егіс бригадиріне, қырман басына қыстактан баратын егіншілердің бәрін таң сәріден оят, деп тапсырма берген еді. Сол тапсырмасының соңында:

— Колхоз қазір әскери қауым,— деп ескерткен.— Оның екпінді тобы егіншілер болсын. Бірде-бір адам жайбаракат жатпасын, жалқаулыққа жол берме, өзін де найқалма,— деген еді.

Кеше осылай қатаң тәртіп берген ол, бүгін таңтерен бригадирдің өзіне де сеникіремей, егіншілерді таң сәріден ояту ісіне өзі кірісті. Ат үстінен әр үйдің есігін қағып, әр үйдің терезесінен дауыстап қыстакты бәрліктіре бастады. Терезе алдына дейін екпіндей жорытып келіп шаужайлана қалғанда, кілт тоқтай алмай тұрған бір аттың өзі бірнеше аттардай дүбірлетіп, кейбіреуді шошытып оятты.

— Уау, тұрындар деймін! Аспан асты астан-кестен болып жатқанда сендердікі не жатыс. Тұрындар, машина күтіп тұр, қалып қойғандарың менен жақсылық күтпендер!..

Ол шоферді де күндеғісінен екі сағат ерте оятып, жүк машинаны алаңға шығартып қойған. Шофер да машинаның прожекторын жарқыратып, сигналды үсті-үстіне беріп отыр.

Қырман басындағы жұмыстан тұнделетіп келіп, шаршап жатқан егіншілердің үйқысы шайдай ашылды. «Аспан асты астан-кестен болып жатқанын» олардың

өздері де жақсы біледі. Оның үстіне, кешегі жыйылыста, майданға аттанған колхоз председателінің орнына қалап сайлаған Есеналы таң сәріден дабыл қағып тұр. Мұндай тәртіпті, «жақсылық күттірмейтін» катаң сөзді Есеналыдан бірінші рет естіген кейбір егінші кініп: «осы бастығымыздың өзі салғанин асыра сілтеп, солақай соқпаса иегілсін» деп те ойлап қалды...

Қыстактағыларды осылай оятқаннан кейін, Қасқырқараның бар шабысымен Қаймақтыға тартты председатель. Бірақ, ондағы қырман басында жатқандар мұның баруынан бұрын тұрып, жұмысқа жұмылған екен. Сондықтан оларға «Бәрекелде» дең басқа ешнэрсе айтылмады да, Қасқырқараның басы қайтадан Қайнарға бұрылды. Жаңағы қарқынымен шапқылап қайта келсе, мұндағылар жүк машинаға отырып алышты, бірақ машина әлі орнынан қозғалар емес.

— Неге бөгейсін жүртты жұмыс басына жеткізбей, кежегең кері шегіндіріп тұр ма? — деп ақырды ол шоферға.

— Балалы әйелдердің кейбіреуі үйінен шығып үлгере алмай жатыр.

Есеналы енді сол үлгере алмай қалғандармен кейін сөйлескісі келді де, машинаны кідіртпей жөнелтіп жіберді. Бірақ, бұл «әңгімені» де ол кейінге қалдыра алмады.

— Қеріліп-созылып жатқан жалқау атаулының бәрін менің кабинетіме шақыр,— деп әмір етті ол қойма күзетшісіне. Соның бәрін қазір-ақ колхоздан қуып жіберетіндегі ызаланып айтты.

— Құп, керенау біткеннің бәрін де, қоймаға түскен ұрыдай дедектетіп қуып келейін,— деді күзетші өмірінде бір де бір ұры ұстап көрмесе де. Оксыз косауыз мылтықты кезеніп түнімен іші пысып, қазір үйқы қысып тұрған оған да жұмыс табыла қалды.

Машинаға үлгере алмай қалғандар, Есеналы мен қойма күзетшісі айтқандай көп «керенау» емес, екі-ақ балалы әйел еді. Соның бірі, майданға аттанып кеткен бұрыңғы колхоз председателі Сейтеннің әйелі Қадиша. Ол мана Есеналының пәрменді даусын естіп, тәсектен ұша түрегелген де, өзімен бірге ояниған екі баласын тамақтаандырып, көрші кемпірге тапсырып шыққанша едәуір уақыт оздырып алған. Қінасыз болса да, машинадан калып қойған өзіне өзі ренжіп, Қаймақтыға

жаяу кетпек болған оны Есеналының шақыртуы қатты қыйнады. Амал нешік, келе жатыр.

Міне, қазір ол арыстандай айбатты, ашулы Есеналының алдына келіп тұр. Бұдан бір жеті бұрын өзінің сүйгеп жары отырған кабинетке, бұрын естіп көрмегенін енді естігелі келіп тұр. Есеналы да оны майдандағы жауынгердің әйелі еken-ау деп есіркер емес. Тесіле қарады. Жаңы жақтырмайтын жалқаудың өнменінен өте шығатын өткір қөзін қадай қарады. Тіл қатпай біраз отырды да, есепшіні шақыртып алыш, Қадишаңың табеліне екі сәбек күн штраф жаздырды. Бұдан былай жұмысқа бір сагат кешігетін болса бір жола колхоздан шығарып таставтыңдығын ескертті...

Қадиша колхоз председателінің кабинетінен зілдей ауыр айып жүгін арқалап шыққандай аяғын зазер басып келеді. Бұл кезде күн көтеріліп қалған. Қешіксе де, кешіккендігі үшін штраф салынса да, жаяу да болса Қаймақтыға бармак болып келе жатқан оған көшеде Мактим Есенова ұшыраса кетті. Өткен тараудағы, окушыға аты таныс агроном, әрі парторг Ербөлек Есеновтың әйелі еді бұл. Мұның да ері майданға аттанып кеткен ботатын. Өзі өткен сайлаудан бері осы «Социализм» мен «Қызылжар» колхоздары қарайтын Қайнар ауылдық советінің председателі. Оның үстіне, бұдан екі күн бұрын «Социализм» колхозы коммунистерінің жыйылысында парторг болып сайланған.

Әрі ауылдық совет председателі, әрі парторг болып отырған Мактимға жаңа қойма күзетшісі Есеналының бүгін тандағы «дабылы» жайлы түгел баяндаған. «Есекен,— деген ол ақырында,— екі әйелді соттап, колхоздан шығарып таставғалы жатыр».

Жаңа председательдің алғашкы әрекетін өзіне қолдаңып, оны ауылдық совет кенсесіне шақыртып алу Мактимның да қолынан келер еді. Ал дегеннен әкімшілік қолданбай, ақыл айтқалы келе жатқан Мактимға Қадиша зәбірін шағынып жылап коя берді. Колхоздағы барлық балалы әйелдердің, барлық жауынгер семьясының атынан арыз айтып тұрған сыйктаңды оған Қадиша. Адам тағдырын, әсіресе ана мен бала деген екі сөздің мағанасын аса жоғары бағалайтын Мактимның жүргегін балқытып жібергендей болды бұл шағым. Өзінің де көзінен жас ыршип кетті. Ол да ана, оның да баласы бар, оның да жары майданда.

— Қажыма, болаттай бекіне тұс,— деп қайрат берді ол Қадишаға.— Ердің ісін, бір әйел екі еркектің ісін атқаратын қатерлі күндер туды ғой. Есекең де асығыстық істеген екен, үнемі бүйте бермес. Бәріміз де оған көмектесуіміз керек. Қазір мен онымен колхоздағы барлық балалы әйелдер жайлы кеңесіп шығайын. Сен бүгінше балаларыңды күт, үйінді жыйна, алда әрі қыйын, әрі ардақты міндеттер тұр, дайынал. Ертеңен бастап колхоз басқармасы балалар үйін үйымдастыруы тиіс...

Мактым Қадишаны осылай жұбатып жіберді де, өзі колхоз басқармасына қарай кетті. Енді сол шорт мінез Есеналымен әңгімені қалай бастарын ойлап келеді. «Қайткенде де карсы даудан аулақ болуым керек... Ашулы отырса ашуын баса, ыңғайына көше, ой сала сойлесуім тиіс... Қайткенде де, колхоздың жаңа басшысымен ынтымактас болуым керек»... Оның бұл ойын, сол жаңа басшының қазіргі істеп отырған өрескел әрекеті бөліп жіберді. Мактым Есеналының кабинетіне кіріп келсе, ол манағы машинаға ұлгере алмай қалған екінші әйелге де еңбек күн штрафын жаздырып:

— Қазір, осыдан шығысымен ешқайда соқпастан тұра Қаймақтыға жаяу тарт, әйтпесе, әскери қауымнан тайып тұрасын,— деп коқаңлоққы көрсетіп жатыр екен.

— Қаймақтыға ертең баарсын, бүгінше үйінде болып, балаларыңды күт, бара ғой, үйіне бара ғой,— деді ол әйелге Мактым жылы шыраймен.

Әйел шығып кетті, Мактым председатель столының алдыңғы жағында тұрған орындыққа барып отырды. Есеналы аң-тан. Ол аздан кейін:

— Келін, сен менің жұмысыма араласуыш болма,— деп шатынай бастап еді.

— Әрқашан да есінізде болсын, Жоламанов жолдас,— деді Мактым салмақпен түсін сұыта,— біріншіден, мен сізге келін емес, «Социализм» колхозы қарайтын ауылдық совет председателі жолдас Есенова.— Ол, партияда жоқ Есеналыға «әрі партия үйімінің секретарымын», дей қоймады.— Екіншіден, колхозда балалар үйі ашылмай тұрып, балалы әйелдерді жұмысқа жұмсай алмайсыз, штраф та сала алмайсыз, колхоздан да шығара алмайсыз. Үшіншіден, колхоз қазір әскери лагерь ме, әлде бейбіт қауым ба,—бұның тілі шықлаған жас сәбилер үшін кажеті жоқ. Оларға керегі ана мейірімі. Майданда жаумен арпалысып жаткан жауынгердің баласына да, бала-

ның анасына да атальқ қамқорлық керек. Қайнар көлін-дегі әскери қауым бүйрықпен басқаруынызды көтере алмайды.

Есеналы үннен қалды. Бірақ ол Мактыйнан женіліп, немесе оны сыйлап үндемей қалған жоқ. Өзінше Қайнардағы әскери қауымның командирі болып отырған оның бүйрығын Мактыйның өзгерте алатындығына шубәланды. Бұл өңірде Дмитрий Андеевичтен басқа ешкім өзіне ақыл айта алады екен деп ойламағандықтан тұнжырады. Мактый енді алдағы тұрган міндеттер жайлышты әнгіме бастап еді, шатынап отырған өркөкірек, өзімішіл Есеналы оны тыңдағысы келмеді.

— Басты қатырмай, жұмыс істеуге мұрша беріндерші түге,— деп орнынан тұрды.

«Әзірge асыра сілтеуден сактандырсаң, кейін басына іс түсіп қыйналған соң өзі-ақ кеңеске келеді» деп ойлаған Мактый да орнынан тұрғып:

— Бірақ сол жұмыс, кейін өкінбестей ойланып істелсе, көпшіліктің өзімен кеңесе отырып істелсе жемісті болатынын әрқашанда есіңізден шығарманыз,— деді де шығып кетті. Артынан іле-шала Есеналы да шықты.

Малғы екі әйелді жұмысқа жұмсал жіберіп, үйіне ертегі шайға бармақ еді ол. Енді, басқарма алдында байлаулы тұрган атына қайта қонды да, Қаймақтыға қарай аяңдатты. Өйткені, Еспе каналының құрлысы егін орағы кезінде уақытша тоқтатылып, Дмитрий Андреевич өзінің құрлысшыларымен қырман басында болатынды, соган жолығуы керек.

...Қырман басындағылар мана таң атпай оятқан председатель енді кімнің қалай жұмыс істеп жатқанын тексеруге келе жатқан шығар деп ойлап қалған еді, бірақ Есеналы келісімен ешкімге көніл аудармaston:

— Метрей, бері келші, сенімен мүшәуараласып алатын бір жайт бар,— деп шақырды ат үстінен. Оны көп ішінен шығарып алғып, аулағыракта үйілген мая түбіне дейін ертіп барды да, атынан тұсті.

Дмитрий Андреевич Есеналының қандай мүшәуарасы барын біргелкі сезіп тұр. Манағы Қадиша Мактыйнан айырылысымен-ақ үйіне соқпай, ұшып отырып Қаймақтыға келген. Бұғынгі көрген-білгендерінің бәріч баяндаған.

— Отыр, Метрей, өзара кенірек мүшәураласып алмасақ болатын емес,— деп Есеналы үолі саломға ар-

қасын сүйей малдасын құра, қырман басында жұмыс істеп жатқан адамдарға қарай отырып сөз бастады. Дмитрий Андреевич саломды шынтақтай жантайып жатып тыңдады оның сөзін.— Қөріп отырсын, осындау еңбектің әскери қыймылдан айырмашылығы бар деп айтта алармысың! Жоқ...

— Я, сенің де манағы таңатпай шабысың,— деді Дмитрий Андреевич Есеналының сөзін бөліп,— колхоз председателінен гөрі, ана жылғы, партизан кезінді елесттегі маған.

Есеналы бұл сөздің мағанасына мән бермей өз бетімен, өз ағынымен ыға берді.

— Демек, қазіргі аспан асты астан-кестен болып жатқан жағдайда қай жауынгер, қай командир жайбақат жатыр дейсің. Сондықтан колхозшы атаулының бәрі майдандагы жауынгерше, бастық атаулының бәрі командирше қыймылдауы керек. Ал, осыған біздің совет келін қарсы. Мұнысы қалай? Мен керенау әйелдерге жұмысқа шық деп тәртіп беріп отырсам, ол келеді де: «жұмысқа шықпа, үйлерінде отыр» дейді. Қайсымыздікі дұрыс? Басқарманың ішкі жұмысына ауылдық совет председателі араласатын болса, колхозды сол жолдас Есеновага-ақ басқартып қоймай басқарма сайлаудың қажеті не?

Есеналы осыны айтып, азырақ тосылып қалды. Өзін жактап, «сенікі дұрыс, Есенованаң әрекеті колхоз Уставына қайшылық» дегенді күтіп отыр ол. Бірак, Дмитрий Андреевич оның күткен жерінен шықлады.

— Бүгінгі әрекетінің бәрі асыстырык, Есеналы Жоламаның,— деді ол.— Еңалдымен, таң атпай қыстақты бөрліктіріп, Қайнар мен Қаймақты арасына шапқылауының өзі үшқалақтық. Егіншілерді — бригадир, малшыларды ферма бастықтары арқылы басқару керек. Солардың өздерін бүйрүқпен басқаруға болмайды...

— Япырау, соғысты қайтесің, соғыс кезі сенің жылаған баланың жұбануын, келініңің керіліп болуын күте ме? — деп өңештей түсті Есеналы.

— Сол аналар мен балалар тағдыры үшін соғысын жатырмыз. Сондықтан Мақтым Махатовна дұрыс істеғен. Ол, балалы әйелдер ғана емес, барлық колхозшылардың камқоры болғандықтан басқарманың қандай да болса жұмыстарына араласып отыруға праволы. Өйткені ол жергілікті өкімет басшысы және партия ұйымының

секретары. Есінде ме, ана жылы колхозшылар съезінде Иосиф Виссарионович партияда жоқ колхозшыларға большевикше қарайтын коммунистер бар деген емес пе еді.

— Есімде,— деп Есеналы едәуір ойланып қалды.

Дмитрий Андреевичтің бұдан кейінгі кеңесі манағы Мақтымның айтқандарымен үндесе берді де, қыңырайып отырған Есеналыны жөніне көшірді.

— Ал, тагы қандай мүшәуараң бар? — деп сұрады акырында Дмитрий Андреевич.

— Тағы бір акылдасып алайын дегенім: осы Еспе каналы құрлысын соғыс біткенше тоқтата тұрсақ деп едім, бұған қалай қарайсын? — деді Есеналы.

Әлі жантайып жатқан Дмитрий Андреевич дереу басын көтеріп алды да, Есеналыға тесіле қарады, шұңқірек көк көзінің оты жарқ ете түскендей болды.

— Есеналы Жоламаныч, «ты что, suma сошел? — деді ол аузына қазақша сөз түспей қалып.— Келесі жылы құрғақшылық болса қайттың? Қандай жағдайда да канал құрлысын тоқтатуға болмайды. Мұндай пікірден мүлде аулақ бол. Егін орағынан кейін, кар түскенше «ЖолСарыс» жотасын бұзып өтіп, жер казу жұмысын Еспеге тіреп аяқтаймыз. Қоқтемде Еділшеші бөгейміз. Ең шешуші майдан осы, жұртты осыған жұмылдырып.

— Хош, жұрттың бәрін канал құрлысына жұмылдырыдың, қыстың күні қыруар малды қалай асырайды колхоз?

— Жарты ғасыр мал бакқан маман бастық өзіңсін, малды да асыра, бірақ басты майдан — астық.

— Метрей-ая, колхоз шаруашылығының басым саласы мал емес пе?

— Келер жылы соғыс бітпесе, әскер үшін құр қымызың сумен тең және сыйыр мен қой малының өнімі болмаса әскерге аттың да қажеті шамалы, қазіргі соғыс — танкпен танктың, самолетпен самолеттің шайқасы.

— Қой деймін Метрей, мынадай сұрапыл соғыс кезінде канал қазам деп жыйырма мың бас малды қырып алыш маскара бола алмаймын...

Осылай басталған айтыс үстінде күйгелек Есеналы да, сабырлы Дмитрий Андреевич те біраз жерге барысып, акырында:

— Сен үнемі өзім білемсі берме, мен дүниеге келгенде сен туған да жоқ болатынсын,— деді Колосов.

— Соң тусам да сен көргеннің бәрін көрдім,— деді Жоламанов.

— Қөзінді ашып қара, көрмегенің әлі көп, сонын бәрін көргенше мен-мендігің мерт қылмасын, аямын.

Дмитрий Андреевич бұл сөзді шынында да Есеналыға жаны ашығандықтан айтты еді. Бірақ, терісіне сыймай әбден долданып алған Есеналы:

— Эскери қауымның командирі мен болатын болсам,— деді сол мен-мендігіне қарай қыңырайып,— Еспе каналының күрлісі соғыс біткенше токтайды,— деп кесіп айтты.

2

Есеналы түн үйқыдан түніле, түпсіз түңғыйық ойға батып отыр. Оның бұрынғы, жаздай жайма шуақ жаңары, казір қантардай ызғарлы. Тесіле караган нысанасына көзінің оты, кара мүйізді көзіллірік әйнегін тесіп өтердей. Бұрын, каскайған калың кабағында, оны мен солына қарай катар-катар жарысып жататын сандаған салалар, казір екі-ак жол болып тік түсіп түр. Бұрын көңіліне келсе көп өлшенбей-ак сыртына шығара салатындардың бәрі, казір ішке жыйылып алып, кеудесін кернеп кезекке таласқандай жүрегі дүрс-дүрс соғып, мазасын алып отыр. Жайлаужанды Есеналы, алғашында кабинет қапаландырғандай далаға шығып еді. Қайнардың как ортасындағы бұлактың көзі бұрынғысынан да кеңейіп кеткендей қаһарлана толқып, Еспе мен Еділшениң де ағынын қатайтып жібергендей күркірете түсіпті. Сол, кір жуып, кіндік кескен Қайнар көлі де Есеналыға «қаһарлан, бар күшінді жыйна!» деп жатқан сыйкты. Есеналы көшеге шығып та көп жүре алмады. Колхоз даласын қанатты көңілмен самғай бір оралып шыкты да, кабинетке кайта енді.

Кешегі жыйылыста толыктырылған басқарма мүшелерінің бас қосып кеңесер кеші өртең еді. Есеналы еналдымен сол өртөңгі басқармада талқыланып, жузеге асырылатын жұмыстар жобасын жасаған болатын. Оның ең бастысы, еңбекті майдан мұддесіне сай үйымдастыру және қай саласын кімдер басқару. Оғыған байланысты ол мынадай тоқтамға келген:

Тұліктегі тұқымын асылдандырудың жаңа бастамасы дамый береді. Оның жауапкершілігі, өзіне орынбасарлықка бекітілген Ұлжан Кайсароваға тапсырылады. Со-

кай қосымша Ұлжанға жылқы фермасының менгерушілігі де жүктеліп, оның бұрынғы орнына өзінің келіні Зылика тағайындалады. Қой фермасының бастығы Құрманбай Марқабаев өзінің бұрынғы орнында қалады. Егін мен огород бригадаларын біріктіреді. Бригадир етіп, басқарманың жана мүшесі Мария Колосованы тағайындалды. Ессе каналы құрылышын соғыс біткенше тоқатата тұрады. Егін орағы біткен соң пішеншілер бригадасы толықтырылады да, жоспарының тәң жартысы орындалмаған мал азығы дайындала береді...

Осылай басталған ой жобасы, қойын дәптердің бірнеше бетіне созылды. Ақырында, сол жазғандарының бәрін басынаң кайта оқып шыкты да өзінше қортындыға келді. Столының үстінде жатқан шотты сырт-сырт қағып-қағып жіберіп, колхоз өндірісінен мемлекетке тапсырарын, майданға жөнелтеріп, шарт бойынша МТС-қа берерін, тұқым корын шығарып тастан, қалғанын колхозшылдардың еңбек күніне бөліп берді. Содан кейін колхоздың шаруашылық жылды табыспен аяқтала қалды.

Бірақ, қанша өзімшіл болса да, тоқтамын үзілді-кесілді айта салып, артынан іштей кайта өлшеттін Есеналы ось жобасының тыянактылығына да шубәланды. «Осынымың өзі оңай табыс болып шығып басымды айналдырмаса неғылсын?— деп ойлады ол.— Егер, егін синынан сүрінбей өте берер болсам, мал шаруашылығына тірелетін істердің түйініне түк кыйналмас едім...»

Егіншілік кәсіпке Дмитрий Андреевичтен жетік емес тігін мойындастын Есеналы оны өзіне ақылшы етіп арқа сүйей отырып, онымен бүгін өкпелесіп қалғаны да есіне түсті. Ежелгі ізгі досымен ренжісіп қалғанына өзінен өзі жәбірленді. Ертең одан ғафулық өтінбек. Шынтуайтқа келгенде Дмитрий Андреевичтен безе алмайтыны сөзсіз. Колхоз күзінің қыруар жұмысын қаңтарып қойып, канал қазуды ешбір колхозшы қолдамасына көзі жетіп отырған ол, Дмитрий Андреевичтің өзі де көп ауқымынан шыға алмайтынына сенді. Сондықтан оны өзіне орынбасар етіп тағайындал, егін шаруашылығын соған тапсырмақ болып еді, бірақ оны кешегі жыйылыс тексеру комиссиясының председателі етіп сайлап койды. Ол енді колхоз шаруашылығының қай саласын болса да басқару жұмысына тағайындалмайды және жалпы жыйылыстан басқаға бағынбайтын колхоз басқармасына тәуелсіз комиссияның председателі. Есеналының өзін де

колхоз заңынан қыя бастырмайтын сол. «Қандай комиссияның председателі болғанда да, егін шаруашылығының тұтқасы Метрейде» деп қорытты ол.

Бірақ, сол бір Дмитрий Андреевичтің егіншілік даналығы, майданға аттанған жүз жігіттің колхоз даласындағы бір күндік қыймылына тұрар ма? Бір малшыға үш жүз қарадан келіп отырған малға қыстың құні сол малшы не бола алар ма? Дмитрий Андреевич айтқандай келесі жылы соғыс бітпесе, оның үстіне құрғакшылық болса қайтты?.. Осы сұрақтарға жауап іздеген Есеналы Қасқырқарамен жорытып келе жатып, кенет тік жарға тірелгендей кілт тосыла қалды. Истің тағдырын шешетін қарапайым адамдар. Енді оның көз алдында колхоз — бір зор механизм сыйқты көрінді. Оның алуан тетіктеріне үзілү үшін бір күн емес, бірнеше айлар, жыл керек екен. Қайту керек?

«Қайту керек?» деген сұрақ көбейген сайын сазарып отырған ол кенет, «сары уайымға салына алман! — деп бекінді.— Болат отта, адам ариалыста шынығады. Сталин бар жерде женіс бар!».

Ауылшаруашылық артелінің Уставын түгел дерлік жатқа білетін Есеналы Стalin жолдастың жуырда радио арқылы сөйлеген сөзін газеттен қайта оқыды. Бұрын да көсемнің өзін көріп, сөзін тындаған ол, «Сөзімді сіздерге арнаймын, достарым!» — дегениен кейінгі айтылғаның берін өз адресіне тікелей қабылдады. Екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде, Stalin жолдас сөз сөйлеген күні Дмитрий Андреевич пен Есеналы өздеріне ғана ариалып айтылғандай көріп құлшына қабылдаган.

Көсем өзінің сол сөзінде өрлеу, я ылдыйлап кейін, бұрынғы кулак-капиталистер құрлысына қайтудан басқа үшінші жол жоқтығын көрсетіп еді. Ал, мына сөзінде: «Жау қатал, рақымсыз. Ол біздің мандай теріміз тәгілген жерімізді басып аруды, біздің енбегімізben тапқан астығымызды басып аруды мақсат етеді» — депті. «Сонымен, әңгіме — совет мемлекетінің не тіршілік етуі, не құруы туралы... Совет Одағындағы халықтардың не ерікті болуы, не құлдыққа түсір туралы болып отыр» — депті.

«Жау Қарашондар өкіметін қайта орнатпақ қанжауғыр» — деп ызаланған Есеналының көз алдына он бес жасынан бастап Қарашон байдың төрт жыл қойын, жеті

жыл жылқысын баққан ауыр азабы елестеді. Қазір ой еңбегімен қатты шұғылданып отырса да партизандық өмірден ашу үлесін алған қалған Есеналы: «Қайнар қонысына Қарашондар қайта қона алмас!.. Жайлауды жауға таптатпан!» — деп дірілдеп қоя берді.

Асқақ мінез, асқынған ашу — ой өрісін тарылта түсті. Тарылған тыныс ақыл сусынын аңсады. Ақылласары кім? Колхоздағы ақылшының кім екенін мана Дмитрий Андреевич ескерткен еді. Ол, ауылдық совет председателі және партия үйімшының секретары Мақтым Есенова. Есеналы оған жобасын жасамас бұрын-ақ барғысы келіп еді. Бірақ, ол ақылын айтпас бұрын «өзіңіз қалай ойлайсыз? — деп сұрап қалса түк айтталмай аңырып отырып қалуға арланған. Соған қосымша бүгін онымен де шалкем-шалыс келіп қалғаны бетіне шіркеу болып отыр еді. Ал, қазіргі колхоз мұддесі үшін басына түсіп отырған қыйыншылық орнынан оп-онай тұрғызып көшеге шыгарды.

Шығыстан шықкан өкпек жел қаптаған қара бұлтты айдал жібере қоймаганмен сүйылтып, бірен-саран жұлдыздар әржерден анда-санда бір жылт етіп жок болып кетеді. Бірнеше жерден үйткып бықсыған қою тұтіндей будақ-будақ бұлттар ерсілі-карсылы сапырлыса көшіп жатыр. Таң шолпаны тумаған тәрізді. Қайнар қыстагы жым-жырт, бесеует қыбыр еткен жан жок. Бұрын терезелері жарқырап, ашылған есік-терезесінен ән мен күй, би естіліп тұратын колхоз клубы қырға көшіп кеткен сияқты. Қайнар көлінде шулайтын құстар да, көлбака да, әрбір қакпа алдында манқылдайтын тәбеттер де тым-тырыс. Ауылдық совет үйінен баска шам көрініп тұрған ешбір терезе жок. Сол қақпактары жабық терезелер алдындағы тенселген теректердің сарғая бастаған бірен-саран жапырактары жерге тырс-тырс түседі. Жел қуаты толқытып жатқан Қайнар көлі ме, соған мына тенселіп тұрған теректер шуылы қосыла ма, әлде орманнан қасқыр ұлый ма,— әйтеуір бір шу естіліп тұр. Бірақ, Есеналының құлағы оны елең ғып келе жатқан жок. Оның қабағы осынау тунеріп тұрған тұндай түйіліп, «мен сенен де бетер ашулымын» дегендей өнмендеп, желге қарсы жедел жүріп совет кенсесіне келе жатыр.

Мақтымның кабинетіне Дмитрий Андреевич те келіп отыр екен. Есеналы ол туралы: «Есле каналы жайында

шағынып отырсың ғой» деп ойлады. Шынында да солай болатын.

— Есеке, жақсы келдіңіз, жоғары шығыныз,— деді Мақтам орын ұсынып. Құрмет көрсетіп отырса да қабағы катыңғы көрінді.

Есеналы қазір Колосовпен бетпе-бет айтысқа түсетіндей-ақ оған қарама-қарсы отырды. Мақтам біраз іркіліп қалды. «Мана, таңертең Қадишаға болысып, қазір Колосовты жақтағалы отырсың-ау» деп ойлады Есеналы. Әйткені, Есеналының өзі Мақтамның орында отырған болса қазір бассалып киліккен болар еді.

— Есеке, мына Дмитрий Андреевич Еспе каналының құрылымын екі мерзімге бөле жоспарлапты,— деді Мақтам. — Быйылғы жылдың октябрь айы мен келер жылдың көктемінде бітірмек те, жаз — егіп суармақ...

— Өте игілі жоспар,— деді Есеналы мұртынан құліп.— Бірақ кімдермен, қалай қазып бітірмегін білдің бе?

— Дмитрий Андреевич сол каналдың қазыла бастағандағы тәжрибесіне сүйеніп, осы ауылдың карауындағы екі колхоздың адамдарын және аудан көлемінің көмегін есепке алышты.

— Өзге колхоздар күшімен қазып шыға алатын болса қатты қуанамын,— деді Есеналы.— Бірақ, біздің колхоздаң канал құрылсына быйыл бір де адам ауыспайды. Метрейдің есебін мени де шотқа қағып келіп отырмын. Ал, келесі мерзіміне қанша адам ауысары жайында жыл басында колхоздың жылдық жоспары жасалар алдында ақылдастан жөн.

Дмитрий Андреевич жаңа Мактамға «Жоламанов жүртттың бәрін бітпей қалған жылқы қорасының жұмысына жұмылдырғалы жүруі де мүмкін» деп топшылағанын айтып еді. Сол есінде отырған Мактам:

— Сіз, адамдардың көшілігін қай маусымдағы шаруашылықтың қандай басты салаларына бөліп отырсыз? — деп сұрады.

— Колхоз шаруашылығының қай саласы болса да, маусым күтіп тоқтап тұрап аптасы да, айы да жоқ. Қай саласына, қалай бөлгенде де сандаған адам жетпейді.

— Крыловтың «Шырылдауық шегірткесіне» тенесем көнілінде келер еді Есеналы Жоламаныч,— деп араласты

әңгімеге Колосов. — Жаздай Қасқырқарамен ойды-қырды кезе жортып, «саяхатқа саяттандың» да жүрдің. Не шіөбінді, не қоранды бітіре алмадың. Енді міне...

— Кешегі он екі шөпмашина түгелімен егінге түспесе,— деді Есеналы оның сөзін бөліп,— көрер едім сенін не бітіргенінді.

— Мен үшін бәрі де түсінікті,— деді Мактый, енді оның екеуін де сөйлеметкісі келмей.— Еспе каналы туралы Дмитрий Андреевич сіздің есебіңіз де, Есеке сіздің пікіріңіз де дұрыс. Бірақ, қазір мен бұл туралы үзілді-кесілді ешиәрсе айтпаймын. Ертең басқарма мәжілісінде талқылаймыз. Оған аудандық партия комитетінің секретары Болатов жолdas та келіп қатнасады. Келістік пе?

— Эрине,— деп қуаттады Есеналы.

Дмитрий Андреевич үнде mesten қалтасынан кисетін алдып, трубкасына самосадты нығыздай бастады.

— Есеке енді сізді тыңдайық, Дмитрий Андреевич те отыра берсін бе? — деп сұрады Есеналының не үшін келгенін біргелкі шамалап отырған Мактый.

— Мен кетейін,— деп Дмитрий Андреевич жыйналада бастап еді, Есеналы оған:

— Отыр Метрей, бұқіл аудан көлеміндегі егіншілердің арқа сүйер ақылгөй, бас мирабы болғалы отырған сен де керексің бұл кеңеске,— деді.— Мактый шырағым жас болсаң да басшымыз болып отырсың. Өрлеу бағыттымызға ылдыйлау қаупі тәніп, басталған игілі ісіміздің дамуына соғыс кеселі кездесіп отыр. Бейбіт күндер болса бір сәрі, мынадай қауіп-кательлі кезенде колхоз басқару,— жасыратыны жоқ, қабырғаға қатты батар тәрізді. Не істеу керек?

— Не істеу керегі жайлыш айтылар ақыл айтылды ғой Есеке-аяу,— деп Мактый едәуір кідіріп қалды. Оның айтыллы деп отырғаны Сталин жолдастың жуық арада радио арқылы сөйлеген сөзі екенін Есеналы түсіне қалды.

— Салынған сара жолы болсадағы, асу бермес асқардан асар көшті бастауға көшбасшы боп көргендік керек. Сол көшті өзің талай кешкен тар өткелден өткізуғе ой көзі керек. Ал, менің ой көзім түрғай, мына көзімнің өзі көзілдірікпен көреді ғой. Ана жылы екпінді колхозшылар съезінде, партияды жоқ колхозшыларға большевикше карайтын коммунистер бар деп еді көсем.

— Сталин жолдас сол съезінде коммунистер партияды жоктардан өздері де үйреніп отыратын болуы керек —

деген емес пе еді? Колхоз күрылсының, оның бірінші кірпіштерінен бастап қалап келе жатқан Дмитрий Андреевич екеуінізден тәжрибем көп дей алам ба,— деп екеуін де еркіне жібере, ой салмагын сала сөйлемді Мактый.— Мәселен: сол съезде көсемнің колхоздағы сарқылмас күш туралы айтқаны есінізде ме?

— Есімде, әйелдер колхозда үлкен күш, ал, жастар... жастар біздің карттардың орнын басуға тиіс, деген еді,— деп Есеналы дәл басты.

— Жастар біздің туымызды женип шыққанға дейін үстап баруға тиіс, демеп пе еді,— деп толықтырды Мактый.— Басшылық туралы айтқаны есінізде ме?

Бұл жерде Есеналы аз кідіріп қалып еді, оған Дмитрий Андреевич көмектесті.

— Иосиф Виссарионовичтің Безенчук колхозшыларының хаты туралы айтқанын ұмытып қалғаның ба? — деп есіне салды ол.

— А-а-а, істің тағдырын жалаң басшы ғана емес, сонымен катар еңбекшілер бұқарасы шешетіні туралы айтқан болатын.

— Меніңше сіз, өзіңіз айткан аскар басын да, өткел түбін де, көзілдіріксіз-ақ көріп отырысyz Есеке,— деді Мактый.— Солай емес пе Дмитрий Андреевич, а? — Ол басын изеді.— Өзіңіз айтқандай, колхоздың ісі де көп, күші де аз емес! Әңгіме, сол күшті көре білуге, іске жұмылдыра білуге тіреліп отыр.

— Үм-м, әңгіме «өзің біл» ге тірелген соң білетінімізді айта отырайық,— деп Есеналы еңбек үйымдастыру туралы жобаларын баяндады.

Оны бастан-аяқ тыңдалып шықкан Мактый, Есеналының жобасында жоқ жана пікірлер айтты. Еналдымен әңгімені балалар яслин шұғыл үйымдастырудан бастады. Іс басында үйымдастқан үлгілі асхана уакытты үнемдеп еңбек тәртіби пыгайтатындығын ескертті. Колхоз кеңесінде, бригадалар мен фермаларда орынбасарлар, секретарълар, көмекшілер, кучерлер болып жүрген отызға тарта адам барлығын аныктартты. МТС жанынан үйымдастқан кысқа мерзімді механизаторлар курсына осы колхоздан он адам жіберілу керектігін көрсетті...

Осы айтқандарының бәрін Есеналы қойын дәптеріне жаза берді, жаза берді. Қарсы алдында отырған Дмитрий Андреевич оның жазғанына кеңірдегін соза қарап қояды.

— Бүгін таңда кезек күтпейтін жұмыстың екі саласы егін мен пішен,— деді Мактый ақырында.— Бар астықтың бастырылуы, оның мемлекетке тапсырылуы үшін істелетін істерді жаңаша дұрыс жобалапсыз. Ал, шабылыш үйілген шөп болса, оны қай кезеңде де тасып алуға мүмкіндік бола береді. Жоқтың аты жок. Міне, осының бәрін болғалы түрған басқарма мәжілісі талдауы тиіс. Колхоздағы еңбек майданының штабы — басқарма. Оның ұйғарғаны заң,— дәп әр істің тағдырын ауылдық совет сессиясымен шешіп дағыланған Мактый қарандашын стол үстіндегі әйнекке тық еткізді.

— «Өзім білеміннің» де білмesterі бар екен-ау, Есеналы Жоламаныч,— деді Колосов күлімсіреп.

Есеналы оның бұл сезіне жауап боларлықтай ешиэрсе айта алмай қалды. Бұл кезде таң саз беріп қалған еді. Мактый столының үстіндегі қағаздарын жыйнастыра бастады.

— Рақмет, шырағым Мактый! — деді Есеналы да қойын дәпптерін ішкі қалтасына салып жатып.— Мен бұгін мал фермаларын аралап қайтқалы отырмын....

— Әне, мал десе бүйрегің бұрады да тұрады,— деді Дмитрий Андреевич.— Ойга-қырға шапқыламай отырсайшы орталықтан басқарып.

— Метрей-ау, колхоз ісі кабинетте, қағазға үңіліп отырумен бітетін іс пе? Оның үстіне менің мал басына бармағаным айдан астығой.

— Оның дұрыс, барып қайтқаныңыз жаксы,— дәп жақтады Есеналыны Мактый, қырдағы Ұлжан ұйымдастырған жаңалықты да оның өз көзімен көріп келуін іштей көксеп.

— Малдағы активіннің бәрі де бүгін басқарма мәжілісіне келмеуші ме еді? — дәп сұрады Колосов.

— Келеді, бірақ мен олардың ісін басқарма мәжілісінен бұрын көріп шығуым шарт. Қырман басына өзің бас-көз бол. Айтпақшы,— деді ол енді Мактыйға бұрылыш,— Еспе каналы құрлысы тоқтатын болса мына Метрейді тексеру комиссиясы председательдігінен босатып, орынбасар етіп тағайындал, егін шаруашылығын осыған тапсырсақ қайтер еді?

— Дмитрий Андреевичтің бұл комиссияға председатель болуы өте орынды,— деді Мактый.— Солай бола тұрып та егіншілерге көмектесе алады. Өзіңіз айтып отырған қауіп-қатерлі кезеңде колхоз басқармасына

тәуелсіз бұл комиссияның жұмысын күшайте түсіміз керек.

— Мен енді әрбір іске тексеру комиссиясы председателінің көзімен қараймын,— деді Дмитрий Андреевич мұртынаң құліп.

— Еспе каналының жоспарын Болатов макұлдаса, оны басқарма бекітсе, сол құрылыштың бастығы да өзін болмайсың ба.— деп әзілдеді Есеналы.

3

Есеналының бұрын да, қазір де ойна кіріп шықпаған бір жаңа жұмысты қырда Ұлжан үйымдастырды. Колхоз коммунистерінің өткен жыйылысында берілген бұл тапсырма жайлы еңалдымен Есеналыға ақылдасар болса ол ыршип түсер деп ойлаған Ұлжан, істен біркелкі нәтиже көрінгенше оған хабарламап еді. Малшылар мәслихатының тоқтамымен барлығы маркайып жетісken төлді бақташыға қосып, бұрынғы төл күтушілердің бәріп осы жұмысқа салған болатын.

Сол төл күтушілерді және Мактым есіне салған срынбасар, секретарь, кучерлерді түгелімен пішешілер бригадасындағы жұмысқа салу үшін келе жаткан Есеналы қой фермасына таянғанда алыстан атылған пулемет тәрізді дыбыс естіді. Жақындаған сайын сатыр-сұтыр айқындала түсіп, оның тулаққа соғылған сабаулар екенін сезді. «Сұрапыл соғыс кезінде кигіз бастырып, отау көтермек пе екен бұл Құрманбай,— деп іштей ызаланды ол қой фермасының бастығына.— Он мын койды қыстан қалай аман алғы шықлағы туралы ойлай ма екен? Жок. Қозінен таса болса-ақ істейтіні осы бұл кәрінің».

Ол қазір Ұлжанды көре қалса, оған не дерін кім білсін, ал, Құрманбайға келе килігері сөзсіз. Оған айтар сөзін де саптап, «құр көкірек», «мыйсыз ақ бас», «ашық ауыз кәрі» деп іштей балағаттап келеді.

Есеналы сұыт жортып келіп, ферма басындағы біріне бірін тіркестіре тігілген екі киіз үйге ат майдайын кілт тіреді де, дереу түсе қалып, аса ызбарлы кіріп келді. Бірақ үйішіндегі көрініс оны таңдандыра койды. Өйткені, мұндағылар оның ойлағанындей «Құрманбайға отау көтергелі жатқан» сыйқты емес. Истін түрі белгілі болғанмен үйымдасу тәртібі жанаша. Бір топ қыз-келіншек

алқақотан жұғінісіп алып, орталарындағы тулак үстіндегі қой жұнін сабаумен түбіттей түте шаңыраққа шапшыта бұркыратып сабап отыр. Үсті-бастары ак қылышыққа көміліп қалған. Ондаған сабауды қарулы қолдар катар сокқанда атылған пулеметтей құлакты жарып барады. Сабаулар сатыры, әйелдер басы қосылғанда өткен-кеткені аралас сапырылатын сөз өзенін де бегеп тастанты. Тұтілген жұнді бес-алты кемпір, жуанды-жіңішкелі жіп қып ііріп отыр. Зырылдаған үршықтар ортекедей ойнайды. Бір топ қызы-келіншек іірілген жіпті сымдармен, ырғақтармен тоқып отыр. Сандаған саусақтар қыймылына көз ілеспейді. Төрдегі үлкен карагай сандықтың ішінде не бары өзір бимәлім болғанмен, соған салуға дайындал қойған елулеген биялай мей үйктарға қарағанда бұлардың іске кіріскеніне де бір жетіден асқан сыйқты. Бұл үйде жұмыс істеп отыргандардың бәрі қой фермасының адамдары, ферма бастықтарынан ешқайсысы көрінбеді. Ал, мыналарды басқарып жүрген осы фермадағы екінші отардың бастығы Зағыйпа екен. Есеналы оған:

— Зағыйпа сенің жетілгенің қай мамандық? — деді.

— Мен осы цехтың бастығымың, сонда ең бас маман өзім болғаным емес пе? — деді сол жауабына жалғастырып.— Қылышын сүйреп қыс келіп қалды, қалышлдан қантарда майдандағы...

— Жә, не айтқалы тұрганыңды білемін,— деді Есеналы оның сөзін бөліп,— қойшының бәрі мұнда отыр, қой қайда?

— Бұлардың көбі қойшы емес қозышылар ғой, қазір козы қойға қосылды.

— Қозы қосылып қой көбейген сайын қойшы азая бере ме екен?

— Бұрынғы бастығымсып жүретін басы артық еректердің қазір бәрі қойшы...

Осы мезетте сабау даусы толастай қалып еді, Есеналының ендігі айттар сөзін Зағыйпаға тыннатпай, тұс-тұстап әйелдер шуылы киіп әкетті.

— Апай-ау, ана тұтілген жұнді қабылдасаңшы.

— Осы жұнді сабап болған соң тоқуға тұсіремін дегеніңіз қайда?

— Зағыйпа-ау, маған жіп керек деймін, жіп.

— Пә-ә-әлі, мынаның тоқыған ұйырын кара Зағыйпа. бетім-ау, мынаған екі аяғын тыға ма?

— Шеберімсімей отырсайшы, әскердің бәрі сендей ши-аяқ деймісін...

Есеналы екінші бөлмеге өтіп еді, бұл үйдегілер сыйыр фермасының адамдары екен.

— Уау, сенің сүт машинаңды кім жүргізеді? — деп сұрады ол бір тігіншіге қадала қарап.

— Зылиқа, бұрынғы төрт сауыншының сыйырларын үшеуіне бөліп бекіндіріп еді, төртіншісі сепораторшы болып шыга келді.

Есеналы мұны қуаттаған пішінмен бас изеді. Бұл үйдегілердің ісін жаңагы үйік, биялай токушылардан тәртіптірек көрді. Мұнда төрт киім тігуші, екі малакайшы қызмет істеп отыр. Бірақ, машинасының аздығынан ба, әлде өздері шабандau ма,— әйтеуір бұлардың тігіп шығарған тоңдары төртеу-ак. Есеналы оның бірін киіп қарады. Етегі тізесінен келетін жағалы тоң әрі жылы, әрі қыймылға ыңғайлы-ақ сыйқты. Тігісінде өзінің былтыр Семей фабрикасына тіктіріп әкелген тонынан айырмасы жок. Одан өзгешелігі сыртының бояусыз алпақтығы ғана.

Есеналы бұлардың тәртібін ұнатып, тіккен тонына қызықкан мен шығарып отырган өнімін азсынды. «Мыналар бұл өгізаяңмен отыратын болса айына он екі-ақ тоң тігіп шығарады екен,— деп ойлады ол іштей есептеп.— Сонда, бір взводты жылы киіндіру үшін төрт ай уақыт өтеді. Ал, майдан бұлай отырысынды күтпейді. Қайту керек?»

Осы мезетте бір құшақ тері көтеріп Құрманбай кірді. Жана ғана оған ызаланып келген Есеналы, енді ырайлана сәлемдесті, Құрманбай одан екі жасы үлкен болатын.

— Құреке, іске сәт!

— Сәті бірге болсын!

Құрманбай сөзге келгенде тым орашолақ болатын. Сөйлей калса, ондаған сөйлемді біріне бірін жалғай, нүктесіз шұбыртып тындаушының ішін пыстыратын. Сырмінез адамдар Құрманбай шұбырта бастағанда-ақ, айткалы тұрғанының төркініне түсінген жерінен бөліп алатын. Есеналы бұл жолы оны еркіне жіберді.

— Ал, Құреке, ісіңдің мән-жайын баяндаң көрші, — деді ол.

— Майданға аттанған ер-азаматтарды жылы киіндірудің өзі иғілік деп, әзір жер қара, күн жылы деп, екі

ферманың ауысқаң адамдарының басын құрап, Ұлжан осы жұмысты бастатып, алғашында қой бағудан осы қыйын болып, курал-сайман әзірлеумен бір жеті әуреленіп, машинасы табылса тігінші олақ, малақайшысы табылса қалыбы тағы керек, одан кейін үнемі мал бағумен машиқтанған қатындар бас қатырып, оларға күн сайын Ұлжан уағаз айтып,— қойшы, не басыңды ауыртайын, беталыс біргелкі дұрысталып, енді мына әр малшының меншігіндегі теріні жыйып алып, осының иін қандыру ісі бөгеп тұрғаны,— деп бір-ақ тоқтады.

Егер сол «терінің иін қандыру ісі» бөгемейтін болса, бұл бастамадан аса пайдалы нәтиже шығарына көзі жетіп, іштей қуанған Есеналы, Қайнардағы колхозшылардан да жылы киім, болса тері жыйғызып, оны илеуге шебер екі шалды ертең жеткіздіруге үәдесін берді. Ұйық, биялай токыйтын түбіт босатыратын болды. Ол енді көрші колхоздардың бастықтарына «киім-кешек мастерскоймыз бар» деп мактанары тұрғай, оның тәжрибесі туралы аудандық газет тілшісіне мәлімет бергісі келді. «Шүкір, орынбасарымның өзі де осал емес,— деп корытты ол іштей Ұлжан туралы.— Малға көп алан болмай үнемі астықпен шұғылдансан, оның тағдыры туралы да ешкімнің алдына жүргіне алмайтын шығармын»...

Есеналы енді Ұлжанның қазір қай фермада жүргендігін білгісі келіп еді, Құрманбай:

— Ұлжан мени Таутан бүрнағы күні сыйыр фермасында бірге болып, кеше осы қой фермасына келіп бірге қонып, бүгін ертеңмен жылқы фермасына бірге аттанып, жылқыда саяктың үйірлерін сұрыптамақ болып...— деп шұбыртып келе жатыр еді, Есеналы:

— Аржағы түсінікті,— деп кілт кідіртіп таstadtы. Олардың жылқыны не үшін «сұрыптамағына» аса көніл аудармады да, «бұлардың фермадан фермаға косарлана қонып, түстеніп жүретіні қалай?» — деп ойлады. Соғыс басталмас бұрын Сарқыт, Қалдыбайдың тапсырмасы бойынша: «зоотехник малды асылдандыру ісімен шұғылданбай, ферма басында «қызойнақ» ұйымдастырып жатыр-мыс, деген өсек таратып та көрген еді. Сол сыйыс Есеналының да құлағына шалынған болатын-ды...

Бұл кезде тұс ауып кеткен еді. Председатель мен ферма менгерушісі аттарына мініп қой жайылымына барды. Құрманбай қойының семіздігін көрсетіп, күзем

жүннен мол өнім алатыңдығын да дәлеледі. Содан кейін, жылқы мен сыйыр тұқымын асылдандырып жатқанда, койға Еділбай тұқымдас қошқардан да асыл қошқар неге қосылмайтыны туралы дау соғып, едәуір уақыт оздырыды. Ол екеуі ферма басына қайтып оралғанда Ұлжан мен Таутан да келіп жетті.

— Жылқыны не үшін сұрыпташ жүрсіндер, он екі жыл ұдайы есек бағып өсіріппіз бе екен? — деді Есеналы аман-саудан кейін Таутанға.

— Маршал Буденнийдың әскери атқа қоятын талаптарына сай келмейтіндері жок па екен деп...

— Жә, Семен Михайлович қазактың жылқысын көрмей отырған жок,— деді ол Таутанның сөзін бөліп.— Хош, шөп не болып жатыр? — деп сұрады енді Ұлжанға бұрылып.

Ұлжан Есеналының ызығарынан жасқана төмен қарап тұрып нәзік үнмен жауап берді:

— Шөп машиналары егінге салынбағанда едәуір еңсеріліп қалатын еді...

— Маяшыларды неге шалғы оракқа салмадың?

— Төрт үлкен маяны сыйыр фермасына тасып алдық.

— Мұның дұрыс. Бірақ, қазір барлық күш шөпті шауып үйе беруге, сүрлей беруге жұмысалу керек. Бар болса қай уақытта да тасылады, жоғы жаман,— деді ол Мактымның өзіне айтқан сөзін кайталап: — Кешікпей Қайшарға тартындар. Мен пішеншілер бригадасына соға жүрремін.

Ол осыны айтты да сұыт жүріп кетті. Ал, мына жаңа жұмыс туралы бұл екеуіне ешнэрсе демеді. Оның асығыс кетіп қалғандығынан ба, әлде кетпей түрғанда «мына бастамамызға қалай қарайсыз?» деуге жасқанды ма,— әйтеуір оның «мастерскойды» көргенде не дегенін Ұлжан Құрманбайдан сұрап білді.

— Сұыт келе жатқанын көріп қалып, едәуір сасып қалып, тасада тұрып қалып, соңын ала кіріп едім,— әйтеуір жарылқамақ болды,— деп доғарды Құрманбайдың туралы шұбыртпаны ұзаққа созбай-ак.

— Содан кейін бізді қайда,— деп те сұраған шығар? — деді Ұлжан.

— Сұрады, жасырайын ба, айтып қойдым, екеуі де дедім, түнде осында қонып шығып дедім, бүгін ертеннен екеуі бірге жылқы фермасына кетті дедім.

Сіз, Ұлжан мен Таутанның өзара қарым-қатынасы қалай боларын да қадағалап отырсыз. Мұны, осы шығармадан іздеп отырған бір сіз ғана емес, 1941 жылдың екінші жартысында «Социализм» колхозындағылардың бірқатары, аудан орталығындағы кейбір адамдар да байқап отырды. Мәселен, Қалдыбай Құлмұқанов ол екеуінің атқарған қызметтерін бақылаумен катар жеке бастарына байланысты жайттармен де шүғылданып журді. Ал, малышылардың бірқатары соғыс басталмас бұрын ол екеуі туралы сырттай өлшеп-пішіп: «Қандай жарасымды, күйеу мен қалыңдық осы екеуі сыйакты бола берсін дағы!»— десіп жүруші еді. Соғыс басталысымен өзгере калған өзге колхозшылардың әрекеті сыйакты, бұл екеуінің де бұрынғы бір-біріне сыпайы көзкарастары, әсем әзілдері өзгере бастады. Сондықтан, бұрын олар туралы сүйсініп жүргендердің сөздері де өзгеріп: «Ұлжан Есеналының болашак келіні көрінеді», «Таутанның да бір қалада қалыңдығы болса керек» — десетін болды.

Ұлжан іштей Таутанды өте жақсы көре тұрса да, бұл сирин оның өзіне де, басқаға да сездіргісі келмеді. «Егер оның уәделесіп койған ешкімі жоқ болса,— деп ойлады ол Таутан туралы,— егер ол мені ұнататын болса, онысын өзі сездіруі тиіс. Бірге жүріп ешиәрсе айта алмауына қарағанда қалыңдығы болуы мүмкін... Бола қалса оған ара түсуім арсыздық. Барын, жоғын сұраудың өзі үят. Білу әдісі табылар да еді, бірақ, мынадай қыйын-қыстау кезенде осы тақырыппен шүғылданудың өзі өрекелдік...»

«Ұлжан Фалымның қалыңдығы» — деген жорамалды Таутан да естіген. Бірақ, Фалым мен Мария арасындағы қарым-қатынас туралы әзір ешиәрсе білмейтін ол: «егер Ұлжан Фалымның сүйген кызы болып шыкса, майдан мен тыл жауынгерлерінің арасындағы махаббатқа ара тұруым адамшылықтан айырылу» — деп ойлады. Майдан жауынгері жанаямай жаумен арпалысып жатқанда, тылда отырып қара бастың камы жайындағы әңгімені ауызга алуға ары бармады. Оның үстіне, ол Ұлжанды ұнататын сирин сыртқа шығарса, «қызойнак» туралы өсек шындыққа айналға қалады. Өзі туралы осы өсекті таратқан кім екенін біле алмаса да, оған іспен соққы беру максатын көзделі.

Сөйтіп, Таутан мен Ұлжан әзірге жұрт алдында да, оңаша жерде де, тек қызмет бабындағы ғана әңгімеләрекет шенберінен шығыса алмай жур.

Әткен кеште өз үйіне қонған осы екеуін Құрманбай да өзінің сын тезінен өткізе байқап көріп еді, бірақ, оның қырағылық қармағына шұбә шабағы түспеді. Оның жаңағы «жасырайын ба, айтып қойдым» дегенінің өзі бұларды тағы бір байқау үшін айтылған еді. Мұны естігенде Ұлжанның аққұба ажары күрендене түсті де, қою кірпіктері жиі-жіңі қағыла қалды. Онысын байқап тұрған Таутан «Есеналының келіні болған соң қысылып тұр» деп ойлады.

4

Әткен түнде шығыстан шығып, қалың бұлтты сүйылта бастаған қатты жел, бүгін бұл өңірдің аспанын бұлттан әбден арылтып, тұс қайтканша күн шүлен шұғласын төгіп тұрып еді. Кешке таман батыстан тұрған тағы бір қатты жел сол түндегі қара бұлтты қайта айдады ма, әлде сонау Атлант мұхитынан аспанға көтеріп қалың қара пәсер алып келе жатыр ма,— әйтеуір көк жиектен тағы да қара бұлт қаптай көтерілді.

Бұл кездес аудандық партия комитетінің секретары Бақтыяр Болатов машинасына отырғалы тұр еді. Ол шоферина:

— Бүгін алысырақ колхоздарға барамыз, күн тағы бұлт ала бастағанын байқаймысыз? — деп ескертті.

— Бұл ауданың қай колхозы болса да, түгел арап шығуға машина каяїпсіз, Болатов жолдас.

— Ендеше қазіргі бағыт «Социализм» колхозы,— деді ол машинасына отырып жатып.

Бұлар ауданнан шығып, «Социализм» колхозына апаратын үлкен жол үстіндегі орманға жеткенше, қара бұлт пен нұрлы күн біріне бірі қарама-қарсы келіп тоғысты да, көк жүзін қып-қызыл от теңізіне айналдырып жібергендей болды. Әп-сэтте, от теңізін орасан зор сеңдер басып алғандай қарауыта қалды. Бұлт астында астан-кестен арпалыс болып жатқандай күркіреді күн. Қөктің күркіреңе қосыла ормандар, таулар жаңғырығып, аспан асты жаппай күркіреуге айналды. Ышқына сокқан долы жел орманды сілкілеп, ағаш жапырағын ұшыра, шалғынды жерге жапсыра жапырды. Найзағай жарқ

ете түскенде күрт құлаған зәулім терек түбінен түтін шығып жатыр. Ұзы-кыйыңдың күстар шулап, орман түлкісі құйрығын әржерден бір қылт еткізіп таса-тасамен тауға карай зытып барады. Жол үстінде ұлып тұрған аш қас-қыр да қырға карай бүрсөң желіске басты.

Орман ішінде ұйтқыл соккан жел, аспанин жауған ақ бүршакты машина терезесіне оқтын-оқтын атылған автомат оғындағы бүрікті, бірақ қалың шыны оған мыңқ еткен жоқ.

Бұл кездегі нөсер қанша қатты болса да таулы, орманды өнірдің малын ықтыра алмайтынын жаксы білтеп Болатов «орылмаган егінді бүршак соғып кетпегей еді» деп өте қауіптенді. Аудан бойынша егіншің өткін бескүндіктегі орылғаны елу-яқ процент еді. Соңтыктан ол мына бүршакты циклонның кай жерге қандай зиянын тигізіп жатқанын білгенше асыкты.

Қөкжиектен қалың бұлт көтеріле бастағанда тәжрибелі шофер машинасының артқы екі дөңгелегін шынжырлап ала койған болатын. Қазір М-ка бұл нөсерге кідірмestен жауған қалың ақ бүршакты пытырлата жанышып жүйткіп келеді. Орманнан шығып бірнеше дөңдерден асты. Болатов шоферына ешиңрсе демесе де, машинаның сагатына қашша километр алып келе жатқанын байқаттын көрсеткішіне қарай береді. Қараған сайын ол қырықбестен ілгерілемейді...

Ұмырт жабыла жел толастап, жаңағы алай-тұлай нөсер арты жайғана себелеген ақ жаңбырға айналды да, сіркіреп жауып тұрды. Ауданнан шыққалы еш жерге тоқтамастан зулап келе жатқан машина «Социализм» колхозы басқармасының кеңесіне жетіп кілт тұра калды. Бірақ, колхоз басшылары да, ауылдық совет председателі де қырман басына кетіп қалған екен. Болатов Кайнарға кідірмestен Қаймақтыға тартты.

...Қаймақты алабының как ортасында шоғырланып, аумағы қаланың шатырлы үлкен үйіндегі жабық қырман тұр. Оның айналасындағы ашығынаң бүркүраған ақ тозаңды аспандаттай жаңбыр басып тастанап, сол ашықтан от жарқырайды. Қырман іші күркіреп-сарқырап жатыр, адамдар шуы естіледі. Сыртынан қарағанға бұл қырман, долы нөсерге қарсы айбат шегіп, қыр көрсеткендей күдіре耶 күркірейді.

Міне, қазір соның ішіне кірген Болатов кәдімгі, механизацияланған астық фабрикасын көріп тұр. Жабық

қырманға жapsыра үйлген маяны, сол қырманның ішінде молотилка асап-асап алып, күрт-күрт шайнап жұтып тұрған тәрізді. Одан өнген астықты, бірнеше сеялкалар, триерлер қабылдайды. Осының бәріне дерлік қуат құйып тұрған қозғаушы күш бір ғана комбайн моторы. Элі адамдарды көбірек қатынастырып қарапайымдау көрініп тұрғанмен, астық бастыру жұмысы осы бір қуат арқылы қырман ішінде конвейерлі системаға салына құрылған. Онда қызмет істеп жүргендердің бәрі өңшең қызы-келіншектер. Кейбір көздерде сағыныш, немесе ой, кейбір ажарлардан ашу нышаны байкалады. Олардың еңбегінің үйымдасуы білектің де, тілектің де бірлігін сыйпаттайты.

Болатов олардың қайсысын да қазіргі істерінен белгісі келмеді, қырман күзетшісінен Есеналының және бригадирдің қайда екенін сұрады.

— Бастық та, бригадир де, анау шатырда өткізіліп жатқан басқарма мәжілісінде,— деп көрсетті ол.

Кең шатыр ортасына үлкен ұзын стол қойылыпты. Оны айнала қоршай басқарма мүшелері мен ауыл активі отыр. Есеналы стол басында түрегеліп сөйлеп тұр. Болатов кіріп келгенде есік жақта отырғандар орындарынан тұрып, оны төрге қарай өткізді. Мактym төр жақта отыр екен, төменірек ығысып, өзінің жоғарғы жағынан Болатовқа орын ұсынды. Есеналы сөзінен бөлінген жоқ, өзінің еңбек үйымдастыру мәселесі жөніндегі жобасын баяндай берді. Ол жана ғана бастаған екен, бұрын колхозшылар жынылыстарында, аудандық маслихаттарда өзінің мал өсіру тәжкібесін айтқаны болмаса, бүтін бір коллективтің еңбек өмірінің бүгінгісі мен келешегі тура-лы мүндай баяндама жасағанын, Болатов тұрғай ауыл активі де көрген жоқ еді. Үлкен күміс сағат алдында жатыр; қалыңдығы жуан елі қойын дәптерін ашып қойып, сөзінің көбін бүйрек раймен өз басынан өткен-кеткенді араластыра, ағыны қатты сарқырамадай сапырып тұр. Есеналының осы баяндамасының өзі-ақ колхоз активтіне ертенгі мазасыз айқай, асығыс бүйрек, асыра сілтеулерді елестетті. Болатов оның баяндамасынан батыл қыймылдың, бірер сүрінсе аяғын аңдал басатын, сонда да алысқа сермейтін аршынды председателін көріп отыр. «Құрыштай қатты қайрат пен қанжардай өткір жігерді, орынды жұмсар ой керек» деп қорытты ол Есеналы туралы.

Есеналы өзінің баяндағаны бойынша қортындысын, кепегі Мақтымның пікірлерін қоса, тұжырымды қаулы етіп ұсынды.

Содан кейінгі азырақ тосылыста Болатов:

— Бүгінгі бұршақ сокқан егінің қанша гектар Жолтаманов жолдас? — деп сұрады.

— Бақтыяр-ау, о не дегенің, жаратылыс тұргай, жауга төтеп беріп отырған біз, егінімізді бұршаққа соктырамыз ба? Нөсер кешірек қыймылдан ұтылды, біз он екі шөпмашинаны егінге комбайнмен катар салып шауып, маялап алғашбыз, біз ұттық.

— Мұныңыз өте жақсы болған еken. Ал, ана қырмандағы комбинацияны шығарған шеберіңіз кім? — деп екінші сұрақты жалғастырды Болатов.

Жаңбырлы күндерде жабық қырманға комбайн да, молотилка да сыйтын болсын, молотилканы қозғаушы күш комбайнның моторы болсын деген идеяны Мақтым-га оның өзі ұсынған еді. Кейін, сол ұсыныстың кім арқылы жүзеге асрылғаны да оған мәлім болатын. Соны біле тұрып не үшін сұрап отырғанына Мақтым іштей таңырқады.

— Бұл еңбек бригадирлікке тағайындалып отырған жас маманымыз және басқарма мүшесі, оның үстінен колхозымыздың жаңа талантты мына Мария Колосованың еңбегі,— деді Есеналы оны көтеріңкірей таныстырып. — Егіп орағы басталар кезде осының тәсілін қағазға сыйзып, он күндей әуреленіп жүрді де, акырында маған келіп «даешь электр!» деді. Мен де «нар тәуекел!» — деп қыстактың шамын сөндіре тұрып, Еспе сағасындағы мутовкамыздан<sup>1</sup> қырманға сым тартқызбақ болып едім, мутовка қуаты жетпейтін болды. Жеткізу үшін біздің қолымызда жоқ трансформатор деген тагы бірдеңесі көрек еken, «Ендеше даешь мотор!» деді Мария. Мен де, «Нар тәуекел!» деп Комбайнды стационарға қойдырып жіберіп едім, көріп келіп отырған шығарсың, осындаң итіже шықты,— деді ол, Құрманбайша шұбалтқан сезінің көбін «мен»ге бұрып.

— Бұл идеяның бастапқы инициаторы Мақтым Мататовна — деп қости Мария орнынан ұшып түрегеліп.— Колхоз өндірісіне кеше ғана келген мен тұргай, осы отырган активтің ешқайсысының ойында жоқ жаңалық

---

Мутовка — кішкене су электр станциясы.

емес пе еді бұл? Тіпті, Есеналы Жоламанычтың өзі де істің алғашқы нәтижесін көзімен көргенше сенген жок,— деп Есеналының жаңағы «нар тәуекелін» «Соқыр тәуекелге» айналдырыды да, орнына отыра кетті.

Шынында да, кеше ғана орта мектептің партасында отырған шәкірт Мария, бүгін кемеліне келу жолы үстінде дүниеге сын көзімен қарап тұрғанын, осы сөзінің өзімен-ақ байқатты.

Басқарма мәжілісін бөгде сөзге бөлгісі келмеген Есеналы өзінің жаңағы баяндамасы бойынша сөйлеушілерге сөз бере бастады:

— Қәне, қайсың не айтасындар? Аудан көлеміндегі авангард колхоздың активі де авангард, айтындар,— деді.

Сөз алып сөйлегендердің ешқайсысы Есеналының жобасынан шет кете алмады және өздеріне тапсырылып отырған еселі міндеттерін қабылдай карсы алды. Ақырында Дмитрий Андреевич Еспе каналы құрылсының жоспарын кешегі Мақтымға көрсеткеннен де нактылырақ етіп ұсынды. Оны қуаттап Сарқыт Сарманов сөйледі. Сарқытты да бір топ егінші жактады. Бірақ бұл туралы мал фермаларынан келген басқарма мүшелерінің ешқайсысы ешиэрсе айтпады. Сонымен Еспе каналы туралы басқарма мүшелері өзінен өзі екі тараңқа бөлінген сыйктанды. Егер мәселе дауыска қойылар болса қай жағы басым болып шығарын кім білсін, бірақ оған шейін Болатов сөз алды.

Оның осы сөзін күтіп отырған актив қазіргі қаралыш отырған түйінді мәселелер тұрғай, әрқайсының ойындағы өзіндік жеке түйінді де шешіп жіберетіндей қадала қалысты. Ол сөйлер алдында үстіндегі плашын шешіп еді, бірақ төнірегінде іле қоятын орын болмаған соң өзі отырған орындығына қойды да, келгелі қолына ұстап отырған фуражкасын соның үстіне таставды. Бұрын үнемі галстукпен киіп келетін коверкот, немесе бастон костюмдары оның орта бойлы денесін толық көрсетуші еді. Ал, мына қысыцқы тігілген кителі едәуір қағылездендіріп тұр. Бұрын оның аксүр ажарын құлпыртып көрсететін екі бетіндегі қызылшырай қашынқы, қабағы қатыңқы. Сондыктan ба, әлде кеудесін бір кейіс кернеп тұр ма, түсі сұықтау сыйқты. Бестінің қызылшырайы үлкен ойлы қойқозіне көшкендей-ақ, қызарыңқы көрініп, бірнеше кештер кірпігі ілінбекенге үқсайды.

Оның тұлғасына қадала қалысқан көздер, қою қара шашына аздал ак кіре бастағанын да байқады. Болатов сөзін байыпты бастады.

— Жолманов жолдас айтқандай, сіздің колхозды аудан көлемінің авангарды десіп жүр,— деді ол.— Өзгелерге қарағанда үй саны көп, жер көлемі кең, шаруашылығы да ірі екені рас. Бірақ, авангардтық кемелге келген жоқ. Ондай колхоздың, әсіресе соғыс кезінде, егіні шықпай қалу қаупі, малының басы кему, не арықтау қаупі болмайды. Өз күшін асыра бағалай мастану жақсы емес, мұның аяғы мақтаныштыққа соқтырады. Қазіргі әңгіме авангард туралы емес, ірі колхоз шаруашылығын соғыс кезінің мақсатына сай қайта құру туралы болуға тиіс; оны майданиның сарқылмайтын қайнар бұлакты тылына айналдыру, оның мүшелерінің еңбегін осы мақсатқа сай үйымдастыру туралы болу керек. Сондықтан мен пікірмді «авангард» колхоздың активіне емес, ірі колхоз шаруашылығының әр саласын басқарушыларға айтқым келеді.

Әдетте Есеналы мұндай жерде біреу бір жаңа пікір айта бастаса соны айтушымен өзін қатар койып, қуаттай араласып отыруы тиіс еді. Қазір Болатов шүү дегенинен өзін сынай бастаған соң үинен қалды. Бірақ, мойнына су кету жоқ, еңсесі көтеріңкі, тәкаппар отыр.

— Соғыс кезінде қандай шаруашылық болса да ол дамымай кері кетсе тыл атын ақтай алмау қаупін туғызады. Тылсыз майданиның жеңісі шүбәлі. Тылды нығайту, еңалдымен оны басқару ісіне тіреледі. Ал, жаңағы Жоламанов жолдас ұсынып отырған жобада адам еңбегінің тұрактылығы жоқ. Бүгін сауыншы, ертең егінші, бүрсікүн құрылышсы, оның арғы күні пішенші немесе бакташы қызметін атқарған адам тәжрибеден жүрдай болады. Мұның орнына бригадалардың тұрактылығын нығайту, ондағы адамдардың еңбегін еселеу және күнделік тәжрибеден туып отыратын жаңа әдістерді істе батыл қолдану керек. Мәселен: он екі шөп машинасының егінге салынғаны Жоламанов жолдас айтқандай, үлкен ұтыс болған, мындаған пүт астық бүгінігі апарттан аман қалды делік. Бірақ, оның есесіне мындаған пүт шоқ шабылмай қалды. Сондықтан тылдағы жұмыстардың да әр саласы, біріне-бірі кедергі келтірмей катар жүргізіліп, жаппай қыймылға көшірілуі тиіс. Есепе каналы құрылышының Дмитрий Андреевич ұсынып

отырған маусымдық жоспары бұл колхоз түрғай, бүкіл аудан егіншілігін дамытулың бірден-бір төте жолы деуге болар еді. Бірақ, бұл күрделі құрылым күштің денін өзіне аударып, шаруашылықтың өзге салаларына ойсырата олқылық туғызады. Сіздің колхоз шаруашылығының басым саласы мал болғандыктан, оның жемшөп қорының молшылығы — тұқымын асылдандыру жұмысын жүргізе беру мүмкіндігін көнегейтеді...

— Бақтыяр Болатович,— деді Колосов орнынан ұшып түрсегеліп,— жанағы өзіңіз айтқандай, соғыс кезінде егіншілік кәсібін артта қалдырған колхоз берік тыл атын актайды ма?

— Ақтай алмайды. Бірақ, оны өзге әдістермен дамыту керек. Пар, күздік және күз еккен бидайды қыс апатынан сактау, қарды қалың токтату, жерін тынайту, коректендіру, арамашөптен арылту, сортты тұқым,— тағы сол сияқты агротехникалық шараптар күрделі құрылым жұмысындай аса ауыр емес. Демек, сол құрылым салынып біткен кезде көлтіретін пайдасына барабар творчестволық табысқа қол жеткізу керек...

— Аудан егіншілігін дамытатын құрылышты,— деп сұрады Сарқыт Болатовтың сезін бөліп, оның өз айтқанын қайталай,— аудан көлемінің барлық колхоздары неге жаппай қолға алмайды?

— Бейбіт күнде қолдады. Қазір басқа колхоздар түрғай осы колхоздың өзі сол құрылышқа адам күшінің бестен бірін беле алар ма еді? — деп отырғандарға ортақ сұрау қойды Болатов.

— Жок,— деп жауап берді Есеналы көп атынан.

— Мүмкін емес,— деп қуаттады опы Мактый.

— Сіз мал тұқымын асылдандыру жұмысының жүргізіле беруін қолдан тұрсыз ғой,— деді Сарқыт Болатовқа,— ал, бейбіт құрлық дәуіріміз бітті емес пе?

— Жауды талқандау дәуіріміздің өзі өнімнің сапасын көрсек етіп отыр.

— Әрине,— деп қуаттады Таутан.

— Коллектив басқарудың екінші міндеті,— деді Болатов бастапқы сезін жалғастыра,— әсіресе қауіпті кезеңде, темірдей тәртіп орната білу. Бірақ, ондай тәртіп колхозда үнемі бүйріқпен, айқаймен орнамайды.

Есеналы өзіңің кешегі Қадишаңың еңбеккүн табеліне штраф жаздырғаны Болатовтың алдында ашылып қалмаса неғылсын деп қызыла бастады.

... — Тәртіп дегеннің өзі іске жауапкершіліктен туады, жауапкершілікті адамдардың санаы туғызады. Мұның өзі басшының тәрбиесіне, әркімнің өзіндік қасиетін үза білуіне тіреледі. Қазіргі колхозшылардың көшпілігі майдан жауынгерлерінің әйелдері, әке-шешелері, аға-інілері мен апа-қарындастары. Әр адамның куаныш-ренін шіл сезу, өзіндік қасиетін, мінез-құлқын тану, қаблетіне карай іс тапсыру, мәдени тілегін орындау,— міне, басшының бойында осындағы қасиеттердің бәрі болуы шарт. Осы айтылғандардан келіп басшының үшінші міндеті туады. Бұл оның өз басының әр іске әзірлігіне байланысты міндет. Өйткені, ол өзі білмеген, көрмеген бағытқа өзгелерді де нұскай алмайды. Бірақ, бәрін бір өзі ғана өлшеп-пішіп отырган басшының да үйымдастыруышылық қаблеті арта бермейді. Мұнан, ол жүрттың аузына қарап отырсын деген мағна шықпайды. Ҳалықтың мұддесіне сай иғлікті бастама туралы оның өзімен кесіссу аброй әпереді. Сол үшін үш өлшеп бір кескенен зиян жок, өлшемей кесу олқылыққа соктырады. Мәселен: Жоламанов жолдас бүгінгі сөзінде бір зор өткелден оғ-оңай өте шықты. Мұнысы майдандағы жауынгерлерге сыйлық жөнелту. Осының өзі атусті қараплықтай жеп-женіл іс пе? Тек сіздің колхоз ғана емес, бүкіл аудан көлемі майданға үлкен әшелен жөнелтуге жаппай дайындалып жатыр. Ал, сіздер неше вагонмен не жөнелту туралы әлі келелі кенеске келмеген сыйқтысыз...

— Бес вагон,— деді Есеналы.— Азық-тұлік те, аттар да дайын. Жылы киімдер әдейі ашқан мастрескіймызда әзірленіп жатыр, аудан дайындалып болғанша біз де бітіреміз.

— Мәселен, сол дайын аттарыңыздың майдан керегіне жаарар-жарамасы туралы ойладыныз ба екен?

— Бақытжан-ау, о не дегенің? «Социализм» колхозының он екі жыл мәпелеген жылқысын, қандай сұраныл болса да желге карсы желе алмас деуге кімнің аузы барады!

— Сол он екі жыл мәпелен өсірген аттарыңыздың қазіргі артиллерия қамытына, немесе атты әскердің оппа күртікпен саңдаған километр жортуына жаарар-жарамасына көзіңіз жете ме?

Есеналы енді қайырып ешнәрсе айта алмай қалып еді. Таутан тұрып:

— Аудандық соғыс комисариатының қазіргі қойып отырған талабына сай келетін аттар, бұл колхоздың жылқысында көп,— деді.

...Болатовтың сөзінен соң, Есеналының еңбек үйимдестіру жөніндегі жобасы бірнеше өзгерістермен, қосымшалармен қабылданды.

Басқарма мәжлісі аяқталғаннан кейін, оған қатынасқан колхоз активі шатырдан сыртқа шыққанда күн әлі сіркіреп жауып түр еді. Олар көзге түртсе көрінбейтін каранғы түн мен жаңбырды елең еткен жоқ, малшылары қырға аттанды да, егіншілері қырманға енді. Болатов пен Мақтый «Қызылжар» колхозына бармак болды.

— Есеке,— деді аттанарда Болатов,— бізben бірге барып көршіңіздің де хал-жайын көріп, біліп қайтапайсыз ба?

Есеналыabdыранқырап қалды.

— Көршінің жай-түйі көріп жүрген көрмем ғой,— деді ол,— сіздер барып қайтыныз, басшысыз. Ал, біз мына өз кемемізді күмға шөгеріп алмасақ жарады да.

Мына сөзіне қарағанда, жаңағы «авантурд басшысы» болып отырған Есеналы едәуір кішіпейілдене қалған сиякты. Бірақ, ол әлі «Қызылжар» колхозын мен сініңкіремей түр. Болатов, оған сол «көрші көрмесін» көрсету арқылы да өзінше бір мақсат көздеңгендей:

— Төңіректі күн сайын байқай қадағалап отырғаннан зиян жоқ Есеке, машинаға отырыңыз,— деді.

— Ендеше мен мұндағыларға тапсырма беріп шыға қояйын?

— Макұл.

Есеналының тапсырмасы қырман ішіндегі Дмитрий Андреевичке барып «мен келгенше қырманға өзің баскөз бола тұрын» айтып шығу еді, бірақ, соны айтам дес өзі Мариядан әдеуір сөз естіп қалды.

— Тапсырманызды маған тапсырыңыз,— деді Мария катулана,— қазіргі занды бригадир мен.

Сарқыт Сармановтың басқарма мәжілісінде Дмитрий Андреевичті жактай жарыссөзге шыққанын аңғарттық. Ол оған Еспе каналы құрылышының жұмыс жоспарын жасауға да көмек көрсеткен болатын. Дмитрий Андре-

евич оның мұндай көмектерін «егін шаруашылығын дамыту үшін сініріп жүрген еңбегі» деп бағалады.

Шындығы олай емес. Соғыс басталысымен-ақ бұл колхоздың екі үлкен, күрделі бастаманы катар жүргізе алмасына көзі жеткен Қалдыбай Құлмұқанов Еспекапалы құрылышын жүргізіп, мал тұқымын асылдандыру ісін тоқтатуға тырысты. Бірақ бұл мақсатына аудан орталығы арқылы жете алмай, колхоздың өзіне мал тұқымын асылдандырудан бас тартқызыу керек болды. Сондықтан ол Сарқытпен кездесті. Бұдан бұрын да бірнеше рет сырласқан сенімді Сарқытты бұл жолы да жыландағарбады. Колхозға председатель болуға өте дәмелі Сарқыттың көкейіне Қалдыбайдың бұл көнсі де қона кетті.

— Есеналы Жоламановтың колхозды басқара алмайтыны сөзсіз,— деді Қалдыбай.— Сондықтан ол тізгінді өз қолыңа алуың шарт. Бірақ, Есеналы председательдіктен түскен күні оның орнына Таутан Тайбағаров кона қалуы ғажап емес. Мұны да ойла... Колхоздан Таутан тайып тұратын болса сенің мұрадына қолынды мен жеткізем. Бірақ мұның беріне әзірлік керек. Колхоздың белді адамы Қолосовтың аузын ал. Егер Жоламановты Қолосов қолдайтын болса іс қыйынға айналады. Ол екеуі сәл қайшы келетін болса Қолосовты колда да, араларын алшайта түс. Колхозшылар көпішлілігін Қолосов жағына шығарып бақ...

Қалдыбайдың бұл көңесіне Сарқыт кейін өзінің қосымшаларын косты. Оның ойынша: басқарманың жаңа мүшесі, егіс бригадирі Мария Қолосованы да өзіне каратып алып, оны да Есеналыға қарсы қоюы керек. Марияны қолына түсіріп алса, оның ата-анасының алдында да беделі арта түседі, Мария арқылы барлық егіншілерге сөзін сөйледеді. Екіншіден, Есеналы мен Таутан арасына от салып араздастыра алса, Таутанды Есеналы колхоздан куып шықпай тынбайды. Содан кейін барлық колхозшыға өз сөзін сөйледеді де, аудандық жер бөлімінде отырған Қалдыбайдың көмегімен колхозға председатель болып алады. Сонсын Ұлжанға үйлене ме, әлде Марияға үйлене ме, — онысын өзі біледі...

Сондықтан огород бригадасын басқарып жүрген Сарқыт қырман басына барған сайын «дәнді егіс пен огород ағайын» деп, Марияның қолдап, істеп жатқан

жұмысы болса әп-сәтте тындырып беріп кетеді. Бұрын бұл колхоздың ешкіміне еширсесін ауыстырмайтын огород бригадирі, сондықтан «сараң Сарқыт» атанған ол казір Дмитрий Андреевичтің әйелі Антонина Федоровнаға да жомарттық көрсетіп жүр. Қайнара келген сайын «сізге сыйлығым» деп тегіннен-тегін, тегенедей қауын, карбыз, үлкен жәшік помидор, немесе сарымсақ, тағы сол сыйқты бакша жемістерін әкеліп тастайды. Мұны өзіне тиесілі «енбек күннің авансы» деп нандырады. Ал, еңбек күннің өзін бөліскең күнде, оның жеке басына тиесілі азық-түлік үшін бір үлкен склад керек болатындағы бағыт.

«Көп жорғалған жылан аяғын көрсетер» дегендей-ақ Сарқыт өзінің не үшін жағымпазданатынын Антонина Федоровнаға да, Дмитрий Андреевичке де сездіріп алды. Бірақ, олардың қайсысы да Сарқыттың мұнысына не қарсылығы, не қуаттайтындығы туралы әзір еширсе сездірген жок.

Ал, соғыс басталmas бұрын, Мария мен Фалым орманға енетін кеште олардың артынан іле-шала Сарқытта барған болатын-ды. Бастапқы екеуінің сол кеште біріне-бірі не айтқандарына айғақ, олардың соңына түскен соңғысы болуы тиіс еді. Бірақ сырын сыртқа шығармайтын сараң Сарқыт, сол кеште көрген-білгенін ешкімге айтпай қойған. Кейінірек, Фалымның майдандағы жазған ең бірінші хатын Мария күн сайын бірнеше рет оқып жүріп, бір асығыста үйіндегі столы үстінен ұмыт қалдырған екен. Антонина Федоровна Нұрғайшаны шақырып алып отырып, оңаша оқып берді.

«Қымбатты Мария.

Қазір қанды майданың қақ ортасындағы арпалыс адамы болғандығынан, ең алдымен жауынгерлік сәлем кабылдауды өтінемін!

Майданшан жазылған хаттың сөзі де сол майдан салынып болуы тиіс. Бірақ, бұл соғыстың сыр-сыпаты, бір сен емес бүкіл халқымызға және бүкіл әлемге аян. Ол туралы жалпылама жазбайын. Генерал Панфилов дивизиясының бір бөліміндегі көптің бірімін. Төбелесқұмар болын өснегенім өзіце мәлім. Сондықтан ба, әлде маған душарласқан қарсы күш басымырақ па,— әйтеуір алғашкы бірер айқасымның сәті мен сәтсіздігі аралас. Сондықтан, бұл өрттің ішіне түскен болаттың шыныбып шығар күнін күт. Ол күн онша алыс емес!

Күнтөбе төбесінен қараған сәттегі Қайнар көрінісін, сүретші көңіл мәңгі өшпестей етіп-ақ жүрекке жазып қойған екен. Қазір окопта жатқан ой көзіне ол сурет көріне береді, көрінген сайын көркейе береді. Артымнан толқыған Қайнар көлі, алдынан лаулаған ажал өртіне қарсы өзінің сеніді селін ақтарарадай аса ардақты көрінеді. Мен оны ой көзімен ғана емес, өз көзіммен де көргім келеді. Сен: «Қайнар тереңі қазналы» деуші едің. Қане енді, толқыды ма, тасыды ма, қатерлі күнге сактаған қандай қуат кені бар екен? Қөрсетші!

Қайнардың қалың нұры әлі ойшыл ма, әлде астана-кестен ашулы ма? Мен кеткен соң бардың ба оның бағына? Табылды ма, сол бір кеште көп іздеген қызыл гүл? Жіберші хатқа салып!

Мына қарақшылар, жүрген жеріндегі ормандарды өртеп, құрлыстарды, қалаларды бомбалап қыйратып келеді. Қолы жетсе Москвағағы Горький паркінің жасыл жапырағын сарғайта солдырмак, қызыл гүлдерін отамақ кой. Есінде ме, сол бір кеште біз екеуім Гарьрий паркінің төрінде отырып, келешек туралы кенесспекке уәделесіп едік! Міне, қазір оны апattan аман сактап қалудың ардақты міндетінен сыбағалы болғаныма қуашыттымын!...

Қап, бөліп жіберді-ау!... Эне, тағы келе жатыр; араның ашып ажал келе жатыр. «Ат!» деп жатыр оны генерал Панфилов...

Хош! Он жыл бірге жүргенде ойымызда жоқ, ойға түскен күні батылымыз барыспай сүйісе алмаған сенімен қазір «сүйістім!» дейін, ренжімеші Марияш! Фалым».

— Соғыс болмаса,— деді Антонина Федоровна көзіне жас алып,— екеуі де Москваға барып бірге оқымак еді.

— Бастары аман болса соғыс та бітер еді, содан кейін Мәскеуге де бірге барар еді,— деп кемсендеді Нұргайша,— ал мына сіздің үйге келгіштеп жүрген біздің тумай кеткірді қалай көреді екен Мария?

— Қайдан білейін, қалай көретінін? Мен оны «жаксы көр», не «жек көр» деп Мария жүргегіне әмір бере алам ба, Нұргайша-ау?

— Жауынгерлерге жөнелткелі отырған сыйлыкты алып Марияның өзі неге барып қайтпайды екен майданға? — деді Нұргайша, ол майданға барса Фалыммен кездесеріне сеніп.

— Біркатаң егіншілер «Мария барсын» — деседі білем, өзі де барғысы келіп жүрген тәрізді,— деді Антонина Федоровна, Нұрғайшаның ыңғайына жығылып.— Есеналы Жоламаның кімді жіберем десе де өзі біледі гой, дегенмен, бүгінгі басқарма мәжілісінде мұны да ақылдасадатын шыгар...

Екі әйелдің бұл әңгімесін, үсті-басы малмандай су-су болып кіріп келген Дмитрий Андреевич бөліп жіберді. Ол үйіне әйелі күтпеген кезде келді. Антонина Федоровна ерінің шұңқирек көк көзіне қарап, оның бұл жолы ойлы келгенін байқады. Колосов бүгін үйіне осылай келуге тиісті еді.

...Жас бригадир Мария Колосованың, жаңа председатель Есеналыға «тапсырманызды маған тапсырыңызы» өз әкесі Дмитрий Андреевич Колосовтың да жүргінеш жып-жылы тимеді. Туған кызы болса да, егіншілік іске кеше ғана араласкан жас Марияның бұл сөзі, ширек ғасыр еңбек сіңірген ежелгі егінші қартты біржола саптан шығарып тастағандай болды. Оның бұл сөзі, әкесіне: «қырманға жаңа тактикасымен жас жауынгерлер келді, енді сен қолыңа құрық ал да жылқы бақ» дегені сыйктасты.

Еспе каналы құрылышының соғыс біткеніше колға алынбасына көзі жетіп іштей едәуір қайғырып тұрған Дмитрий Андреевич, енді тіпті қырман басында өзіне тиісті орын жоқтай көрді. Ол ауыр адымдай басып Қайнарға қайтты. Жағасына жалғандысы қоса тігілген, ұзын, кең брезент плашы мен 44 номерлі қалың былғары етігі болғандықтан ба, әлде ызасы ырқ бермей келе жатқандықтан ба,— әйтеуір, жаңбырлы тұннің жағдайсыздығын бұл да елең еткен жок. Қайымақтыдан Қайнарға қарай жолсызben төте тартқан ол бастап қазылып калған каналдың ұзына бойына жағалай жүріп, өзі басқарған істің алғашқы нәтижесін көре, көңілі едәуір көтеріле бастап еді. Бірақ, оның тоқтаған жеріне жеткенде өзі де тоқтай қалды. «Соғысты бастаған, адамшылық ардан жүрдай андарды апат соқсын!» — деді ол іштей ызаланып.

Әрине, егер соғыс болмаса бұл канал келесі көктемге дейін қазылыш болып, алдағы жазда Қайнар көлі бүкіл аудан көлемінің дәулет қазнасына айналmas па еді! Соғыс болмаса оның уш ұлы бірдей аранын ашқан ажалаға қарсы яттанар ма еді! Тіпті, сол кеңже қызы

Марияның өзі институт бітірмей егінге түсер ме еді! Амал қанша, кенеттен қатерлі қауіп туған шакта солай болуы тиіс.. Эйтпесе өзінің ширек ғасырлық егіншілік еңбегі зая кетеді, қалран өмірі Октябрьге дейінгі сыйкты, кулактың құлышылығына түседі. Соғыстан бұрын оның бастамасына бүкіл аудан көзін тіксе, казір сол ширек ғасырлық еңбегінің нәтижесі бүкіл әлем алдында ауыр сынға түсіп тұр. Ендігі әңгіме өзінің бар күшін, ақыл-оның, қаблетін жауды талқандауға жұмсаудаған. Жалғыз Есеналы емес, кеше Мақтим да, бүгін Болатов та соны айтты. Ендеши, колхоздағы еңбек майданының орталық штабы бекіткен бригадир Марияның жанағы айтқаны дұрыс. Армияның жеңімпаздығы еңалдымен оның темірдей берік тәртібіне байланысты. Әскери лагерьге айналған колхозда да, еңалдымен әскери тәртіп орнауы тиіс. Колхоздың бастығынан бастап тәртіпке шақырған өрмінез Мария өзінің қызы.

Ол енді еңсесін жоғары көтере, адымын алшағырақ басты. «Социализм» колхозы шаруашылығының барлық салаларындағы жұмысты бір өзі істеп, барлық жүкті бір өзі көтеріп келе жатқандай, жаңбыр сіңген қара топыраққа тобығынан бата адымдады.

Ол тексеру комиссиясының председательдігіне сайданғаннан кейін, сол жыйылысқа қатынасқан Калдыбай Қалмұқанов:

— Сіз енді қоғам бақылаушысы,— деген еді.— Сіз енді колхоздың жалпы жыйылысынан басқа ешкіміне бағынбайтын тәуелсіз адамсыз. Әсіресе, соғыс кезінде сіз кәдімгі колхоздағы трибунал...

Ол кетерінде Дмитрий Андреевичті оңаша шығарып алды:

— Мына жаңа бастықтың да, жас зоотехниктің де әрекеттерін көзден таса қылмай қадағалап отырыңыз, әсіресе Тайбағаровқа сақ болыңыз,— деп тапсырған.

Дмитрий Андреевич:

— Тайбағаровтың ісінде шубеланарлық ешнэрсе жоқ сыйкты,— деген. — Ал, жалпы қоғам мұлкін көздің қарашығындаидай сақтау тек тексеру комиссиясының ғана міндеті екен деп қарау қате болар. Колхоздың қай мүшесі болса да колхоз мұлкін талан-таражға сала алмас...

Қазір ол, колхоздың егіні ғана емес, өзге өндірістеріне де көніл аударды. Соғыстан бұрын мал шаруашылы-

ғына аса мән бермейтін ежелгі егіншімізді енді осы мал тағдыры ауыр ойландырды. Оның үстіне бүгін Болатов «... жемшөп молшылығы тұқымын асылдандыра беру мүмкіндігін көнегітеді» деді. Ал, Қалдыбай Құлмұқанов «зоотехниктің әрекетін бақыла, оған сақ бол» деп тапсырды. «Мұнысы қалай? — деп олайды ол Қалдыбай туралы.— Москавадан оқып келген мал ғалымының ісіне карапайым егінші қалай араласа алмақ?..»

Дмитрий Андреевичтің үйіне келіп, жаңбыр суымен қалыңақ қаудырлаған брезентін шешкенше арыла алмаған ауыр ойын Антонина Федоровна бөлді.

— Мария эшелонмен майданға баратын болды ма? — деп сұрады ол, осы сұрағының жауабын үйіне кеткелі түрған Нұрғайшаға да есттіртіп жібергісі келіп.

— Майданға Мария бармайды, Ұлжан барып қайтатын болды.

\* \* \*

Майданға Марияның өзі де барып қайтқысы келіп еді. Бірақ, «мені жіберіндер» деп өзін өзі ұсына алмай қалып, іштей ренжіп түрған оған Сарқыт, майданға Ұлжан жіберілуінің «себебін» тауып баяндай қойды. Ол себеп Есеналы мен Әділ ұстаның «құдалығы». Шынында да Есеналы Ұлжанды майданға «болашақ өз келінім» деп жіберетін болды ма, әлде содан ыңғайлы кісі бола қоймады ма,— онысын өзі біледі, ал оның Әділ ұстамен келісіп қойғаны рас болатын-ды.

Ұлжанның қайратын, ақылын, мінезін өте ұнатқан Есеналы соғыстан бұрын, оның әкесі Әділ ұстаға өзінің көптеген жылдар тұз-дәмі араласып келе жатқан тату-тәттілігін айта отырып, жақындық жаңартқысы келетінін білдірген.

— Өзіме өзінді, қызыма ұлынды тең көрмейді емес-пін Есеналы,— деген еді оған Әділ.— Бірақ, жаңа заманда туып өскен жастардың дәстүрі, біз көрген құдалық салтынан өзгешеғой.

— Өзіміз үйғарысып қойсак, атаны ұл, ананы қызылламас болар ма,— деген Есеналы өз ұлын сыртынан билеп.

— Біздің бала быйыл күз қалаға оқуға кеткісі келіп жүр. Оқый алмай қалғанымызға өкінішті болып отырып, өзімізден өрбігендер жолына бөгет болуымыздың

жөні бола қоярма екен Есеналы,— деп оны едәүір бөген тастады Әділ.

Ұлжанды бұдан былай оқымайды деп жорыған Есеналының ойы өз баласы окуға кетпей тұрып, үйіне келін кіргізіп алғып қалу еді. Бірақ, ол Әділдің соңғы сөзінен жекеліп, енді оның ыңғаймен ықты. Егер екі жас та окуға аттанар болса, ата-аналар тілегін айтып жібергісі келетінін аңғарта майдалады.

— Мұныңды жастар қабылдар болса, өзіңнен артық құда таба алам ба,— деп Әділ де босай қалды.

— Е, бәрекелде, оғаш көрмесіңе сенбесем айттар сөзім бе еді, әлі қатынға да ақылдасқаным жок...

Өзара біргелік желісі тартылғанмен, қазығы қағылып, байлауы бекімеген осы уәдені Фалым орта мектепті бітіріп шыққанша ешкімге сездірмей қоя тұру тоқтамына келіскең еді олар. Уәдесіне берік Есеналы бұл сырғын сыртқа шығармаса да, аңқаулау Әділ әйеліне айтып қойған. Оның әйелі өзінің бір дос әйеліне айтқан; ол әйел өзінің қосымшасымен едәүір өсіріціреп Сарқытқа айтқан.

Қазір бұл әңгіме Есеналының есінде бар ма, жоқ па,— онысын да өзі біледі. Ал, Сарқыт үшін бұл да пайдалы тақырып. Түбін қазбаласа шындық болып шыға келеді, келісім болғаны рас. Осы сыйқты Есеналының ескі салтышылдығына тән, Фалым мен Ұлжан арасын жақындастыра түсуге арналған лақаптарды Марияның құлағына шалындыра берудегі мақсатының не екені айтпаса да түсінікті.

Мұндай «сырттай құдалық» деген сөз құлағына түршідей тиғен Мария нанбап еді, Сарқыт дәлелін толықтырып бақты:

— Ұлжанды туған ата-ана тірі емес пе, өтірік айтса жаны шықсын,— деді ол.— Есеналы Ұлжанды майданға не үшін жіберіп отыр дейсін?.. Сені жіберсе көрмей қалды деппе едің?

— Егер қыз бен жігіт арасында махабbat болмаса, олардың ата-аналарының сырттан өлшеп-пішуімен жасалған өмірдің қандай мағнасы болмақ?

— Біз екеумізше солай,— деді Сарқыт өзін де Мария қатарына қойып.— Ал, қазақтың ескі салтынша Есеналы мен Әділ келісіп қойғансон, бұл келісім Фалым мен Ұлжан үшін заң.

— Мұмкін емес,— деді Мария.— Мұмкін емес, жас-

тар тұрғай Есеналы Жоламановичтің өзін ескілік шыр-мауынан шықпаған шал деп айта алмаймын...

— Сол жастарының өздері бірін-бірі үнатпасына көзің жете ме? — деді Саркыт Марияның сөзін бөліп.

«Бұлай болу да мүмкін емес» деген сөз Марияның көмекейіне келіп, айтылмай ішінде қалып қойды.

## 6

Болатовтың машинасы «Қызылжар» колхозының да қырманына келіп тоқтағанда түн ортасы ауып кеткен еді. Құн әлі сіркіреп жауып тұр. Қырман басында қыбыр еткен бір адам жоқ. Егіс бригадасындағылардың бірката-ры шатырда, оған сыймағандары Культстанда үйктап жа-тыр. Бригадир қыстакқа кетіпті. Колхоз председателі Жолдыбай Құлмұқанов та (аудандық жер бөліміндегі аға зоотехник Қалдыбайдың туған інісі) қыстакта деп хабар-лады үйқылы-ояу бір егінші. Бір жеті көзі ілінбегендей, үйқыға әбден мас болып қалжыраған ол егінші, Болатов-тың мошқап сұрамақ болғанына жауап та бере алмай ор-нына қайта жатып алды да, бұйыға түсіп қорылдап кетті. Ол мына қараңғыда кімдер келіп, не сұрап тұрғанын да білген жоқ.

Болатовтың сырттай байқауынша бұл колхоздың егіншілеріне қазір түнде жұмыс істерлік жағдай жоқ: жаңбыр жауып тұрғанда егін баstryрыла ма, жабық қырманы дұрыс жасалмапты. Төбесін талдан тоқылған шарбақтармен итарқалап, сыртынан салом жапқан екен. Мұндай жабындының жаңбыр ұстамайтыны өз алдына, ал жабық қырманның жасалған жері ойпаң болғандықтан қыраң жақтарынан ағып келген манағы нөсер сұысол ойпанды толтырып жіберіпті.

«Қызылжар» егіншілерінің түнде жұмыс іstemегі тұрғай, күндіз де тым-тырс жатқандығын «жабық» қырманың өзі-ақ жарияладап тұр. Болатов бұл жерде көп аял-дай алмады да, «Қызылжардың» қыстағына баратын болды. Олардың қыстағы да қырманынан онша алыс емес еді. М-ка тастақ жолға тағы шықты, прожекторы қараңғы түнде жарқыраған маяктай маздалап келеді. Болатов әзір Мактимға ешиэрсе демесе де, машинаның артқы диванында онымен катар отырған Есеналыға:

— Есеке, көршіңіздің жаңағы «көрмесін» бұдан бұрын көріппе едіңіз? — деп сұрады.

— Мұнысын көрген жоқ едім. Ал, жанағы жатыста-  
рына қарағанда, жабық қырманы сол жатыска арналып  
жасалған ба деймін. Әйтпесе басында мыйы бар кісі  
сүйтеме екен? — деді ол өзін бұл колхоздың председа-  
телінен биігірек көрсеткісі келіп.

— Әр маусымдағы іс тағдырыны,— деді Болатов аздан  
кейін,— алдын ала әзірлік шешеді. Әзірліктің өзін де, бір-  
исине рет ой елегінен өткізбей болмайды. Әр істі асығыс  
бастау мен нем күрайды карау екеуді ағайын. Екеудіңін де  
акыры сол істің нәтижесін жоққа шығарады...

Болатовтың да, Есеналының да бұл айтқандарын  
Мақтам өз адресіне кабылдап, іштей катты қынжылып  
отыр. Жолдыбайды тәжрибелі председатель деп сенген  
ол, соңғы жетіде «Социализм» колхозының жұмысына  
араласумен отырып қалып еді. Жолдыбай оның сенімін  
актамаған болып шықты. Болатов мына Есеналының  
көзініне оған үндемей келе жатқан сыйкты. Кеше ғана  
шімірікпестен «менің жұмысыма араласуши болма» деп  
салған Есеналы, ертең «маған әкімсі бермей, әуелі ана  
Жолдыбайдың жұмысын жолға қойып ал» деуі де  
мүмкін.

...Болатовтың ыңғайын байқап келе жатқан шофер,  
манинасын колхоз баскармасының алдына токтатып,  
моторын сөндірді де, прожекторын деру сөндіре коймал  
еді. Қенседен шыға келген күзетшіден Мақтам:

— Председатель қайда? — деп сұрады машинада  
түсे қалып.

— Председатель жоқ, есепші кенседе.

— Мен сенен есепшінің сұрап тұрмын ба, председа-  
тель қайда деймін? — деп қайталады өзі ызаланып кел-  
ген Мақтам, онан сайын кейін.

— Жана ғана үйіне кетті.

— Тез шақырып кел, жүгір!

Председательдің жана ғана шығып кеткені рас екен.  
Кабинеттің ішіндегі көк түтін, стол устіндегі аспалы шам  
жарығын әлсіретіп тұр. Шегілген шылым қалдығы күл-  
салғыштың аузы-мұрнынан шығып жатыр. Үлкен гра-  
фининің ішінде бір тамшы су жоқ. Оншакты орындықтың  
әрқайсысы әр түрлі қыйқы-жыйқы тұруына қарағанда  
бір ғана председатель емес, бірнеше адам ұзак отырып  
қазір тараган тәрізді.

Мактам кабинеттің терезесін ашты. Екінші бөлмеде  
отырған есепші шотты шық-шық соғып қойып, каран-

дашпен жазғанын резинкамен өшіреді де кайта жазады. Бала жігіт екен, бір есебінің балансы шықпай күйнала ізденіп отырған сыйкты.

Кеше тұнімен осы шотты өзі соғып басы қаткан Есеналы: «Жолдыбай жұмысының бәрін есепшісіне істеді екен-ау» деп ойлады.

— Бригадир қайда? — деп сұрады Мактый есепшіден.

— Қазір ғана осынан шығып еді, үйіне кетті білем,— деді ол қағаздан көзін алмастан.

— Бар, тез шакырып кел.

— Қайтпексіз оны тұн ішінде шакыртып, жұмыстан шаршап барып дем алып жатқан шығар,— деді Болатов сағатына қарап қойып.— Бір адам қызметінен бөлініп, екіншінің дем алысы бұзыла берсе колективтің жалпы жұмысына олқылық келтіреді. Шаршағаны тынығып, тыңы қыймылдаپ жатса іс ілгерілей береді. Солай емес пе, Есеке?

— Элбетте,— деп басын изеді Есеналы.

Болатов осы мысал арқылы адам еңбегін дұрыс ұйымдастыруды, сменалы жұмыстың нәтижелі болатынын аңғартты. Мұны Мактый жаксы түсінді де, «шаршағаны тынығып, тыңы қыймылдаپ» дегені Есеналының көңіліне қона қалды.

Есепші жігіт, Болатовтың жаңағы айтқанын тындан бригадирді шакыруға жүгіре жөнелмей шотын соға берді. Осы мезетте ентіге басып Жолдыбай жетті кеңсеге, Аман-сау сұрасқаннан кейін Мактый:

— Сіздің колхоздың егіс бригадасы егінің бастырып, астығын тапсырып болып жатыр ма? — деп сұрады одан.

Жолдыбай аз кідіріп қалып еді, Есеналы сол кідірісті пайдаланып:

— Бригадасына түгелімен айлық демалыс берген шығар,— деп мұртынан күліп қойды.

— Бригадамыз екпінді жетілік жарияладап бар егінді бастырып алып, бүгін дем алып жатқаны рас,— деді Жолдыбай салмақпен.— Элеваторға астық алып кеткен керуеніміз осы тұнде қайтып орала алса, бригаданың зябъ жұмысында қалатын адамдарынан басқасы ертең қырдағы жұмысқа аттанады. Керек болса, мына өгізаяңмен келе жатқан «Социализмнің» бригадасын буксирге де алады олар,— деп өзін кекетіп отырған Есеналының бір соғып өтті ол.

Бар егіні бес-ақ жұз гектар, шаруашылығы шағын колхоздың бригадасы жабық қырманды пайдаланбай-ак, манағы нөсерден бұрын егінін орып, бастырып алған болатын. Екпінді жетіліктің әр тәулігіне үш-төрт сағаттан ғана дем алғып, күні-түні қыймылдаған бригада қызыллар керуенін жөнелтісімен-ак нөсер төгіп кеткен. Сондыктан қыстаққа келе алмай қырман басында тыныбып жатыр еді олар.

— Бүгін соңғы бесқүндіктің мәліметін неге тапсырмадыңыз? — деп сұрады шытынып отырған Мақтым жадырап.

— Ауданға да, ауылдық советке де танертең рапорт жөнелттік, көшірмесі міне,— деп Мақтымға ұсынды Жолдыбай.

Шынында да рапорттың бір данасы мана танертең ауылдық совет кеңесіне жеткізіліп еді де, екінші данасын аудандық жер бөлімінің бастыры кештіғұрым алған болатын-ды. Оны аудандық партия комитетіне хабарлагашпа Болатов колхозга шығып кеткен. Ал, Мақтым бүгін таң атқалы кеңесінде отырмай колхозшылар арасында болған.

Болатов Жолдыбаймен үзак әңгімелесті. Шынында да, Жолдыбай тәжрибелі председатель болатын-ды. Бұрын да, бірнеше жыл колхоз председателі болған ол, «Қызылжарға» келгенмен кейінгі бір жыл ішінде колхоздың шағын шаруашылығы едәуір өркендереп келеді. Болатовтың қазіргі онымен әңгімесі де колхоздың соғыс кезіндегі міндеттері туралы болды да, бұл тақырып Есеналы үшін үлкен сабак сыйқтанды. Жаңа ғана Жолдыбайды менсінбей кекете күліп отырған ол, енді сопың сезін күмарта тыңдады.

Болатовтың сұрақтарына Жолдыбай іркілмей жауап беріп отыр. Адам еңбегін үйымдастыру тақырыбы бұл колхозда әлдеқашан талқыланып жаңаша жолға қойылыпты. Бірақ кешегі Есеналыша: «Пәленше пәлендей жұмысты басқарады» деп жалпыланбай, сол басқарушылардың нақтылы міндеттері белгіленіпті.

Болатов Жолдыбайға «екі процент» мәселесін мұқыят тапсырды. Әңгіме Устав бойынша колхоздың жалпы өнімінен карттарға, уақытша еңбекке жарамай қалғандарға, армиядағы жауынгерлердің мұқтаж семьясына қарайлласу үшін, балалар яслинің керегіне ұсташа үшін бөлінетін қор туралы болып отырғанын Есеналы жақсы

түсінді. Өзінің кеше жұмыска шығып үлгере алмаған екі әйелге штраф салу қателігін енді үкты.

Әңгіменің ақырында Болатов егінші колхозшылардың әңбек қүндерінің каншалығын білгісі келіп еді, Жолдыбай екінші бөлмедегі есепшіге:

— Егіншілік кәсіптің бесінші книгасын әкелші, әйтпесе сондағы он төртінші графаның жыйнақ санын қарап айта ғой,— деді...

Эрине, мұндай книга «Социализм» колхозында да бар. Бірақ ол, Есеналының әзір көрмеген, көруге зер салмаған нәрсесі.

«Ым-м... білмейтінім де, көрмегенім де әлі көп екен» — деп іштей қорытты Есеналы.

7

Мактый, әдепкі кезде колхоздың бригадасы мен фермаларына Есеналымен бірге шапқылаған. Есеналы өзін өзі «командир» жариялағанда, бұл өзінен өзі, «комиссар» бола калған. Кейбір жағдайда ауылдық совет председателінің правосын парторттігіне коса қолданып «командир» де, «комиссар» да өзі болып шыға келген.

Мұнысы бір жағынац, өзімшіл Есеналыны өзіне шәлкем-шалыс келтіре берді де, екінші жағынан Сарқыт сыйқтыны жасқандыра түсіп еді. Болатов өткен жолы колхозға келгендे Мактыйның осы әдісін сынай отырып, ақылын айтқан.

— Коллективтің,— деген еді ол,— бастығы болмадосы бол, елі менен дос болған — жерсіз күні жок Антейдей. Қара күштен сана күші қуатты. Санадан сапа туады ғой. Бірақ, сана күші егіндей егүмен өседі. Мұны еңалдымен Есеналыдан баста...

Содан кейін-ақ Мактый Есеналымен өзара қатынасын өзгертіп жіберді. Бұрын қыныр Есеналымен қыт етсе «білмейсіз» деп тізгінде түсетін Мактый, енді сауатсыз басшының басшылық өмірі ұзақ болмасын ескертеп отырып саясаттың сара жолын нұсқайтын болды. «Елу жасаған Есеке, енді шәкірт бола алмас» дейтін Есеналыны енді өзі тілеп оқуға мәжбүр етті. Бір күні:

— Мактый шырағым, мені оқудың қай түріне жаздың? — деп сұрады ол.

— Әзірге, сізді бастауыш үйірмеге жазып койдым Есеке.

— Метрей де сол үйірмеде оқыттын болды ма?

— Ол кісі партия тарихын оқыттын болды.

— Ендеше мені де соған жаз.

Октябрь айының басында өзін партия тарихын оқуышылар тізіміне жаздырган Есеналы, ноябрьге дейін оның сабағына қатыспады. Алгашында Мария басқаратын бастауыш үйірмеден қашуы, Марияға шәкірт болудан бас тартқандығы еді. Ал, үгіт коллективінің жетекшісі Айнабек мұғалім өткізетін оқуға қатынаспау себебі, өзінің қарамағындағы бригадир, ферма бастықтарымен сабактас болғысы келмеді, оның үстіне, «ұлгерге алмасам абройым төгіледі» деп жасқанды. Сондыктан ол, Айнабекке де, баскаларға да «партия тарихын өздігімнен оқып жүрмін, консультантым парторгтің өзі» деп мадактанды.

Шынында да солай болатын. Оқу басталғаннан кейін Есеналы Мактыймың кабинетіне келіп:

— Мұғалімнен сабақ тыңдар жас бала емеспін, оқыттын болсаң өзің оқыт,— деді.

Оның бүл талабын Мактый макұлладады да, сол сағатында партия тарихы қыскаша курсының бірінші тарауы бойынша консультация берді.

Қыскаша курстың қазақшасын бір жеті отырып түтел дерлік оқып шыққан председатель таңертең парторгке тагы келіп:

— Кітаптың басында партиямыздың тарихы үш революцияның тарихы, деп жазылған екен,— деді.— Мен соның арғы буржуазиялық-демократиялықтарына бармай-ақ, осы өзіміздің октябрьден бері қарай жортып келіп социализм қырына бір-ақ секіріп, коммунизмге қарай самғай берсем деп едім.

Мұнысын Мактый макұлдамады.

— Бастапқы екі революциясыз салғаннан социалистік революция жасалған жоқ қой Есеке. Мұны сіз екінші тараудың өзінен-ақ жақсы білетін боласыз,— деп, Есеналының бір өзіне тағы бір сағат лекция оқыды.

Қайткенде де қыскаша курсты оқыттын болғансоң оның бірінші тарауынан бастау қажеттігіне түсінген Есеналы:

— Ендеше өзің бастап сегізінші тарауға жеткіз, содан әрі қарай аттай желіп отырмас па екем,— деді.

Ол осыдан кейін оқуға өте белсене кірісті. Қөрер тандарды көзден атырды. Қөлтеген беттер төрт-бес рет-

тен қайталанып оқылды. Талай абзацтарды жаттап та көрді. Бірнеше дәптер қыскаша курсы көшірумен толтырылды...

Оку жылның алғашқы тоқсанында үйірмедегілерден қалыспай келген Есеналыны төртінші тарау кілт тоқтата қойды. Қалай оқыса да менгере алмады. Мұнысын кабинетінде отырып оку үстінде әрнәрсеге алаң болғандығынан көріп үйіне көліп оқыды. Бұдан да татымды нәтиже шықлады. Тіпті өзі жазған конспектісін өзі оқып үғына алмады. «Япырау, осы жүрттың бәрі оқып түсініп жатқан кітаптың сөзін мен неге ұқпаймын? — деп жәбірленді ол іштей.— Элде бұл тарау жастарға, оқымыстыларға ғана арналып жазылды ма екен? Олай болғанда менин төрт жасы үлкен, қарапайым егінші Метрей қалай үғып отыр?.. Ым... Столыпин ғой ана жылғы кара түнек-тің қанды құзғыны. Ал, мына «Мах, Фейербах» дегендеріміз кім?..»

— Уау Нұрғайша, доғара түр деймін ана радионы, мениң сенің яслиндегі балаларыңың бірі деймісін? — деп ақырды әйеліне.

Бірақ, радио доғарылғанмен «Диалектикалық матеріализм» деген сөз — «менің терең мағанам мынау еді» деп өзінен өзі сайрай қоймады. Қайту керек? Қайткенде де бұл тарау парторгтың тікелей көмегісіз мәңгерілер емес. Соңдықтан бұл туралы Есеналы екінші рет консультацияға келді.

— Мақтый шырағым, мына бір «диалектика» мен «метафизика» дегендер бір-бірімен келісе алар емес, қып-қызыл дау. Соңғысыңың тіліне түк түсінсем бұйырмасын,— деді ол.

Шынында да Есеналының қыйналып келіп отырғанын сезген Мақтый:

— Есеке, осы тарауды оқымай-ақ,— деді,— ендігісін келесі тараудан бастан-ақ оқый берсеңіз қайтеді.

— Жо-о-о, оқыймын. Колхоздың активі түгел оқып жатқан кітаптың бір тарауын, председателі тастап кете алмайды. Оқыймын, үйрет, түсіндір,— деп кетпей отырып алды.

Мактый алдыңғы болмеден секретарын шакырып алды да өзінің қазір қолы босамайтындығын ескертіп, ауылдық советке келген адамдар болса оны өзі қабылдай беруді тапсырды.

— Я, сүйт шырағым, өзің қабылдай түр,— деді Есе-

налы Мақтыймен қабаттаса.— Келгендерге шуламандар де, председатель мен парторг философия туралы мәселе талқылап жатыр де.

Секретары кабинеттің есігін берік жауып шыққанинан кейін Мақтым:

— Жазыңыз Есеке,—деді.—Маркстік диалектикалық метод мынадай негізгі белгілермен сыйпатталады деп көс нүктө қойыныз.

## 8

Ноябрьдің басында бұл өңірдің майданға сыйлық жөнелткен эшелоның бастап баратын делегаттардың бірі болып аттанған Ұлжан, декабрьдің аяғында колхозга қайтып оралды. Ол өз үйіне інірде келіп түскен еді, өні көптен бері асыға күтіп жүрген колхозшылар, топтобымен келіп тола бастады. Қайнардағы екі жұз үйдің үздік-создық келе берген адамдарына көрген-білгенін тізбектеп айта беруге Ұлжан да, оны тындаушылар да жалықпас еді, бірақ, оның екі бөлмелі үйіне жүрт сыймайтын болды. Сондықтан парторг Мақтым ертең кешке клубта өткізбек болған осы кездесу жыйылышын бүгін шақыртты.

Ұлжан жуынып, қайта киініп клубқа келгенде оның іші лық толып отыр еді. Екі жұз үйдің ер-әйелі, еңкейген қарттар, еңбектеген балаларга дейін қалмай жыйылышты. Басқарма мүшелері мен актив Мақтыймың орталарына ала, сахнадағы президиум столына отырысыпты. Орын тимеген балалар терезелер алдына шығып алысқан.

— Отан соғысы майданына аттандырған делегатымыз Ұлжан Қайсарова жолдасқа,— деді Мақтым,— өзінің осы сапары туралы әңгімесін айту үшін сөз берейік.

Ұлжан мінбеге шықты. Ол қазір осы клубта отырындарға неміс-фашист басқынышларымен қолма-қол шайқасқа түсіп, жаудың шабуылын тойтарып тастан келіп түрған жеңімпаз батырдай болып көрінді. Шынында да бұрынғы жыйылыштарда өзіне сөз кезегі келгенде едәуір жасқана қызыарып, жасықтау сөйлейтін оның қазіргі мінбеге шығуы тіпті басқаша болды. Еңесі көтеріңкі, дене козғалысы пысық, акқұба ажары сүрғылт, сұықтау көрінді. Ол осы колхоздан аттанған күнінен бастап, қайтып оралғанша жазып келген қалың дәптерін ашып алдына қойды да, өзіне бар назары ау-

дарылып отырған жүртқа қарады. Қарашығының оты оқтай атылып тұрған бадаңдай қара көзге қадала қалысқан жүрт: «не кереметтерді көріп келіп тұрған көз фой мынау» деп ойлады.

— Бұл соғыстың тақырыбы,— деп бастады ол әңгімесін,— талай жылдар таусылмайтын, есепсіз көп оқыйғалы, өте үлкен тақырып кой. Осы бір сапардың өзі маған да көптеген оқыйғаларды көрсетті, оның бәрін бастан аяқ айта берсем, әңгіме танға таусылмас еді. Сондықтан бүгінше өзімнің көріп келгендерімді қысқаша шолу етіп әңгімелейін. Жалғасын алдағы күндерде менен де, басқалардан да тыңдарсыз, кітаптардан да оқырсыз...

— Таң жетеді, айта бер Ұлжан;

— Қөрген, білгенінің бәрін қалдырмай баянда,— десті жүрт.

— Біздің алып барған аттарымыз Дон майданына жіберілді де, азық-тұлік, тағы басқа сыйлықтарымызды қазакстандық құрама Панфилов дивизиясы қабылдады. Бұл дивизия жауды Москва түбінде соккылат, оның астанаға шабуылына тойтарыс бере кескілескен ұрыс үстінде екен. Ай бойы арпалысқан үздікіз ұрыс жүргізе отырып, дивизия тек өз позициясын ғана корғаумен болмай, жаудың екі жаяу әскер дивизиясын, бір моторлы дивизиясын, екі танк дивизиясын талқандады...

— По шіркін-ай, тусаң ту!

— Өзінен бес есе басым жауды қыйратқан екен-ау, а?

— Жігіттер арыстандай алысқан ғой...

— Сөйтпей қайтушы еді, қолбасшысы көсемнің өзі болған соң...

— Уау, сез тосындар, әңгімесін айтқызыбадындар ғой түге,— делі бір аксақал кейінгі жактан дауыстап. Ұлжан шырағым аузына май, айта бер, е, сонан соң, өзіміздің жігіттердің бәрін де көрдің бе, тегіс аман ба екен?

— Колхозымыздың бастығы Сейтен, тракторшы Николай Дон майданында десті. Панфиловшы жігіттердің бір катарын көрдім. Ербөлек Есенов рота политругі...

— Жол жөнекей бір сұрапқа ғафу етіңіздер,— деді Колосов Ұлжаниның сезін беліп.— Ербөлек Есенович Еспе каналы туралы сұрады ма?

— Сұрады. Содан кейін сізге сәлем айт — деді, соғыстан соң өзіміз барып ен алдымен сол күрылышты колға алармыз, оған дейін пар, күздік, тыңайтқыш және кар сұна мұқыят болсын — деді...

Осы мезетте Дмитрий Андреевич те, Есеналы да, арт жактарында отырган Марияға бұрыла қарап иек қағысты. Мұнысы оған «мына жауынгерлік тапсырманы естіп отырмысын?» дегендері сыйқтаиды.

— Фалым Жоламанов сол ротада взвод командирі, кіші лейтенант,— деді Ұлжан алғашқы сұракка жауабын жалғастыра.— Павел Колосов та сол ротада, сапер екен; Ержан ауыр артиллерия зенібірегінің көздеушісі...— Ол осы арада Колосовтың ортанышы ұлы «Михайлдың қаза тапқандағы ерлік ісін айтсам ба екен?» деп аз іркілді де, ол туралы бұрын военкомат хабарлап қойғандықтан «жараны жаңартқысы» келмеді.— Бәрінің де тамаша ерлік істері, жауынгерлік жолы үсінде асқан асулады бар. Соның ішінде Фалымның жауынгерлік өміріндегі бір эпизод өте тамаша. Мұның өзі түн жамыла жау тылына өтіп істелетін жауынгерлік әрекет екен. Тапсырма берген дивизия командирінің өзі болғандықтан ол Фалымның кайтып оралуын күтіп, үнемі оның хабарын қадагалап отырады. Бірақ, одан үш күн ішінде ешбір хабар алынбайды. «Кіші лейтенант Жоламановтың взводынан бір жауынгер де кайтып оралмады ма?» деп сұрайды ақырында дивизия командирі. Оған батальон командирі, Жоламанов взводын жолдан кері кайырып, өзі жеті-ак жауынгермен кеткенін мәлімдейді. Оның өзімен бірге алып кеткені бір станокты пулемет есебі, екі автоматшы, екі мерген, бір сапер екен...

«Осы оқыға арқылы Фалымның қаза тапқанын есітірғелі тұр ма?» деп ойлаған Нұрғайшаның жүрегі қобалжи бастады. Президиум столындағылардың екінші катарында отырган Марияның да, осы мезетте ақсары ажары күкілдана түсті.

— Хош, сонымен ол тапсырмасын орындаپ орала алды ма? — деп сұрады көптің бірі.

— Соны айтқалы тұрмын,— деп жалғастырды Ұлжан әңгімесін.— Ноябрьдің бүлттү, қаранғы түнінде шеберлікпен жау тылына өтіп алған Фалымның келесі түнде кері өту мімкіншілігі болмай қалады. Соңдықтан ол калың орманды кесіп өтетін тас жолдың бойынан бекініс алады. Әлсіреген жаудың алдыңғы шебінде қелетін кө-

мекті тұтқыйылдан бөгөу әрекетімен шұғылданып тосқауылда жатады. Бір мезетте, «шұбырып келе жатыр» деп хабарлайды, ағаш басына шығып, дүrbімен қарауыл қарап тұрған Павел. Келе жатқандар жаяу әскер толы жыйырмалаған жүк машиналар екен, оның алдында екі километрдей жерде оқшау жеңіл машина келе жатады. «Минаны жарып құлін көкке ұшырамыз ба, әлде мұны өткізіп жіберіп кейінгі көбін күтеміз бе?» — дейді Павел Фалымға. Ең керекті «тіл» осы машинада деп топшылаған Фалым мергендеріне, сол машинаның баллонын жаруға ғана бұйрық береді. Бұл бұйрығы мұлтіксіз орындалады. Деңгейлесе бере баллоны жарылып шөге қалған машинадан еңгезердей бір неміс-фашист генералы шыға келгенде Фалым мен Павел да жетіп үлгереді. Олар дереу шоферді бір оқпен қағып тастап, генералды дедектетіп тасаға қарай ала жөнеледі...

— Ол малғұнды да сол табанда сесспей қатыра салмай, бастарына бейнет қып не керек? — деді бір колхозшы әйел.

— Оны неге қатырсын, іздеген құлаш жарым «тіл» соның өзі емес пе? — деп түсіндірді екінші біреуі.

— Уау, сабыр етіндер, әлі кейінде шұбырып келе жатқандары тағы бар емес пе. Ұлжан қарағым бөгелме, айта бер.

— Қыймылдың сонша шапшандығынан,— деді Ұлжан,— кейінде келе жатқан колонна ешиэрсені сезбей, жол устіндегі генерал машинасының артынан тізіле тоқтай қалады. Жолдың екі жағындағы орманнан оғын қардай бората атылған пулемет пен екі автомат жауды тосқауылдан бір атқыштар ротасы атып жатқандай болады. Емен басындағы екі мерген машинаның кабиналарына дәлдеген октарын мұлтіксіз дарыта береді. Кейінгі машиналар кейін шегіне қашады. Екі жұзге тарта неміс солдаттары мен офицерлері мініп келе жатқан машинадарына өлік болып тиеліп қалады...

— Өздеріне со керек;

— Қөресілерін көрсеткен екен;

— Сонымен әлгі генерал қайда?

— Соны айтқалы тұрмын. Бізді дивизия командирі қабылдаған, апарған сыйлықтарымыз үшін аса зор алғысын айтты: «Армиямыз өзінің мызығын берік тылын

мақтаныш етеді!» деді. Міне, дәл осы сағатта оған Фалым келіп ралорт берді.

«Жолдас генерал-майор! — деді ол. — Бұйрығынызды орындағым. — Сізге сыйлыққа жаудың жаяу әскер дивизиясының командирі генерал фон Миллерді тірі әкеліп тұрмып. Генерал-майор Фалымды құшактай сүйіп: «Сен маған жаудың бір генералын ғана емес, оның құрамасын және оның армиясының тактикасын әкеліп тұрың!» — деді. Содан кейін генерал-майор Фалымға: «батырым сен өзің Қазақстанның қай ауданынан келіп едің әлі — деп сұрады. Оған Фалым: «Сіздің қабылдан отырғаныңыз мениң жерлестерім» деп жауап берді. «Ендеши,— деді генерал-майор бізге қуле қарап қойып,— осы табысының ішінде де жерлестерінің үлесі үлкен». Сол күні Фалым мен оның жолдастары ордендармен наградталды. Бұл ноябрь айының басындағы оқыйға еді, онда даңқты генералымыз Панфилов...

— Кім дедің? — деп қайталатқысы келді бір кемпір.

Бұл сұракқа Ұлжаннан бұрын Дмитрий Андреевич жауап беріп:

— Иван Васильевич Панфилов, Чапаевтың шәкірті,— деді.

Осы мезетте Ұлжанның қара көзінде мөлдірей қалған моншақтарды түсірмей іркіп ұстап тұрган қою кірпіктердің шамасы жетпей, омырауымен жоргалап бара жатты. Дмитрий Андреевичтен бастап жұрттың бәрі орындарынан түрегелді.

— Марқұмның топырағы торқа болсын! — деді Есенали. — Даңқты генералымызды қазақ халқы мәңгі ұмытпайды. Оның батырлық дәстүрі үрпақтарға өнеге.

Бұдан кейін Ұлжан, Панфиловшыл жыйырма сегіз батырдың ерлік істері туралы баяндағы. Оны тыңдаушылардың кеудесінде кек қайнай бастады, ажарларынан жауға деген өшпендейлік оты жанды, көптеген ата-аналар көзінен жас тәгілді.

Колхозшылардың жүргегіне қуанышпен қуат құйып, оларды осы жыйыннан шаттықпен, асқан өрлеумен таратуды мақсат еткен Ұлжан тағы бір тамаша оқыйғаны әңгімесінің аяғына сақтап тұр еді...

Ұлжандардан бір күн бұрын Москва түбіндегі әскерге Орал тауынан да бір үлкен әшелон барған еді. Ұлжан сол әшелонды бастап барған делегация ішіндегі бір орыс қызымен танысты. Оның есімі Катя, өзі сол Орал тау-

ындағы бір алып заводта бригадир болып шықты. Сталин жолдастың тапсыруы бойынша Орал жұмысшылары тарихта бұрын-соңды болып көрмеген бір керемет қару жасап шығарған екен. Бір күні таң алдында Ұлжанға Катя:

— Майданға алып келген біздің осы тартуымыз арқылы менің де, сенің де күш-куатымыз бүгін әлем алдында ауыр сынға түскелі тұр,— деді.

— Оған менің қандай катынасы бар? — деп сұрады. Ұлжан бұл сөздің астарына түсіне тұрса да.

Бұл жерде оған Ұлжанның қандай катынасы барлығын баянлад жатуға уақыты болмаған Катя:

— Сыйлық сыннан өткен соң айтармын,— деді де, асығыс кетіп қалды.

Таң ата неміс басқыншылары бар күшін жыйып алып, тағы да шабуылға шықты. Алдымен кара құрымдай қаптатып танкдарын жіберді, оның соңынан жаяу әскерін шұбыртты. Оған карсы біздің әскер аспаннан самолет қаптатты; орманнан алып танкдарын қарсы шабуылға шығарды; кара жерді калышылдата, алуантүрлі артиллериядан үсті-устіне снаряд жаудырды; пулеметтер оғын борандай боратты; дауылды қара нөсер алдында көктен жарқылдайтын наизағайдан да құдретті бір керемет қару біздің әскер шебінен пәрменмен атылып жаудың тас төбесінен от селін төгіп өртеп тұрган еді...

Ұлжан осының айтқанда колхозшылар тағы бір ду ете қалысты:

— Япыр-ай, неткен керемет қару десенізші!

— Жаңағы Катя қыздың қаруы осы болмаса не ғылсын?!

— Әрине, көсемнің өзі жасатқан қару...

— Уау, тұс-тұсынан кимелемей сөз тосындар деймін,— деп тоқтатты бірін-бірі.

Жұрт тосыла қалды. Ұлжан сол күнгі шайкаска өзі катынаспаса да, сырттай байкағанын қарапайым тілімен әңгімеледі. Әнгіме үстінде Отан соғысының жеңіс тойына қазір катынасып отырғандай құлпырды. Өйткені оның көзалдында сол күнгі суреттер елестеп тұр. От теңізін селден кешкен ерлер колында, сол өрттің лаулаган жалынындағы қызыл тулар желгे қарсы желбіреп барады. Бірнеше километр алға басқан армиямыздың артында талай мындаған неміс-фашист солдаттары мен

офицерлерінің өліктері қалып жатыр. Талай мындаған кан толы карабакыр қазандар тәрізденіп фашистердің каскалары қалып жатыр. Бұл күнгі ұрыс оның жеңісі—жұмысшылар мен шаруалар делегациясының майданға баруын күтіп тұрғандай, апарған тартулары жауынгерлерге жаңа құш бітіргендей, өздерін майданның күтті конағындай қуантып шаттыққа бөлеген еді. Москва түбіндегі әскерлеріміздің бұл тарихи шабуылы қалай басталғаны туралы, сол күнгі ұрыстан кейін Ұлжанға Ержан Жоламанов өзінің ойын баяндаған болатын. Ол көздеуші болып қызмет істейтін үлкен зеңбіректің шебі, орманның батыс жақ шетінде болады екен. Зенбірегінің тұмсығы зәулім заводтың кең тұrbасындай, снаряды кісідей бір керемет. «Осы кереметімізден жауға снаряд атуға көсемнің өзі команда берсе, осы кереметіміздің атылғандағы пәрменін көсемнің өзі қасымызда көріп тұрса!» деген асыл арманым еді,— деп әңгімелеген ол Ұлжанға.— Сондыктан ба,— әйтеуір Иванов нысанға көрсетіп, мен көздел, Петрусь пен Физзатуллин снаряд әперіп, Тарасенко мен Гоглидзе оқтап койып, команда күтіп тұрғанымызда, көзіме бір орасан зор оқыйға елестеп кетті. Шебімізге қарай бір ұлы тұлға келе жатқан тәрізденді. Үстінде анау артындағы ашулы ормандай қырауытқан жанат ішік, колында винокль, ажары ызғарлы, осы зеңбірек снаряды түсер нысанага кабағы түйіле карап, салмақпен адымдап Сталин келе жатқан сыйктаңды. «Япырау, өңім бе, түсім бе, қайтсем екен? Жауға снаряд атсам ба екен, әлде снаряд болып өзім атылсам ба екен?» — деп абдыраймын. Ал, зеңбірек командирі Сталинге рапорт берерін, әлде оның күрметіне мына оқтаулы тұрған зеңбіректен салют берерін,— кайтерін білмей әрлі-берлі жүгіріп жүрген сыйктаңады. Ақырында командирім: Атыңыздар! Отан үшін, Қоғарғы бас колбасшымыз Сталин үшін атыңыздар! — деп команда берді. Сталиннің өзі қасымызға келіп, винокльмен алға карап тұрып: «Атыңыздар!» деп команда бергендей қабылдадым мен. Менің көздеушілігімнен атылған снаряд нысанага дәл түсіп оның күлін көкке ұшырды. Сондыктан мен Сталиннің бүйрүғын тікелей орынданап, оның командасымен жауға апат оғын аттым. Колхоздың кешегі сыйыр бақташысы болып келген менің, бүгін аткан зеңбірекімді көсем «Сорыс тәңірісі» деп бағалап, бізге алғыс жариялады. Жерлестердің бәріне сәлем айт, Сталиннен

алғыс алсын!» деген еді Ержан. Қазір оның осы әңгімесін Ұлжан бұлжытпай айтып шықты. Жоғарғы бас қолбасшы сол күін зеңбірекшілерге ғана емес, Москва түбіндегі барлық әскерлерге алғыс жариялаған. Бір ғана Ержан-ның көздеушилігімен атылған зеңбірек емес, советтік артиллерияны «Софыс тәңірісі» деп атағаны рас.

Колхозшылардың қызу овациясы, зор өрлеу үстіндегі ұрандары клубқа сыймай, Қайнар қыстағындағы әрбір үйдің есіктерінен еніп төрлерінің тәбесіне шығып жатты. Әңгіме басталғалы оған тұс-тұстан сұрактармен араласып, Ұлжанның алдын орай түсіп отырған жұрт, енді өзара келелі кеңеске кірісе кей-кеуlestі:

— Бә-ә-се-е, әскерлеріміздің астана түбіндегі шабуылын көсемнің өзі бастаған екен ғой,— деді бір колхозшы.

— Эрине, әйтпесе жаңағыдай аспан астын астан-кестен ғып жаткан сұрапыл соғыста Сталиннен басқа қай қолбасшы майдан басқара алушы еді,— десіп оны өзгелері қуаттай дуылдасты.

— Тыныштық сактаңыздар, Ұлжанның әңгімесі әлі аяқталған жоқ,— деді Мақтым қоңырау шылдыратып.

— Жә, сонымен әлгі Қатя қызben қайта кездесе алдың ба? — деп сұрады бір колхозшы жұрттың дуылы басыла қалған мезетте.

— Катяны сол күнгі ұрыстың соңынан, сол ұрыста оның майданға алып келген «Катюша» атты каруы даңқты сыйнан өткеннен кейін көрдім. Ол менің қолымды қатты қысып тұрып: «рахмет Ульяна!» — деді. «Не үшін?» деп сұрадым, мен де оның қолын босатпай. Ол: «құрыштан құрал құттын, құралға қуат беретін адам,— деді,— ал, адамға қуат бітіретін тағам. Сондықтан «Катюша» құдретіне косқан сенің де үлесің үлкен!». Сол мезетте менің көзалдымда осы Катяның өзі «Катюша» болып атылып, жауды талқандап келіп тұрғандай көрінді. Мен оны құшактай сүйдім. Ол екеуміз майданнан Москваға бірге келдік...

Ұлжанның әңгімесі бүгінше осымен аяқталды. Мақтым орнынан түрегеліп:

— Катя мен Ұлжан достығы — мызғымас асқар шың бейне. Майдан мен тыл тұтастығы — сол асқардан тасыған, сарқылмас мәңгі сел секілді,— деді.— Оралдықтардың тартуы — жұмысшы табының ерлік еңбегінің жемісі. Қауіпті кезеңде өмірді өлімнен қорғап қалуға арнап

сактаган, жауға ажал оғы боп атыларлық, тағы кандай каруымыз бар екен? Қарманып қарайықшы!

Жүрт тым тырыс. Жеңісті тездету үшін тағы да екі жұз ат дайында қойып отырған Есеналы да, Еспекиналы құрылышын қайта бастау үшін колхоздың барлық мүмкіншілігін есептеп, артық күш ауыстыра алмай жүрген Дмитрий Андреевич те, Мактыймың қөмекейінде тағы не тұрғанын әп-сэтте ұғына алмай қалды. Құрманбай Марқабаев Қайнар аулын оймен аралап, Есеналының партизан кезіндегі канжарынан баска кару таба алмай қойды. Содан кейін осы өнірдің барлық темірін жыйнап әкеліп ұста дүкенінде балқытып көріп еді, кару құятын қалып жоқ. Сондықтан күзетшілерімен барлық мал бақташылардың қосауыз мылтықтарын жыйып алғып бір бөлімшеші қаруландырып қарап еді, өздері құралсыз қалды және бұл мылтықтар қазіргі заман соғысының керегіне жарамай шықты...

— Жұмышы табы біздің заказымызды да қабылдайды,— деді Мактый аз тосылыстан кейін.

Мактыймың осыны айтуын күтіп отыргандай-ак Дмитрий Андреевич орнынан ұшып турегелді.

— Қөсеміміз зеңбіректің қуатын аса жогары бағалаған екен,— деді ол.— Біз Мария екеуміз елу мың сом шығарып» «Социализм» колхозының гаубицасына заказ береміз. Кәне сен не айтасың Есеналы Жоламаныч?

— Ендеше, сол «Соғыс тәнірісін» мен бір өзім-ак жасатамын,— деп Есеналы елу мың сомдық сактық касасы книжкасын ішкі қалтасынан суырып алғып Мактыймың алдына тастай берді.

Колосов пеи Жоламановтың бұл бастамасын жүрт жаппай қолдады. Құрманбай он бес қойының күнін атады, Жайбасар тайлы биесінің, Зылиқа баспакты сыйырының бағасын, Әділ он мың сом шығарды. Мактыймың жазып отырған тізімі үлғая берді...

Ертеңіне, аудандық қатынас бөлімінің конторы Сталин жолдасқа «Социализм» колхозшылары атынан ауыр артиллерия батареясын жасатуды тілек еткен телеграмма қабылдады.

## **ҰШІНШІ ТАРАУ**

### **1**

Күндегі әдетімен ерте тұрып, ауладағы Қасқырқараны суатқа жетелеп келе жатқан Есеналы, кантардың бүгінгі қабағын жаратпады. Әзір аса долдана қоймағанмен, сұрғылттана сұстанған боран бұлты, қебігін шаша шамдаған жарапу бурау тәрізді. Кеше кешкіліктө тұрбалардан шыққан қою тұтінді батысқа карай майыстырып тұрган майда жел, қазір солтүстікке шығып, бет каратпай катая түсті. Қайрактана қатқан қалың қардың үстімен жыландағы ирелендең шұбатылған жаяу борасының алды ауылға ене бастады. Қайнар көлінің қатпайтын қақ ортасынан толқыған толқын, жағалау жағына қаймақтана қатқан мұзды астынан көтере сындырып лактырып жатыр. Ағаш бұтактары киінген, ак сенсөң тондай қалың қар сілкіленіп, орман іші үйқы-түйкі боранға, айналды.

Түнімен жылы қорада тұрып, оты қанған Қасқыскара енді суға қанып алған соң жемге асыкты ма, әлде сұық бата бастады ма,— Есеналының алдын орай, аяғын жыя дірілдей аяңдады. Оның төрт тағасы мен Есеналы саптамасының өкшелері өзара жанжалдасып келе жатқандай шулады. Есеналының шалғылы бурыл мұрты мен үзын кірпіктеріне тұрган қырау қалынаға берді. Қанша аймаласа да Есеналының екі бетін бозартға алмаған қызылшұнақ аяз, енді қою көк тұтінді тұрбалардан сорып алғып қылғып жұтып тұрган тәрізденді.

«Қыс қылышын қынабынаң сұрырып түр екен» деп ойлаған Есеналы кеше кеніте өз жүргегіне жазып жатқан жоспарын, қазір қайта өзгерте бастады. Оның кешегі жоспары бойынша бүгін қыстақта істеліп жатқан жұмыстарға өзінше байқау жасамақ еді. Байқау жасаганда

Дмитрий Андреевичті жанына ертіп жүруі керек. Ол, Есеналының «осы қалай?» деген құдігіне көмектесуі тиіс. Егіс әзірлігіне байланысты жұмыстардың сапасы туралы қандай да болса оның пікіріне қосыла кетуі керек. Ал, өзі билетін іске келгенде, сол Колосовтың көзінше, не басшылық ақыл айтпақ, не ашуулана омір бермек. Бармақ болғаны, алдымен балалар үйі, оның қал-жайын көріп, күтушілерімен әңгімелесіп, қажетін білуі керек. Соңан соң бармақ болғаны Әділдің ұсталық дүкені. Онда соқаңың турендері тапталып, тырманың тістері соғылып, арба доңғалактарының темірлері тартылып жатқан болатын-ды. Онда бұрын темірді жалын тілімен жалай ышқынып жататын көрік, қазір тас төбесінен найзағай жауғандай сұлқ түсіп, темірді электр тогы балқытады. Бірақ, Есеналы онда барғанда Әділдің ісінен мін табам екен деген оймен бармайды, оның электр тогымен жұмыс істегенін көріп, оны біраз мадактап шықпакшы. Одан шықкан соң сортты тұқым шоланың аштырып, Дмитрий Андреевич тұқымды мактай бастаса, «өзгесін коя тұршы, мұның гектарынан быйыл канниа пұттан өнеді?» деп сұрап бір шаманы оның өз аузынан естіп қоюы керек. Содан кейін жегін әбзелдерін дайындал жатқандарға келеді де «мына камыттың шұжығы жіңішке, мына же-тек қайыстарың қысқа» деген сыйқты мін тауып, кейбірін қайта жасауға тәртіп бермек. Мұнаш шықкан соң жұмыс көліктерінің күтімін байқайды. Онан шыға бере көң дайындал жатқандар жанына келеді де, бір гектер егінге канша центнер корек керегін сұрап, оларға тапсырылған істің орындалу мерзімін қайталай ескертеді. Осының бәрін аралап шықканин кейін ауытдық совет кеңесіне барып Мактыммен әңгімелесуі тиіс еді.

Бірақ, бүгінгі ауа райы Есеналының бұл жесспарын бұзып, оған Қасқырқараны еріксіз ерледті.

Жылы күніп, атка конған Есеналы салғаниан Тұлпарлыға тұра тартпақ болып еді, бірақ, ол Қайнардан шыға бергенде боран көтеріле бастаған соң Қаймактыға бұрылды. Мұнда Мария баскарған бір тоң егіншілер өртемен келіп егістік жерге кар тоқтатқыштар орнатып жатқан болатын-ды. Бұл топ быйыл орта мектепті бітіріп шығып, колхоз қызметіне түсken қыздар еді. Кейбірінің еріндері дірілдей бастапты. Бірқатары іс үстінде беттерін қармен ысқылап алып қыймылдайды.

Есеналы егіншілер кәсібіңің жыл бойының ұзак маусымына, әсіресе оның қыс ішіндегі жұмысының қыйыншылығына қынжылып, мыналарға іштей катты жаны ашыды. Баскасы өз алдына, мына шарбақтардың бір гектар жерге кем дегенде тоқсаны қойылып, оның қыс ішінде төрт рет орны ауыстырылуы тиіс.

Түтегелі тұрған мейірімсіз боран құшағын жая бастағанда келген Есеналыға кірпіктері қырауытқан қара көздер қадала қарай-қарай қалысты. Ол көздер бұған: «Атеке, үскірік жел өкпемізден өтіп барады, арашала! Тоқтат мына сұрапыл соғысты да, боранды да» — деп жалынып тұрған тәрізді. Бұрын көзінен жас шықпайтын құрыштай катты Есеналыны қазір осы көздер майдай балқытты.

— Боран күшейіп келе жатыр, қазір дереу ауылға қайтындар,— деді ол Марияға.

— Осы боранның карын Қаймақтыға қыстатуымыз керек емеспе, Есеналы Жоламаныч? — деді Мария.— Осы күздіктің астында жатқан тұқымның да киінетін тоны қарғой. Эйтпесе, аяз азызактаң бетер апат.

— Мұның дұрыс, бірақ алдымен апattan адам өмірін аман сактау керек. Айтқанды үк та, ауылға қайт! — деп бұйырды ол.

Бұл бұйрығын Марияның орындағының сенген Есеналы:

— Сарқыт сен де сақ бол, балаларды адастырып алма,— деп тапсырды да, сұyt жортып кетті.

Колхоз қызметіне түскелі өзі сыйқты әдіской және кайратты адамдарды артыкша бағалап, жанындај жақсы көретін Мария, Сарқыттың күшіне де өте сүйсінетінді. Сондыктан Марияның соныңда әуре-сарсаңға түсіп жүрген Сарқыт бүгінгі боранды қуанышпен карсы алды. Егістік жерге карды қалың тоқтату үшін боранды бос өткізбеу керек. Сондыктан, Мария бүгін әкелінген кар тоқтатқыштарды боран астына қалдырып кетпейді. Қаймақтыдағы қазіргі топтың ішінде өзінен кайратты ешкімі болмағандықтан боран қатая түссе Мария «тек менің күшіме ғана тәуелдене калады» деп ойлады ол.

Боран үдей түсті. Үскірік жел бет қаратар емес. Әлі орнатылмаған ондаған шарбақ бар.

— Сіздер көлікпен ауылға қарай аяпдай беріндер,— деді Мария серіктеріне.— Біз Сарқыт Сарманыч екеуміз қалған шарбактарды тұрғызып, арттарыннан баармыз.

Марияның осыны айтуын күткен қыздар қайтуға жыйылды.

— Сен де бірге бар, мен жалғыз өзім-ак орнатып қайтамын,— деп күшейді Сарқыт Марияның кетпесін біле тұра.

— Бұл не дегенің Сарқыт Сарманыч — деді Мария.— Мені өзіңнен осалсынғаның ба, әлде аяғаның ба? Қалай болғанда да мен мына шарбақтарды орнатпай кете алмаймын. Ал, сен қанша алып болсаң да мына қатты желге қарсы жалғыз өзің бірде-бір шарбақ орната алмайсың.

— Егер мен болмасам,— деді Сарқыт Марияны өзіне тәуелдендіре бергісі келіп,— сен жалғыз өзің орната алар ма едің?

— Мына ауылға қайырған қыздар арқылы папамды көмекке шақыртқан болар едім.

Шынында да қара күшке келгенде үш адамның жүгін бір өзі көтеріп кететін Сарқыт, кар тоқтатқышты жалғыз орнатпак болып, биіктігі бір, ені екі метрге жуық талдан тоқылған бір шарбакты жерден көтере бергенде, қатты жел оны ұшырып жықты. Онан айырылмаймын деп Сарқыттың өзі бірге құлады.

— Табиғаттың тағы күшін женуге де әліс керек мұқтым,— деді Мария.— Өзіміздің жел тиірменнің ішіндегі тастың салмағы сенен бес есе ауыр... Кәне, көтер аргы шетінен, бірақ желге қарсы тік көтерме, міне былай ұста... Ал, енді ық жағына шық...

Олар түтеген боранға қарамастан азнаған қатты жемелмен арпалысып жүріп, кар тоқтатқыштарын орната берді.

— Жаратылыстың мұндай долы дүлей күштері бірі мен бірі бітіспейтін жау сыйқты,— деді Мария сонғы шарбактың қадаларын қарға батыра желге қарсы ұстап тұрып.— Мәселен, қыстың осы бораны мен жаздың анызагы бірімен бірі бітіспей, ғасырлар бойы күресіп келе жатқан күштер. Бірақ, адам баласы оған арашашы болмай, өзінің келешегі үшін қурестіре беру керек. Ол үшін, күрес басқарушының өзі балуан болуы шарт. Тірегін берік орнат Сарқыт Сарманыч

Олар ауылға қайтқан сағатта, боран бұрынғысынан да күшіе, бытырадай атыла бораған шайырышқарды басқа-көзге сабалай түтеп, төңірек кап-караңғы болып кетті. Бұрынғы жол сорабын да, алда кеткен

топтың із-тозын да жым-жылас қып сыйрап тастаған. Сол алда кеткендердің өздері де бұл екеуін тосып, кері жүре іздел әуреленіп көріп еді, табыса алмады. Айқайлаған дауыстарын бір қырын жел бір метр жерге жібермей жұтып қойды. Мына сұрапыл боран олардың өз бастарын айналдырып, Қаймақты мен Қайнар арасындағы сегіз километрді сексенге созды.

Сарқыт Марияның алдына түсіп, күртік карды қарыштай бұза адымдап жол салған болып келеді. Біресе онға, біресе солға қыйсайып, жолды үзайта береді. «Үдей соқ боран, долдана түс, сен менің колымға бакыт құсын қондыргалы соқкан борансың, үскіре бер!»—деп тілейді ол іштей. Оның бұл тілегі, жанағы Мария айтқандай, табиғат құшін жеңіп, келешек үшін «боранды Қаймақтыға қыстату» ды көксеген тілек емес. Өзінің бас пайдалын көздеген құлығынан туын келе жатқан ой. Оның ойынша: «Қаймақтыдан шыққалы үш-ақ километр жер жүрді. Енді бір-ер километрден кейін күртікке малтығып келе жатқан Мария аяғын алып жүре алмай алқынады, әлсірейді. Содан кейін, тіпті карга адым жер жүре алмай талады. «Әлім біttі» деп ыққа қарай отыра калған немесе өзіне сүйене талықсыған Марияны жас балаша құшақтай көтеріп алып, күртікті кеше аяндайды. Қапсағай денелі, кайратты жігіттің төсінде, оның тамақ түймесі ағытылған шолақ тонының жағасы ішіне тұмсығын көміп қойып мойнынан құшақтап келе жатқан жас қыздың ыстық демі Сарқыттың тұла бойын жылдытып, қайратын арттыра береді. Біраз жүргешін кейін Мария: «ауылға жақындағы па?» деп сұрайды естілер-естілмес нәзік үнмен. «Ауыл әлі алыс»—дейді Сарқыт құшағындағы қыздың қызғалдақтай қызыл сриіне ернін тигізіп. Егер Мария оның ерні тигенде өз ернін жұмып ала қойса да, ол оны ауылға сол көтеруімен жеткізеді. Өйткені оның бұл жақсылығын Мария мәңгі ұмытпаіды. Оның үстінен, осы оқыйға арқылы қыздың ата-анасы және ауыл адамдары алдында беделі күшіе түседі»...

Осындай ойда келе жатқан Сарқыттың жаңындағы Мария малтыға сүріне қоймады да, алқына әлсіремеді де. Қайта ол Сарқытка:

— Сен қыйсық кетіп баrasың, ауыл мына жақта, бері жүр, асқақ мықтының адасқаны жаман,— деп өзі алға түсті.

Бұл кезде бұлардан бұрын кеткендердің жеккен пар

аты оларды ауылга жеткізген еді. Олар барғанда Дмитрий Андреевич тағы бір пар ат жегіп бұларды іздеуге шыққалы жатқан болатын. Сондықтан ол, тың аттарды соны күртікпен сорғалата терлетіп Марияларға қарсы шықты.

2

Есеналы Қаймақтыдан шығысымен-ақ Қасқырқараны ежелгі бөкен желіске салған. Танауы шелектей болып пысқыра жорткан жануардың мандайы Тұлпарлы болатын. Бірак, сол Тұлпарлы жайлауында туып өскен Қасқырқараны да, оның үстіндегі жершіл Есеналыны да, бір қырын сокқап үскірік қатты жел бурмалай берді. Оның үстіне Есеналының мықты дейтін Қасқырқарасының қалың қарлы жылгалар малтықтырып, ондай жылгалардың басынан айналып, терең ойпаттардың қабағымен журуге мәжбүр етті. Осындай бұрылыстар жолды ұзартып күн кеш болып қалды ма, әлде тутеген боран күнді түнертіп жіберді ме,— көzsіз мандаймен бағытынан жаңылмай келе жатқан Есеналы ат-матымен талай жылгада жығылып тұрып, алқына асығады. Асықпаска амалы бағ ма! Ои екі жыл еңбек сарп етіп өзі өsірген мың жылқы жадағай далада. Ол қанша «құлан жан» болса да күтыра соккан үскірік шыдатар ма. Жылқы маманы Есеналы басқарған колхоз жылқысын қырып алса, Отан алдында одан бетер маскаралық бағ ма. Қызыл Армияның мың жылқылық коры жойылса Жоғарғы Бас қолбасшыға не деп жауап бермек Есеналы.

Жылқы тағдыры қабырғасын қайстыра, асқынған боранда асыға жортып келе жатқан жалғыз Есеналығана емес. Оны ойлап Дмитрий Андреевич те, Мактыйда, жанағана қалжырап келіп кроватта жатқан Марияда, сонау аудан орталығында отырган Бактыяр Болатов та қауіптеніп отыр. Зоотехник, Таутан Тайбағаров боран күшіне бастағанда-ақ құла құнанды ерттеп мініп алыш, сыйыр фермасынан Тұлпарлыға тарткан еді. Қазір ол да жортып келеді. Жылқы туралы қауіп оның да жүрегін тулатып, кеудесін дүрс-дүрс дүбірледеді. Оның үстіне: «қатерлі күнде қатарында тұра алмасам менің Ұлжанды ұнатқаным қайсы?» деп асығады. Асыққанмен Қасқырқараны малтықтырып келе жатқан соны күртік құланы тіпті босатып таstadtы. Есеналы Таутанға құла құнаниның болдырған жерінде кездесті.

— Мына құнанмен жылқы өрісіне жете алмайсың,— деді Есеналы оған.— Осы жерден қой фермасына бұрыл. Шәпті қорага төктір, арық-тораққа сақ бол.

— Ендеше, сіз мына қосауыз мылтыкты ала кетіңіз...

— Керегі жоқ, бұл боран қосауыздан қорықпайды.

— Бері-қары кезікпесе...

— Қасқырға Есеналының өзі мылтық. Ал, сенің ілімің мына үскірікке қарсы атылатын асыл тұқымды мылтық туғызып қойса дауым да болмас еді,— деп жортып жүріп кетті.

«Үскірікке қарсы құрестің ілімі — мың жылқылық жылы қора» дегенді естітін жерден Есеналы алыстаңқырап кеткен соң, Таутан құла құнанның басын қой фермасына бұрды.

...Жылқының тұнгі күзетінде болып, таң ата қоска келіп жатқан Ұлжан, боран көтеріле бастағанда ерлі атқа міне шапқаш еді. Ол майданин қайтып оралғаннан кейін-ақ, боран бола қалған күнде жылқы панаілайтын орынды бірнеше жерден қолайлас қойғаш болатын. Оның бірі сол Тұлпарлы тауының ығы; екіншісі, шиінің биіктігі аттың үзенгісінен келетін Шилікөл; үшіншісі, Қүйелі бойынан шабылып үйілген көп мая.

Казір, Ұлжан мен Жайбасар жылқыны Шилікөлге ііре топтандырып, ешбір шашау шығармай тұр. Жылқы биік шидің арасында, қалың кардың астынан қазнасын актарғандай тепкілеп жатыр.

Тұтеген боранға іңір қараңғысы қосылып, күндізгі түнектен де бетер қараңғылық басты. Үскірік жел қараңғылық шымылдығын қаша желпігемен жер мен көктің арасында санлау болмай кетті. Жылқышылар босаңсыған аттарын жылқыға жіберіп, құр аттар ұстап мінді.

— Сіз, қоска барып жылынып, тамактанып келіңіз,— деді Ұлжан Жайбасарға,— келерінізде қалтанызға бір уыс малта сала келіңіз. Тез келіңіз. Қостағы жылқышы да келсін.

Таң атқалы тұзде жүріп, тұтеген боран қалжыратып тұрган Жайбасар, мұны Ұлжанин әлдекашан күткен еді. Ал, жаңағы «тез келіңіз» деп асықтыруына қарағанда, ферма бастығы әрбір минут сайын бір көтерлі қауіп күтіп, соган байланысты төтенише жана үйғарынды қабылдайтынға үқсайды. Соңдықтан Жайбасар да тез барып келуге асыкты.

Ұлжанның Жайбасарды ымырт жабылғанша қосқа жібермей тұруының да өзінше бір есебі болатын. Есеналының, өзіне бірнеше рет айтқан ұлғаты бойынша: «күн шыға көтерілген боран күн бата басылуы тиіс. Егер басылмаса соккан уақытын, күннің шығысын күту керек. Егер күн шыға толастамаса және жел бағыты өзгермесе үдайы үш күн соғатын сұрапыл болғаны... Мұндай жағдайда жылқыны маяға жеткізу керек».

Жайбасар қосқа кеткенен кейін жел жактағы Тұлпарлы тауы тарапынаң, желге қосыла ұлыған қасқырдың шуы естілді. Міне, бұл түзде баққан малға екінші жау. Ол да боранның болуын, малдың ығуын тілегендей қан құмартып, қанжардай азуын кайрай қаранғы тұндерде топ-тобымен жортады. Асынып тұрган косауыз мылтығы болса да, ұлыған қасқыр шуылы Ұлжанның қаупіне қауіп қосып, жүрегін тулатынқырап жіберді. Егер жылқыға қасқыр шапса қарсы шабуылға Ұлжан дайын. Бірақ, ол қасқырмен арпалыска түсер болса жылқыга кім не болады? Үріккен жылқы ыққа карай жөнки жөнелмес пе? Ол жел жактағы жаумен арпалысып жүргенде, жылқының ық жағынаң тіпті тұс-тұсынан қауіп төибесіне көзі жете ме? Осыны ойлаған ол, Жайбасарға «тез кел» деп тапсырып еді. Бірақ, «тез келемін» деп кеткен ол кешікті.

Біраздан кейін қасқырдың ұлығаны тіпті жакыннан естілді. Төніп келген бір топ жау жылқы төңірегінде теңбілкөк айғырды ауыздықпен алыстырып, айқайлай жортып жүрген Ұлжанды көріп ұлып тұрганыңда күмән жоқ. Топтана төнген аш қасқыр боранды бүркене, жылқыға шабу қаупі төнген мезетте, Қасқыркараны қара терге сабылтып Есеналы жетті.

Есеналы келісімен-ак аман-саудан бұрын, «Міне мен келдім!» дегендей жылқыны шабуылмен оралып шыкты. Ұлжан оның даусынан болмаса, түрінен таныр емес екен. Тұлкі тымағына, саксал-мұрты мен кас-кабағына қар қаткан оның ажары арыстан түстес болып көрінді. Астындағы Қасқырқара терге шомылғандықтан денесіндегі карды ерітіп, түсін онша өзгерпепті, бірақ, екі танауынан тәмен карай сүйірлене қаткан мұз оны қабанbastандыра көрсетіп тұр.

Ұлжан Есеналы келгенде бүкіл колхозшы жанына жыйылғандай қуаттанды. Жылқының аман-түгелін, жылқышының қайратын көрген Есеналының көңілі де көкке көтерілді.

— Жайбасар бар болғыр кайда? — деді ол аман-саудан кейін.

— Қоска кеткен, казір келеді.

— О, бар болсын, жылуы қашқан бар болғыр, қоста ақ биенің қымызы да бар ма еді?

— Бар сыйқты еді,— деді Ұлжан, Есеналының арақ туралы айтып тұрғанын сезіп.

— Бойындағы бар куатынан айрылып қалып келмессе неғылсын бар болғыр,— деді, оның сұықта аракты жеккөрмейтінің жаксы билетін Есеналы.

Осы мезетте жылқының бір шетінен келіп «һай-һай-лаған» Жайбасардың емескі даусын естіп:

— Жәкен де келді білем,— деді Ұлжан.

— Мынаның өзі күшейіп келген кісінің түрі ғой,— деді Есеналы, енді оның даусын анығырақ естіп.— Жә, бөрі-қары жолаған жок па?

— Жанағана осы жакыннан шулап ұлып тұр еді...

— Ендеңе, ол казір алдына арланын салады да жылқыға шабады. Жакынға кеп ұлыса жылқыны көргені, тобын жыйғаны. Оның мұнысы, жолбарыстың атылар алдындағы жымайғаны сыйқты. Құрығынды берे тұр, мен оны зымырата күп тастап келейін.

— Мылтықты алыныз.

— Осы кариғыда мен оны ата алмаспыш да, атсам дарыта алман да. Маган құрығынды бер де мылтығыңды өзің ат...

Ләт осы мезетте ыкка қарай жөңкілген жылқының алды Шілтіколден гыгып бара жатыр еті. Олар шабуылмен жылқының алдына шықты. Жайбасар даусы бәркырап ыккан жылқының қайырмалаған болып жүр. Бірақ, мын жылқы оның да, Ұлжанның да, тігті «жылқыға әмірімді срыннатам» лейтін мықтымыз Есеналының да ырқына кенбей ыкты. Бой берер емес. Шоғырлана жөңкіген сака биелер алдына шыккан жылқышыны, омыраулай киіп әкетіп келеді. Жылқышылардың астындағы аттар қалың қарға малтығып жылқының алдын орай беруге шамасы да жетінкіремей қалып жүр. Қауіптің орасаны казір туды. Ық жакта кесе көлденең шұбатылып, араның ашып Қүйелі өзені жатыр. Оның сұы суалып қалғанмен жары биік. Бұл өнірдің ол жақ, бұл жағынан сокқан боран ен алдымен соны толтырады. Казір оның қары биік жарының бетімен бірдей, жылқы түссе қайтып шыға алмайтын, қашанин қанды оппа.

Кайту керек? Жылкыны токтату, не Қүйеліге жеткізбей бір қырын бұрып әкету керек. Санапулы минуттар қалды, жылқы алдында жатқан Қүйелі, көп болса он-ак километр. Есеналының аты болдыры. Оған Ұлжан асыл тұқымды орлов айғыры — Дауылпазды ұстап берді. Жалмажан Қасқырқараның ер-тұрманың сыпырып алып Дауылпазға салған Есеналының аяғы үзенçіге жетпеді. Оның атка қонар жерде айналып қалғанын сезген Ұлжан, шабуылмен оралып келіп қолтыктан көтеріп міңгізіп жіберді. Туғалы мұндай жылқыны мініп көрмеген Есеналы, төрт аяқтының алдыбындай азынаған қаратөбел айғыр алғаш рет такымына тигенде бүгін мың жылқыны жалғыз өзі апаттан аман алып қалатындағы көрінді. Есеналы ыққа жөнкіген жылқының алдына қарай шапқанда жел тына қалған тәрізденді. Жел тына қалған жок, катты желмен қатар үшқан Дауылпаз, өзінің өрендігін Есеналыға ең бірінші рет көрсетіп келеді.

Есеналы жылқы алдына шығып алып, бар дауыспен айқайлай, қайың құрықпен жасқай қайырғанда, Дауылпаз омыраулай қағып, өзінен бір жылқыны оздырмады. Жылқының алды бөгеле бастағанда, Ұлжан оны желге бір қырындастып әкету тәсілін тапты. Сегіз сақа биенің екі-екіден кылшылбыр, құрық-баулармен косактаған ол, төртеуін өзі, төртеуін Жайбасарға жетелетті. Сегіз биенің он алты тай, жабагылары шұрқырай енесіне ере бастады. Бұл кейбір айғырлар мен өзге жас жылқынада өзіне тартқан өнеге болды. Отыздаған жылқы соңындағы көпке соныдан жол ашты. Көп жылқының беті, осы Ұлжан бастаған бағытқа бұрылды да, Есеналы оның ық жағынан шашау шығармай Дауылпазбен жортып отырды. Қысылған жерде Ұлжанның тапқан тәсілі, асыл айғырдың алыптай қуаты жылқыны апаттан аман құтқарды.

Жылқы колхоз маяларының ығында паналап тұрғанда, таң атып, күн шықты да, боран ашылды. Күн көтеріле бергенде, жылқыға күз түсे косылған адай биелерінің бірі құлышидап қалды. Қакаған аязда туған күлгін көп кешікпей қата қалуы күмәнсіз. Соңдықтан Жайбасар:

— Жалғыз құлғын мының садақасы, бауыздаймын,— деп пышағын суырып алды.

— Тоқта! — деп ақырды Есеналы оған.— Дауылпаз-

дың ауыздығын сал, айылын қатайт,—деп бүйірды Үлжанға.

Үстіндегі сенсөң тонын шешіп, онымен құлынды орап алғып, Дауылпазға қонған Есеналы он бес километр жердегі қой фермасына тартты. Дауылпаз өзінің әйгілі орлов айғырымен ағып келеді. Оның ағыны арттан соққан баяу желді, Есеналының алдынан шығарып дениесіне өткізе, екі бетін қарытып барады. Кеше Қасқырқара малтығып жорта алмаған жылғаларды Дауылпаз бүйім ғұрлы көрмейді. Оның кеше басынан оралып өткен орларынан бүл қарғып өткенде Есеналы түсіп қала жаздайды...

Есеналы қой фермасына жетті-ау дегениен кейін бір сағаттан астам уақыт өтіп еді. Мая төбесіне шығып тұрган Үлжан сол жақтан тағы бір салт атты шауып келе жатқанын көрді. Бірақ, мінгені Дауылпаз емес, кішкене жылқы, үстіндегі Есеналы емес, бала сыйқты.

Мая төбесінде, сол аттыдан көз алмай тесіле қараап тұрган Үлжан, ол жакындағанда Таутан мініп жүретін құла құнанлы таныды, оның үстіндегі баланың тезірек жетуін тілеп асықты. Бала кардың қалың жеріне келгенде бүлкілдеп қалып еді, Үлжан колын бүлғады. Бала оның асықтырғанын үқты ма, әлде қақшандау жерге шықты ма,— шоқытып келіп қалды.

— Сені бастық шақырып жатыр, тез жүр,— деді ол бала, танауып женімен сүрте тастап.

— Бастық жана ғана осынан кетіп еді ғой, соның арасында мен не үшін керек боп қалдым екен?

— Оншасын білмеймін, маган тез шақырып кел— деді.

— Жас туған құлынды аман жеткізді ме?  
— Жеткізді.  
— Өзі кайда отыр?  
— Құрекендікінде.  
— Тағы кімдер бар онда?  
— Зоотехник те сонда отыр.  
— Жә, ендеше қайта бер, мен жылқыдан құр ат үстап мініп, казір артынан жетем.

Дерев құр ат үстап мінген Үлжан, жылқыны Жайбасарға тапсырып жүріп кетті. Ол Есеналының айтары болса кешеден бері айтпай, қазір қауырт шақырту себебі туралы ойын әр сакқа жүгірте жортып келеді.

...Кой фермасына жарты сағат шамасында жеткен Есеналы екі бетінің домбыққанын, кешеден бергі шаршаганын сезбеді. Оны сездірмеген, өзінің көнілін судай тасытып отырған куанышы ғой. Кой фермасы бастығының үйінде, қыйдың шоғына бұрқылдай қайнаған шайғонның қызыл шайына терлей отырып, өткен түннің оқыйғасын, кіші-тірім роман оқығандай соза баянады. Жайбасардың шабандығын, Ұлжанның тапқыштығын, Дауылпаздың қымылын, бұрын-сонды мұндай сұрапыл бораңды көрмегенін әңгімелей келіп, өз мықтылығын да көрсетіп қойды.

— Егер, мен бармағанда жылқы Күйелі оппасына түсіп, түгел қырылады еken,— деді ол.

— Қар кетісімен Тұлпарлы жайлалаудағы жылқы базасы құрылышын қолға алу керек,— деді Таутан.

— Соғыс бітсін-де, бейбітшілік құрылыш дәуіріміз содан кейін басталады.

— Дәүлетімізді жаудан қорғау үшін соғысып жатырмыз ғой Есеке, майдан тылы апатқа ұшыраса жау жеңіле ме?

— Я, қыстың куні, қақаған кантарда панаңыз жалан жайлалауда, жабайы әдіспен мал бағу кәсібі менімен бірге қартайып қалғанын өзім де көріп отырмын,— деді Таутанның жанағы сөзінен жеңілген ол, енді ырқына жығылып.

Осы мезетте есіктен сұраусыз еніп кеп сәлем берген почташы бала Есеналы мен Таутан әңгімесін боліп жиберді. Ол қой фермасы бастығына бір буда газет, журналдар тапсырып жатып:

— Атым болдырынқырап келеді,— деді,— жылқышылардың газетін тапсырып қайтуға ат беріңіз, немесе алып қалып тапсыртыңыз.

— Өзің тамақтанып, атынды суарып, жемдеп ал да, қайта бер, жылқышылар газетін жеткіздіріп берерміз,— деді Құрманбай.

— Газеттер арасында жылқы фермасының бастығына майданнан хат бар, түсіп қалмасын.

Почташы баланың соңғы сөзін естігенде Есеналы да, Таутан да селт ете қалысқанын біріне бірі сездіргісі келмеп еді, бірақ, Есеналы көпке төзе алмады.

— Әлгі, жылқы фермасына келген хат кай майданнан еken, карашы Таутан,— деді ол.

Таутан конверттің сыртына жазылған адресіне қарап:

— Қай майданинан, кімнен екені белгісіз, далалық постаның номері ғана жазылыпты,— деді.

— Панфилов дивизиясынан емес пе екен?

— Кім білсін? Мүмкін, содан шығар...

— Өзіміздің жігіттердің бірі ғой бұл...

— Әрине, Ұлжанды білетін жауынгер ғой...

— Кімнен болса да, мұның ішінде біз естімеген жаңалық көп шығар...

«Жылкы фермасының бастығына» деп жазылған хат кімге екені атап көрсетілмеген соң, колхоз председателі мен зоотехник ашып карауға да болар еді, бірақ, Ұлжан жарты сағаттық жерде тұрғанда ашып оқый қоюды екеуі де колайсыз көрді.

«Өзін шақыртайың,—деп үйгарды Есеналы.—Фалымнан болса сездірер, амандығын білермін... күпая бірденесі болса оқымас, онысын тағы кере жатармын»...

Ұлжан кой ферамасына осы себеппен шақыртылған еді. Ол келгенше председатель мен зоотехник малды қыстап аман алғып шығу, майданға азық-тұлік, өнеркәсіпке шикізат беру сыйкыларды әңгімелеп отырысты.

Ұлжан үйге кіріп келгенде, хат әлі Таутаның қолында отыр еді. Ол аман-саудан кейін:

— Міне, сіздің адресінізге майданнан хат келді,— деп ұсынды.

— Кімнен екен? — деді Ұлжан хатқа қолын созып.

— Кімнен екенін сіз білмесеңіз, біз біле алмай отырымызды...

Хаттың конвертін ашып, алдымен кім жазғандығын қараған Ұлжан:

— Мен білмейтін бір капитан Иванов,— деді де, басынан дауыстап оқыды:

«Қымбатты ферма бастығы!

Сіздің ферма жылқышылары өсірген екі жуз атты мениң әскадроным қабылдады...

— Дон майданынан болды ғой, — деді Есеналы,—я, оқый бер.

... — «Адресінізді біле тұрсақ та аттарыңызды майдан сынына салып өнерін көру үшін өткізген уакыт хатынызды кешіктірді, ғафу өтінемін. Жылқыныздың беріктігіне, қыстың қыйыншылығына төзімділігіне, күтімге оңай көнбістілігіне және жүрдектігіне дау жоқ. Соның

арқасында ол моторлы күшке көмекші бола алды. Соңықтан, неміс-басқыншыларына қарсы ұрысқа қосылып отырған оның да едәуір елеулі үлесі бар...

— Бәсе, сөйтсе керсек еді, теңбілкөк осы командирдің өз қолына тиғен еken fой,— деп Есеналы орнынан ұшып тұрды да Ұлжанның жаңына келді.— Я, соңан соң, оқый бер.

...— «Бірақ, сұрапыл соғыс адамның, карудың қуатымен қатар, машинаның да, аттың да сырны сынауда. Бұл сыннан сіздің аттар сүрінбей өтті дей алмаймыз. Қөнбісті, жүрдек болғанмен жүрісі өнімсіз — аяғы қысқа. Қысқа аяқты аттың әскер қыймылына келтіретін екінші нұксаны: жаз — батпакты, қыс — күртікті жерлерде малтығып қалатындығы; мұндай ат ерге де, камытка да қолайлы емес. Үшіншіден, мұндай аттың бөгеттерден карғуға шамасы жетінкіремей қалады...

Хаттың мазмұнын Ұлжанның жаңына келіп ынтамен тындал тұрған Есеналы, енді орнына келіп отырды.

...— «Соғыстың ауыр сынынан сүрінбей өтіп келе жатқан: орыстың желгіш жылқысының, Дон жылқысының және Буденный жылқысының тұқымдары. Әсіресе, соңғысы денелі, күшті, жүрісті, шыдамды. Сіздің фермадан да осы сияқты жылқы өсуіне, қолтумаңыздың деңесі, қасиеті мұнан да арта беруіне тілекtesпін».

Хаттың оқып шыққан Ұлжан да, оны тындаушылар да біраз тым-тырыс отырып қалысты.

— Япырай, а? — деді Есеналы тамсанып.— Семен Михайличтың өсіргені қандай тұқым еken, а?

— Орыстың желгіші мен Дон жылқысының арасынан туған асыл болса керек,— деді зоотехник.

— Ал, біздің мына Дауылпаз қайсысынан деуші едің әлі? — деп, талай естігенін тағы бір қайталатқысы келді Есеналы, сол бұрынғы айтқандарына Таутан тағы қандай жақалық қосып айттар еken деген оймен.

— Бұл орыс желгішінің ең соңғы өсу шегіне жеткен нәсілі. Қазір бұл өзінің ең қатты желісімен 2 минут 20 секундта 1.600 метр жер алады,— деп Дауылпаздың жүрістегі қасиетін көрсетті ол.

— Сонда сағатына?..

— Қырқ километрдей жер желетіні fой.

Дауылпаздың мұндай қатты желісін көріп келіп отырған Есеналы аса таңырқай қалған жоқ.

— Хош, мұнымен біздің қолтума арасынан қандай нәсіл пайда болмақ? — деп сұрады ол.

— Оны келешек көрсетеді ғой, Есеке.

— Ендеше, алдағы жазға әлгі Дон мен Буденний жылқысының айғырын да, биесін де алдыратын болайық... Ал, мына командирге алғыс айтып хат жаз. Алдағы жылдарда талай сайгүлік Дауылпаздар береміз деп жаз...

## **ТӨРТИНШІ ТАРАУ**

### **1**

Осы тараудың басында оқушымыз сізben қысқаша көңесіп алайық.

Әткен тарауларда аталған адамдардың бір тобы майданға аттанып кетіп, бірқатары тылда қалып қойып отыр. Сондыктан сіз, шығарманың бас геройи майданды ма, тылда ма? — дейсіз. Егер майданда болса олардың ішінде, бұрынғы колхоз председателі Сейтен, парторг Ербөлек, гидро-мелиоратор Павел, тракторшы Николай, малши Ержан, окушы Фалым бар. Бас герой осылардың қайсысы екен? — дейсіз. Егер, тылда болса Бактыяр мен Мақтым, Дмитрий Андреевич пен Есеналы, Мария мен Ұлжан, Таутан мен Зылиқа, Әділ мен Құрманбайлардың қайсысы? Қайсысы болғанда да солардың бірі жекедараланып, дербес шығатын уақыт болды емес пе? — дейсіз.

Бұл сұраптарыныздың жауабына автор әзірше асырып отырған жоқ. Әйткені, қазір майдан мен тыл арасында ешбір шек жоқ, екеуі біртүтас қаһарлы қауым болып алды. Сондыктан, сізге бас геройды таптырмай отырған автор емес, автордың елі. Бұл елдің кай жеріне барсаңыз да, қатардағы қарапайым адамдарының ішінде герой емесі жоқ. Оның үстіне мына соғыс шығармамыздың бастапқы тартыла түскен желісін үзіп жіберіп, оны кайта тартқанша мұрша бермей жатқанын көріп отырсыз. Қазір сол бейбіт күндерде көзделген мақсатқа жетудің өзіне үлкен женіс керек болып тұр емес пе? Осы женіс жолындағы күреске түскен адамдарымыздың қайсысының қаблеті қандай асуудан асырары, сол биікке шыкқанға шейін автордың айтпайтын құпыясы. Сондық-

тан оның бас геройы «Социализм» колхозының колективі. Сіз соның ішінен өзіңіз сүйсінген адамыңызды қалап алыңыз. Сол адам бас герой болсын. Макұл ма?... Келістік!

Февраль айында, аудандық жер бөлімі бастығының кабинетінде, қызмет аяғына таман кенет бір абыржу бола қалды. Дәл осы мезетте, осы кабинетте, колхоз малының қыстық жемшөбі тапшыланып қалғанын бастыққа баяндап отырган Ұлжан жүргегіне, бұл хабар қанжардай қадалды.

— «Социализм» колхозы малының быйылғы төліне түгелдей қырылу қаупі төнді,— деді Қалдыбай Құлмұқанов қабищетке кіріп келіп.— Бар пәлені бастап отырган зиянкес зоотехник Тайбағаров,— деп бір тарақ қағазға жазылған актыны бастықтың алдына тастай берді.

Акт былай жазылыпты:

«1942 жылғы 22 февраль күні, мен, төменде қол қоюшы аудандық жер бөлімінің аға зоотехнигі Қалдыбай Құлмұқанов, «Социализм» колхозының сыйыр фермасында мал күтіміне байқау жүргіздім. Байқау үстінде мынадай қылмыстар әшкереленді: Жас төлдер түгелдей ауруға шалдықкан. Соның ішінде «Тойтарыс» атты бұзау өкпесі ісіп өлгелі түр. Аудара қарап, актара тексеріп келгенде тапқаным: зоотехник Т. Тайбағаровтың тікелей нұсқауы бойынша бұзауқора жағылмағандықтан, оның сұбықтығы 12 градусқа жете шектен шыққан. Бұл ветеринария ғылымының шарттарын біле тұра бұзрандықтан туған ашықтан-ашық зиянкестік. Жас төлдерді түгел апатқа алып келіп отырган бұл зиянкестігін зоотехник Т. Тайбағаровтың өзі мойындайды...»

Ферма бастығы мен төл күтуші Тайбағаровты жақтап бұл актыға қол қоюдан бас тартқандықтан, Қалдыбай Құлмұқанов қолымды қойдым».

Аудандық жер бөлімінің бастығы дереу столының тартпасын ашып, сол фермадан кеше ғана алынған мәліметті қайта оқыды. Мұнда былай жазылған: «... бұрынғы қазакы сыйырдың бұзауы туғанда салмағы 18 килограммадан аспаған екен. Біздің быйылғы бұзаулар туғанда 25—30 дан салмақ тартты, жақсы күтім мен құнарлы азықтың арқасында тәулігіне 1 килограмнан салмақ косып түр. «Арна» сыйырының «Тойтарыс» атты бұзауы енесінен 40 килограмм салмақпен үздік туды. Бұл таза қанды герефорттан анағұрлым басым...»

Аудандық жер бөлімінің бастығы осы мәліметті кеше аудандық партия комитетінің секретарына, содан кейін облысқа хабарлап қойған еді.

— Барып тұрған көзбояушылық,— деді ол Ұлжанға тесіле қарал.— Аудан тұрғай, бүкіл облысты алдаң отырысндар...

— Бұлардың ісін дереу сотка беруден басқа ешбір шара жок,— деді Құлмұқанов.— Эйтпесе, бұлар ана зиянкесімен екеуі бізді су түбіне жібергелі жүр.

Ұлжанның ажары күп-ку болып кетті. Ол:

— Кеше ғана сол «Тойтарыс» та, өзге бұзаулар да сап-сау еді ғой,— дегеннен басқа ешнэрсе айта алмады.

Бастық бұл сұық хабарды аудандық партия комитетіне телефон арқылы мәлімдеп, Құлмұқанов әкеліп отырған актының мазмұнын түгел дерлік баяндады. Содан кейін телефон трубкасын іліп койды да:

— Қәне аудандық партия комитетіне жүріңдер, Құлмұқанов сен де, Қайсарова сен де,— деп орынан тұрды...

Аудандық партия комитетіне бару, оның табалдырығын аттау, Ұлжан үшін январьдың сұрапыл боранды түнінде мың жылқыны апраттан аман алып қалудан онай болмады. Түліктөр тұқымын асылдандыруға қарсы әрекеттерге тойтарыс берудің айғағы деп атын «Тойтарыс» қойған алғашкы асыл төлден айырылу каупі оған колхоздың алты жұз сыйыры мен он мың қойын қырып алмай қыстап аман алып шығудан женил тимеді. Отка түсіп шынығып шығар құрыштай, құресс үстінде күні-түні, қысы-жазы қыйналған малшылар еңбегі, анызакта, аптаң құмға құйылған тегене судай тегін кетер болса, әсіресе соғыс кезінде, мұнан ауыр күна бәлар ма? Бұдан бір ай бұрын партия мүшелігіне кандидат болып өтіп, алғаш рет ардақты документ алған аудандық комитетке, қазір оны Құлмұқанов ауыр күнамен алып келе жатыр. Колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып отырған Ұлжан, зоотехник Тайбағаровты жактамаса, оның ісін қолдамаса бүйтіп бикұна күйер ме еді?.. Амал қаша, айыпты болып шыкса, онысын жасырып, жер бетінде тірі жүре ала ма, келе жатыр.

Болатов бұларды кезектен тыс қабылдады да, кабинетке кіріп отырысканин кейін:

— Колхоздан қашаш келіп едіңіз, Құлмұқанов жолдас? — деп сұрады.

— Келіп түскеніме жарты-ақ сағаттай уақыт өтті.

— Ендеше еңалдымен сіздің жаңалығыңызды тындастык.

Құлмұқанов орнынан тұрды, кең кабинеттің ортасында түрған ұзын стол жаңына келіп, қолында қағазы болмаса да калтасынан көзілдірігін алғып киді, бурыл шашты бірер сыйраптойтып көйді.

— Осының боларын о бастап сезіп едім,— деп бастады ол.— Япырау, әуре болма деп ағалық ақыл айтып та көрдім, бетбактырмады. Оның үстіне аудан басшыларының бірқатары соның сөзін жактап, өзін даңдайсытып жіберді. Тіпті, қырқ жыл малмен бірге өскен, тәжрибелі шалымыз Есеналының өзі сокыр тәуекелдің соңына еріп кетті. Содан бері, осы жанаңшылсымақ бәрімізді бір такыршаққа отырғызып кете ме деп унемі қадағалап, әрдайым бақылаумен болып келдім... Соның нәтижесінде міне енді, мынадай катастрофаға әкеліп соктырды,— деп ол өзінің жасап әкелген актының мазмұнын қайталады...

— Сонда, бұл колхоздың малын Тайбагаровтың әдісімен асылдандырудары қателіктің негізгі ғылми дәлелі не болып шығады? — деп сұрады Болатов.

— Біріншіден,— деді Қалдыбай,— қандай да болса ғылми бастаманы еңалдымен бірнеше жылдық тәжрибеден өткізіп алмай тұрып ендіріске енгізуге болмайды. Лабораторияда өзінің атын актамаған бастама өндірісті катастрофаға ұшыратады. Ал, «Социализм» колхозының фермасы асыл тұқымды мал өсіру шаруашылығы емес, аудан көлеміндегі ең ірі товарлы ферма. Сондықтан оның өнімі, әсіресе соғыс кезінде ойсыраган олқылыққа ұшырайды, немесе құлдырай барып құрып кетеді. Есіңізде ме, өткен жылдың жазында Тайбагаровтың әрекеті сүт өндіру жоспарына шаш-етектен зиянын тигізіп, кейін қалпына келтіру үшін канша күш жұмсалды. Екіншіден, бұл өнірдің табиғаты Тайбагаровтың әдісімен мал асылдандыруды көтермейді. Жазы-қысы жас төл қырылады да отырады. Мұны, быйылғы төлдің жаппай ауруға шалдығуы айқын дәлелдеп отыр. Үшіншіден, Тайбагаровтың «жаңалық» деп әуреленіп жүрген әдістерін мен де отыз жыл бойы талай рет тәжрибеде қолданып, талай рет сыннан өткізіп келдім. Соның бәрінен ешқандай нәтиже шықпағанын бұл ауданның барлық малшылары біледі,— деп бір токтады ол.

«Осының айтып түрғандарының да жаны бар-ау» деп ойлаған Болатов:

— Ірі қараның күтімін де байқап келген шығарсыз? — деп сұрады.

— Элбетте! Әдейі арнап барған соң, ферма шаруашылығымен түгел таныспай қайтушы ма едім,— деп өзін белсендірек көрсете сөйледі Құлмұқанов. Көк шөп көбінесе кар үстіне шашылатындықтан ірі кара поголовно сарып ауруымен мамырлап қалуы ғажап емес. Сонымен катар бұл фермадағылар соғыс кезінің жауынгерлік міндеттерін мүлдем естен шығарған. Соның салдарынан мал азығы ысрал болып, нормадан тыс төгіліп-шашылып жатыр. Сөйтіп, қыстық шөбін құртып алып, міне мына Қайсарова беті булк етпей аудандық жер бөлімінен шөп сұрап келіп отыры...

— Түсінікті,— деді Болатов оның сөзін бөліп,— сіздіңше, бұл туралы қандай нақтылы шара қолдану қажет деп ойлайсыз?

— Меніңше, еналдымен көріне зыянкестік істеп отырған зоотехник Тайбағаровты орнынан алып, сотка беру керек. Жас төлдерді қабылдау және күту жұмыстарын өткен жылдардағыша жүргізу үшін катаң тәртіп берілуі тиіс. Сонымен катар, қазір бейбіт құрылым дәүіріміз бітті. Ендігі күштің бәрі жауды талқандау ісіне жұмылдырылуы тиіс. Қазіргі максат малды семірту, не оның тұқымын асылдандыру емес, қыстан аман алып шығуғана. Соңықтан сыйыр малына беріліп келген шектен тыс норманы ең кемі елу процент кеміту керек. Бұзауды сүтпен суару әрекетін дерек токтаттырып, сүтті майданға жөнелтіп отыру міндеттелуі тиіс. Әйтпесе бұл колхоз өзінің бар малынан бір айда айрылып қалу тұйығына тіреліп тұр...

Құлмұқанов осы сөзін айтып түрғанда, оған бірнеше жерде сұрақ қоятын реті келсе де, сөзге сараң сабырлы Ұлжан үндемей сазарып отыра берді.

— Бұл туралы сіздің қандай пікіріңіз бар? — деп сұрады, Болатов аудандық жер бөлімі бастығына қарап:

— Мен тіпті, бұл туралы не айтарымды білмей отырмын,— деді ол.— Құлмұқановтың көріп, біліп келіп түрганы айқын факты болғандықтан бұл мәселенің өзін бюорода қарауға тұра келетін шығар деп ойлаймын.

Болатов Ұлжанның аса қыналағып келгенін және мына әңгіменің оған қатты бата бастағанын ажарынан

байқап отырған, бұл оқыйғаға өзінің қалай қарайтынын да олардың ешқайсысына әзір сездірмеген еді. Аздан кейін Ұлжанға жылы жүзімен қарап:

— Сіз не айтқыңыз келеді Қайсарова жоллас,— деді.

Ұлжан қою кірпіктерін жиі-жій қара төмен қарап едәуір іркіліп отырды да, сол қараған нүктесінен көзін аудармай:

— Мен кеше күндізгі сағат он екі шамасында сол фермадан шыққанымда бұл айтылып отырған қауіп онда жоқ еді,— деді ол асықпай.— Қазір мұны мен сіз-бен бірге естіп отырмын. Сондықтан бұл туралы сіз қандай пікір айтсаныз да соған қосыламын Болатов жоллас. Екінші мәселе мал азығы туралы болып отыр ғой. Егер малды тек қыстан аман алғып шығу мақсатын ғана көздейтіп болсақ және жылқы малын тебін жайылысымен шығара алсақ, өзге түліктерге қолда бар жемшөп апрельге дейін жетер де еді. Бірақ, біздің колхозшыларымыздың көздеген мақсаты, Құлмұқанов жоллас қойып отырған көне талаптан едәуір жоғары екені сізге мәлім. Мен бұғын аудандық жер бөліміне осы мұрадымызға жету үшін көмек өтініп келіп едім...

— Бұлда түсінікті,— деді Болатов, Ұлжанның сөзін осымен аяқтатқысы келіп.— Сол мұрадыңызға жету үшін қандай көмек тілейсіз?

— Елу тонна сүр, немесе жыйырма тонна жем.

— Бұныңыз көбірек екен. Аудан қөлеміндегі колхоздардың қайсысында да қазір мұндай запас жоқ,— деп Болатов та аз ойланып қалды.— Хош, мемлекет қорынан карызыға, немесе қаладағы мал азығы заводына заказ қабылдаттық делік. Бірақ қазіргі қалың қардың тар жолына машина тұрғай, пар өгіз сыймайды, қалай тасып ала аласыз?

— Он бес атан-түйеміздің әрқайсысы қыскы жолмен кырқ пұттан жүк тартады.

— Дұрыс есеп,— деді Болатов Ұлжанның бұл жоспарын макұлдап.— Ал, Құлмұқанов жолдастың бұғінгі хабары және оның «Социализм» колхозының сыйыр фермасы туралы пікірі бойынша айттарым мынадай,— деді ол енді аудандық жер бөлімі бастығы мен Қалдыбайға кезек қарап койып.— Аудандық партия комитеті бюросы бұл ферманың келешегі туралы мәселені кезінде қараған. Партия өзінің кабылдаған қаулысын бұзып кері шегінбейді. Зоотехник Тайбағаровтың ісін партия тап-

сырмасы деп түсіну керек. Сондыктан да ол қазір ауырсын үстінде. Егер, жас төлдер жаппай ауруға шалдыкса онын сын үстінде сүрінгені болып шығады. Мұндай жағдайда дереу көмектесу керек. Аудандық мал дәрігерін шұғыл жіберіңіз...

— Құп! Осыдан шығысымен жөнелтейік,— деп қонақ ете түсті Қалдыбай мал дәрігерінің өзін жактайтынына іштей сеніп.

— Құлмұқанов жолdas, сіз бұл ферманың келешегіне соңша сенімсіз карайтын себебіңізді мен әлі ұқпай келемін,— деді Болатов.

— Мен сол ферманың келешегін көксегендіктен өз тәжрибемді айтып отырмын Болатов жоллас.

— Оныңыз рас шығар, бірақ, материалистік ғылым өзіне керек деген тәжрибесін өзі туғызады. Марксизм барлық замандар мен дәуірлерге міндетті түрде колданылатын, өзгермейтін кортындыларды мойындағы. Даму процесін шенберлік бойымен козғалу, тек өткенді ғана қайталау деп түсінбесу керек, ілгерілеу жолымен козғалу, ескі сапа қалпынан жаңа сапа қалпына көшу, жай қалыптан күрделі қалыпка, тәменгіден жоғарғыға көшу деп түсіну керек. Сондыктан, озат ойдаң өрісін тарылтушылық, материалистік ғылымның даму қағида-сына қайшылық болып шығады. Зоотехник Тайбағаров-қа тапсырылып отырған міндет: товарлы ферманың өнімін өсіре отырып, мал тұқымын асылдандыру жұмысын катар жүргізуң ғылми шаралары. Бейбіт құрылыш дәүіріміз біткені рас, бірақ, соғыс советтік құрлыстың салтын бұза алмайды және советтік ғылымның сағын сыңыра алмайды. Қайсарова жолдастың көмек талап етуі ете орынды. Бұл талапты, бес күндік мерзім ішінде орындаш шығатын болыныз...

Қалдыбай: «зыянкестікті көріп, біліп отырып, колхозды апатқа ұшыратамыз ба... облыска жазамын» деп өңештегісі келді де «әзірге жұз жыртыспайын» деген оймен Болатовтың соңғы тапсырмасына да:

— Құп! — деп жауап берді.

Бұл әңгіме бүгінше осылай аяқталып, аудандық жер бөлімінің бастығы мен Қалдыбай шығып кетті де, Ұлжан Болатовтың кабинетінде қалып койды.

Қалдыбай аудандық партия комитетінен шығысымен-ақ аудандық жер бөлімінің мал дәрігері Торсықбайды іздеді. Торсықбай Жөнекеев 1913 жылғы племрассад-

никтен бастап Қалдыбаймен бірге істеп келе жаткан, жасы да үлкен карт дәрігер еді. Бүгінгі оқығаның тағыдаң қортындылап шығудың ендігі тағдыры сол Торсықбайдың колында деп жобалады Қалдыбай. Басында «Қалдыбай» атымды құрытып, қағылып шетке шыға алман... Дәрменім таусылғанша Морган жолынан бұрыла алман» деп тартыска түскен онын ендігі әрекеті «озат ойдың өрісін тарылтушылық, материалистік ғылымның даму қағидасына қайшылық» болып шыққалы тұр. Егер Таутанның ісі дамый беретін болса, мұның социалистік мал шаруашылығына зиянкестігі әшкереленеді. Сондықтан ол Таутанның мал тұқымын асылдандыру әдістеріндең «зиянкестікті» әшкерелеп шығу үшін жанталасты.

Торсықбай үйіне түскі шайға келіп отыр еді, Қалдыбай кіріп келді де, аман-саудан кейін:

— Торсеке, өзіңзге шет-жағасын сездіріп жүруші едім ғой,— деп бастады,— мына «Социализм» колхозындағы бала сіз бен мені тақыршакқа отырғызытын болды... Жана Болатовқа да мәлімдеп шықтым. Сіз барсын деді... Сізben бірге жер бөлімінің тағы бір өкілі және аудандық тергеуші баруы тиіс...

Осылай басталған әнгіме бір сағатқа созылды да, ақырында Торсықбай шұғыл Қайнарға аттанып кететін болды.

\* \* \*

...Құлмұқанов февральдің 21 күні, кешке таман «Қызылжар» колхозынан шығып, «Социализмың» сыйыр фермасына қонаға келген болатын. Ол, Таутанның творчестволық жұмыстарын ауызекі тексеріп, бір мәселені бірнеше сағатқа соза сәйлей ақылгөйсіп отырғанда түн ортасы ауды. Қундізден шаршап жүрген, оның үстіне інірден сол бір Қалдыбайдың әуресімен әбден басы қагжан Таутан жатып үйктап калды. Қалдыбай сыйыркора, бұзауқораларды аралап жүріп келіп таң ата жатты...

Танертең Зылика Таутанды, күнделегі тұратын уақытынан бұрын ояты да, «Тойтарыстың» от-судан кала, жөткіріп ауырып тұрғанын айтты. Жалмажан орнынан тұрып, шала-шарпы киініп, бұзау кораға карай жүгірген Таутаның сонынан іле-шала Қалдыбай да келді, малшылар да жыйыла калды. Құлмұқанов сол мезетте ауру бұзауды қарап шықты да, акт жасап алып ауданға тартты.

Ол кеткенин кейін Таутан өзге бұзаулардың бәрін қарап шығып, солардың ішінен ала-бөле «Тойтарыстың» ауыру себебін таба алмай аса қатты қыйналды. Малшылар оның себебін қораның сұықтығынан көріп іштей қынжылды.

«Әлде інсілдің өзгермесі табиғый нәрсе ме? — деп ойлады Таутан.— Мүмкін емес! Қай жерде, қандай жағдайда дүниеге келген, қандай болмасын жәндіктің жаратылысы сол ортасына бейім өсуі табиғи нәрсе...» Тимирязев Академиясын бітіріп шыққанға шейін жыл сайын қыс ішінде Костромаға барып қайтып жүрмесе, жыл сайынғы жазғы демалысын «Караваево» совхозында өткізбесе, бұл товарлы фермада мал тұқымын асылдандырудың мұндай әдістерін қолданарма еді?.. Кострома облысының табиғаты мен Сүттігендінің қысы-жазында ешқандай айырмашылық жоқ. Ендеше сол «Караваево» совхозында өскен асыл сыйырды «Социализм» колхозында, сол әдіспен өсіруге неге болмайды?..

Таутан қысықтау келген кой көзінің кірпіктері қағылмастан, карашығы сол бір «Тойтарыска» тесіле қарап қалшыйып тұрып қалды. Оның бұл тұрысы теңіз түбіне үңіліп, іздегенін таба алмай, тарықкан тәрізденді.

— Мұны енді сыйыр бұзаулайтын бөлмеге алып жүріндер — деп бұзау корадан шыға бастамақ болған оның орта бойлы арықшалау келген жеңіл денесі өзінен уш есе зор жүк көтеріп тұрғандай ауырлады.

— Бұзау қораны жылтысқаң қайтер еді Таутан? — деп сұрады бір малыш.

— Сөйтілік, жылтыталық, енді өзгелерін қырып алып масқара болармыз, — десіп басқалары да шу ете қалды.

— Асыл тұқымды мал өсіру ісінің жауапкершілігі алдымен менің мойнымда болатын болса, — деді Таутан даусы дірілдеп, — мен бұл қораны жылтытуға рұқсат етпеймін.

• Бір сыйырдың жас төлі үшін ойшыл Таутан мен озат малшылар өзара ренжісер болса құлмуқановтың көктен ізден жүрген жанжалы жерден табыла қалар еді. Ол енді ауылшаруашылық артелінің үлгілі уставына арқа сүйеп колхозшылар арасында даурығар еді. Бірақ, осы мезеттегі істің тағдырын, төл күтуші Шарипа шешті.

Бұзаудың ауыру себебін іштей біліп, сол себепке өзі кіналы болғандықтан, айыбын ашып айта коюға жасқанған Шарипа бұдан былай төзіп тұра алмады.

— Бұған кіналы мени,— деп жылап қоя берді ол.  
Таутан да, өзге малышылар да оған жалт қарады.  
— Айт шынынды! — деп ақырды бір малшы.  
— Түнде екі бәлменің ортасындағы есік,— деді Шарипа солқылдай жылап,— ашық түр-рып...  
— Екі бәлменің де форточкалары ашық па еді? —  
деп сұрады Таутан.

— Ашылып қа-лып-ты...  
— «Тойтарыс» бос жүріп пе?  
— И-и-е.  
— Сквозняк! — деді Таутан жадырап.

Бұл хабарды сол күні Қайнарда отырып бір катынауышыдан естіген Есеналы «құтты қонақ қонған күні қойегіз туар еді» деді мақалдап.

## 2

Бұл өнірде февраль, март айлары үнемі сакыйған сары аязы жібімейтін жылдар жиі болып тұрады. Жергілікті халық мұндай айлардың күндізін — «саран сары карт аяз», түнін — «шагырмақ жұллызы шарт аяз» деп атайды. Суыктың каттылығынан өзендер мен көлдер мұзы айқыш-үйкыш жарылып жатады. Шидіп басын қыймыллатпай баяу ессе де, теріскейден телміре сұстанып тұрып алатын суық жел адам бетін әп-сәтте карып добықтыра кояды. Дағаның калың кары сарқайрактана каталы да, жылқылан басқаға мынқ етпейлі. Осы аяздың зарлабынан апрельдің алғашкы жартысында мұз ерімей, ерісе тоң жібімей жатады. Осындай «карт аяз» бен «шарт аяз» косарлана сазарып тұрып алған жыллары жергілікті аламдар «қыс ұзакка созылады» деп топшылайды.

«Карт аяздың» каттылығы ферма малының құнарлы азық корын күлліраратып барады. Ұлжанның екі күн ішінде қайтып оралмак болып аттанғанына бүгін үшінші күн, әлі жоқ. Қазір ферма менгерүшісі Зылика баскарған, бір топ машины әйелдер танертенгі аязben арпалыса кыймылдап, малға кар үстіне шөп шашып жатыр.

Зылика өзінің ері Ержаниң майданда қаһармандықпен каза тағқапын жұырдаған естіген. Содан бері ол түйік, зілді Зылика бола бастаған еді. Ал, мына көз алдындағы қызу кыймыл оны кайта жалыратып, бұрынғы аккөніл, ашық Зылика калпына түсірді. Оның көз алдына урыска түскен Ержаниң ерлік істері елестеп тұрған тәрізденді.

Шынында да кірпіктері қырауыта, беттері қызара қыймылдаған қыз-келіншектерлің темір айырды шөпке пырс-пыре түйрегені майданды жауынгерлердің, ұрыс үстінде жауға мылтық штыгін сұккылаганы сықылды еді. Шөмелейдегі шөпті бастан асыра көтеріп ба-ра жатқандар, артиллерия жәшікінілері сыйакты. Көтепілген шөптің кар үстіне гүре ете түсіп шашылғаны, сол жәшіктегі снарядтардың зенбіректен атылып барып түс-кен жерінде жарылғанына ұксайды. Қолемі кішірек болғанмен өте бійк үйлген маяның ық жак мандайша-сынан төменге шөп тастан түрған екі қыздың әрекеті, бомбавоз ұшқыштарының нысанан үстіндегі қыймылын-дай дерлік. Қолма-кол шайқаска түскенде жау жүргегіне штық түйрекен жауынгерді, зенбіректен снаряд аткан артиллеристы, көктен бомба тастанған ұшқышты Зылика көрген жок. Қөрмесе де солай болар-ау деп жорамал-дайтын. «Осынау малшылар қыймылының, ұрыстағы жауынгер кайратынан кай жері кем?» деп ойлаған оның көз алдына өңшең қызылқурен семіз сыйырлардың, казір осы көк шөпке келе жабыла қалары елестеп, қыялды қыйырға қанат қағып, көнілі келдей шалқып түр еді. Бірақ, мая төбесіндегі екі қыздың бірі оның көз алдын көлгейлей келіп тұра калғандай ойын бөліп жіберді.

— Шамаласақ деп едім осы,— деді ол қыз, мандай терін женімен сұртіп.

— Шамаң жетпей шаршап қалдың ба? — деп сұрады Зылика.

— Тәулік бойы тастан берсем де талмас едім-ау, бірақ, мына «сараң сарының» салқын желі «жетер!» деп сыйырлап түр емес пе құлағыма...

Осы мезетте мая төбесінде түрған екінші қыз Қайнар жақтағы қырдан төмен түсіп келе жатқан екі ат-шанаалыны көрді де, алдыңғысы Ұлжаның көк аты екенін танып «Орынбасар бір топ конак бастап әкеle жатыр» деп хабарлады. Сол келе жатқан «қонақтардың» кімдер екені әлі бимәлім бола тұрса да қыз-келіншектер едәуір абыржый қалысты. Зылика қорадағы сыйырлардың сыртқа шығарылуын талап етті.

Ат-шанаалылар келіп тоқтағанда сыйырлың бәрі қорадан шығарылып үлгерілді. Келгендер: аудандық мал дәрігері Торсықбай Жөнекеев, аудандық жер бөлімінің нұсқаушысы Ізбасаров, аудандық тергеуші Айдарханов

және өзіміздің Ұлжан екен. Олар шанадан түсісімен көк шөпке жабылған көп сыйырды аралай бастады. Мал басында Зылиқа барын көрген Ұлжан, дереу бұзау кораға қарай кетті. Ажары мына «Сараң сарының» сұғындаидай ызғарлы, қарт дәрігер Торсықбай сыйырлардың әрқайсысына сын көзін қадай қарап келеді. Избасаров пен Айдархановтың аңдығаны дәрігердің қабағы. Бірақ, Торсықбайдың көзіне «осы қалай?» күдігі елестей қоймады. Келгендердің кандай сұрағы болса да жауапқа әзір Зылиқа тіл қатпастан қонақтарымен бірге еріп келеді. Қөп сыйыр қорадан таңтертеңгі шөп нормасы толық салынып болмай шығарылғандықтан малшылар әлі өз жұмыстарымен шұғылданып жатыр еді. Торсықбай бірінші сұракты сол малшылардың біріне қойды.

— Мына сұық мал-жанға қатаңдау тиіп тұрған жок на? — деді ол.

— Бұл ферманың малы да, жаны да қыстың сұығына қысыла қоймайды,— деп күшейді малшы.

— Малшы жылы киінген делік, мал қалай төзе алады? — деді дәрігер, малшыны сөйлеткісі келіп.

— «Семіздің аяғы сегіз» дейді ғой халық, сегіз аякты семіздік тәрт аяктыны тоңдыра қоя ма,— деп қулана жауап қайырды малшы.

— Қаша болмасын қалың маймен қанталған жаңуардың танауы тесік болған соң, өкпесі жалаңаш емес пе?

— Сіз, осы өңірдің қысын неше күн деп есептейсіз? — деп карсы сұрақ қойды малшы.

Торсықбай бұл малшының сөзуар ілікшілдігіне таңырқаған пішінмен іркіле жауап берді:

— Мәселен жұз сексен делік.

— Жұз сексен күнде бір сыйыр тәрт жұз пұт көк шөп, мың пұт сүр, жұз пұт жем жейтін болғандықтан,— деді ол малын қалай семіртіп тұрғанын көрсету мақсатымен,— сол сыйырдың өкпесі де темірге теңеледі екен.

Торсықбай басын шайқай жымыйды да, енді қораларға қарай аяндай бастады.

— Сіз қалай ойлайсыз, аналар тоңып секіреме, тойып секіреме, қараңызы,— деді әлгі малшы дәрігермен қатарласа бере суат жақтан шапқылап келе жатқан бір топ сыйырды көрсетіп.

Сыйырдың жаз ыстықта оқырадан кашып құйры-

ғын көтере шапқылағаның, қыс сұыкта суаттан қайтып келе жатып төрт аяғын баурына жыя бүрсендей жортқанын көп көрген Торсықбай, мыналардың үріккен малдай одағайланған шашырай шапқанына қарап:

— Тойып секіреді білем,— деді.

Малшы тағы бірдеңе дегісі келіп еді, оны Зылиқа арқасынан тұртіп кейін қалдырып койды.

Зоотехник Таутан Тайбағаров бұлардың алдынан шығып амандасты.

— Алдымен бұзау кораны көретін шығарсыздар?

— Іздеп келе жатқанымыздың өзі сол қораңыз,— деді Торсықбай.

Асты-усті тактайлы, қабырғалары аппак сыланған, еденіне қалың етіп құрғақ салом тәсселген бұзау корада өншен бір түстес, тұлғалы бұзаулар, оттығына салынған көк шөпті пырт-пырт жеп тұр екен. Эр бұзаудың бастары аппақ күмістей де, өзге түсі қырмызы қызыл макпалдай. Олардың осындай тұлғасын, терезелерден жайнаған күн шүғласы құбылтып, көркейте көрсетіп тұр. Босағадағы термометрдің сынабы нольден төмен түсіп 12-ге тіреліпті. Бірақ, оның канша төмендегенін елеп тұрған ешбір бұзау байқалмайды. Бұл кораның іші, сырттағы сыйырлар ішінен келіп тұрғандарға одан да көңілдірек көрінді.

— Бұл өлкедегі сыйыр малының бұрын-соңды болып көрмеген нәсіліне ата-аналар осылар,— деді Ұлжан.

Әр бұзаудың тұсына жазылған оның атын, туған күнін, салмағын оқып, сол бұзаудың тұлғасына қарап, ірілігіне көнілі толып тұрған Торсықбай:

— Я, айтканыңа тұрарлық екен,— деді.

Бірақ, бұзау корада «Тойтарыстың» орны бос тұрған болатын. Соны байқай қойған Айдарханов:

— Мына бір бұзаудың осы дүниеде орны қалыпты, өзі қай дүниеде екен? — деді.

— Өзі де осы дүниеде, нағыз асылдардың атасы соның өзі,— деді Таутан...

Ферма қонактары бұдан шыққаннан кейін сыйыр бұзаулайтын бөлмеге еніп еді, бұл да жанағы бұзау кора сияқты екен. Тек одан айырмашылығы мұндағы температура нольден 3-ақ градус төмен. Мұнда жанағы бұзаулардан анағурлым ірі, әукесі салбыраған, ак басының түгі бүйра, шүйдесі шығынды бір семіз бұзауды Шарипа сүтпен суарып тұр екен. «Тойтарыс» осы бұзау

еді. Ол сау етіп кіріп келген бір топ битаныс адамдарға карап өкіріп, басын бір бұлгап койды.

— Құлмұқанов жолдастың үстінен арыз айтып тұр,— деп күлді Таутан.

Келгендердің көзінше жуан бір шелек сүтті сіміріп алған «Тойтарыстың» енді ешкімге алацы болған жок, жемге тұмсығын көме бастады.

### 3

Танертең келген ферма қонактары күн кешке айнала аттанды. Торсықбай бұл фермадан ветеринарияға төніп тұрган қауіп-катер таба алмай кетті. Ал, Ізбасаров пен Айдархановтың мұнда не үшін келгенін фермадағылар да, бірге келген Ұлжан да біле алмады.

Қонактары жөнеліп қеткеннен кейін ферма менгерушісі өз үйінде бүгін бір қуаныш кешін өткізгісі келді. Өйткені «сарап сарының» сазара түсуі, жемшөптің тапшылануы, төлбасы бұзаудың сквозняк соғып ауруы сыйкты жайттар,— фермадан ауданға, ауданин фермаға адамдар шапқылата тұrsa да, сонын бәрі бүгін өзінің женісімен тынғандай қуанышы қойнына сыймады. Баскасы өз алдына, жыйырма тонна жемінің өзі зор табыс. Жалғыз Зылиқаның ғана емес, малшылардың бәрінің көз алдына ферманың жаркын келешегі елестеді. Олардың Таутанға деген сенімі, сүйіспенишілігі күшіне түсті.

Ұлжанның қырдагы мекені жылқы фермасының басында болатын. Ол күндіз кой, немесе сыйыр фермаларын аралап жүріп, кешке Тұлпарлыға келіп қонатын. Бірқатар малиналар қыздың қыс ішінде қоска қонып жүргеніне жаны ашып: «Қыйын ғой, бірақ амалы нешік? — десе-тін.— Мың жылқының айдалада, жадағай жайлауда жатуынан бетер қауіп бар ма».

Бүгін де сол жылқы фермасына жетіп қонбакшы болған Ұлжанды Зылиқа жібергісі келмеді. Атасының сырын жақсы білетін ол, Есеналының Тұлпарлыдағы жылқыны Қайнардан қадағалап көріп отырғанын, егер айды бұлт торласа Қасқырқараға міне жортатынын ескертіп жік-жапар болды. Киініп алса да, іштей кеткісі келмей тұрган Ұлжан бүгін сыйыр фермасында қонып калуға көнді.

Таутаның негізгі мекені осы ферма, жататын үй Зылиқанікі. Бұл үйде оның бір кіслік темір кроваты тұр. Бірақ, сол кроватька түскі астан кейінгі бір сағат-

тың тыныс уақытында болмаса сирек жатады. Тұнімен өзінің зоотехникалық лабораториясында отырып әбден шаршаған сағаттарында сондағы жұмсақ диванға жата кетіп үйкәп қалып жүр.

Імырт жабыла мал жайғалғаннан кейін Зыликаның кіне шақырылған актив қыз-келіншектер жыйыла бастады. Самаурын қайнап, ас әзірленіп жатыр. Зылиқа мұндай жыйының боларын күндіз Таутанға айткан жоқ еді. Сондықтан өзі шакырылмаган үй-ішілік сауық-кешке келгісі келмей отыр ма, әлде бір қауырт жұмыспен шұғылданып жатыр ма,— әйтеуір оның күндейгі кешкі асқа келетін уақыты өтіп кетті.

Таутанның уақытында келмегенін Зылиқа «жұмыстан қолы босамай жатырға» жорығанмен Ұлжан жүргегі едәуір қобалжай бастады. Сонда да ішкі сырын ешкімге сездіргісі келмеді. Біраздан кейін Зылиқа, қыздардың бірін Таутанды шакырып келуге жұмсады. Ол қыз барып келіп «қазір келеді» дегенде, бір ғана Ұлжан емес, өзге қыздардың да жүздері нұрлана түсті. Бір қызың қалта-сынан кішкене кол айнасы суырыла калды. Енді біреуі, баскаларына байқатпаған болып өз жанынан бір кіслік орын калдыра ығысып отырды.

Таутан келгенде үйде отыргандардың бәрі ығысып, оған әркім өз жанынан орын ұсынысты, Ұлжан козғалған жоқ. Әлдекашан әзір болып, оның келуін күтіп тұрган шай жасалып, дастархан тағамға толды. Зылиқа өзінің сандығында көптен бері сақталған бір шөлмекті шығарды.

Содан былайғы конакасы, әзіл-ойын, патефон, домбыра, кезектесе шырқалатын ән, тағы басқа да сауық дәстүрі туралы баяндай бермей-ак, бұл тараудағы тақырыпты бүгінше осымен доғара тұрайық.

Сонымен бұл сауық кешін аяқталды делік. Бірақ, қазіргі «шагырмак жұлдыз шарт аяз», танктың бронындағы мұз жамылып жатқан өзен, сақал-шашы аппак ашулы қарттай орман, кай жасымызды маңайла-рына жолатады? Егер, сіз қазір Таутанның орында болсаңыз жатқан үйізге Ұлжан конып отыргандықтан лабораториядагы диванға барып жата калудаи басқа амалыңыз қашша? Таутан да солай істеді. Бірақ, күнде осы уақытта жата калғанда үйктай кететін ол, бүгін көзі ілінбей койды. Жұп-жұмсақ диван үстінде таң сәріне дейін талай рет аударыла төңбекшумен жатты.

## **БЕСІНШІ ТАРАУ**

### **1**

Мария басқарған бригада көктем егісіне шыққанда Сарқыт оның қарауындағы соқашылардың бірі болып аттанды. Мұны әркім әртүрлі сакқа жүгірте жорамалда-ды. Кейбіреулер: «Сарқытты бригадасына шығарып алған Марияның өзі» десе, енді біреулер: «жоқ олай емес, Марияның маңынан шыккысы келмей жүрген Сарқыт» — десті. Өйткені, өткен жылғы белсенді бригадирдің, быйылғы көктемде соқашы бола қалуы көңілге қонымсызыдау көрінді.

Шынында да бригадирліктен бастартып, қатардағы колхозшы болуды қалаған Сарқыттың өзі еді. Ал, оның огородтан дәнді егіс бригадасына ауысуына себепші Мария.

Софыстың алдындаған «Смена» журналы биологияғы ғылымындағы екі бағытты: ескілік пен жаңалық арасындағы арпалыс туралы жазған болатын. Соғыс кезінде, жаңалық жағындағы биологтер өкілі Таутан Тайбағаров сол күресті осы колхоздың өзінде жүргізіп жатыр. Соғыспен қоса жүріп жаткан бұл ғылыми шайқастың жаңалық жағының жеңісі Ұлы Отан соғысының жеңісіне де едәур әсерін тигізуі тиіс. Агроном болмаса да агробиология ғылымының арнасы құйылатын дарияны белден кешіп жүрген Мария бұл арпалыска да араласпай кала алмады. Ол быйылғы февраль айында өзгенін ойында жоқ бір жаңалықтың идеясын тапты. Бірақ, «көңілдегі көрікті ойдың, ауыздан шыққанда өні қашатыны» сыйкты, оймен тапкан идеяның жүзеге асуы оның табылуынан онай болмады.

Мария өзінің бұл табысы туралы еңалдымен өз әке-сіне баяндап еді. Бұрын мұндай жаңалыққа жаңы күмар Дмитрий Андреевич қызының пікіріне қосылмады да, карсы да болмады,— «председателіңе айтып көр» деп битараптана қалды.

Есеналы да естіген бойда Марияның ыркымен ыға коймады. Бұл ұсынысты қабылдау үшін ол әуелі өзінің ең сенімді ақылшысымен кенесіп алуды керек. Бірак, бұрын Есеналы ақыл сұраса актарыла бастайтын Дмитрий Андреевич, бұл жолы оған да тұжырымды пікір айта алмады. Өйткені, қызының идеясынан кандай нәтиже шығарына оның әлі өз көзі жеткен жок.

Мариянің пікірі быйылғы қектемде картоптың өзін емес, «көзін»<sup>1</sup> егу арқылы тұқымға ариалған жүздеген пүт картопты жерге көмбей адам азығына айналдыру еді.

Мактым Есенова бұл идеяны батыл қуаттагысы келіп, әуелі колхоз председателімен ақылдасып көріл еді, ол қынырая түсті.

— Мактым шырағым, осының өзі маған түсте көрген оқыйғадай болып тұр,— деді ол.— Метрейдің қырық жылдық егіншілік тарихында болып көрмеген...

— Міне, міне, мәселенің мағанасының өзі осында болып отыр,— деді Мактым Есеналының сезін аяқтаптай ақ үріп.— Мәселенің бағалы мағанасы, Дмитрий Андреевичтің қырық жыл бойы шыға алмаган биігінен, оның туған қызы бір жылда асып түсінде болып отыр. Соның нәтижесінде жүздеген гектар жер тұқыммен, жүздеген адам азықпен камтамасыз етілмек.

— Соның нәтижесі күздің күні гектарды мың пүттан айрып, колхозды құралақан калдырса кайттік?

— Мүмкін оның гектары мың жарым пүт өнім берер, тіпті одан да артық өнүі ғажап емес. Өйткені Мария бастамасының біркелкі тәжрибесі осыны байқатады. Оның үстіне, бұл әдісті ертең аудан көлемі қолданса, сіз басқарған колхоз иғіліктің қайнар бұлагы болып шығадығой,— деп әлі өз көзі жетпеген келешекке Есеналыны жетеледі ол.

— Тұбінде не боларына көз жетпеген қылдың өзі тेңрек теңізben тең, оған батып кету ғажап емес, өтіп шығу неғайбіл...

— Есеке, сіз бұл мақалыңызды бүгін бұрмалап отырысыз,— деді Мактым оны өз сезімін ұтқысы келіп,— «Уайым тубі теңіз — батасын да кетесін, тәуекел тубі кеме — мінесін де өтесін» деуші едіңіз гой.

— Соқыр тәуекел бар да, пар тәуекел бар. Соңғысы-

<sup>1</sup> Бұл өнірдегі огородшылар картоптың сабак өсіретін жағындағы кішкене шүніректерін «көзі» дейді.

ның көзі қырагы. Сондыктан, огородшылар да, участкалық агроном да нар тәуекел кемесіне міне алмай отыр,— деді Есеналы сөзін тұжырып.

Бұл жолы Есеналыны ырыққа көндіру мақсатынан бұрыла тұрғысы келген Мақтым:

— Кейін өкінбейтін болып, әлі де ойланып көріңіз,— деп шығарып салма сөзben корытты.

Мақтым огородшылар мен участкалық агрономның бұл жағалықты қолдай қоюға батылдары бармағанын біліп отыр. Жалпы жыйылыс шақыртып Марияға баянда ма жасатудан қандай нәтиже шығары тағы белгісіз. Өйткені, Марияның қолында картоптың «көзін» егуден шығып тұрған көрнекті дәлел жоққа тән. Сондыктан оның ұсынысы колхозшылар үшін, Есеналы айтқан «сокыр тәуекел» болып шыға келеді. Асыл ойдың табысы аса бағалы болғанмен, әлі құмынаи айырылып алынбаған алтын сияқты. Қайту керек?

Марияның идеясы аса бағалы бола тұрса да, агрономдық істің жайын жақсы білмейтін Мақтым, оны батыл жактап шығуға шамасы жетінкіремей қатты қыйналды. Бұл қыйыншылық та оның Ербөлегін елестетіп, сағынышын күшайте түсті. Тәжрибелі коммунист, көреген агроном «Ербөлек Есенов колхозда отырса, мұндай идеяның қалай жүзеге асырыларын үзілді-кесілді дәлелдеп бермеспе еді?» деп ойлады ол. Амал нешік? Агроном болмаса да, агробиологиялық істің бағалы идеясы туып отырған сон, оны жүзеге асыру ісін басқара білуі тиіс. Қайткенде де, Мария өзінің бастаған ісін көктемгі егіске дейін аяқтап шығуы керек. Сол үшін оған барлық жағынан жағдай жасалып, барлық жағынан мүмкіншілік тұғызу тиіс. Осы мақсатын жүзеге асыру үшін Мақтым өзінің блокнотына былай деп жазды: «Кезектен тыс партия жыйылысы... Үгітшілер коллективіне нұськау... Агробиологиялық үйірме... Академик Лысенкоға хат...»

Мария кешірек қалғаны болмаса, істі бастаған болатын. Басталған істі оның өз үйіндегі бөлмесіне еніп отырып көреік. Терезе алдындағы бұрынғы жазу столының үстінен, соның кеңдігімен бірдей жәшік орнатылған. Ішіне Қаймақты алабының топырагы толтырылған. Оны огордо бригадасының тыңдайтыштарымен өңдел коректендірген. Бөлмедегі жарық, жылыштық, ауа тазалығы — жаз жаратылысына тенелген. Бидайдың, сұлышың, арпаңың тарының әр сорттары егілген құмыралар, көптеген

аркасыз орындықтар үстіне қаз-катар қойылған. Қабырғаларға әртүрлі өсімдіктердің плакаттары, барометр, термометрлер ілінген. Аспалы абажурлы электр шамы бесжұздік. Кроваттың бас жағындағы этажерка толы кітаптардың барлығы дерлік агробиология туралы. Егер сол төсегі әдемі жыйылған кровать тұрмаса бұл бөлмені кіші-гірім агролаборатория үйі деуге болар еді.

Міне, осы бөлмедегі ана стол үстінде тұрған жәшіктің жаңа егін жапырагын қылтитқанына бір жетідей-ақ уақыт өтті. Бұл жәшіктің бір жағына картоптың өзі, екінші жағына «көзі» егілген, екеуі бірдей көктеді. Марияның көзіне үміт шырағы болып жылтырап тұрған осы жапырактар. Ал, оның дәні қандай болары әлі жұмбак. Февраль күндері зымырап өтіп барады. Әзірге жапырағын ғана көрсетіп өзі тамыр түбінде, топырақ астында жатқан нәрестедей нәсілдің егіске дейін өсіп жетілер, жетілмесі де түпсіз тұңғыйык.

Оның үстінде Марияның өз бастамасы, өзін жүртшылық алдында ауыр сынға да түсірді. Оның идеясы өз бөлмесінде бүркеніп жата алмай ауданның барлық колхоздарына әртүрлі лақап болып тарап кетті. Біреулер,— «Социализм» колхозы картоптың қабығын екпек болып, тұқымын қазанға тоғытыпты» десе, екінші біреулер «бригадир Колосова картоптың тұқымдық жаңа сортын өсіріпті, гектарынан отыз тонна өнетін болса керек»— десті. Содан кейін аудан көлеміндегі колхоздардың көптеген огородшыларынан Мария адресіне күн сайын ондаган хат келе бастады. Бұл хаттарға қалай деп жауап берерін біле алмай торықкан Марияның тынысын көңейткен, оның өзі жазған бір хаты бойынша алынған жауап еді.

Адам баласының, әсіресе қыздың катты қуанғаны қандай тамаша! Сол жауап хатты оқып тұрған осы үш минутта оның дидары екінші, үшінші түрлі Мария сыйпатын көрсетіп өзгере берді. Ақсары ажары күп-күрең болып құлпыра түсті. Құлпырған ажарына, подкружок қыйылған ак шашы,— күміс зерлі шоктай жаасты. Адам баласының көзі ренішке де, қуанышка да ортақ кой. Марияның шешесіне тартқан, қарақаттай кішкене дөңгелек көзі құлімдеп тұрса да кірпігінде ілініп тұрған-дай кішкене ак моншақ мөлдірей қалды. Ол хатты көзбен оқып отыrsa да, қаймактай жұқа ғана қызыл ерің анда-санда өздігінен қыймылдан, сол қыймылды жазып

көйіп тұрған тәріздене қағылды қаламкас. Орынан үшіп тұра келгенде, орта бойлыдан жоғарырақ сұнғак денесі жеп-женіл көтеріліп үшіп бара жатқандай болды.

— Трофим Денисович! — деп дауыстады ол хатты екі алақаныммен жүргегіне басып тұрып. Сы мезетте ол осы атаған адамын құшактап тұрғанға ұксады. Хат былай жазылған екен:

### «Кымбатты Мария.

Сен қазір, Тимирязев академиясының колхоз дала-сындағы факультетін оқып, өмірдің өзінен туған талантты агробиологсын.

Ал, орта біліміңе өкпелеп тартына тайсалдауың — корқактығың... Соғыс біткен соң жоғары дәрежелі білімге де колың жетеді; институт, университет, ауылшаруашылық академия,—бәрі саған есік ашады. Қайсысын бітірем десең де, өзім көмектесуге уәде берейін, макұл ма? Әзірge осынай келісейік! Оған шейін мынадай бір мысал катерінде жүрсін: қарапайым колхозшы Терентий Семенович Малыцев Орал аржағының агротехникасын жақадан жасады. Ешқандай мектеп бітірмеген егінші шаруа Терентий Семенович, В. И. Ленин атындағы Бұқілодактық ауылшаруашылық Фылым Академиясының мүше-корреспондентіне ұсынылып отыр. Оны өсірген Дарвиннің, Тимирязевтің, Мичуриннің еңбектері. Сен де сүйт. Иван Владимирович Мичуринді оқып үйрене бер. Қазақстан ғалымы, менің досым Қәрім Мыңбаевпен тығыз байланыс жаса.

Менің халыққа таратылғалы жатқан брошурамның қысқаша мазмұнын сен хатыңа жазыпсың да, кеңес сұрапсың. Сұрағыңа жауап ретінде соның бір данасын, жаңа ғана баспаҳанадан алдырып, еңалдымен саған жіберіп отырмын. Соған қосымша мынаны ескер: картон негұрлым ірі болса, оның тұқымдық қуаты, әдетте егіліп келген ұсағынан бірнеше есе күшті болады. Оның осы қуатынаң, өзің атап отырған «көзі» арқылы болашақ нәсілі нәр алып, өзіндегі тұлғалы үрпактары өрбиді. Сол үрпактар өсіп жетілгенше анасы адамдарды асырайды... Егер, сен оны февральдың басында еккен болсан, Ертіс бойының огородшылары тұқым сенкенше өз тәжрибеннен де біргелкі корытынды шығып қалуы мүмкін.

Сен гордейформадан да өнімдірек бидай тұқымының жаңа сортын сұраған екенсін. Жаналығымыз көп. Мәс-

лән: бұтакты билдай дейтінімізді сен егін егетін атыраптың жері мен жаратылысы қалай қабылдарын сынаңқырағанин кейін жіберермін. «Бірнеше мың километр қашық отырып Қайнар жаратылысын қалай сынай алады екен?» деп жүрме. Біз жаратылысты өз қолымыздан жаңартамыз. Соғыс біткен соң бәріміз күш косып бүкіл еліміздің жаратылысын жаңадан жасаймыз.

Ісінің табысты болуына тілектеспін Мария. «Социализм» колхозшылары менің туыскандық сәлемінді қабылдауын өтінемін!

*T. D. Лысенко.*

Ертегіне-ак карапайым колхоз қызы академикпен үнкосты деген хабар аудан көлемінен алыска тарап кетті. Мария өзінің ойлаған идеясын енді газеттен оқып, радиодан естітін болды. Оның адресіне келетін хаттар бұрынғыдан да көбейе түсті...

Міне, Сарқыттың соқашылыққа шығуына себепші болған Марияның осы бастамасы еді. Өйткені осы бастаманың алғашкы идеясы құлағына түрлідей тиген Қалдыйбай Құлмұқанов «жоғарылатқалы» жүрген Сарқытты соран қарсы қоюға тырысып бақсан болатын-ды. Әйтпесе бұл да агробиологияның осы өнірде бұрын болып көрменген жаңалығы бол жарқ ете қалған күнде морганизм соққы жейді. Бұл да Таутаң жүргізіп жаткан ғылыми жұмыстың егіншілік кәсіпке де тигізіп отырған әсері. Марияға ой салып отырған Таутан. Мұның нәтижесі де Таутан басқарған мал түкімьын асылдандыру жұмысының келешегін көрсететін іс жүзіндегі куәлік болып шыға келеді.

— Егер картоптың «көзін» егуден бағалы нәтиже шығатын болса,— деді ол Сарқытқа жаңы ашығансып,— сен құрылдың. Огород бригадирі болып отырып өзің таба алмаған жаңалықты өзге біреу тауып берсе сен беделден жүрдай боласын. «Әзір астың аяқ босатары» атанасын. Егер сол бастамадан нәтиже шықпай, күздің күні колхоз картопсыз қалған жағдайда да сен кіналы. Аузыңа түскенді талғамай жұтқан... арам тер бригадир боласың. Әсіресе, Отан соғысының жеңісіне косқан үлесің болмай, бүкіл бригаданмен «масылдар» атанасың. Сондықтан қазір қызырайып отырған Есеналының ыңғайымен ық. Бұл идеяға колхоз огородшыларының бәрін қарсы қой...

Морганизм бар денесін улан алған зымыян Қалды-

байдың түпкі максатын түсінбей қалған Сарқыт, Марияға сездірмей жүріп оның бастамасына барлық огородшыны қарсы қоюға тырысқан болатын-ды. Колхозға Лысенконың хаты келгеннен кейін де, ол Марияға сездірмей, Есеналыны азғырам деп оның сенімінен айырылып қалды. Картоптың «көзін» егуге қарсы Сарқыт оны еккен күнде де нәтиже шығармайды деп шүбәләнді Есеналы. Сондыктан ол Сарқытты орнынан босатып, бригадирлік Сейтеннің әйелі Қадишианы тағайындағы.

Сөйтіп, былтырғы бригадир Сарқыт кеше танертең Қаймақтыға катардағы егіншілердің бірі — тіркемеші болып шығып еді, бұғын сәскеде оның «тамыры» Қалдыбай Құлмұқанов мұнда едәуір «жоғарылап» келді.

...Қалдыбайдың февраль айындағы Таутанға қарсы әрекеті іске аспай шыққанын біліп отырсыз. Ол содан кейін аудан басшылары алдында Таутанға болысып жүрген адам сыйктаңды да, іштей оның жолына құратын тұзак іздеп сандалып келді. Жуырда аудандық жер бөлімінің бастығы науқастанын қалып, Қалдыбайға уақытша жер бөлімін басқара тұруға тұра келді. Уақытша болса да бастықтың орында отырған соң аудан бойынша кеше ғана басталған қөктемігі егістің барысын көріп, «нактылы басшылық» еткісі келді. Екі торы атты пар жектіріп, қабыргадағы аттың басын тұқырта қырын қаратып байлattты. Аудан орталығынан аттанғандағы бағыты «Қызылжар» бола тұрса да, тұсина келгенде Қаймақтыға бұрылды. Бұрылар жерде делбешіге, дертедегі торыны бар желісіне жіберіп, қабыргадағыны шаптырып отыр деп бұйырды.

## 2

Март айының бас шенінде Қалдыбайдың колхоздағы қолшоқпary Сарқыт, бір жұмысты сылтауратып ауданға барып қайткан еді. Сол баруында Қалдыбайдың пәтерінде отырып:

- Жоламанов пен Колосов қырғый қабак, араз,— деді.
- Себебі не? — деп шұқшыя түсті Қалдыбай.
- Себебі,— колхоздың есебі бойынша жасалған тексеру комиссиясының кортындысы.
- Онда не туралы жазылған?

— Колхоздың бөлінбейтін қоры туралы Жоламанов Уставты бұзып отыр.

— О-һо-о, председатель болуыма есік пен төрдей-ақ калды десейнің ендеше,— деп Сарқыттың дәмесін зорайта түсті Қалдыбай.— Ендеше сол араздықты қоздыра түс. Колосовтың өзін де, қызын да Жоламановка карсы қоя біл. Олармен ерегісетін болса Жоламановты мертіктіру оңай шаруа. Бұл мұрадына жету үшін колхозшылар арасында ашық ауыздары болса, оны да пайдалан.

— Осы бықсықты өзім де үргілеп келіп отырмын.

— Жарайды, жігіт екенсін, сүйте бер. Есеналыны председательдікten тайдыра алатын болсан, аудандық жер бөлімі сенің кандидатуранды жақтайды. Содан кейін Таїбагаровтың күні бір уыс... Бұл да есінде болсын...

Сарқыттың Колосов пен Жоламановты араз деп баяндауында мынадай мәніс бар:

Колхоздың бөлінбейтін кор дейтін қоры, сол колхоздың қогамдық шаруашылығының өсіп, нығаюына негіз болып табылатыны жүртка мәлім. Осы қордың қаражаты жұмыс көлігің, өнім малын, машина, қурал-саймандарын сатып алуға, курделі құрылыш жұмыстарына пайдаланылуы тиіс еді. Егер бөлінбейтін кор тиісті орнына түгел пайдаланылмаса, оның ұсталмаған сомасы ауылшаруашылық банкесінде сақталуы керек. Ал, «Социализм» колхозының бөлінбейтін корының қаражаты, ешкандай курделі құрылышқа жұмсалған да жок, ұсталмаған сомасы банкеде де жок. Колхоздың бірінші мартта жасалған есебінде басқа корлар жайында жазылып бөлінбейтін кор туралы мәселеле қозғаусыз қалған болатын-ды.

Дмитрий Андреевич бөлінбейтін кор туралы мәселені жыл басындағы есеп беру жыйылысының алдында-ақ қозғаған еді. Бір бұл емес, тұқым коры, мал азығының сактық қоры, карттарға, мүгедектерге, армиядағы жауынгерлердің мұктаж семьясына, балалар яслинене жұмсалатын корларының қалай жасалуына үш күн тексеру жүргізген. Соңда екі түрлі кор дұрыс жасалмаған болып шықты. Мұның себебін сұрағаңда, Есеналы: яслиден басқасына ешкандай жәрлем қорын жасаудың кажеті жоқтығын дәлелдеген. Оның пікірінше колхозда жәрдем күтіп отырған мүгедек жок, жасы аскан қарттардың бәрі де жұмысқа шықты. Армиядағы жауынгерлер семье-

ясының да мұктажданып отырғаны жок. Сондыктан жәрдем қоры дегенниң аты өзгертіліп, сол армиядағы жауынгерлердің жеңісі үшін қайта жасалуы керек. Бөлінбейтін қор жайында да Есеналының өзінше тұжырымында бір токтамы бар. Өйткені, бұл колхозда жұмыс көлігі жеткілікті. Асыл тұқымды мал сатылып алынған, асылдандыру ісі — соғыска қарамастан, айтыс-тартыс үстінде жүргізіліп жатыр. Машина, құрал-саймандарын сатып алу және күрделі құрылыштары соғыстың бітуін күттіреді. Ендеше, бөлінбейтін қор, соғыс кезінде «женіс қоры» деген атпен жасалуы тиіс.

Колхоз председателінің бұл пікірлеріне, тексеру комиссиясы председателінің пікірі қайши келді. Екі председатель едәуір жерге барыса, қатты-қатты сөзге келісіп қалды.

— Бөлінбейтін қорды жасаудан бас тарту, деді Колосов,— колхоз құрылышының негізгі заңын бұрмалау, оны әлсірету деген сөз. Ал, жәрдем қорының толық жасалмауы, адам тағызырын аяққа басу болып табылады.

— Кой деймін Метрей, сен білетін занды мен де білемін,— деп бұл жолы Жоламанов та күшіне түсті.— Қазір колхоздың өзі біртұтас майданның қоры. Бүтінді бөлшектеттепейді майдан. Бүйректен сыйрақ шығармай жүр...

Екі кәрі достың пікір таласын Сарқыт пайдаланып қалғысы келді. Ол Есеналыға келіп:

— Колосов актыны жасап қойыпты... Бір данасын ауданға жолдағалы отырса керек... Сірә, сізді су түбіне жіберіп, орныңызға өзі қонып алатын шығар,— деп шағыстырыды.

Онымен койған жок, Колосовтың үйіне барып отырып:

— Жездейдің сөз саптауына қарағанда, сізді жұртқа жексүрүн көрсетіп, тексеру комиссиясының составынан да, колхоздан да шығарып тастау жайында жалпы жыйынтық мәселе қояды білем...

Әбден көзі жеткенде болмаса, өсек-аяңға елең етпейтін Дмитрий Андреевичтің де мына сөз жанына батып кетті.

— Он жерден мәселе қойсын, онысында шаруам шамалы, бірақ, мен оған колхоз заңын бұздырмаймын,— деп катая түсті ол.

Осыдан кейін екі дос бір-біріне іштей ренжісе бастады. Осы ренжісүдін өзі әкеуін де іштей қынап, әке-

үінің де кезалдына, ширек ғасырдан астам достық өмірдің өткелдерін, бәл-белестерін елестете берді. Сондыктан Есеналы мен Дмитрий Андреевич біріне бірі іштей ренжісіп, бір-біріне «сенікі бұрыс, менікі дұрыс» деген, өзара айтысты үзакқа соза алмады.

Есеналы аса қыны іс түйінің шешіміне тірелгенде еңалдымен өз басын өзі қатыра толғанатын-ды. Сарқымай сарсылып тоқсан тоғыз сакка жүгірген ой көзі, өзі айтатын «нар тәуекел кемесін» көре алмаса «Метрейдің де шотын қақтырып көрейіншіге» келетін. Оның да көзі жетпей қалған жағдайда, «Мактым шырағым, не айтасынға» барып бір-ақ тоқтайтын-ды. Мына мәселені де басқарма мәжілісіне салғанша, одан кейін жалпы жыйынтыска қойғанша көп толғанып, өз пікірінің дұрыстығына шубәланған ол, Мактымға барған еді. Колосов та, Мактымның кабинетіне ене бергенде Есеналы айтарын айтып болып қалған екен. «...Бұл мемлекеттік мәселе ғой, колхоздың қандай коры болса да майданың жеңісін жеделдеть үшін жасалу керек емес пе! Метрей солакай соғып отыр» — деп сезін аяқтай қойды ол. Мұнысын Дмитрий Андреевич естіп қалды. Сонда да елең еткен жоқ. Ол Есеналыша күйіп-пісіп, терісіне сыймай келіп тұрғанға ұқсамады. Қекшіл көзі күлімдей ойнақшып, кең кеудесінің ішінде Қайнар көлі шалқып жатқандай, көнілді амандасты. Байыпты басып келіп, қапсағай денесі үлкен креслоны нығыздай толтырды. Еңсесін көтере шалқайып отырысының өзі, казір етінен ет кесіп алса да мыңқ етпейтін маңғаз көрінді. Үлкен кара трубкасының оты әлсіз бе, әлде көк түтінін ішке тартып сүйилтүп шығарып отыр ма,— әйтеуір бұрынғысында будактапады.

Ол келгеннен кейін едәуір тосылып қалған Есеналы, жақағы сезін жалғастыра қайталап:

— Майданың жеңісін жеделдеть үшін.... — деп келе жатыр еді, Мактым аржағын айтқызбай тоқтатты. Бұл екеуінің не үшін келісе алмай келгенін, жақағы Есеналының айтқанынан-ақ біліп отырған ол, енді бұларды айтсыска жібергісі келмеді.

— Конхоздың Уставы бойынша жасалатын жәрдем корын,— деді Мактым,— адам баласына жасалған қамкорлық дес үгіну керек. Коллектив қамкорлығынан айырылған адам есінен өзі мүгедеккө айналады. Ал, боліп-бейтін корыны атын өзгерту, колхоздың Уставын өзгерту

болып шығады. Бөлінбейтін қор күшейсе, колхоздың майданға көмегі де күшейе түсіү тиіс...

3

Сарқыттың хабары бойынша Колосов пен Жоламановтың «қырғый қабак, араздығын» пайдаланып Дмитрий Андреевичті колтығына тығып алмақ болып жолдан бұрылған Қалдыбай Құлмұқанов егіс басына келгенде, Қаймақты жері бауырдай туралып, үндай ұсатылып, мақпалдай майдаланып жатыр еді. Мұндағы еңбектің сырт көрінісін өткен жылғымен салыстырғанда бір ғана өзгешелік байқалады. Былтырғы үлкен агрегат тартқан қуатты тракторлардың орнында қазір екі «Универсал», өзінің бойына шақ шағын тіркеулермен келеді. Сондыктan егіс үстінде ерсілі-карылы ағылған адамдардың көвшілігі сеялқаға жегілген аттардың, тырма тартқан өгіздердің жанында. Көзі көрген қыймылдың ішкі сырын құлакпен тыңдаған адам еңбектің екінші өзгешелігін сезеді. Бұл өзгешелік, осынау алаптағы адамдардың әнге қосқан өлеңінің өзінен-ақ байқалғандай.

«Қаймақтай турылған тыңды көтер,  
Көтерсөң көк теніздей егін өсер.  
Қыймылла, акқан терің астық үшін—  
Сөндірер соғыс өртін төккен нөсер...»

Екпіні ескен желдей болып, өзінше өте ыссы келген Қалдыбай мұның кайсысына да көніл аудармстан, «Универсал» тракторын жүргізіп келе жаткан Төлеутайды тоқтатты. Жас тракторшы қыстың күні қыска мерзімді курсты, Дмитрий Андреевичтің келіні Людмила мен бірге бітіріп шыкқан салқамсоктау бала болатын.

— Тіркеуің неге аз? — деп сұрады Қалдыбай тарантасының үстінде отырып.

— Көпке күші жетпейді бұл трактордың,— деді Төлеутай да «Универсал» үстінде шалқая шіреніп, моторын сөnlірмей.

Қалдыбай тағы бірдене деп еді, оны Төлеутай естімей қалды ма, әлде өзіне үғымсыз сөз болған соң тындағысы келмеді ме,— газды қосынқырап жіберіп тракторды ілгері гүрілдепті.

Құлмұқановтың егіс басында екінші кезіккен кісісі Дмитрий Андреевич. Ол осы тракторға қарай келе

жатыр екен. Өткен жылы сыйыр фермасынан кемшілік таба алмады деп оны іштей ұнатпайтын Қалдыбай, қазір жылы шырайымен жымыя сәлем берді.

— Колхоздарының бастығы қайда? — деп сұрады Қалдыбай аман-сау сұрасқаннан кейін.

— Есеналы Жоламаныч МТС жағына кетті білем.

— Ауылдық совет председателі?

— «Қызылжар» колхозында болса керек...

— Бригадир?

— Әлгі бір әзірде сеялкашылар жағында жүрген сияқты еді, қазір біле алмай түрмyn қайда екенін. Бригадирге айтарынызды маған айта берсөніз де болады, мен оның өзі жоқта орынбасарлық міндегі атқарамын.

— Мына бір тракторшыларың казак тілін үқпай ма, немене — деді ол алыстанқырап кеткен Төлеутайға қарай сүкколын шошайтып.

— Жай уақытта үғады, ал, іс үстінде техника тілімен айтпаса тындармай қоятыны да болатын,— деді Дмитрий Андреевич оның Төлеутаймен ұғыныса алмай қалып тұрғанын сөзінен сезіп.

Колосовтың бұл сөзінің астында бір астар жатқанын андамаған Қалдыбай оған ожырая қарады.

— Шының айтып түрмyn Құлмұқанов жолдас,— деп қайталады Дмитрий Андреевич.— Адам да, мал да, машина да өзінің тілін білмегениң сөзін желкесімен тындартын көрінеді. Мәселен, сол «Универсалға» СТЗ-ның агрегатын тіркең койып, «Ал, тарт!» десек, айтқанымызды үқпай қырқылдаң тұрып алады.

Дмитрий Андреевичтің көмекейінде не тұрғанын ғезе қалған Қалдыбай өзге тақырыпқа бұлтарып:

— Бірінші тоқсан бойынша тексеру корытындысының шығардыныз ба? — деп сұрады енді «сіз» ге көшіп.

— Шығардық.

— Қалай, іштене таба алдыныз ба?

— Шашылып-төгіле, талан-таражға түсіп жатқан ешнәрсе жок.

— Сені тексеру комиссиясының председательдігіне сайларда колхозшылар кателескен екен,— деді Қалдыбай қайтадан «сен» ге көшіп.— Бұл іске сенің қаблетінің жоктығын колхозшылар білмей қалған ғой...

— Тексеру комиссиясының қаблетін арттыру үшін сол колхозшыларды, колхозды басқарушыларды — бәрін қа-

блеттен жұрдай етіп шығару керек не екен? — деді Дмитрий Андреевич мысқылды пішінмен.— Дүние тұптуғел тұрса, оны жоққа шығарудың өзі сол дүниенің жасаушыларына жала жабу болып шыкпай ма? — деп қатая түсті ол.

— Барды жоққа шығар демеймін, бақыла деймін, бастан асып жатқан былық-шылығымызды еналдымен бақылаушы сіз көруініз тиіс,— деп жаймалай тайсалда-ды Құлмуқанов.

Қаймактыға түсетін қуатты трактордың орнына «Универсал» салынуына себепкердің өзі осы Қалдыбай екенін жақсы білетін Колосов, қолын бір сілтеді де жөніне тартты. Артынан барқыраған «тоқтай тұрға» қайырылмай топыракты тобықтан кеше гүрс-гүрс адымдала барады...

Егіншілер қосында ешкім жок екен. Қалдыбай бригадирді іздеуге долбешісін жіберді де, өзі қызыл бұрышка арналып тігілген кең шатырға кірді. Мұнда мектеп директоры Айнабек бір окушы баламен екеуі қабырға газетінің кезектегі номерін шығарып жатыр екен.

Көзіне көрінгенмен бір ілініп қалмаса көнілі қоншімей тұратын дауқұмар, адыр мінезді адамның тілі де аши, кулқы да адыр-бұлдыр. Ар-ұятсыз аскак, адудында жүріп шоттың басын басып қалады да, сабын мандайына сарт еткізіп шекесі көгерे қалады. Сондықтан ол көкшекенің жанжалы да жанынан суырыла қояды. Сонын өзі осы Құлмұқанов болғандықтан, ол:

— Егіншілерге көмекке келген екен десем, оңашаланып алып өлең жазып отырсың ғой өзін,— деп соктықты Айнабекке. Айнабек бір жас автордың қабырға газетіне жазған өлеңін қарап отыр еді.

— Егіншілерге өлең де көмек,— деді ол.

— Өлецмени егін еккен ақынды көргенім жок.

— Ендеше өлең мен еңбек егіз туған; өмір қызығы өлеңде, оны Абай тілімен айтқанда:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлсімен жер қойнына кірер денен.  
Өмірдегі қызықтың бері өлеңмен,  
Ойласаңшы бос қақпай өлең-селең.

Өлеңді айтпақ түгіл ұға алмайсың,  
Айтсаң да, үддасынан шыға алмайсын  
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,  
Неге мұнша сіресін құп алмайсын

Қалдыбай бұл өлеңнің бастапқы шумағы айтылғанда ойдана қалған тәрізді еді, соңғысы оған каттырақ тиді. Абай оны осы Құлмұқановка арнап жазып калдырығандай болды. Бірақ, бұған қарсы ешнэрсе айта алмаған ол, Айнабектің өзіне тиіспі:

— Сенің тіліңмен айтқанда ше? — деп сұрады.

— Мен ақын емеспін, алай да өлең туралы Абайдың осы айтканын қуаттаймын.

Осы мезетте Қалдыбайдың делбешісі кіріп келіп:

— Бригадир егіс басында жок, қайда кеткенін ешкім білмейді, зым-зыя жок,— деді.

Құлмұқанов енді Қаймақтыға көп аялдамай «Қызылжар» колхозына карай тартты. Егер ол түкым себушілер тобына барып, сеялкаға бидай мен түйірлі тыңайтқыштың қосыла толтырылып жатқанын көрсө де үлкен жанжал көтерер еді, көрмей кетті.

4

— «Социализм» колхозының бригадирі Мария Колосова бір шұғыл жұмыспен келіп отыр,— деді Болатовтың көмекшісі кабинетке еніп.

— Кірсін деңіз.

Мария қамшысы мен бас киімін қабылдау бөлмеге іле салып, кабинетке, өз бөлмесіне кіріп келе жатқандай еркін енді. Болатов орнынан тұрып барып, оны кабинеттің орта шенінен қарсы алды. Столының алдындағы қарама-карсы тұрған екі жұмсақ креслоның біріне Марияны отырғызды да, екіншісіне өзі отырды. Оның көз алдындағы Мария құздің құні көргендегісінен толығырақ, ажары тотығынқыраған тәрізді, ерні аздал жарылыпты. Қатындық қабағына, көзінің оттылығына қарағанда аса ашұлы келіп отырған сықылды.

— Хош келдің, Қайнар Мичурині, кал қалай? Сірә, қуантқалы келіп отырсаң-ау, ә? Құлағым сенде,— деп Болатов баурай бастаған еді, бірақ, Мария аз іркіліп калды.

Ол кешеден бері кеудесін кернеп жүрген ызасын осы кабинетке актара салайын дегендей-ак, тіл қатластан өкіп жылап жіберді.

— Мұның не? Кімнен зәбір көрдің? Жаңашыл бригадир, осындаі осал бола ма екен?..

Мария көзінің жасын сұртпек болып калтасына ко-

лың салып еді, бірақ, орамалымен өткен түнде трактордың свечиңін сұрткені есіне түсе қалды да, оны көрсетуге ұялыш жөнімен сұртті. Мұнысын сезе қалған Болатов оны жұбата отырып өзінің ұсталмаған таза орамалын ұсынды.

— Рахмет! — деді Мария өксігін басып.— Іс ойдағыдай емес Бақтыяр Болатович, «Универсалдың» агрегатқа әлі жетпей жатыр.

— Әлі жетпес тракторға ауыр агрегат тіркеп әуребола ма екен?

— Сонда, өгізбен он күнде мың гектар егін ек дегелі отырысыз ба маған? Еспе каналының қазылмай жатканы анау. Жердің ылғалын кептіріп алыш өндеген егіннен өнім шыға ма, өзінің айтыңызышы.

— МТС-тің барлық техникасы, оның қарауындағы колхоздар егісінің көлеміне карай есептеліп бөлінген,— деп түсіндіре бастады Болатов...

— Есептегендегісі екі «Универсал» ма?

— Куатты шынжыр табан қайда? — деп сұрады Болатов таңдана.

— Бізге бөлінген шынжыр табан «Қызылжар» егісіне салынды. Аудандық жер бөлімімен солай келісілген дейді МТС директоры.

Болатов көмекшісін шакырды.

— Маған аудандық жер бөлімі бастығының телефонын косыңыз.

— Құлмұқанов жолдас, ертемен Қайнар аулындағы колхоздарға жүріп кеткен еді,— деді көмекші.

Болатов аудандық совет председателіне төте соғылатын телефон трубкасын алыш:

— Құлмұқанов Қайнар аулына не үшін кетті,— деп сұрады.— ...Ендеше дереу кері шакыртып алышызы... Ол туралы әдейі әнгіме бар... Аудандық партия комитетінің ол ауылдағы өкілі Мактый Есенова... казір менің кабинетімде сол ауылдың адамы отыр, сізге де соға кетер, Мария Колосова... Я... содан кейін мында келіп шығарсыз.

Болатов трубканы іліп койды да, столына отыра қалып былай деп жазды:

«МТС директоры Тасеменов жолдасқа.

МТС қарауындағы ірі колхозды егіс кезінде естен шығарып отырғанызыз үшін партия алдында кіналы

екенінізді ескертемін. Осыны алысымен «Қызылжардағы» қуатты тракторды агрегатымен «Социализм» колхозына көшірініз. Оның орнын өзге трактормен қамтамасыз етіңіз. Қолданған шараның туралы тәулік ішінде аудандық партия комитетіне хабарлаңыз.

Б. Болатов».

Болатов бұл жазғанын Марияға көрсеткен жок, конвертке салды да:

— Міне, осы пакетті МТС директорына кай уақытта жеткізіп берсек, сол уақытта сениң сұраған тракторыңды ол да жеткізіп береді,— деп сендірді.

Пакетті қолына алған Мария орынан үшып тұра келді. Осы аудан көлемінде, өзіне ең бірінші қамқоршы Болатов деп білген ол:

— «Социализм» колхозының барлық егіншілері атынан сіздің сеніміндегі актауга серт қабылдаңыз Бактыяр Болатович,— деді.

— Табысты болуларыңа тілекtesпін. Қажыма, табанды бол, жеңіс күні алыс емес,— деді Болатов, Марияны қабылдау бөлмеге дейін шығарып салып.

Күн шыға атка қонған Мария, аудан орталығын, МТС-ты, «Қызылжарды» оралып Қаймақтыға келгенде күн батып бара жатты.

## 5

Тұн. Дмитрий Андреевич өзінің алдынан көрінген отқа қарай адымдап келеді. Қазір оның көзіне аспандағы айдан гөрі осынау жарқыраған от жарық. Өйткені, ай аспанда, алыста, ал мына от жарқырай жайнап, жақындаған от, оның тұнін қүпідізгідей, өзін шүғласына шомылдыратындей, соған қарай қолын соза, еңсесін көтере, асыға адымдайды.

Адымдап келе жатқан оның ұлтанды жуан елі, жұлығы ағарған, қырық төртінші номерлі көне етігі, өзінің соңғы он екі жыл ішінде асқан асуларының әркайсысын қазір бір-бірден аттап келе жатқандай гүрс-гүрс етеді де, ойы осы адымдарымен бірге аттап келеді.

...Бұдан он екі жыл бұрын, дәл осы айдың ішінде оның түңғыш ұлы Николай жүргізіп келе жатқан алдыңғы сока токтай қалды. Сондықтан Дмитрий Андреевич қүйрғығын ұстаган артқы сока амалсыз кідірді. Ол өз баласының соканы жиі-жиі кідірте беретіндігіне кейіді. Сынық мүйіз ала өгіз, аузынан ақ көбігін ағызып,

көзін алартып жатып алды. Ала қыстай иығынаң қамыт түспей, отын тасып, кіре тарту титиғына жеткен жекенің өгізі еді. Бұл өгіз өзінің иесінің быйыл колхозға мүше болып үйымдастан шаруашылықтың соқасына жегілетінін сезді дейсін бе. Егер ол осыны сезіл: «мені жеке, семірт» дейтін болса оны жекпей қоярлық жеке шаруада жай бар ма?

Егіншілер ала өгіз әуресімен болып жатқанда колхоз бастығының келіп қалғанын байқамап еді. Бұл тұрыстың себебін айтқызыбай сезген ол:

— Ана тырмадағы өгізді доғарып әкеліп жегіндер де, соқаны жүргізіндер,— деді.

Ала өгізге аса ызаланып тұрған Николайдың дауысы қатты шыкты:

— Кашан бересін тракторынды?

— Менің қолымда трактор тұр ма? Тракторды совет үкіметі жасатып береді. Сталиннің Волга бойында біз үшін салдырып жаткан асқак алышы аяқталсын деңдер. Келесі жылды өгінді трактормен егіп, комбайнмен орамыз.

Сталиннің Волга бойында колхозшылар үшін асқак алыш салдырып жатқандығын естігенде, ала өгізбел алышып тұрған егіншілердің еңсесі көтеріле, көздері нұрла на түсті.

Бұдан екі ай өткеннен кейін, осы Дмитрий Андревичтің өзі, «Правда» газетін қолына жалау ғып көтере, бүкіл ауылға дауыстап: «жыл сайын елу мың снаряд, елу мың снаряд!» деп жар салды. Оның «Правда»дан оқығаны: «ССРО-дағы бірінші Қызыл тулы трактор алышының жұмысшылары мен басшы адамдарына сәлемімді жолдап, жеңістерін құттықтаймын! Сіздердің елімізге жылма-жыл беріп отыратын 50 мың тракторларының буржуазиялық ескі дүниені копарып, деревняда социалистік жаңа укладқа жол салатын 50 мың снаряд болмак...»— деген сөздер болатын-ды. Бұл, Стalingрад трактор заводы жүргізілген күні (17 июнь 1930 ж.) оның жұмысшыларына жіберген Stalin жолдастың құттықтауы еді.

Осы жылдың көктемінде ала өгізбел алыша егін еккен колхозшылардың келесі жылғы апрель айындағы әңгімесінің такырыбы тіпті жаңаша болды.

— Пан-пан, кара жерді қалтыратуын қарашы!

— Денесін құрыштан құйдырып, жүрегінен от жандырған екен-ая...

— Е, бәсе, осылай болса керек еді.

— Сталиннің өзі жіберткен ғой...

— Өзі жібертіпті,— деді тракторшы Николай.— Бірнеше соқаны, сеялканы, тырманы,— бәрін кабат сүйрейтін керемет. Стalingрад заводынан шықкан, есімі СТЗ...

Міне, осы СТЗ-мен он екі жыл егін еккен Дмитрий Андреевич жана коста тамактанып отырғанда «СТЗ келе жатыр» деген дауысты құлағы шалып қалып еді. Шіліп отырған тағамын тастай, костан жүгіре шықкан ол, сол он екі жылдың әркайсысынан адымдай аттап, бүгінгі күнін, келешек жылдарын ой көзімен орай шоюп келеді. Өйткені, оған осы СТЗ-ны берген Стalingрад өміріне өлім төніп тұр. Өмір үшін, оның екі баласы от тенізін белден кешіп, ажалмен арналысып жатыр, бір ұлы қан майданда каза тапты; өмір үшін оның кеңіже қызы жас Марияның жаны пида; келіні Людмила тұн үйкідан түніліп осынау тракторды жүргізіп келеді; әйелі Антонина Федоровна колхоз асханасының казаның қайнатып жатыр. Өмір үшін, енді 50 мың спарядты «Социализм» колхозы беру керек. Оның өзі айтатын «әрбір қабы бір-бір спаряд» астыкты осы куатты трактормен егу керек. Егер, Стalingралты жау жалмаса, орыстың ана өзені — Волганы да арамдайды; анасын күң етер болса, баласын құл етеді. Батыстың суркыясы Волгадан өтіп Оралға жетсе, шығыстың сүмбырайы Амурдан өтіп Ертіске ауыз салмақ, Қайнарга Қарашондарды қайта қондырмақ. Қазір жайнаған жарығымен Қаймақты алабын аймалай дүрілдеп келе жатқан СТЗ-ны қарсы алмай отыра алмаған оны костан көтеріп әкеткен осындай қанатты ойдаң қайраты еді.

Шынжыртабанды үшінші шапшаңдықпен жүргізіп келе жатқан Людмиланы қарсы алып, тракторға қарғып шығып, қасына отыра қалған Дмитрий Андреевич оның мәндайынан сүйді. Куанғандықтан ба, баласын сағынды ма, әлде келінін есіркеді ме,— көзіне жас іркілді. Бірак, онысын келініне сездірmedі.

— Немене, өзімізге келмей, өзге жаққа кеткені? — деді ол келініне.

— Өзіме бекітілген тракторды МТС кайда жіберсе сонда бармаймын ба? — деді Людмила.— Николай жүргізген трактор тоқтап тұрмай, қай колхоздың болса да жерін жыртуы ортақ мақсат қой...

Бұл кезде «Универсал» тракторын жүргізіп жүрген

Төлеутай мен ондағы тіркемеші Сарқыт екеуі мезгілсіз шылым шегіп отыр еді. Ол екеуінің кештіғүрим жырта бастаған жерін, Мария ымыртта тексеріп, бороздасы тайыз болғандықтан қайта бастатқан.

Олардың борозданы тайыз жыртуында да мәніс болатын-ды. Бағана күндіз Құлмұқанов келгенде «Универсал» жанында Сарқыт жоқ болып еді. Ол туралы кейін Төлеутайдан естіп, тіркеуге тағы екі түрән қосқан. Сол қосымшамен 22 сантиметрлік тереңдікті трактор ала алмайтын болғандықтан Сарқыт оны 16-ға қойған. Марияның талабы бойынша қосымшаны алып тастан жүргізілген трактор егіс жерінің арғы басына барып тағы тұрып алды. Мына келе жатқан қуатты агрегатты өзі де карсы алмақ болған Мария, амалсыз «Универсалға» жүгірді.

— Бұл не тұрыс?

— Магнето ұшқыны әлсіз, мотор оталмай тұр,— деді цилиндрдың қақпағын ашатын кілтті жоғалтып алып тұрған Төлеутай.

— Я, Төлеутай трактор жүргегі неге соқпай қалғанын ұға алмай отыр,— деді Сарқыт.

Мария, Әділ ұстаны шүғыл шақырып келуге Сарқытты жүгіртіп жіберді де, Төлеутайға:

— Отыр орныңа,— деп бүйірды.

Төлеутайды орнына отырғызып, өзі моторды оталдыратын тұтқаны күшпен жұлқылай айналдырып көріп еді, трактор мынқ етпей мелшип тұрып алды.

— Ұшқын әлсіз,— деді Төлеутай.

— Өзінді ұшқын ғып ұшырып жіберейін бе! — деп ақырды, алқынған Мария.

— Маша, мен сонда, мотордың ішінде кіріп ұшқын бола алам ба? — деп күлді қалжынбас Төлеутай.

Жаңа ғана кеткен Сарқыт қайта келді.

— Ұста қайда? — деді оған Мария.

— Жолда құдасы жолыкқан соң соған айтып едім, ол құдасына өзі кетті.

— Менің ұстага жұмсағаным сен, шүғыл шақырып кел, ма-а-рш! — деді одан сайын ызаланған Мария.

Сарқыт қайта жүгіріп кетті.

— Маша, әлгінің айтып кеткен құдасы кім? — деп сұрады Төлеутай.

— Сенің қазіргі қалындығың мына мотор. Оны сүйе білмей тұрған саған құдалық не керек, күйеулік не керек?

Төлеутай үндей алмай қалды.

Сарқыттың «құдасы» дегені болмаса, осы тракторға қарай атпен келе жаткан Есеналы жолда Сарқытқа жолығып, ұста дүкеніне қарай жортып кеткені де рас еді. Оның ұстаны аспабымен шұғыл жібереріне көзі жеткен Сарқыт, жолда тосып отырды да Әділмен бірге келді.

Ашқышын жоғалтып алғаны болмаса, мотор туралы Төлеутайдың болжауы да дұрыс болатын. Қолына аспап түскен ол, Әділдің көмегінсіз-ак, саптан шықкан көне свечидің орнына жаңасын салды да тракторын жүргізіп кетті...

«Универсал» жүріп кеткеннен кейін Әділ ұста:

— Мария жүр қарағым, косқа қайтайық,— деді.— Егіс басталғалы екі тәулік ішінде үйкі көрген жоқсың, жатып тынық.

Екі тәулік үйқтамай, оның ұстіне бүгін күні бойы ат үстінде шапқылап тұла бойы ал-сал болып тұрған Мария Әділмен бірге қосқа қайтты.

\* \* \*

Құрғақ салом көпіртіле төсөлген тақтай сәкінің ұстіне тыныс алмак болған Марияның үйкісі келмеді. Үйкісін келтірмей жаткан «құдасы» деген сөздің бүгін тағы қайталануы. Осы бір сөзді естігенде оның ауыр қынжылатын мәнісі де бар.

Майданға аттанып кеткеннен кейінгі, алғашкы жарты жылда оған ай сайын бір хат жазып тұратын Фалым, Ұлжан майданға барып келгеннен бергі жарты жылға таяу уақыт ішінде бірде-бір хат жазбай қойды. Марияның өзі екі рет жазып, оның кайсысына да жауап ала алмады. Адресі өзгерді дейін десе, сол адрес арқылы Есеналы жазған хаттардың бәріне де жауап келіп тұрады. Оның үйіне жазған Хаттарын Нұрғайша Марияға көрсетіп те жүр. Бірақ, ол хаттардың ішінде Есеналының сұраптарына жауап ретінде жазылған өзінің аманлығы, ерлік істері, ата-анаға кенесі, кей адамдарға айтылған сәлемдері сыйкылар жазылады. Тым болмаса соның ішінде, өзгелердің атын атай отырып «Машаға да сәлем» деген бір ауыз сөз жоқ.

Егер, Ұлжан мен Таутан арасында жастық жакындығы болса, ол ендігі жінішке желкүйін сыйкタンып

ауылды аралай бір үйткып өтер еді, әзір «шөптің басы қыймылдамайды»...

Марияның жазған хаттарын Фалымның алғаны, алмағаны бізге де белгісіз, ал оның Сарқыт жазған хатты алып оқығаны анық.

Сарқыт Фалымға жазған хатында хал-жайын хабарлай отырып, өзінің Мариямен қарым-қатынасы туралы да баяндаған болатын.

«... Бұрын білмей жүрем екен,— деп жазған ол,— орыс қызының махаббаты өте ыстық болатын көрінеді. Кей күндерде көрер таңды көзімізден атырамыз. Оның сүйіспеншілігі, құшағы, айткан әзіл-назы — өзімді кейде есімнен айырып, жынды қылып жібере жаздайды. Жантәнімен мендік. Екеуміздің ЗАГС-ке бармағанымыз болмаса, арамызда шешілмеген түйін жок. Дмитрий Андреевич пен Антонина Федоровна да Марияның маған шығуына рұқсаттарын берді. Мария быйылғы кектем егісі аяқталғаннан кейін екі бөлмелі үй салып алайық та, үйленісейік деп мазалап жүр. Эрине, үй сала қоюға жұмыс қол босатар емес. Сондықтан мына соғыстың беталысы біздің жеңісімізге қарай бұрылар болса жездейдің, немесе Дмитрий Андреевичтің бір бөлмесін басыбайлы босаттырып ала тұрамыз ба деп ойлаймын. Колхоздағы жолдастардың бәрі «лайыкты қалыңдық» десіп жүр. Тек бір айыбы: мінезінің өпіремдеуі. Мұынысы ешнэрсе етпес деймін, жас кой, өсекеле жуасып үйрене бермей ме. Эрине, сенің бұл туралы көңес хатың келгенше үйленуден токтала тұрамынғой...»

Айлакер Сарқыттың, Мария білмейтін екінші бүркемесі тағы бар. Мұнысы, жуырдағана Ұлжанға майдандағы Фалым атынан жазылған хат. Мұны ол март айында ауданға барғанда почта жәшігіне салып жіберген. Конверт Ұлжанға әкесінің адресі арқылы тапсырылуды тиіс болып, артына Фалымның есімі жазылды. Бұл конверт, алдымен Әділдің колына түсіп, оナン Ұлжанға жеткенше үлкен роль атқарып шығарын Сарқыт жақсы білді. Ұлжанның өз басы нансын, нанбасын, әйтеуір оған «Фалымнан хат келді» деген хабарды жүртпен бірге Мария да, Таутан да, Есеналы да еститіні сөзсіз.

## **АЛТЫНШЫ ТАРАУ**

### **1**

Май айының бірінші жексенбісі еді. Мария бастаған бір топ егіншілер делегациясы колхоздың жүк машинасымен жүйткітіп келеді. Машина сағатына 35—40 километр алатын шапшандықпен зуласа да көктемгі жайлау жолының үстінде шаңқұйрық шұбалта алмады. Кабинкада стырган Мария, Қаймактыдан шығысымен-ақ шоферға әзелі қой фермасына баратындығын ескертіп қойған. Сондыктан шофер қойдың көктемгі жайылысына апаратын үшақ жолмен тұра тартты.

Зылиқа бастаған бір топ малышлар делегациясы өткен аптада Қаймактыға келіп кеткен болатын. Егіншілер мен малышлар арасындағы социалистік жарыс шартының орындалуы әрбір тоқсан сайын өзара осылай тексеріліп отыратын-ды. Быйылғы жылдың бірінші тоқсаны егіншілер жұмысын едәүір кешіктіріп, жердің тоңы апрельдің онында жіби бастады. Сондыктан, бұл тоқсандағы жұмыс корытындысын шығару ісі төртінші айдың аяғына дейін созылды. Бұдан бұрынғы тексерулерде егіншілер делегациясын үнемі Дмитрий Андреевич басқарып баратын да, малышлар өкілдерін Зылиқа немесе Жайбасар бастап келіп жүретін еді. Бұл жолы Марияның өзі келе жатуындағы есеп, тек жарыс шартының орындалуын тексеру ғана емес. Картоптың «көзін» егуді мал тұқымын асылдандыру ісімен катар қойған ол, іштей Таутанмен де жарысқа түсken. Сондыктан, зоотехника табысын көре жүріп, Таутан мен Ұлжан арасындағы қарым-қатынасты да байқай қайту. Өйткені, ол жуырда ғана естіген емескі екі түрлі хабардың анық-таниғын білгісі келеді. Оның

бірі, Ұлжанға Фалымнан келген хат туралы қауесет; екіншісі февраль айында Таутанның пәтерінде болып өткен үйішілік сауық-кеш, оның Ұлжанға «үйлену тойы болыпты»...

Қазір оның еңалдымен қой фермасына бара жату себебі, ол ферма социалистік жарыстағы егіс бригадасының қатарласы болып отыр. Өйткені, жыл басында Құрманбай қарт Марияға: «қой фермасының жылдық өнім салмағын колхоздың барлық астығынан екі есе ауыр түсіретіні» туралы айтқан. Мария мың гектардың өнімі жеп-женіл бола қоймасын ескертіп егесе түсken. Алайда, Құрманбайдың өз мүмкіншілігіне өте сенимді серті Марияны едәуір ойландырып жүретін. Оның ойынша: егіннің гектарынан ең кем дегендеге он центнерден өнім жылғанда, қой фермасының жылдық табысынан анағұрлым көп. Тіпті сегіз мың қойды әрқайсысының тірідей салмағын 75 килограмнан есептегендеге де — алты мың центнер, төлімен тоғыз мың-ак центнер болсын, сонда да астықтан ауыр түсे алмайды. Ал, Құрманбайдың сеніп отырған тағы да он мың центнерлік мүмкіншілігі не? Ол егістің гектарынан төрт-бес центнерден артық өнім түспейді деп есептей ме? Әлде кой фермасына тағы бір он мың бас кой косыла ма? Немесе, Құрманбай да өзінше бір жаңалық ашып, онысын әзір ешкімге айтпай отыр ма? Міне, Марияның еңалдымен көргісі келетіні осындай сұраптарға жауап бола аларлық іс.

Біраз жүргеннен кейін, Марияны кабинка қапаландырды ма, әлде машинаның үстінде кележатқандармен кенесе барғысы келді ме, әйтеуір солардың арасына шығып отырды. Мария келіп жанына отырған соң Сарқыт көңілдене ән шыркады:

Түсімде аспан астын шолып жүрмін,  
Алтайы қызыл түлкі соғып жүрмін.  
Бірсесе, бактың әнші бұлбұлы бол  
Құлпырған қызыл гүлге қонып жүрмін.

Оған бұл өлеңді біреу үйретті ме, әлде осы көрген түсін өзі өленге айналдырып алдып, Марияға ақын болып та көрінгісі келе ме, әйтеуір бұрын-сонды бұл әнге ко-сылмаган текст. Бірақ, оның әніне мән берген, түсінде көргендерін жорый койған ешкім болмады. Қар кеткелі Қаймактының кара топырағынан көз алмаған егіншілердің көнілін аударып келе жаткан көктемгі жайлау жара-

тылысы. Қар сұы әлі суала коймаған ойпаң жерлер да-ланы қөптеген қолдермен көркейтіп жатыр. Басын жаңа жара бастаған қызғалдағы аралас алуан түрлі өсімдіктің қөкмайсасы жер бетін қок бүлістей құбылтып, исі жұпар анкыйлы. Топ-тобымен жоғарылы-төмен үйіріліп үшкан үйректер қолден-қолге конады. Қекектер шоқыдан шоқыға лактырылған кесектер кейіпте. Қарлығаштар машинамен катаrlаса қанат қағып келеді.

Мария бұл жерлерге бұдан бес-алты жылдар бұрын, Фалым екеуі пионерлер жорығын бастап келген еді. Алдыңғы сапта Фалыммен катар кадам баскан, косылып ән шырқаған, токтай қалып шатыр тіккен, тағамды бірге бөліп жескен, өсімдік пей топырактың түрлі сорттарын жыйып алысан жерлер, сондағысынан да көркем көрініп, ыстық тартып барады. Онда олардың екеуінің де мойнындағы қызыл галстук әлі шешілмегенмен, комсомол жасына жетіп қалған жылдары еді. Бірақ, кіршік-сіз таза жүректерінде, жаратылыс тану сабагы мұғалімінің тапсырмасынан басқа ешбір бетен ой жок. Ол кезде ер жетіп, мұғалімің білгендің білгісі келетін Мария, кәзір сол балалық шакка қайта оралғысы келгендей оны ой көзімен шолып келеді. Өзін бала Фалыммен катар қойып, оған өзінше өкпелеп кележаткан болады. «Сен неге аузынды бұртыйтасын?» дейді оған Фалым. «Сұрама, сенімен сөйлеспеймі!» деп ұртын томпайта түседі бұл...

Іштей бала Мария шағына қайта түсіп, Фалымға өкпелеп отырған оның пішініндегі өзгешелікті жаңындағы жолдастары сезе қойды.

— Бір нәрсеге ренжіп, немесе біреумізге өкпелеп келесің ғой Маша? — деп сұрады Сарқыт.

— Жәй әншайін, мынадай егіске аса қолайлы жердің Қайнардан кашықтығына, малшылардың мұны пайдаланбайтынына қынжылып келемін,— деп бұлтарды ол.— Ауасы мол, женіл топырак, суару керек.

Мария енді, өсімдіктердің әр жерде әртүрлі өсу себебі арқылы сол жердің топырағы туралы әнгімеге көшті. Жаңындағылар да оның әнгімесіне қызу араласып келеді.

— Жаңағы жердің өсімдігін,— дейді Мария біраз жүргеннен кейін,— кар сүн да, жаңбыр сүн да жаксы сіңіретіп женіл, күмді топырактан ескен деңпе едім?

— Я, солай дедің.

— Ендеше мына жердің топырағы өз бойына суды мол ұстап, оны аса теренге өткізіп жібермейтін ауыр, сазды топырак. Мұның екеуі де аса бағалы емес. Сазды топырактың сүс мол болғанмен ауасы аз, ал құмды топыракта ауа көп болғанмен сүс аз. Біздің Қаймақтыдағы структуралы топырак, ол ауаны да, ылғалды да жақсы ұстайды...

— Қаймақты қазнасын ашқан Дмитрий Андреевичтің есімін ұрпактар ұмытпас-ау,— деп косты бір делегат.

— Соғыс бітсін,— деді екінші біреуі,— Қайнар көлінің қазнасы Еспе арқылы егінге актарылғанда көрерсін Қаймақтының кереметін.

— Арман құлашын алыска сілтеп, оқ жетпескे қылыш суырудың қажеті канша? — деді Сарқыт бет-аузын тыржыйтып.— Жау батыс аудандарды басып алып, Қавказ қақпасына маңдай тіреді, ал сен Қайнар қазнасын аузынмен актарасын...

— Сен өзің не былышылдан келесін,— деді ол егінші Сарқытқа қадала қарап.

— Сеніңше соғыс созыла бермек пе? — деп екіншісі едірейе түсті.

— Жә, қойындар енді, бекер дауласудан береке шықпайды,— деп тоқтатты оларды Мария.— Соғыс жұықта біtedі, бітіреді оны Сталин жолдас. Біз де қазір соғысты аяқтау үшін асырып қелеміз.

— Е, солай деші мына далбасана.

Тағы бір бес километрдей жүріп, ферма жайылымына жақындей бергенде қою көк орайлы кең алап кездесті.

— Міне, мына жердегі топырактың химиялық құрамы бай,— деді Мария.

— Бә-се-е, кез келген жердің шебі, бұл кезде мұндаиды бола бермеуші еді-ау.

— Бұл Құрекенің шабындығы шығар.

— Мал азығын егіп өсіретін алап міне осы,— деп қорытты Мария.— Мұның өзін Құрманбай Марқабаевичке ескеरту керек.

— Мария-ау, осы аспан астының ғой бәрі шабындық. Ал, жаратылыштың өзі өсірген шөптен қолдан еккеннің артықшылдығы не?

— Мәселен, қыр жердегі түрлі дәнді шөптердің гектарынан алты центнер өнім алынады, оның мал жейтіні алпыс процент. Ал, сол жерге қолдан егілген көпжыл-

дық жайылым шөбі гектарынан жыйырма центнер өнім береді де, оның мал жейтіні токсан процент болады.

— Япрай, а? Анаңың жұз гектарынан, мынаның отзызы артық екен-ау...

Делегация жайлау табиғатын тамашалай, оның өсімдігі, жерінің топырағы туралы әнгімемен келе жатқанда шофер жолды мерзімінен бұрын қыскартты.

Ферма койдың жабағы жүнін қырку маусымын бұгін бастаған екен. Сондыктан, бұл маусым егіншілер көзіне өздерінің орақ науқанындай болып көрінді. Шынында да комбайны, молотилкасы болмағанмен, ферма басындағылардың бүгінгі еңбегінде егін оруышылықтан айырмашылық аз еді. Центнерлеп өлшеміп, сортына, түсіне бөліне тәбе-тәбе болып үйіліп, одан тәң-тенімен тиеліп жатқан өнім үшін қыймыл, қырман басындағы сыйқты. Бірак, мұндағылардың кой жүнін қыркып жатқандары «пимашылар», «шинельшілер»; ангор ешкі түбітін өлшеп тұрғандары «кителшілер» деп аталатын көрінеді. Бұлардың өзара терминдері «гектардан он, немесе он бес центнер астық» емес, «көйдан екі кило жүн». Сондыктан Сарқыт өзін ауыр артиллеристің орнына койып, Құрманбайды «қол гранатшы» деп келемеждей бастап еді, оны Мария токтатып таstadtы. Өйткені, оның көз алдындағы жүні қыркылып болған Еділбай тұқымдас құнан кой құйрығын зорға көтеріп, орнынан әзер тұрды; салмағын өлшетіп көріп еді, сексен бес килограм тартты. Оның күзге шейін тағы да он кило қосатыны, кем дегенде бір кило күзем жүн беретіні даусыз. Оның өзі көп қойдың ішіндегі ең семізі, ең жүндесі болсын-ақ, бірақ ол өзге бәсендерінің бәрі, жыл аяғына дейін өзіндей болып семіру мүмкіншілігіне айғақ сыйқтанды.

Ферма менгерушісі Құрманбай карт, егіншілер көзіне бұл жолы да өте карапайым көрінді. Ол ешкімге команда беріп, немесе «мынаны былай істе» деп көрсетіп жүрген жок, әркімнің өзіне бекітіліп берілген іске жауаптылығына өте сенімді сыйқты. Оның қолындағы қырықтық, шаш тараздағы шеберлің болат қайшысындаш шиқылдайды. Құрманбайдан қой коркама, әлде оның қырықтықтан бос колы орасан қуаттыма,— әйтеуір алдында аяғы байлаусыз жатқан қой қашан жүні қыркылып болғанша тырп етпеді, қырықтықшы да өз ісінен өзгеге көзін де, көңілін де аударған жок.

Келген қонактары өз жанына топтанған соң, Құрманбай екінші қойды ұстамады. Аман-сау сұрасқаннан кейін:

— Хош келдіңіз, үйге кіріңіз,— деді. Бұл оның «бүйімтайынызды айта тұрыныз» дегені тәрізденді.

Мария келген шаруасын айтты:

— Біз, Курманбай Маркабаевич, сіздің жыл басындағы уәленіздің орындалуымен таныскалы келіп тұрмыз.

— Сезіп тұрмын, сондагы айтканым айткан, егер айтканымда іспен жауап берे алмас болсам шартка кол коймас елім, койдым екен, уәде бердім екен, жақабы да әзір, сұрай беріндер, айта берейін, тындай беріндер, нанбасандар тексереп беріндер, көрсете берейін,— деп нүктесіз шұбалмасың бір шұбыртып шыкты ол.

— Сіз, егіс бригадасының барлық астығынан кой фермасының жылдық өнім салмағын екі есе ауыр түсірмек едініз?

— Әлбетте, канша астық өсері әлі бимәлім гектарларына орта есеппен он центнерден өнім койғанда да, таразыны кой фермасы казірлің өзінде басып турғанда, жыл аяғында екі есе асып түсіп тұрарына, қай егіншінің, қай малинының қандай дауы бар?— деп тағы бір кора койлай сөйлемді ііріп тастап, колындағы қырықтықты шыйк еткізді ол.

— Біз егіннің гектарынан он бес центнерден өнім алғанда күрес жүргізіп жатырмыз. Ал, сіздің сегіз мың койының төлімен, жұнімен он мың центнер-ақ болсын...

— Сіздің гектардың,— деді Курманбай Марияның сезін беліп, он бестін беліне шығарары, бестін ылдыйына құллырары әлі неғайбіл шырағым, оны күзем жүн кезінде көре жатармыз, ал, есебін өзің шығарып тұрған біздің он мыңға тағы бір он мың қос.

— Сонда тағы бір сегіз мың кой төлімен келіп қосылатын болраны ма?

— Ешқайдан кой келіп қосылмайды шырағым, өз фермамызың жеті мың саулығы яивардың он бесі мен февральдың жыйырмасы арасында түгел коздап еді, соның бәрі февральдың он бесі мен марттың жыйырмасы арасында кайта ұрыктандырылды, кой малы бес ай құрсақ көтереді шырағым, егіздерін есепке алмағанда, жыл басындағы жеті мың саулық августа жыйырма бір мың бас болып шығады шырағым, сонда...

— Қысқасы, бір саулыкты жылына екі рет төлдете-  
міз десеніші,—деді Мария Құрманбайдың айтқанының  
ұшы- қыйрына жеткенше төзімсізденіп.

— Әлбетте.

— Енді орак маусымына дейін сізбен ауызекі талас-  
паймын Құрманбай Марқабаевич,— деп Мария аз іркі-  
ліп қалды.

Құрманбай ангор ешкінің түбітінен басылған етекті  
ак қалпағын бір желпіп қайта киді де, қырықтық ұсташ-  
ған білегін сыбана түсті.

Мария өз жолдастарына бұрылыш:

— Тылдың ең ауыр артиллериясы кайда екенін көріп  
тұрсыздар ма? — деді.— Бұл советтік зоотехния мен  
Құрманбай Марқабаевчің соғыс кезіндегі қыймылы.  
Ал, сен Сарқыт Сарманыч жеңіс күніңің жақындығына  
шүбәланасын...

— Бірақ, Қүрекеңнің қырықтығы,— деді басқа сез  
таба алмай сасып қалған Сарқыт,— ескі заман егіншіле-  
рінің қолорағы сықылды екен.

— Комбайнамыз да дайын, соғыс бітсін, электрді  
фермаға әкелеміз,— деді Құрманбай, енді қырықтықты  
артына ұстап тұрып.

— Соғыс бітісімен Еспе каналы қазылсын деңіз Құ-  
реке,— деп қосты бір егінші.— Содан кейін электр стан-  
циямыз да «гидро» атанып, егінге де, барлық фермаға  
да, тіпті «Қызылжардың» қыры мен ойына да қуат құяды.

Кой фермасындағылардың колы жеткелі тұрган та-  
быс, Марияның өкінішті ойын терендесте түсті. «Бұл  
Тимирязев академиясын бітірген адамның колхозға ке-  
луінен тұған нәтиже,— деп корытты ол іштей.—Мен де  
шығармын ол академияның төріне. Соғыс бітсін, Трофим  
Денисович сәламат болсын!..»

Құрманбай қонақтарының үйге кіріп дәмге отыруын  
өтініп еді, Мария қазір барып быйылғы жылдың бірін-  
ші төлін көріп қайтқысы келді. Бірінші төл жуық арада  
ғана енесінен айырылып өз алдына бөлек отар болып  
бағыла бастаган екен.

— Загипа-а, уа, Загипа! — деп дауыстады Ферма  
менгерушісі. Загипа Құрманбайдың өзі тағайындал қой-  
ған орынбасары болатын.— Мен мына қонақтармен бірге  
жаңа отарға барып қайтамын.

Жылкы фермасының аға жылқышысы Жайбасар өте қымызқұмар кісі. Ол қымызды аштып, бабына келтірудің де мастері. Бұл Өнірдегі колхоздардың бәрі алғаш қымыз аштарда аштықты қорын Жайбасардан алған кетіп отыратын болғандыктан, биелерін бір жеті соң байлайды. Өйткені, Жайбасар бие байлағаннан кейінгі бастапқы бес күнде қымызға бес түрлі ат қойып, «құлын-қымызды» «бестіасауға» жеткізу ісімен бес күн шұғылданады. Сондықтан өзге колхоздар аштықты қорын осы «бестіасаудан» алады.

Қымызқұмарлықтың өзін де о баста Есеналыдан үйренген Жайбасар осы өнерін өзінше жоғары бағалайды. Бұған да едәуір еңбек сінірді. Ол, бие байлағаннан кейінгі бірінші күнгі саумалды — «құлынқымыз» деп атайды. Мұны адам ішуге болмайды, енесі жарытпайтын құлын бола калса соған беріледі. Екінші күні, «құлын-қымызды» — «тайқымызға» айналдырады. Бұл балалар үшін аса тәтті қымыз, бірақ «өзгелер калай көретінін қайдан білейін, өзіме айран ішкенмен бірдей» — дейді Жайбасар. Үшінші күні «тайқымызды» — «құнанқымызға» айналдырып шығады. Аштықты қоры мен сабасы сай болса, бабы келіссе, бұл қымыз бесінші кәседен кейін Жайбасардың мандайын тершітіп, шикілсары, жалпақ бетін қызыл шырайландыра бастайды. Төртінші күні «құнанқымыз» «дөненжорға» болып шығады. Мұның бес кәсесі Жайбасарды есінете бастайды, алтыншыжетінші кәселеір қалғыта түседі. Түнімен жылқы бағып келіп, күн кыза тыныска жатар алдында болмаса, бұл қымыз Жайбасардың өзі үшін, өз тілімен айтқанда «зыянды» — ат үстінде үйктатады. Бесінші күні «Дөнен жорға» «бестіасау» болып, атына сай арқырай «тулап» сабаны дүбірлетеді. Мұның өзі, үйренген Жайбасар болмаса, өзгелер көп іше алмайтын өте куатты қымыз. Жылқының ұсталмаған бестіасауын әп-сәтте жуасытып алатын Жайбасар, қымыздың да «бестіасауын» ұнатады. Бірақ, мұны «дөненжорға» сыйқты бір ішкенде ондаған кәсеге созбай, әлсін-әлсін шамалай ішіп отыруы керек. Сондықтан ол жылқыға барғанда «бестіасаудың» кішігірім бір торсығын қанжығасына байлай кетеді.

Жайбасардың осындай қымызқұмарлығы, бүгінгі егіншілер делегациясына едәуір әсерін тигізді.

Күп кешке айналып, ағаш көленкесі өзінен үш есе ұзара көсілген шакта Мариялар Тұлпарлы жайлауындағы жылқы фермасына келіп жеткен еді. Өзен бойының көк майсасына тігілген кіші-гірім екі ақбоз үйдін ортасына келіп, жүк машина тоқтай қалды. Бір үйде Жайбасар жалғыз өзі «дөненжорғаны» сапырып отыр екен, конактарын қуана қарсы алды. Ол отыз кәселең жуан тегенені осы делегацияға арнап отырғандай болып көрінді, егер бұлар келмесе осынша көп қымызды оның өзі ішетіні, тағы басқа кімге беретіні белгісіз.

Үйінен үлкен ақ киіз төсөлген. Төр алдындағы кішкене жазу столы үстінде радио аппараты, бірнеше кітаптар тұр. Столдың екі жағына бүйірлерін керегеге тақай, бір кісіліктен екі кровать қойылған. Оның оң жақтағысы өте жаксы жыйылыпты, Ұлжандікі болуы тиіс. Оң жақ босағаға таман кереге басына ілулі жеңіл, әскери ер-тұрман, оның жаңында екі қосауыз мылтық тұр. Сол жақ босағаға таман кішкене кебеже, оның жоғарғы жағында саба. Ортада, аяғы екі тұтамдай жыйылмалы дөңгелек стол. Конактар осы столды коршай отырысты.

Жайбасар қымызды кәселеңге шүпілдете құйды да, сабаны күмпілдете пісіп-пісіп қойып келіп әңгіме бастады. Әңгімесі жылқыны қысы-жазы өрісте өсіруге байланысты шытырман оқығаға құрылған ұзак повесть, соның бас геройы өзі. Сөз арасында «іше отырыңыздар!» деген сайын «дөненжорғаға» бір жаңа қасиет қосып кояды.

Конактардың Мариядан басқаларының бәрі төртінші кәселеңдерін бастағалы отыр. Олардың құлактарына Жайбасардың әңгімесі жағып бара ма, әлде мына «дөненжорға» маужырата бастады ма,— әйтепеір орындарынан қозгалар емес. Оның үстіне, ана аузы құлышыз түрған кішкене қызыл кебежеден сүрдің иісі мұрынды жарып барады.

Мария әлі сол бір кәсе қымызын тауыса алмай отыр. Бірақ, жылқышының аса мадақтан ұсынған асын «ішпеймін» деп қайырып беру оның сый-құрметін менсінбеушілік болып шығады. Жайбасардың ұсынған қымызын іше алмай отырған Марияны, оның әңгімесі де жалықтырды. Сондыктан, сөз арасында Ұлжанның қайда екенін сұрап еді, «жылқыда» дей салды да әңгімесін жалғастыра берді жылқышы. Оның қашан аяктарын, тындаушы-

лардын қашан қымызға қанарын күтіп отыра беруге төзімі жетпеген Мария біраздан кейін жылқының жақыналыстығын сұрады.

— Жылқы екі-ақ шакырым жерде, көргің келсе мениң атыма мін де, мына үй артындағы шоқыға шыға кел, арғы асты жылқы,— деді Жайбасар.— Ауыздығын салып, айылын қатайтып мін және шідерін жоғалтып алма.

Жайбасардың осыны айтуын күтіп асырып отырған Мария үй сыртына жүгіре шықты. Бірақ, қыстай құр жүріп жуырда үсталған семіз торы бесті оскырып маңына жолаткысы келмеді, кай жағынан шықса да құлағын жымыйтып айнала берді. Әншейінде Марияның соңынан қалмайтын Сарқыт та, қазір аттандырып жіберудің орнына, әнгіме мен қымыздың қызығынан шыға алмай үйде отырып қалды. Жылқышылар қағидасында шідерлі атты үстап міне алмаудың өзі барып тұрған корлық екенін жаксы білетін Мария, үйге кайта кіріп көмек сұрағысы келмеді де, көріп тұрған ешкімнің жоктығын пайдаланып жаяу жөнелді.

Әрбір он бес күн сайын Тұлпарлы тауын айнала, үдіре көшіп отыратын бұл ферманың бие байлар алдындаған келіп қонған жаңа конысынан жылқы жайлышы жаяуға да қашық емес еді. Жаңағы Жайбасар айтқан бүйреттың батыс бетінде жаткан жылқы батуға таянған күн нұрына шомып, өншең алтын жылқы сыйқтанып көрінді. Соған карай жүгіре басып келе жаткан Мария оны алыстан шамалап, ірі жылқыны бес жұз деп топшылады. Өйткені, бұлар өншең күлінды биे,— ферманың орталық өндіргіш күші болатын. Дөнен бестіден жоғарғы саяктың үйірі — «әскери резерв» бір бөлек, күнандар — «бейбітшілік резервісі» — атанип өз алдына бағылатын.

Жайылып жаткан жылқыдан дүркін-дүркін бөліне шығып, қүйректарын тіге құлдырай жарысқан құлыштайлар, кең алаңда доп қуалаған спортшылар сыйқты. Мұны жылқының бергі шетінен қадағалаған екі адам, бір топ теңбілкөк құлышдар мен көмірдей қара тайларды іріктеп шыгарып бәйгеге косып тұрған тәрізді. Қалың жылқыдан бір километрдей оқшаулана жарысып барып кайта оралған құлышдардың ішіндегі бір каратөбел тай шабыспен озып алды да желіске басып еді, өзгелері бар шабыспен оның желісінен оза алмады. Осы

мезетте әлгі екі адам құшақтаса қалып, үзак сүйісті. Оларға жұз метрдей жақындаған Мария теріс айнала койды: «Бір қауесет расқа айналды,— деп ойлады ол. — Бұлай болған соң Ғалымның Ұлжанда несі бар екен? Әлде Ұлжанның өзі екіжүзді ме?»

— Ма-а-ша! — деп дауыстағанға жалт қараса, Ұлжан Таутанды жетелей жүгіріп келе жатыр екен.

— Ульяна, поздрав-л-я-ю! — деп оларға қарсы жүгірді Мария.

Осының өзі, ана құлындардың ерсілі-қарсылы шұрқырай шапқаны сыйқтанды.

— Бұларың қаратөбел тайдың құлыннан озғаны үшін бе? — деп сұрады Мария аман-саудан кейін.— Әлде дәстүрге айналған әрекет пе?

Марияның бұл сұрағы ол екеуіне ортақ қойылып еді, Ұлжан аз іркіліп қалды.

— Қаратөбелдің өзі тай емес, құлын,— деді Таутан екі қызды екі жағына ала қолтықтай жылқыға карај жүре түсіп,— ол «Социализм» колхозының ең бірінші рысагі. Ал, өзің көріп қалған екінші көріністің суретшісі кім екенін өзің ойлап тап...

Бұл кезде күннің кызылы семіп, ымырт жабыла бастаған. Қымызға тойған Сарқыт сыртқа шығып, үй артында оттап тұрған торыны көрді де, Марияның жылқыны жаяу іздең кеткенін сезді. Оны аттаңдырып жібермеген кателігі енді есіне түсіп, сол атка дереу міне шабу әрекетіне кірісті. Бірақ, тарпаң торы Марияға көрсеткен басасаулығын бұған да қайталады. Сарқыт оны үй артында шашулы тұрған құрықпен үстады. Жылқышылар қағидасында, енгезердей жігіттің шідерлі атқа құрық салғанынан бетер маскарашылық жоқ, бірақ, мұны да ешкім көрмей қалды. Қөре қоятын да, казір ферма басында ешкім жоқ болатын. Ертеңмен Қайнарға «дөненжорғаның» бір бочкасын алып кеткен әйелдер де әлі қайтып оралмаған. Жалғыз Жайбасардан басқа жылқышының бәрі далада. Ал, оның өзі шапкан аттың дүбірін естіп үйден шыға келгенде барып бір-ак көрді, сол мезетте өзінің ымырт жабыла жылқының тұнгі қүзетіне баратыны да есіне түсті. Оның атына мініп бірін бірі іздең кеткен конактарының кайсысының қашан қайтып оралары бимәлім. Сондықтан казір ол өзі айтып жүретін: «Мылтықсыз солдатпен тең — атсыз жылқышы»

болып қалды. Бірақ ол «жылқыда менен басқа да жүрт жеткілікті, қазір колхоз басқармасының жартысы дерлік сонда» — деп қорытып, сөз бен қымызға қандырған қонақтары үшін қазаңға сұр тоғыту ісіне кірісті.

...Таутан мен Ұлжан жылқыны Марияға аралата жүріп әр үйірдегі құлынды биелерді көрсетіп, онан туған асыл құлындардың қасиеті, келешегі туралы кезектесе әңгімеледі.

— Зотехникалық жұмыстарының біргелкі нәтижесін байқап түрмyn, әлі ертерек болғанмен бірінші рысак та өзінің аяқалысын көрсетті,— деді Мария.— Ал, сен Ульяна менің алғашқы сұрағыма әлі жауап берген жоқсың.

Ұлжанның ажарындағы едәуір қызара қалғандықты іңір караңғысы байқатпады.

— Маша, сен сол сұраққа сонша неге шұқшыясын? — деді ол аздан кейін.

— Білгім келеді, егер шын магнасындағы махабbat болса құттықтағым келеді.

— Ендеше, бұл да қаратөбел құлынның ертерек желгенді сыйқты.

— Құлында басталған желіс құнанында қалыптаса дамуы даусыз.

— Біз де соның құнан шығуын күтеміз, — деп, Таутан екеуінің атынан жауап берді де әңгімені кесіп тастады Ұлжан.

Ферма басына қарай келе жатқан оларға, Сарқыт жолшыбай қарсы жолықты. Ұлжан мен Мария Таутанды ортаға ала қолтықтасып, үшеуі қосыла ән шырқап келе жатыр еді.

Шырқал ән, дауыс аспан астын кернеп,  
Қыймылды шабыттандыр қызының еңбек.  
Волганың толқынына дауыл қарқын —  
Косыла қуат төксін тасқын-селдең.

Бұрын-сонды өзімен бір кеш қолтықтаса қыдырып, немесе бір рет косылып ән шырқамаған бұл екі қыздың қазір зоотехникті ортаға ала ән шырқауы Сарқыттың ішін удаї ашытты. Бұл да колтықтаса кетер еді, ат үстінде болып амалы құрыды. Ат үстінен болса да әнге косылар еді, бірақ, бұлардың мына әні — бұрын ол естімеген бір жана ән. Бұлардың осы әнге косып келе жатқан өлеңі «тұсімде тұлқі соқтым» емес, Волганың толқынына дауыл болып қосылу. Сондықтан ол амал-

сыз, атусті болса да қатарласа аяңдай отырып ферма басына келіп жетті.

Бүгінгі кеш Тұлпарлы тауының етегінде егіншілер мен малышлар өкілдерінің өзара достық пен келелі кеңес кешіне айналды.

Бүгін егіншілер делегациясының Тұлпарлыға қонып қалғанын біліп отырған Тобылғылы мен Сұттігенді, таңертең Есеналының оған не айтарын тыңдамаққа алдын ала дайындалып отырды.

...Есеналы қар кеткелі колхоздың ой-қырына Қасқыр-карамен жортуылын азайтып, орталықта отырып басқару әдісін әдетке айналдыра бастаған болатын. Оған мүндай мүмкіншілікті туғызған радио аппаратын пайдалану әдісі. Аудандық қатынас бөлімі бастығының қыстай ма-засын ала, қоярда-қоймай жүріп жазғытурым төрт радио аппаратын алған. Оның бірін өз кабинетіне, үшеуін үш фермаға орнаттырған. Егіс бригадасымен екі ара жақын болған соң тұра телефон сымын тарттырып қойған. Кабинетінде отырып, ұтыры келгенде МТС-пен, анда-санда аудан орталығымен де, сол радиосы арқылы хабарласатын болып жур. Үш ферманың да ауа толкыны бір дәрежелес болғандықтан Есеналының сөзін олардың бәрі бірдей тыңдайды. Соңдықтан олардың әрқай-сысының радиоға шақыру үшін белгіленіп қойған уақыты және атаулары бар. Жылқы фермасының аты, «Тұлпарлы», уақыты ертенгі сағат сегіз, кой фермасы; — «Тобылғылы», уақыты ертенгі сағат тоғыз бен онның арасы; сыйыр фермасы сағат онда «Сұттігенді» деп шақырылады. Бұл тәртіпті кейде Құрманбай бұзып, Сұтті-гендинің немесе «Тұлпарлының» сағатын тартып алып шұбыртпасына басады. Әйткені, басқаларынан гөрі оның табындары да көп, талаптары да таусылмайды. Мал шаруашылығы мәселелерінің тағдырын Ұлжан шеше тұрса да, Есеналының өзін мазалай беруге әуес. Кейде ол бастықтың орынбасарына берген кой фермасы туралы тапсырмасын радио арқылы тыңдап алады да, оны орынбасарсыз-ақ орындаій беретін-ді.

Егіншілер ертеңгі астан кейін аттануға жыйылып жатканда радио саңқ етті:

— Алло, алло, Тұлпарлы, Тұлпарлы... Сөйлеп тұрған Қайнар... Қайсарова сен бүгін Қайнарға кел... Тұлпарлыға қайта оралмайтын болып біржола кел, біржола... Орынбасарлық міндетінді зоотехник Тайбағаровқа, жыл-

кы фермасын — Жайбасарға тапсыр... Себебі өзің келген соң айтылады... Алло, Тұлпарлы... Қабылдаған сөзінді қайтала, мен Жоламанов...

Ойда жокта естіле қалған хабардың жартылай да болса жұмбағы шешілгенше, оны әркім өзінше әртүрлі саққа жүгірте жорамалдау әдет. Мына хабарды да іштей жорамалдаушылар үш топқа бөлінді. Біреулер «Ұлжан тағы да майданға аттаңдырылатын болғаны» — деп топшылады. Екінші біреулер «Есеналы Ұлжанды Таутаннан алыстату үшін, оны мал шаруашылығынан басқа жұмысқа ауыстыргалы отыр» деп ойлады. Үшінші біреулер, оның бірі Сарқыт, «Есеналының майданнан баласы келетін болғаны, сондықтан алдын ала Ұлжанды жұмыстан босатып, үйіне келін ғып кіргізіп алғалы отырганы» деп жорыды. Кім қалай жорыса да, Ұлжан Есеналының қазіргі сафаттағы ырқына көніп, Қайнарға баруға міндетті болды.

Егіншілер Сүттігендіге соғып сыйыр фермасын көре кететіндіктен, Таутан осы машинамен келіп түсіп қалатын болды да, Ұлжан председателдің әмірін орындалап егіншілермен бірге Қайнарға баруға біржола жыйылды.

### 3

Есеналының қырдан Ұлжанды төтенше шақыру себебін білуге асыққан Мария, Қайнарға келісімен-ак колхоз председателінің кабинетіне Ұлжанмен бірге кірді. Кабинетте Мактұм мен Есеналы бір мәселені өзара талқылап отыр екен, бұлар келіп кірген соң әңгімелерін тоқтата койды.

Мария өзінің мал фермаларынан көрген-білгенін ең алдымен Мактұмға баяндауы тиіс еді. Өйткені колхоздың егіншілері мен малшылары арасында социалистік жарысты ұйымдастырган, қабылданған міндеттемелердің орындалуын токсан сайын өзара колективтік әдіспен тексеріп отыруды ұсынған және оған ауылдық совет атынан арбитор болып отырган Мактұм. Ал, Марияның бұл туралы қазір колхоз председателіне баяндауы, әскери тәртіп бойынша солдаттың, не командирдің тікелей бағынатын бағыттың жоғары озуға болмайтыны сыйқтанды. Бірақ, бұл баяндау Марияның өзі үшін едәуір жаңалықтар болғанмен, Есеналы үшін бері мәлім. Сондықтан председатель бригадирдің назарын быйыл егіннен мол өнім алу ісіне ғана аударды.

— Құрманбай басқарған ферманың жылдық өнімі байыл соғыстан бұрынғысынан екі есе асып түскелі тұрғанын көріп келіп отырсың, ал, мына машина әзір құрғақшылықтан басқаға бет бұрмай тұр,— деді ол қабинеттің қабыргасында ілулі тұрған барометрді сұқ қолымен нұсқап.— Ойлан, Метреймен ақыллас, Мичуринді оқынқыра.

Мария оның «Метреймен ақыллас» деген сөзін талай рет естіген еді. Ал, соған бүгін бірінші рет «Мичуринді оқынқыраны» қосуы Есеналы лексикасына енген бірінші жаңалық болып естілді. Бұдан үш айдай бұрын картоптың «көзін» егу идеясын қабылдауға бірден батылы бармаған председательдің бүгін Мичурин ғылымын құттауы бригадирді қатты қуантты. Сондықтан Мария егіннің жазғы күтіміне керекті шаралар туралы тағы да Есеналының есіне салып өтті. Бірақ айтарын айтып алдымен өз шаруасын бітіріп алғанына іштей өкінді. Өйткені, оған енді «басқа мәселең жоқ па?» деп сұраптай-ақ шығып кетуге тұра келді, орнынан тұрды.

— Мария сен отыра тұр,— деді Есеналы,— Ұлжан сен Құлмұқановты білушіме едің? — деп сұрады ол, содан кейін.

— Білем, аудандық зоотехник...

— Ол емес, оның аты Қалдыбай ғой, жуырда орнынап алынды. Оны Мария сен де білетін шығарсың?

— Неге білмеймің,— деп Мария өзіне жол-жөпекей қойылған сұрақ болса да соған толық жауап беріп қалғысы келді,— ол кісі көктем егісі кезінде біздің колхоз бен МТС арасындағы шартты бұза жаздады ғой. Оны біздің тракторшы Төлеутай да жақсы біледі.

— Оның Жолдыбай дейтін інісі де бар,— деді Есеналы сөзін жалғастырып.— Ол да Құлмұқанов, «Қызылжар» колхозының председателі болатын.

— Сол күні біздің шынжыртбаның «Қызылжар» егісіне салыну себебін мен енді түсіне бастадым,— деді Мария.

— Ендеше сол күні, сол трактормен Жолдыбай Қалдыбайға ариап бес гектар егіп егіпти,— деді Есеналы Ұлжанға көзінің қыйығымен қарап қойып.— Колхоз председательдерінің ішіндегі тәжрибелілердің бірі десін жүруші еді. Бірақ, ағасының шылығына шырмалып қалыпты. Сондықтан колхоз маңына Құлмұқаның Қалдыбайы да, Жолдыбайы да жолай алмайтын болып отыр. Ал,

«Қызылжарға» баратын жаңа басшы еңалдымен ауылшаруашылық артелінің сталиндік Уставын ардақтай білуі шарт. Мұнсыз колхоз басқару мүмкін емес...

— Колхоз Уставын бұзушылықтың өзі,— деп қосты Мактый,— капитализмнің адам санасындағы қалдығы.

— Я, капитализмнің қалдығы,— деп қайталады Есеналы.— Қалдықты жоюм деген қайраткер өзінің арна-мысын ардақтай білу керек. Шаруашылығы артта қалып келе жатқан «Қызылжарда» мойны жұмысқа жар бермейтін жалқау да жоқ дей алмаймын. Сол жалқаудың өзі де арамтамактардың тастап кеткен мұрагері. Бұл ауруға шалдыққандарды сау адамдар бұқарасының өзі емдеп шығарады. Сондықтан басшының өзі еңалдымен сау адамдар алдында абройлы болуы керек. Мактанғаным емес, өзіміз үшін өз колхозымыздығы адамдар тәжрибесінің өзі мектеп. Сталин жолдас: «Заводтың директоры екенсін,— барлық іске аралас, бәріне қан, бәрін де біліп отыр, бәрін де құр өткізбе, үйрен, біл, үсті-үстіне үйрен» — дейді өзінің ұлы өңбегі «Ленинизм мәселелерінде».

Сталиннің бұл сөзін Есеналы «Ленинизм мәселелерінен» емес, қысқаша курстен жаттап алғанын Мактый сезе койды. Сонда да, өткен жылды колхозға председатель боларда өзінен акыл сұрағаны есіне түсे қалып, қазір оның да өз мектебінде шәкірт үйретіп отырғанына куанды. Әрине, Мактый да өз өңбегінің зая кетпегеніне куанады да. Ұлжан Есеналының бұл әнгімессі басталысымен-ақ оның акыры неге тірелерін сезе қалса да, акырына шейін тыңдалап шығуға шыдамы жететін еді, бірак, Мария төзіп отыра алмады.

— Есеналы Жоламанович ғафу етініз, бұл үгітінізді қайсымызға арнап айтып отырсыз? — деп сұрады ол.

— Бұл мына Ұлжанға айтып отырған жасы үлкендік акылым, өйткені ол «Қызылжар» колхозының басшылығын қабылдауы тиіс.

— Есеке-ая, осыныңыздың өзі колхоз Уставын...

— Білемін, не айтқалы келе жатқанынды,— деді Есеналы Ұлжанның сөзін бөліп,— қызылжарлықтар өздерінің жалпы жыйындыстарында председательдікке сені калап партия үйымина өтініш түсірді.

— Партия үйыми «Қызылжар» колхозшыларының өтінішін қабылдап, тілегін орындағалы отыр,— деп куаттады Мактый.

— Онанда,— деді Ұлжан аздан кейін баяу дауыспен,  
— сол колхоздың өзін мал-жанымен түгел қосып алу керек кой.

— Ұлжан шырағым, бұл пікірді мен де айтып көрдім. Бірақ, соғыстан кейінгі бейбітшілік дәуір басталмай тұрып мүмкін емес дейді мына Мақтый.

Шынында да оның өзі осы әңгімені Мақтыйнан алғаш естігенде асаудай тулаған; көпке дейін көнбей қызырайып отырып алған. Ақырында қызылжарлықтардың хаты аудан арқылы оралып келгенін көргенсоң, «өздері көнсе қосып алайық» деп те бел байлаған. Қазіргі айтып отырғаны, тәжкібесі көп ысылған председательдің акылы сыйқтанғанмен іштей қатты қынжылуда. Егіндегі Мария мен малдағы Ұлжан екеуін екі қанатындағы қағып, дауылды күндерде дауылпаздай самғап келе жаткан Есеналыға Ұлжаннан айырылу — өзінің бір топшысы морт сынудан онай емес. Амалы нешік.

— Солай шырағым Ұлжан,— деді ол акырында.— Бүгінше дем ал, ертең «Қызылжарға» аттанатын бол. Мен де бірге барып жыналыстарына қатынасармын, Мақтый да баратын шығар.

Ұлжан ойланып қалды. Ол «макұл» да деседі, «қолымнаң келмейді» деген сыйқты сылтау айтып қарсы да болмады. Өз колхозынаң кетуге наразы болып, бас тартудың амалын іздеп таба алмай отыр ма, әлде оның ойы өзінен бұрын барып «Қызылжар» колхозының кыйыншылық түйігіне тіреліп қалды ма,— онысын осы мезетте біле коям деп қыстауды Есеналы артықтау көрді.

#### 4

Есеналы Ұлжандар шыққанан кейін, өзінің онаша қалуын күтіп екінші бөлмеде отырған Сарқытты қабылдағы. Есеналыға оның да онаша айтинағы мал фермаларының басынаң көрген-білгендері туралы болатын. Ол өзінің әңгімесін «жезде, мына қызды «қызылжарға» күғаныңыз жақсы болды, әйтпесе Фалымнаң әдейі хат келе тұрса да оны менсінбей зоотехникпен әуре болып жүр скен» деп бастауы тиіс еді. Бірақ, салганин тұра түсеге алмай, әуелі Есеналының Таутанға көзқарасын біліп, көмекейін байқап алғысы келді.

— Жезде, мал мәселесіне келгендеге,— деп бастады ол,  
— бұл өңірде сізден маманымыз жок. Тайбағаров мал

оқуының он академиясын бітіріп келсе де сізден асып түсे алмайды, қайда-а? Эрине, малиныларда кіна жок, олар әлі өздерінің аузы күйгенине сол Тайбагаровтың ырқынаш шықпайды. Соңдықтаи, ананың өзі фермалардың мал-жашын түгел билеп алыпты. Сіз болсаңыз Қайнарда отырысыз. Ферма менгерушілері сізге Тайбагаровтың мәлімдегенін ғана айтып мәлімет беретін көрінеді. Бірақ, енді сіз өзіңіз де ақкөңілдікпен мал тағдырының бір үшін зоотехникке беріп қойып отырысыз...

— Үау, сен өзің тілінді тұлкінің құйрығыныша бұлаң-датпай айтқалы отырған өсегінің тоқ етерін айтшы,— деді Есеналы түсін сұтып.

Есеналы осы сөзінің өзімен-ақ оның амалын құртып таstadtы. Сарқыт айтқалы отырғанынан айнып, аузына сөз түспей шатасты:

— Жездеке-ау, о не дегеніңіз, менің сізге жаным ашып айтам, әйтпесе сол мал солайымен қырылып қалса да...

— Сен енді көресінді көрейін деп отырмасаң, тайып тұр,— деді Есеналы «қырылып қалса да» деген сөз құлағына түрпідей тиіп. Ол осыны айтқаңда дауысы аса қатты шықты. Көзі қызарып, ажары сұрлана қалды. Егер Сарқыт тағы бірдене айтып қозғалмай отыра беретін болса Есеналы, қараңғы түнде прожекторсыз үшінші шапшаңдықпен гүрілдеп келе жатқан шынжыр табан трактордай-ақ езе жанышып өтетіндей болып көрінді. Сарқыт енді тіл қатпастан кабинеттен шығып кетті.

Бұл кезде күн кешке таянып қалған еді. Есеналының бүгін түскі асқа келуге де мұршасы болмаған. Қазір ол газет-журналдарын қолтығына қысып үйіне қарай аяңдады.

Дәл осы мезетте Мария да үйіне келген. Оның бүгін өте көңілді қайтуы ата-анасын да куантты. Өйткені, өткен кешті Дмитрий Андреевич пен Антонина Федоровна өзара Марияның қам көңілдігі туралы кеңес құрган болатын. Ерке қызының қас-қабагып қадағалап жүрген ата-ана, көптен бері оның көңілінде бір түйткіл барын сезетін-ді. Экесі өзінше жорамалдан: «оқудан қалып колхоз жұмысына түскендіктен, жұмыстың ауырлығынан» деп топшылайтын. Бірақ, іштей қызыны аяғанмен, көзінше мұсіркемейтін. Шешесі бәрін біледі. Мария одан сыр жасырған емес. Бірақ, түбі не болары белгісіз тақырыпты Антонина Федоровна еріне баяндамай жүретін-ді.

Ал өткен кеште әңгімені Дмитрий Андреевичтің өзі баста, біркырын кетіп бара жатыр еді, әйелі тұрасына жетелей жөнелді. «Бойжетті ғой» деп бастады да, өзінің махаббат туралы түсінігін баяндай келіп: «Есеналы Жоламанычтың ұлын көп ойлайды» деп бір кідірді. Сабырлы қарты қапелімде ешнэрсе дей қоймаған соң, «Есеналы Жоламаныч пен Адил Қайсарыч құда» деп қости. Зілдей ауыр міnez бұған да селт етпеген соң, «Сарқыт Сарманыч та әуре-сарсаңға салынып жүр» деп, оны да біраз жерге апарып қойды. Енді осы айтқандарын өзінше өлшеп-пішебастап еді, Дмитрий Андреевич: «кімді қаласа да өз еркі, араласуши болма» деп кілт қайырды.

Кеше кеште өзара кеңес осылай аяқталған болатынды. Қазір, қызының қырдағы Қайсаровага барып жарқын жүзін жайнатып қайтқанына қатты қуапған әкесіне Мария да өз қуанышын сездірді:

— Папа, жаңа ғана Есеналы Жолманович маған Мичуринді оқып үйрене бер деді.

— Мичу-у-ринді? Ендеше председательден бастап барлық колхозшы Мичурин ғылымын дамыта түсетін болды. Соғыс бітісімен-ақ Еспені егінге ағызамыз...

Бұл кезде Есеналы Еспені егінге ағызу тұрғай, сол өзеннің сүйні қайната алмай әуре болып отыр еді.

Таң ата ашылып, қас қарада жабылатып яслидегі екі сменалы жұмысқа Нұрғайша түстен кейін баратын. Есеналы әдетте әйелі жұмысқа кетерде үйіне келіп түскі асын ішіп шығатын-ды. Содан кейін, Нұрғайша жұмыстан қайтып, кешкі ас піскен шамада біржола келетін-ді. Бұғын неліктен екенін өзі де білмейді, әйелінің бұл уақытта үйде болмайтыны, есіктегі күлшіліктерде ғана есіне түсті. Сонда да, қалтасында жүретін запас кілтпен күлшілік ашып үйіне енді.

Еденіне алаша төсөлгөн ауыз үйдегі, үнемі құрулы тұратын дөңгелек столға шай жабдығы дайындалған еken. Дастанханы жыйылмаған столда, қызылкүрендене пісрілген ак бауырсақ, тарелке толы сары май өзір тұрғанмен, самаурын да, шайғон де сүйніп қалыпты. Қырдан келген бір бочка қымыздан өзіне тиген үлесті кеше-ак ішіп бітірген еді. Күн сайын түс кезінде мына сары самаурынды ортайтып кететін оның қазір басы ауырып келіп тұр. Сондыктан сүйған самаурынды аулаға алышыкты да, оттымынға көмір толтырды, очын үстінде от са-

лып, үсті-үстіне үргілей бастады. Бірақ, қанша әуреленсе де, самаурын тұрбасынан тутін бықсыды да, көмір қызбады. Нұрғайша койғанда әп-сәтте әндете бастайтын са-ры самаурын Есеналының алдында тіл қатпастан мелші-иіп тұрып алды. Электр плитасының синирай Нұрғайша оншақты рет жалғап, ақырында істен қалдырып койған екен. Сүйтіп бір шайды қайнатып ішуге шамасы жетпе-ген Есеналы, Нұрғайшаның үйішілік жұмысын, өзінің кеңседегі қыруар жұмысынан қыйынырақ деп бағалады. Өзімен түйдегі құрдас кәрі жолдастының әрі үйде, әрі түзде қызмет істейтініне жаңы ашып отырған оның көз алдына барлық колхозшы әйелдер елестеді. Колхозшы әйелдердің бүгін таңдағы жұмыс тауқыметтерін сауса-ғымен санай бастады.

«Үй шаруасы» — деді ол шынашагын алақанына баса бүгіп. «Тұздегі жұмыс» — деп, шынашагының катарына апарып аты жоқ қолын бүгіп койды. «Тұзден үйге қас қарада қайтады, келе жатып яслиге бұрылады да, қызын көтеріп, ұлын жетелей қайтады» — деп ортан қолын бүк-ті. «Үйінің құлпын ашты, шамын жакты... ертенгі сағат алтыдан бері төсек-орын жыйылмай жатыр екен-ау әлі» — деп шошайған сұққолына қарап едәүір іркіліп қалды. Осы саусақ сол төсекке нұскап, әйел жүрегінің түпсіз тұңғыйығына терецірек бойлауды талап еткен тәрізді. «Я, балалар үйктап қалды, ана кірпігі әлі ілінген жоқ! Кыял канатын майдан жакка самған кетті.... Көзі іліне қалып еді, түсіне жар енді» — деп сұқ қолын зорға бүкті. «Әйелді осының бәріне төздіріп келе жатқан қайсар ер-лік» — деп бас бармағын бүгіп қалып еді, онысы өзге төрт саусағының үстінен жұмылды да, жұдырығы түйіліп шықты. Жуаш, салалы саусактары жұмылған, кіші-гірім токпактай жұдырықтың ішінде барлық колхозшы әйел-дердің ашу-кегі түйіліп тұрған тәрізденді...

— Есеналы Жоламаның, самоварды үрғалы отырсыз ба? — деді Мария кіріп келіп, Есеналы алдындағы тутін бықсыған самаурынға жұдырығын түйе кіжініп, енді болмаса періп жіберетін адамға ұқсап жүресінен отыр еді. Сасқалактап қалды.

— Мария шырағым, мына мылқау самаурының са-зару сырын білемісің? — деп сұрады қолының күйесін сүрткілей түрегеліп.

Мария самаурының тұрбасын алып қарады да:

— Самауры да сізге қатты өкпелеп тұр екен,— деді.

— Япырау, бұған не істеппін, сонша томсарғандай?

— Оттығы толы күл екен, соның үстіне көмір салыпсыз.

Есеналы сом денесін солқылдата күлді. Мария осы мезетте оның ойында жок бір жаңалықты көрсетті. Сеператордың тұтқасы сыйкты, ұзындығы он бес сантиметрдей, екі басына электр шамы патронының дәңгелек ақ тасын орнатып қанылтырдан жасалған бірдене. Екі метрдей электр шнурлының бір ұшы соның ішіне өткізілген. Мария осы қанылтырын ауыз үйдегі толы шелек суға салды да, шиурдың бір ұшын қабырғадағы электр резеткесіне сұкты. Әдепкі мезетте судың беті шымырлап тұрды да, бес минуттен кейін су бұрқылдалап қайнай бастады. Есеналы ан-таң.

— Япырау, бұл не ғажап? Мұнымыздың аты не?

— Кипятильник, электр қуаты суды да осылай қайнатады.

— Жанымау, мүндайды білсек ана самаурынды бықситудың қажеті кашна еді? Мұны да өзін жасадың ба?

— Халықка конструкторлықты өмірдің өзі үйретіп отыр ғой, Есеналы Жоламаныч.

— Я, өмірдің өзі, мәңгі сабағы таусылмайтын зор мектеп екен.

— Өмір мектебінің осы сабагы да сізге сыйлығым,— деп Мария жымыя күлді. Жымыя күлді де, Есеналының ызыбарлы ажарынан жасқанбай дәңгелек кара көзі мөлдірей калды. Мөлдіреген кара көз: «сен ата болсан, мен балаң болар ем» деп еркелеп, осы бір кішкене машинасымен бірге үлкен жүрегін ұсынып тұр. Неге үқпайды екен Есеналы?

Мария, енді бес-он минуттей уакыт ішінде Есеналының самаурының да кипятильникін дірілдетіп берді де шығып кетті.

Софыс басталғалы есік ашпаған Марияның бүгін, ойда жокта, шай қайнатып ішуге шама жетпей, көзге тұрмыс тауқыметтері елестеп отырғанда келе қалуы Есеналының ойна ой кости.

Қою қызыл шайды өзі құйып ішіп отырып, басы жазыла, тері кеніген Есеналы: «Япырай, мына Мария бүкіл колхозшы әйелдердің үйішілік еңбегін женілейтіп, маған уақытты сыйлыққа тартып кетті-ау, уакыт емес, келешек кой мұның тарту еткені,— деп ойлады,— Кеше ғана ой-

нап жүрген қаршадай сары қыз еді бұл. «Жасы үлкен кәріден, ойы үлкен жас озды» деген осы да».

Әзінің кәрілігін өзі іштей мойында отырған оның ойы өмірдің тағы бір тақырыбына көшті: «Я, жарты гасыр артта қалды. Бала мен келін қызығын көріп, немере сүйестін уакыт озып барады...»

Әрине, оның қызығын көргісі келіп отырған баласы — Фалым, келіні — соның болашақ әйелі ғой. Фалымның майдашан жеңіспен ораларына шуббесіз Есеналы, баласының келісімен үйленеріне де сеніп отыр. Сенімді ой осы күзге дейін Отан соғысын жеңіспен аяқтатты да, баласын үйіне келтіріп, үлкен той жасатты. Содан кейін Фалым үйленестің болды. Қімге үйленебек еken ол? Үлжанга хат жазуына қараганда, соған үйленуі тиіс. Марияны Сарқыт қалап жүр. Ол сонысын айтып «жезде, сіз қалай көрсіз?» деп өзімен ақылдақанда, «Егер есіп Мария қалайтын болса, одан артық кімге үйленбексін?» деген еді бұл. Ол: «балдыз келініңді өз үйінізге түсіремін бе деп жүрмін» дегендे, бұл: «әуслі өзің үйленетін болып шыкыны, түсіретін үй табылар» деген болатын. Ал, казіргі өлшеп-пішүі бойынша, баласы мен келіні жататыш болмеге Сарқыттың аяғын бастырмайды. Сол бөлменің жабдықтарын байтыңызқырайды... бірақ, Фалым кімге үйленер еken? Болашақ келіні кім?..

Есеналының қыйыр шексіз, ұзак ойын Нұргайша бөліп жіберді. Ол яслидегі жұмыстан басы қатып шаршап келіп еді. Есеналы орынан тұрып қарсы алды кәрі жолдасын.

— Шаршап қайтың-ау, Нұржаным,— деді ол бәйбішесінің арқасынан қағып.— Қажыма, жуырда соғыс та бітеді, Фалым да келеді. Үлжан «Қызылжарға» бастык боп баратын болды. Барсын, үйрепе берсін, ессін!.. Соғыстан кейін «Қызылжарды» «Социализмге» қосып ала-мыз да, колхозымыздың атын жақартып «Коммунизм» деп коямыз..

Үлжан «Қызылжар» колхозына председатель болудан бастартқан жоқ еді. Бірақ ол барғалы жатқанда «Қызылжарға» аудандық жер бөлімінің председательдікке үсынған басқа бір адамы келіп қалды. Үлжан өз колхозында бұрынғы қызметін атқара берді. Соңдықтан ол кыр пішеші пісер алдында: малдың саны мен сапасын

катарап дамыту арқылы аудан көлеміндегі колхоздардың алдына шығып отырған «Социализмге» алдағы қыстың қақ ортасында сол малынан солайымен айырылу қаупі туатынын ескертті Есеналыға. Быйыл қыстаратын мал басы былтырғысынан екі есе көп болған соң, оның күнарлы азығы да өткен жылғыдан екі есе артық әзірленуі керек. Оның үстіне өткен қыста мемлекеттен алған жыйырма тонна жем қарызы тағы тұр. Мал басы өскенимен адам саны артқан жоқ, көнергесін болмаса, құралсайман да сол былтырғысы. Соңдықташ шөп шабу маусымына арналып, колхоздың барлық ішкі мүмкіншіліктері қамтыла жасалған жоспар Ұлжаниң көңілін көншітпеді. Өйткені оның орындалмасына ешбір күмән жоқ. Қайткенде де, өткен жылғыдан екі есе басым күш табылуы керек. Оны табу еңалдымен Ұлжаниң міндеті. Таба алмаса жыйырма бес мың мал қыс ортасында қырылады. Запас күш қайда? Қауіпті алыстан көрген қырағы Ұлжан, сол қауіпке қарсы қоятын запас күшті таба алмай тарықты. Күш қайда?

Осы күшті бұл өңірдің ойы мен қырын кезе ізденген Есеналыға Дмитрий Андреевич көрсетті. Ақылшы досының иұқсағаны мемлекеттік істің бір түйіні болды да, соны шешіп шығуды Есеналының өзінен талап еткен еді. Міне, қазір сол, түйіні шешілер-шешілмессі бимәлім істі Есеналы көзімен ғана көріп тұр. Оны өз колхозының жабық қырманынан он есе кең, зорлім үй ішінде көріп тұр.

Бұл үйдің ішіндегі көрініс, нөсер алдында наизағайын жарқылдата күркіреген ашулы аспан кейінгес. Оның ішіндегі іс екпіні тас еденді, үстінен үздіксіз экспресс поезы өтіп жатқандай дірілдеді. Біришеше жерде құрыш пен құрыш арпалысып, бірін-бірі езэ жанышып кескілесіп жатыр. Қөптеген адамдардың қолындағы аспап, су орнына от шашып тұрған фонтандар сияқты. Егіс кезінде тоғыз корпусты соқа мен бес тырманы, немесе жыйырма сегіз катарлы бес сеялканы біржола сүйреген қуатты трактордың шынжыр табаны қайта өріліп жатыр. Өткен күз егін үстінде, Ертіс пароходында жүзген зәулім комбайнның орагы қайралып, хедері қайта қойылып, қыймылы сынға түсіп тұрған тәрізді. Сол комбайн мен тракторлар жаңадан жасалып шығып жатпаса да, соны жасаган заводтың детальдар цехы осында көшіп келгенге үксайды.

«Міне, қырдағы күдрет осында - деп корытты Есеналы.

— Осы өнірдің тіршілігі, алпыс екі тамырына қан тара-тып, қуат күйіп тұрған алып жүргегі осы. Бірақ, адам баласының азығы тек наң ғана ма? — деп сұрақ қойды ол өзіне өзі. — Етсіз, майсыз, сұтсіз жылы күімсіз тіршілік қайда? Ендеше, колхоздың егінін еккен бұл құдрет, оның малын өсіруге неге бет бұрмайды?».

Есеналы өзінің осы ойын айтып пікірлесу үшін іздең келген МТС директоры кабинетінде жоқ болып шығып еді. Оны механикалық мастерскойда деген соң, енді соған келіп тұрған ол, талай комбinezонды адамдардың ажарына қарайды. Бірақ, мына жарқылдаған электр, гүрсілдеген станок, күркіреген мотор, әр жерден бұрқылдаған көк-ала тұтін ішіндегі адамдардың қайсысының кім екенін айырып болар емес...

МТС директоры Зұлқарнай Тасеменов мінезге өте ауыр кісі еді. Сол мінезіне сай сөзге де сараң. Оған ауызекі койылған анау-мынау сұрақтар жауапсыз қала береді. МТС жұмысына байланысты ондаған мәселе өз басына тірелер болса, соның бөріне үзілді-кесілді жауап боларлық бір сөзді дүңк еткізіп койып қалып қарайды да отырады. Оның бір айтқаны калыптан күйіліп шықкан күрыштай берік. Сол айтқанына айниту үшін, өзі заң бойынша бағынатын бастығының қатаң талабы керек.

Осындай ауыр мінезді, бір сөзді, өзімшіл Тасеменов, салғаннан Есеналының ырқына көнср-коңбесі әлі неғайблі. Бірақ, Есеналының ешкімге айтпаған өзінше жоспары бар. Сол мақсатына жету үшін әуелі Тасеменовтың алдынан этіп алуды тиіс. Соңдықтан ол, механикалық мастерскойның теріне қарай қадам басты.

Бар кімінің сыртынан киген кең балак комбинезон, Тасеменовтың орта бойлыдан жоғары, жуан денесін бұрынғыдан да зорайтып көрсетті. Жігіт ағасы болып қалған оның жағына ұстара тиетін уақыты асынқырап кеткендіктен безеу бет, карасүр ажары да көгеріп көрінді. Оның анда-санда механикке: «подшипник...», «коленчатый вал...» дегендегі даусы, қіші-гірім паровоздың гудогіндей-ак, мына дүбірден ерекше бөлек естіледі. Есеналының үші де онан олқы түскен жоқ.

— Зұлқарнай,— деп дауыстады ол, бас изескен аман-саудан кейін. Бірақ, оған Тасеменов жалт қарай қоймады.— Зұлқарнай, сенімен мен тарғы бір жаңа шарт

жасасқалы келіп тұрмын. Қабинетіңе жүресін бе, әлде осы жерде-ақ кеңесеміз бе?

Тасеменов бұл мезетте жөндеуден шыққан комбайнның двигателіне қызмет істетіп көріп тұр еді, ол Есеналының сұрағына жауап берудің орнына мастерге:

— Қарқынды қосынқыра! — деп команда берді.

Қарқын қосылыцқыраған двигатель дүбірі бұрынғысынан күшіне түсті. Тасеменов осы дүбірге бар ынтасымен құлақ қойды.

— Зұлқарнай, сен естіп тұрмысың? Мен сенімен бір кезек күтпес жұмыс туралы кеңескелі келіп ем,— деп қайталады Есеналы төзімсізденіп.

— Жасалар шарт жасалған,— деді Тасеменов біраздан кейін.— Содан басқа шарт-мартында шаруам каша?

— Уау, сен өзің өмір сүргің келе ме? — деп шұқшиды Есеналы да тік кетіп.— Малсыз тіршілік қайда?..

Есеналының МТС-ка не үшін келгенін бағидаған сөзін асықпай тыңдалған Тасеменов, оны бір ауыз сөзбен кілт қайрып тастанды:

— Сұлынды егіп бердік, жемде де бар жылқынды косипкаға жек.

Малдың сапасы тұрғай, санышан айырылу қаупі жарты жыл бұрын көз алдына елестеп, еңсесі түсіп көрмеген Есеналы бұрынғыдан да ауыр ой жүгін арқалап ауылына қайтты.

## 6

Бұдан үш күн өткеннен кейін, колхоз басшыларының аудандық мәслихаты ашылды. Оған колхоздардың председательдері, бригадирлер мен ферма мешгерушілері, агрономдар мен зоотехниктері шақырылған болатын. Бұл туралы Есеналы бір жеті бұрын хабарланған. Оның, МТС директоры Тасеменовтың алдынан өтемін деп барып аса қынжылып қайтуының өзі осы мәслихаттың шақырылуына байланысты еді.

Мәслихатта, Есеналы өзін басқа колхоздардың председательдерінен гөрі жоғарырак ұстагысы келді. Өзі баскарған колхоздың малға байлығын көрсете барайын дегендей-ақ, екі тарантасқа үш-үштен жақсы аттар жектіріп, оның біріне Мария мен Таутанды жаңына ала өзі отырып, екіншісіне үш ферманың мешгерушілерін отырғызып аудан орталығына алты көк атпен дүбірле-

тіңкірсей кірген. Шынында да, аудан көлемінде «Социализм» малға бай колхоз жок. Жылдық табыстары милионға таяп, төрт мың гектардан егін еgetін «Вперед» пен «Расцвет» колхоздарының тұліктерін қосқанда уш мыңға толыпқырамайды. Сыйыр малы жағынан «Социализмді» өкшелеп келе жатқан «Бірінші май» мен «Екпін» әлі мал тұқымын асылдандыру ісін бастаған жок. Мал шаруашылығы өнімін аудан көлемі бойынша мемлекетке тапсыратын жоспардың үштен бірін байыл Жоламанов басқарған колхоз орындап шықты.

Клуб алдында Есеналы ешкімге тәуелсіз председатель сыйқтанып, өзіне сәлем бергендермен сараңдау аман-сау сұрасқаны болмаса, өздігінен ешкіммен шүйреклесе қоймады. Залға кіруге конырау шылдырай қалғаңда «Социализм» басшылары басқалардан бұрыннырак кіріп, өздеріне меншіктеп қойғандай-ақ ең алдыңғы қатардан орын алған еді. Бірақ, жыл ішінде елу шошқаны мың басқа жеткізген «Торжество труда» колхозының председателі Иван Иванович келіп Есеналымен қатар отырды.

«Егін орағы және мемлекетке астық тапсыруға дайындықтан» кейін «мал өнімі және оның құнарлы азық қорын жасау» туралы баяндама тыңдалды. Баяндамаши өткен жылғы мал қыстату тәжрибелерінен мысал келтіріп «Социализм» колхозының басшылығын сынады. Мың жылқының қыс ортасында маң далада бағылуы салдарынан, оған төнген қауілтен сасқан Жоламановтың боран күнгі жортуылы күлкілі тілмен баяндады. Февраль айында малының шебін таусып алып, карыз сұрауға арланған Жоламанов, орынбасары Қайсарована ауданға аттандырды деп, өзі үялыш отырған Есеналыны онан сайын қызартты.

Мәслихатты аудандық совет атқару комитетінің президиумы басқарып отыр еді. Президиум мүшесі Тасеменов пен залдағы Жоламанов біріне бірі қадала қарасты. «Қандай шарт жасасуымыз керек екенін енді түсінетін шығарсың» деді Есеналының көзі. «Айтқанымнан айныман» деді Зұлқарнайдың көзі.

Есеналы өзінің егіс бригадирі Колосованы бірінші баяндама бойынша жарыссөзге шығарған болатын. Сондыктан, Мария өз сезінде МТС-тің колхозбен жасасқан шарты бойынша егінді қорғау үшін егілетін ағаштарға әрнәп жыртатын жерін үлгерे алмай калдыре-

нын айтқан. Оның үстіне пардың сапасыз культивациясын колхоздың қабылдамағанын тағы қосқан. Ал, екінші мәселе туралы, аудандық жер бөлімінің жаңа мемлекеттік жасаған баяндама бойынша жарыссеозге оның өзі шыкты.

Мәслихаттың кешкі мәжілісінде мінбеге шыққан Есеналы жұрттың бар ынтасын өзіне аударды. Ол қалың папкасын ашып, көзілдірігін ұлкен ақ орамалымен сұртіп киді. Ұлкен күміс сағатын қалтасынан алып бір қарады да, алдына қойды. Сөзге кіресті. Сөйлегенде, өзінің бүгін де, бұрын да көріп жүрген баяндамашыларына еліктеп, алдындағы қағазды анда-санда аударып қойып, соны оқыған кісі сыйқтанғаны болмаса, бәрін жатқа соғып тұр. Қарасынан ағы көбейінкіреп көкалаланған, шалғылы қою мұртты анда-санда шыйрата сыйлап қояды. Жаңа мінбеге шығарда, бас киімді алу тәртібін сақтап, тастамай жүрген тақыясын да орынына қалдырып шығып еді. Сондықтан, бурыл шашы сиреп, маңдайы жалтырай бастағанын жұрт енді айқын көріп отыр. Сол кере қарыс кең маңдайда, қабак көтерілгенде көлденен, түйілгенде тік түсіп қатар-қатар жолдар тораптана береді. Кейде ол көзілдірігін алып қойып жүртқа қарал, біреуесе жуан саусақтарын тарбыйтып алақанын жая, біресе шоқпардай жұдырығын түйе сөйлегенде, сол сөзінің магнасына қарай бүйрекbet тоқ жүзді, қараторы ажары не қызара, не сұрлана құбылады. Жазып алған сөзінің жоспарынан шығып өзбетімен қызыр кетіп бара жатқапын тез сезе қояды да, көзілдірігін кайта киіп қағазына үціледі. Қағазға қарай сөйлелеп тұрғанда ол өзінің ашушаң, бір беткей мінезінен өзгеріп, байыпты, ойлы, оқыған мінбе шешені сыйқтана қалады.

—... Бейбітшілік құрылым дәуірімізден жауға қарсы соғыс дауірімізге қілт бұрылым жасамаған болсақ,— деді ол,— боран күні мың жылдыны қыргын түйігіна тіремес едік, ешкімнен қарызға жем де сұрамас едік. Сіз,— деді ол аудандық жер бөлімінің мемлекеттікін.— Мың жылдының откен қыста маң даладағы панасыздығын көрсеттіңіз. Меніңше оның панаы адам, ана отырған Жайбасар Жайлаубаев. Сондықтан оның жылдының жысы-жазы өрісте өсті, өсе береді. Өріс пен жылды, мейірімді ана мен иресте бала сыйқты. Ол өз анасының төсін ембей тіршілік ете алмайды. Тек қысқы тебінде бағылатын әрбір жылды басына, шөптен ең

кемі он центнерден сақтық коры жасақталуы тиіс. Жазғы жайылымда жақсы суатпен, қыс кезінде, әзірге қарапайым да болса құрлыспен қамтамасыз ету керек жылқы фермасын. Жылқыны жайлаудың ыстық-сұзығына көнбісті өсіру керектігін де ойласу қажет. Тұлпарлы тауында әлі бірен-сараң құлан да барлығын байқадық. Зоотехник пен Жайбасар асыл айғыр мен құланды да будандастырып көргісі келеді...

— Бұл зоотехникаға ғылымына зыянды пікір,— деп дауыстады есік жакта отырған Қалдыбай Құлмұқанов орнына үша түрегеліп.

— Уау, сен өзің, киімнің етегіне жабысқан ошаганға ұсап әлі жүр ме едің? — деп Есеналы оны тілмен тілгілегелі келе жатыр еді, мәслихат басқарушысы коңырау шылдыратты.

Құлмұқанов отыра қалды. Жоламанов айтып түрған сөзін жалғастыра берді.

— Сіз,— деді ол баяндамашыға қайта бұрылып,— мың жылқы тұрғай жыйырма бес мың жануарды алдағы қыстың апатынан арашалау амалын неге баяндал бермейсіз маған...

Тасеменов президиум столының мінбес жақ шетінде отырған болатын. Есеналы енді соған қарап тұлғасымен тольк бұрылып алды да:

— Зұлқарнай сен екеуміздің дұрыстап кеңірек мүшә-уараласатын жеріміздің өзі осы екен,— деді ол.— Мен саған анада ертерек барып қалыптын. Кәне мына жүрт алдында айтшы, совет үкіметі МТС-ті колхоз үшін үй-ымдастырды ма, әлде колхоз МТС үшін үй-ымдасты ма?

— МТС колхоздың егіні үшін үй-ымдасты, бірақ заттай ақыны маған төлемейсіз,— деді Тасеменов.

— Сталин бізге, ана жылы Москваға съезге барғанда Метрей Колесов екеумізге,— деді Жоламанов мұртын шыйырып койып,— тракторды дұрыс пайдаланызыздар, колхоз мұлқін көздің карашығында сактаңыздар деп өз аузынан тапсырма берген. Қазіргі әңгіме тек колхоз мұлқін сактауда ғана емес, сонымен қатар оны өркендету арқылы бүкіл халқымыздың өмірін, аранын ашқан ажалдан аман сактап қалуда болып отыр емес пе. Хош, «Впередтің» егіні егілді де, «Социализм» малдан айрылды, сонда сен майдан тылын күшеттің бе, әлсіреттің бе, соны айтшы? Сонда сениң кімге болысқаның болын шығады, соны айтшы?..

Тасеменов енді үнисен калды. Президиумда отыргандардың бір-екеуі күбір ете түсті. Залдағы жұрт тым-тырыс. Өйткені, баяндамашы да, жарыс сөзге шыққандар да айтпаған тың жаңалықты Жоламанов ашқалы тұр. Егін шаруашылығы басым колхоздардың председательдері мен бригадирлердің іштей не ойлап отыргандарын өздері біледі, ал ферма менгерушілерінің көздері күлімдей түсті.

— Егер, Қызыл Армияға және оның тылына болыскың келсе,— деді Есеналы сөзін жалғастырып,— маға бай колхоздың шөп шабу маусымына қуатты тракторлар бересін. Біздің колхозбен жазғытурым жасасқан шарттың екі пункті орындалмағаны өзіңе мәлім; сол шарттың бұзылуы туралы шыққан даудың аудандық жаһық сотында қаралып шешілетіні де есінде болсын,— деп қорқытты ол ақырында Тасеменовты.

Өмірінде сот алдында болып көрмеген жоңе дау-жанжал дегенді жаңы жақтырмайтын Тасеменовтың ежелден бадырақ көзі одан сайын бажбыя бастады.

— Есеке, тракторға шөп машинасын тіркеуден баска не істеткіз келеді? — деп сұрады президиумда отырган Болатов.

— Шөп шабу мен жыйнау құралдарының толық агрегаты тіркелген бір қуатты трактор, бір жетіде,— деді Жоламанов,— сол агрегаттың бөлшектеніп атқа жегілгендегі айлық жұмысын аткарып шығады...

Болатов бұл есепті өзі іштей шығарып койып, соны Есеналының аузынан айтқызығы келіп отыр еді, енді оған Есеналы, адаминың ойында жок тағы бір жаңалықты қости.

— Мәселен,— деді ол залдағы жүртка балана көзін күлімдеп,— салмағы центнерлік шөмелейді ғой дара ат арқанмен жеп-женіл сүйреп әкетеді. Ал, алғыс шөмелейден үйілген, тіпті одан да зор зәулім маяны бір трактор шынжыр арқанмен шырмай сүйреп әкеліп қора жаңыла коя салмас па еді? Сонда, он километрлік жердегі шөпті қорага тасыған бір тракторшы өзінің сменасында торт жүз колхозшының жұмысын аткарады екен.

Есеналының мына пікірін қуаттаған ферма менгерушілерінің бәрі колшапалактай бастап еді, оларға залдағы бригадирлер мен председательдер де, президиумдағы басшылар да жаппай косылды. Жалғыз кала алмай Тасеменов те қолшапалактады...

Болатов мәслихат аяқталарда, оның жұмысын қорытындылай сөйлем Есеналының пікірін қуаттады. Бірақ, бұл мәслихат, МТС барлық колхоздың шебін шауып, жыйып, үйін, тасын беретін болсын деген сияқты міндетті қаулы шығара алмайтыны мәлім. Сондыктан жыйылған жұрт тарап жатқанда Болатов кабинетінде Жоламанов пен Тасеменовты қабылдады.

Аудандық партия комитеті секретарының кабинеті, Тасеменовтың емендей иілмейтін такаппар мінезін тал шыбықтай иіре ширата қойғандай болды. Оның қарасыр ажарына қан жүгіріп, бадырақ көзінен мейірім нұры байқалды.

— Есекеңді едәуір өкпелетіп алған екенсіз Тасеменов жолдас, мұныңыз артығырақ,— деді Болатов салмақпен.— Бұл кісінің жаңа пікірін, бүкіл колхозшылар бұкарасының орынды талабы деп ұғынуымыз керек. Бұған сіз немен жауап бергіңіз келеді?

— «Социализм» колхозының шөп шабу маусымына қуатты екі трактор бөлер едік,— деді Тасеменов,— егер Жоламанов жолдас МТС-тың колхозға сол үшін қоятын талабын орындайтын болып шартқа қол қойса?..

Бұдан үш күн бұрын, «осы өңірдегі ешкімге тәуелсіз такаппардың өзі Зұлқарнай екен-ау»— деп ойлаған Есеналы, енді оның тағдыры Болатовтың қолында деп қорытты. Ал, Болатов, әсіресе соғыс басталғалы Есеналының бұрынғыдан да мейірімді қамқоршысы болып алған. Мұндай қамқоршысы тұрғанда ешқандай апат ала алмасына көзі жетті де, бойына рухани қуат құйылып тегеуріні темір үзердей қүшейді Жоламанов.

## **ЖЕТИНШІ ТАРАУ**

### **1**

Бір мың тоғыз жүз қырқүшінші жылғы февраль айының бас кезіндегі бір хабар Қайнар қыстагын таң ата, күндергісінен ертерек ояты. Соғыс басталғалы болып жатқан сандаған өзгерістердің ішіндегі ең зоры осы оқыйға еді.

Дмитрий Андреевич асыға адымдап Айнабектікіне келе жатыр... Үгіт коллективінің басшысы Айнабек бұрын осы сияқты жаңа хабарлардың бәрін радиодан тыңдал жазып алыш, көшірме қағаз арқылы көбейтетінде, үгітшілерге үлестіріп отыратын-ды. Сондыктан оның жұмыс кабинетінде де, пәтерінде де радио үнемі сайран тұратын. Бұғынгі жаңалықты өз аузынан жарияламақ болған ол, үгітшілерді үй-үйге жүгіртіп, жүртты клубқа шақыртты.

Көптен бері осы хабарды асыға құтіп, радионы қадағалаң отырған колхозшылар үгітшіден бұрын-ақ естіп, бірінен бірі сүйінші сұраса, біріне бірі құтты болсын айтса бастаған еді. Енді лек-легімен клубқа қарай ағылды.

Дмитрий Андреевич өзінің қойып дәптеріне бүгін жазып алған жаңалығын Айнабектің жазғанымен салыстырып шықты да, енді Мақтыйның пәтеріне қарай адымдап келеді. Өйткені, осы хабар оның үлкен баласы Николай Колосов қызмет істейтін майданиның жеңісі туралы. Сондыктан, бұл да қазір жыйылып жатқан колхозшылар митингісінің ең бірінші шешені болғысы келеді. Соны Мақтыймен келісіп алуды керек.

Колхозшылар митингісін, жұмыс басталмас бұрын, үгітшілер коллективі арқылы шақыртып отырған Мақтыйның өзі еді. Қазір ол да клубқа келе жатыр. Дмитрий

трий Андреевич оны жарым жолдан қарсы алып, бірге келді.

Митинг ашылды. Бірінші сөз Колосовқа берілді. Оның жириен жүзі күп-күрең бол құлпырып, шұңғарек көкшіл көзі нұрлана ойнақшыды да, өзіне қарай қадала қалған көптеген көздердің бәрін күлімдеп жіберді.

— Біз жеңдік! — деді ол еңалдымен, бас бармағын шошайта басынан асыра көтеріп.— Иосиф Виссарионовичтің бұйрығын тыңдаңыздар.

Жұртың бәрі орындарынан түрегеліп, тіл қатпастан тыңдай қалысты.

— «Дон майданы. Жоғарғы Бас командование ставкасының өкілі артиллерия маршалы Воронов жолдасқа...

— Артиллерия маршалы!

— Артил-ле-рия!

— Бә-се-е! — деп жұрт шу ете түсті.

— Тыңдаңыздар, «Дон майданы әскерлерінің қолбасшысы генерал-полковник Рокоссовский жолдасқа:

Сізді және Дон майданының әскерлерін Сталинград маңында қоршауда қалған жау әскерлерін жоюдың ойдағыдай аяқталуымен құттықтаймын.

Өте жақсы жауынгерлік қыймылдары үшін Дон майданының барлық жауынгерлеріне, командирлеріне және саяси қызметкерлеріне алғыс жариялаймын.

Жоғарғы Бас Колбасшы *И. Стalin*.

Бұйрықтың «артиллерия маршалы» делінген жерінде шу ете қалған колхозшылардың ішінен шығып сөз сөйлеген шешендердің бәрі зеңбірек қаруының құдретін күшайте мақтады. Олар, Сталинград маңына шоғырланған жауды өздері талқандап келіп түрғандай мақтанысты. Оларды көшілік қуаттай, өзара қоштай отырысты.

— Өзіміздің СТЗ-ны өз зеңбірегіміз азат еткен екен фой.

— Азат етпегендеге ше, соғыс тәңірісі болған соң.

Астық толы алты пүттық қаптай снарядтарды тастанап-тастан жіберіп әкесінің көріне бір-ак тыққан фой.

— Эрине, Stalin ол майданға артиллерия маршалын не үшін жіберіп отыр дейсің...

Сталинградтағы ұрыстың жеңіспен аяқталуына арналған бұл алғашқы қуаныш митингісі, содан кейінгі бірнеше тойдың бастамасы болды. Қөп ұзамай-ақ «Правда» газеті қайнарлықтар үшін аса маңызды жаңалықпен

келді. Бұл жаңалық та еңалдымен Дмитрий Андреевичтің үйіне еніп, оның қуанышы да сол үйде тойланды. «Правданың» бүгінгі номерінде, Николай Дмитриевич Колесовке Сталинград үшін ұрыстағы жапқыярлық ерлігі үшін Совет Одағының Батыры атагын беру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланған.

Дмитрий Андреевичтің ортанышы баласы Михаил Ленинградты қорғауда ерлікпен қаза тапкан болатын. Ал, мына Николайдың қаһармандығы, оның бұл қайғысын жүргегінеп мүлде жуып әкетті. Оның қуанышына, әйелі Антонина Федоровнаның, келіні Людмиланың, қызы Марияның шаттықтары қосыла, көңілдері көлдей шалқып, жеңіске арналған бірінші той осы үйден басталды.

Үш бөлмелі үй лық толы жұрт, қолдан ашытқан сыраның алғашқы стакандарын, «Социализм» колхозынан Совет Одағының Батырын шығарған Бас қолбасшы Сталиннің саулығы үшін ішті. Екіншісін, жеңіс туының Берлин үстінде желбіреуі үшін көтерісті.

Той үстіндегі шаттыққа, шалқар көлге құйылған жаңа арнадай болып, тағы бір қуаныш қосылды. Николайдың Сталинградтан жазған хаты мен қойын дәптері келді.

Есеналы өз адресі арқылы барлық колхозшыларға ариалған бұл хатты осы той үстінде Мақтымға дауыстаратып оқытты.

### *«Құрметті Есеналы Жоламанович!*

Сізге және сіз басқарған барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдерге гвардиялық сәлем жолдап, жауынгерлік алғыс айтам. Сталинград пен Қайнар арасында бірнеше мың километрлік жер қашықтыры жатса да, сұрапыл соғыстың өрті ішінде сіздер мен біз біте қайнаған құрыштай болып алдық. Қыстың сызы бас пен аяқтан, үскірік желі өкпемізден өткен жоқ. Батальон асқанасының қазанын қайнатып, күні-түні жүрекке ерлік, білекке қуат қосып отырсыз. «Социализм» колхозының батареясынан атылған ауыр снарядтар жау шебіне дәл түсті. Топ-тобымен тұтқынға түсіп, мерт болып жатқан неміс-фашист солдаттарының басына ораганы әйелдердің ішкіімі, аяқтарында ағаш табан кебіс, сумкаларынан ит пен мысықтың еті шығып жатыр...

— Элін білмеген элек,— деді бір колхозшы, хат оқып отырған Мақтымның сөзін бөліп.

— Е, әлек болмай, сол малғұндардың «Социализм» сияқты колхозы бар деп отырмысың,— деп едірейді оған скінші біреуі.

— Колхозды айтасындар, фашистер әскерінде тіпті тыл жоқ, тылсымағының түп тамыры үзілгелі түрған қылдай демеппе ем әнеугі әңгімемде,— деп бір үгітші бұл мезетті де пайдаланып қалғысы келіп орнынан үшін түргегеліп еді.

— Жә, сабыр ете түр, ағына дейін оқып шықсын,— деп тоқтатты оны Айнабек.

— «...Сталинград түбіндегі, бұрын-соңды болып көрмеген сұрапыл соғыс, Сталинград үшін ұрыстағы жеңісіміз, неміс-фашист армиясына төнген қаратунектің алды»— деген жеріне келгенде жүрт: «тойымыз тойға ұлассын!» «Көсемнің жасы ұзақ болсын» — деп қуана дуылдасты. Осы мезетте Мақтый хаттың кейінгі жағына көзін жүгірте шолып өтті. Ендігі сөзі «шығынсыз соғыс бола ма» деп басталып, Сейтеннің каза тапқанын хабарлайды екен.

— Е, сонан соң,

— Оқый беріңіз.

Бұл тойға Сейтениң әйелі Қадиша қатынасып отырғандықтан Мақтый «Шығынсыз соғыс бола ма?» деген сөзге өз жанынан «бір солдатымыздың қазасы үшін жаудың фельдмаршалынаң бастап үш жұз мыңдан астам офицерлері мен солдаттарын тұтқындаپ алдық» деп қости да, аттан өтіп аржағын оқый берді.— «Берлинге бет бұрдық. Өз Отанымыздың жерін және жолымыздагы елдерді жау құлдығынаң азат сте, ұрыспен ілгерілей отырып мұратқа жетіп, жеңіспен ораламыз. Содан кейін Қайнар көлі бойында бас қосармыз, күш қосармыз, жаракат жазылар, бейбіт өмірдің даму жолын жаңаша бастармыз, ерлер қайратымен Еспе қаналын ел ырысы етерміз. Қөріскеңше хош болыңыз.

*Николай Колесов».*

РС: Сталинград үшін ұрыс басталғалы күнделік жазын жүрген қойын дәптерімді осы хатпен бірге жіберіп отырмын. Мұны Айнабекке тапсыруынызды өтінемін».

— Мақтый-ау қарағым, дәптерінде не жазды екен Николай, сонысын да оқып көрші,— деп өтінді тойға келіп отырған карт аналардың бірі.

— Дәптер қалың, сондыктан оны ертеңен бастап бәріңізге де үгітшілер әдейілеп оқып беретін болады,— деп еді Мактым, Есеналы бірінші ұсынысты қуаттады.

— Күрес күнделігі ғой бұл, бір күннің оқыйасы болса да оқып көрейік.

— Ендеше, Айнабек оқысын, Николайдың өзі де соған жіберген екен,— деп Мактым дәптерді Айнабекке ұсынды.— Бастапқы бір эпизодын оқып бере ғой.

Сыртына майдан батырының тери сіңген, караңдашпен жазылған бұл қойын дәптерді, Айнабек мектен оқушыларына сабак беріп тұргандағысындей-ақ саңылдай дақпа-дақтап оқыды:

«...15 сентябрь. Генерал Чуйков біздің бөлімге таң алдында келді.

— Сәламатсыздар ма Сталинград қаһармандары! — деп амандасты.

Ол бұрын бізді «Алпыс екіншінің ақынтары» деуши еді. «Алпыс екінші армияның атасы» атанған сүйікті генералымыз бізді көсем атындағы қаланың қаһармандары деп бағалап, өте көнілді келген соң, біз бірауыздан шабыттана амандастық. Бұрын батальон, рота командирлері арқылы қабылданатын жаңа бүйректы енді оның өзінен күттік.

— Жоғарғы Бас қолбасшымыз,— деді ол,— Сталинград қаласын қорғаудың ардакты міндетін бізге тапсырды. Артымызда ана ариамыз — Волга. Құрыштай берік болыңыздар. Соғыс техникасының резерв кеңі СТЗ...

Генерал бұл бүйрекінан кейін көп аялдаған жоқ. Өзге бөлімдерге кетті...

Таң атқансоң қалаға неміс-фашист басқыннылары алдымен аспаннан шабуыл жасады. Біздің сұңқарлар да топ-тобымен көкке көтерілді. Зенит зеңбіректеріміз де жерден көкке снаряд боратты. Аспан асты аласапыран сұрапылға айналды. Қоқтен бомбалар мен самолеттер араласа түсіп қаланың кейбір үйлері қыйрап, өртене бастады. Санбат жауынгерлері де амалсыз іске кірісті. Бір мезетте кісідей бомба ауаны шулата азnap келіп шебімізге түсіп жарылды. Танктың қалың құрыны әкипажымызды сактап қалды, двигатель де амаң, бірақ зеңбірегі сантан шықты. Танкістер қағидасында «карусыз танк құр қәкірек» атапады. Машинаны шелтеп шегіндіре шығарып алған СТЗ-ға қарай жөнеп бердім.

СТЗ, соғыс техникасының резерв кеңі десе дегендей

екең. Бейбіт күндерде елімізге жылма-жыл жасап беріп отыратын мындаған трактордың алып станоктары енді сол тракторларды танктарға айналдырып шығарып жатқан сыйқты. Мұндағы жұмысшылардың танкист жауынгерлерден ешбір айырмашылығы жоқ, бәрі қаруланып алған. Қерек болса осы заводтың өзі де бір қарулы танкистер батальонын аттандырлықтай. Мен алғашында бұлар танкіміздың саптан шыққан зеңбірегінің орына жаңа зеңбірек қойып беретін шығар деп ойлаған едім. Олай болмады, қару-құралымен дайын танк берді. Бұл танкты бізге орта жастаған асқан бір мұртты жұмысшы тапсырды. Ол екеуміз алдымен машинаның двигателін тексердік. Оның ажары ажымданып, самай шашы агара бастаған екен.

— Бұл заводта қашанин бері қызмет істейсіз? Есімің кім болады, танысып қояйық,— деп сұрадым мен.

— Василий Токарев, завод салынғанин бері үздіксіз істеп келемін,— деді ол.— Өзің кімсің? Кім болып қызмет істеп едің соғысқа дейін?

— Николай Колосов, колхозны, тракторист.

Мұрттым маған бар назарын аудара қарады. Бейбіт күнде тракторың, соғыста танкысын беріп тұрған оның көзінен өзімді Қайнардан аттандырган әкемнің көзіндегі әрі мейірімнің, әрі талаптың жанары жанды.

Жаңа танкты жаңағы қорғаныс үұрысымымыздың шебіне қайта әкеліп қойдық. Бұл кезде аспандағы атыс толастап, жаудың зеңбіректері де тыныштала қалды да, танктер шабуылы басталды. Өз танкымның алдыңғы қарауыл саңлауынан сығалаң отырмын. Зеңбірек, пулеметтерінен атқылаң келе жатқан жүзден астам танктердің артынан жүгіре қаптаған жаяу әскердің ұшы-қыйыры жоқ. Біздің қарулардың барлық түрлері қосыла, жаппай құркіреді: нағыз кескілесер қан майданың қақпасы қазір ашилды. Менің танкымның әкипажы да зеңбіректі ғүрсігүрс атқылай бастады. Әзір танкты шептен шығарып ілтері қозғауға команда берілген жоқ. Өзім әлі сол саңлаудан сығалаумен отырмын. Атқыштар батальонымыздың жауынгерлерімен бірге окопқа бекініп алып автоматтан атқым келеді. Бірақ, үұрыс үстінде рульден қол узуге правом жоқ. «Япырау, осы арпалысқа араласа алмай қалғаным ба?» деп кынжыламын...

Жаудың танктері талқанданып, ортене бастады. Зеңбіректеріміз олардың жақындаған қалғандарын қақ мац-

дайдан тура соққылаумен құртты. Бір флангыдан тағы бір елу танк шықты. Атқыштар батальонымыз кейінгі шепке шегіне бекіністі. Танк құртқыш топтың соққысына шыдай алмаған жау машиналары, алдыңғы шепке төніп келіп кері жалтарды. Жаудың жаяу әскері атакаға шықты. Ендігі сөз автоматтар мем пулеметтерге берілді. Жау қырылғанына қарамай шулап келеді. Қазір қолма-қол айқас басталады, штыктар қанаға боялады. Соған дейін үлесімді алып қала алмай зығырым қайнап отырған мезетте команда берілді, қарсы атакаға шықтық. Найзали мылтық, автомат, қол гранаталармен қаруланған жаудың жаяу әскері, берік бекінісі болмағансон ауыр танктің астында котлет қой. Мотордың бар қуатымен ілгері қарай КВ-ні арқырата жөнелдім. Жаудың жаяу әскерін езгілей бастиадым. Елулеген неміс-фашистерінің сүйегін уатып, шепке қайта оралдым да «Токаревтің данқы арта берсін!» деп дауыстадым...

Таң сәрінен түс қайтқанша кескілескен осы ариалысттан кейін де біз танкымызды шептен шегіндіргеніміз жоқ. Рота старшинасы түскі тамақты шебімізге әкеліп бергізді. Мұнда да әдетте батальон асқанасынан ішетін тамақтарымыздың тәртібі бұзылған жоқ. Тек бұрыңғы ас алдындағы жүз граминан кейінгі май шабақ, уылдырық, салат сыяқты салқын закускалар орнына бүгін консерв берілді. Осы консерв банкасының сыртында: «Семейдің М. И. Қалинин атындағы Еңбек Қызыл Ту орденды ет комбинаты» деп жазылған еken, Василий Токарев берген танк ішінде, Ертіс бойында өсірілген мал етін жер алдында, стаканға ерінімді тигізбей тұрып: «Токарев пен Жоламановтың денсаулықтары үшін!» деп іштім меп жүз грамды...»

Николай дәптерінің бірінші күнделігі осымен аякталған еken. Жаңағы, «фашистер әскерінде тыл жоқ» деп отырған үгітші тағы да орнынан ұшып түрегеліп:

— Жұмысшы мен шаруа одағын, майдан мен тыл тұтастығын бейнелейтін күнделік еken,— деді...

## 2

Тойдан кейін, Қадиша осындаі хатты Николаймен майдандас жауынгер Сейтеннен күткен еді. Бірнеше күндер өтті, хат жоқ. Оның үстінен Николайдың хатындағы «шығынсыз соғыс бола ма?» «бір солдатымыздың қазасы...» деген сөздері күдіктендіре берді.

Қадишаны осылай күдіктендіріп қойған Мақтым, енді оған есіттірудің де ебін тапты. Майданда қаза тапқан Ержаниң әйелі Зылиқаны, Михайлдың әйелі Дарьяны шақырып алды. Ол екеуіне Қадишанықіне барғанда айтатын сөз нұсқасын көрсетті. Олар барысымен іле-шала Есеналы мен Дмитрий Андреевич желетін болды. Өйткені, шиеттей үш баласын балалар үйіне қалдырып, өзі огород бригадасын басқарып жүрген Қадишаның бұл қайғысы үшін оның өзі тұрғай бүкіл колхозшылар қатты қыйналды.

Шам жағыла Мактым, Зылиқа және Дарья үшеуі Сейтендікіне келіп еді, Қадиша қызметтегі қайтып, төргі үйіндегі ерінің суретіне қарап жылап тұр екен, мынашарды көріп көзінің жасын сүрте койды.

— Қадиша-ау, мұның не? — деді оның жылап тұғанын сезе қалған Мактым.— Сен өзің жар сағына білмейсін екен гой, осы замандағы келіншек майдан батырын жылап сағына ма екен. Менің Ербөлегім сенің Сейтеніңмен бірге аттанбап па еді.

— Соны айтины осы Қадишаға,— деп аржагын іліп әкетті Зылика.— Қүйеуіміз келмеске кеткен Дарья екеуі міз неге жыламаймыз. Төзімсіздік жасықтықтың белгісі, жасықтан жаман жок.

— Николай жазған хатты Сейтен жазбаған соң,— деді Қадиша пәзік даусымен,— соған өкпелеп...

— Өкпелесен де,— деді Мактым оның алдын орай,— осы колхозды осындаі берік бекініске айналдыруда Сейтен қосқан үлес үлкен. Сен майдан мен колхоздағы қаһармандықты қатар мақтанды шетуің керек...

Осы мезетте Есеналы мен Дмитрий Андреевич келді. Алғашкы үшеуінің келуіне қуана бастаған Қадишаны, олардың үстінде соңғы екеуі келіп,— бәрінің мезгілсіз жыйыла қалуы шұబәландырыды. Бір нәрседен корқып абдыраған адамдай елемізіп, үйіне келгендердің әркайсысына бір жалтац-жалтац қарай берді.

— Әңгіменізді айта отырыңыз Есеке,— деді Мактым аздан соң. Алайда, өзі бастамай, Есеналыға жол аша қойғанына өкілді. Өйткені ол алыстан орагытып, салттан шыққан атамзаманғы мақал-мәтелдерді шұбыртпаса иеғылсын деп күдіктенді.

Бірак, Есеналы мәймәнкелемей, салғашан тұра кетті.

— Адам естімеген жат жақалық жок,— деп бастады ол.— Мына Метрей екеуміз жақалықтың жақсысын да,

жаманын да естіп, қабыргамыз қайсып та, катаип та жүрген адамдармыз ғой, соның бірін осы үйде отырган сіздерге де айтып шыққала келіп отырмыз...

— Айтыңыз, қуаныштың сабыры, реніштің төзімі бар. Сіздер шыдаған қыйыншылыққа жастар төзбес дейсіз бе,— деді Мақтым.

— Айтсақ, қазіргі әңгімеміздің тақырыбы майдан туралы емес пе. Ленинградты корғауда Метрейдің ұлы Михаил, Москванды корғауда менің ұлым Ержан қаза болып еді. Енді Сталин атындағы ардақты қаламызды корғау майданының төрінде Қадишаның серігі Сейтей қаза тауыпты...

Қадишаның түсі құп-құ болып, еріндері еріксіз жыбырлап, екі қолы дірілдей бастады.

— Дарья, сен де бірдене айтқалы отырмысың? — деді Мақтым.

— Біздің күйеуіміз Отан үшін, халық үшін қазатапты,—деді Дарья салмақпен.—Мен Михайлдай жігітті сүйе білгеніме, қан майданың қақ төрінде қаһарманлықпен қаза тапқан даңқы өшпес ердің әйелі атасын қалғанымды мақтаныш етемін. Менің Қадишаға да айтқалы отырғаным осы.

Қадиша қасында отырған Дарьяны құшақтай өкесіді, бірақ даусын шығармады. Дарья бұған бұзыла койған жоқ еді, бірақ, осыдан жыйырма минут бұрын мықтымсып отырған Зылиқа егіліп қоя берді.

\* \* \*

Мақтым, Қадишаны жұбатам деп отырып, балалар үйіндегі өз ұлна баратын уақытынан едәүір кешігіп қалған еді. Өзге аналардың бәрі жұмыстан кайтып балаларын үйлеріне алғып кеткендіктен төрт жасар Бақытжан бала күтуші әйелге жұбанбай мамасын жоқтан жылап отыр екен. Ербөлгектің өзіне тартқан бүйра шаш, кара көз, тәмпек мұрын, бүйрек бет, бұлдірішіндегі кара бала еді Бақытжан. Мақтым балалар үйіне кіріп келгенде жылап отырған оның «Папа» деген бір сөзі ана жүрегін елжіретіп, көзінің жасын да ырыштың жіберді.

— Сіз кешіккен соң папасының атын атап жылан отыр,— деді бала күтуші әйел.

— Жаным, кішкентай Ербөлгім,— деп құшақтай, құштарлана сүйді Мақтым Бақытжанды.

Балалар үйіндегі күтім — мейірімді, тағам — дәмді,

балалармен ойын — өте қызғылықты бола тұрса да, соның бәрінен де туған анасының мейірімін артық көре ме, әлде, мамасынан басқа ешкім жоқ болса да өз үйін көңілдірек көреме,— әйтеуір анасы кешке үйіне алып келген сайын Бақытжан бір тәтті қуанышқа бөлене қалатын-ды. Таң атқаннан кеш батқанша бірін-бірі сағынысып жүріп кешке табысқанда ананы да, баланы да бір ортақ тәтті сезім билеп мауықтарын басысатын-ды. Бірақ, Бақытжан күні бойы қамқорлыққа бөленисе, Мақтыйм ертеден кешке дейін көптеген баланың аналарына қамқорлық көрсететін. Әйтпесе ол бүгін мұнша кешігерме еді. Ербөлек майданға аттанып кеткенде екі жастағы Бақытжан, соңғы кезде, Мақтыйм айтқанда болмаса экесін көп ойламаушы еді. Мамасының бүгінгі көп кешігүі оған папасын сағындырған сыйқты. Мақтыймың көз алдында Ербөлек ренжіп тұргандай болды. Қадишиның індерінен балалар үйіне жеткенші әрқыйлы оймен келген оның Бақытжаны «папа» деп жылағанын көргенде көзінен жасы ыршып кетуі сондыктан еді...

Мақтыйм күтуші әйелге алғыс айтЫП, ұлын алып үйіне келді де, есігінің құлпын ашты. Мана, елең-алаңдан тұрып жаққан пештің тұрбасын сәскеге таман бір ора-лып келіп жауып кеткен еді, үйдің іші жып-жылы екен.

Бақытжан күндегі әдет бойынша ауыз үйде тұрып алдымен қолқабын шешіп сыртқы калтасына салды. Содан кейін, өзіне арналып қағылған киім ілгішке пальтосын, құлақшынын ілді де, төргі бөлмеге қарай томпандады.

— Қыстың күні кісі пимамен төргі үйге шыға маекен? — деді ұлының шешінгенін де сырттай қадағалап тұрган Мақтыйм.

— Ой, пима шешуді ұмытып барамын екен ғой, бір жолға ұрыспа мама,— деп қүйбендең пимасын шешті Бақытжан.

— Бір жолға ғафу етемін, екіншіләй өйтпе. Енді кешкі туалетке әзірлен,— деді Мақтыйм өзі де шешініп жатып.

Бүгін ол Бақытжанды ауыз үйдегі плита үстінде тұрган жылы сүмен шомылдырып, таза киім кигізді. Қол-аяғының өсө бастаған тыриқтарын алды. Содан кейін, күндегі әдеті бойынша жазу столы жанына өзімен қатар отыргызды да, бүгін оның балалар үйінде көрген жақалықтарын сұрады. Бақытжан көрген-білгендеріне артық сөз қоспай баяндай бастады.

Мақтымның құлағы — баласының баяндамасын тыңдалап, көзі — стол үстіндегі Ербөлектің суретіне қарап, жүргегі сол екі түрлі сезімінің әсерін қатар қабылдап отыр. Жыуырдаған хатпен келген фотокарточкадан, он жылдық мектептің суретші оқушысы үлкейткен бұл суретте Ербөлек офицер киімімен, қаруларын асынып, күліп түсken. Қазір ол жарына қарап: «Жеңіспен қайтып ораламын, төзіп бақ» деп қойып, өзі кеткенде тілі шықпай қалған ұлының айтып отырған сөзін тыңдалап күліп тұрган тәрізденді. Мақтым сол суретті қарсы алдындағы үлкен айнаға қаратып қойып еді, ерлі-зайыпты екеуі ұлны ортага алышп отырғандай болып көрінді.

Бақытжан баяндамасын аяқтап, оны мамасының қортындылауын күтті. Мақтым сол қортындыны айнадан көрсетейін дегендей-ақ:

— Айнаға қараши Бақытжан, папаң үшеуміздің бірге отырғанымызды қараши,— деді, өзі де сол баласынша қуанып.

— Мама, папам келген соң үшеуміз бірге отырып суретке түсеміз бе? — деп сұрады Бақытжан еркелеп.

— Дәл осындаій бірге отырып суретке де түсеміз, кинопи да көреміз, бақтарға да барамыз, Қайнар көлінде қайықпен де жүземіз. Папаң келгенеше сен тәртіпті, акылды, жыламайтын, үлкен кісінің тілін алғыш жақсы бала бол. Ал қазір жатып дем алайық, ертең ерте тұрамыз гой.

— Мама, мен бүгін үйде үйқтайдын ба? — деп сұрады Бақытжан.

Мақтым кей күндері кешкі жұмысқа барса, «Қызылжарға», немесе қырдағы мал отарларына кетіп, сол жақта конып қалатын болса, Бақытжанды балалар үйнен тапсырып қалдыратын-ды. Сол сияқты кешкі жұмысқа баратын балалы әйелдер үшін бала күтушілер екі сменамен күні-туні қызмет істейтін.

— Бүгінше үйде үйқтайдын және менің жаныма жастасын,— деді Мақтым.— Ертеңен бастап екі кеш балалар үйіндегі кроватында үйқтайдын боласын. Мен ауданға барамын. Саған ана папаның бас киіміндегі жұлдыздай бір жұлдыз әкелемін,— деді стол үстіндегі суретке қарап қойып. Бақытжан сондай бір жұлдыз әкеліп бер деп қыңқылдап жүруші еді.— Мен келгенеше жыламаймысын?

— Жаңа өзің папам келгенеше жылама дедің ғой.

— Жаным, кішкентай Ербөлегім,— деп сүйді Бақытжанды Мактым.

Сүйген жарын сарғая сағынғанмен, тұған баласы баурында жатқансоң ана да, дүниеге келгенде алғаш қоректенген ақ мамасын іскеп жатқансоң бала да маузыраң тәтті үйқыға енді!

### 3

Үгітшілер колективінің мүшесі Қадиша, Николай дәнтері бойынша огородшы-колхозшылар арасында әңгіме өткізіп отыр. Партия үйымының нұскауы: бір әңгімеде дәптердің бір күндік оқыйғасы оқылып шығуы тиіс. Қадиша, күнделіктің Сейтең қаза тапкан күні жазылған жерін бүгін оқытын болғандықтан Есеналы мен Дмитрий Андреевичті де әңгімеге шақырған еді. Қазір, ол екеуі Николай күнделігінен өздерінің оқыған оқыйғасын Қадишаның аузына тағы тыңдал отыр.

«27 январь. Жауға қарсы шабуылымызды үнемі авиация мен артиллерия қатар бастаушы еді де, содан соңғы кезек танкке беріліп, көртындысын «Дала патшасы»<sup>1</sup> шығаратын-ды. Ал, бүгінгі шабуылды «Софыс тәңірісінің» өзі бастады. Біз кезек күтіп шепте тұр едік. Танк командирі люкті ашып бинокльмен алдыңғы жаққа қарады да:

— Қазір, неміс-фашист басқышыларын Волга мен Дон, Амудария мен Ертіс, бәрі қатар соққылап жатыр,— деді.

Мен оның бұл сезінің магиасын үгына койдым. «Социализм» колхозы батареясының шебі біздің дәл артымызда болатын. Оның снарядтары үстімізден ұшып барып жау шебіне дәл түсіп жарылуын көріп, танк командирі көптеген зенбіректерге Ертістің де соққысын қосып тұр. «Ертістің соққысы» мұнаи екі күн бұрын жалпы артиллериямыздың құдретіне өзінің күшін қосып фашистерге мұнаи да қаттырақ соғылған. Командованиеңің ерекше тапсырмасымен барлауға жіберілген Сейтең лажсыздан жаудың қою шоғырланған құрамасының қоршауында қалған...

Күнделіктің осы жеріне келгенде Қадишаның көзі

<sup>1</sup> Эскери қагыйдада жаяу әскерді (пехота) «дала патшасы» дейді

жасаурап, даусы дірілдей бастады. Бірақ, сонысын сез-діргісі келмей, тамағын женеп қойып жүрдегірек оқыды.

...«Ол жау қолына тірі түспей, алысқа ататын арт-полктың барлық зеңбіректерін, рация арқылы өзін қоршап алған қалың шогырға дәлдетіп қаһарманандықпен қаза тапқан...»

Қадишианың өні сурланып, тілі тұттыға қалды.

— Оқый бер шырағым, оқый бер,— деді Есеналы.— Ержүрек батырдың жары жасық бола ма екен? Қаһарман қаза тапса да, зеңгір таудай жастық жастанады әлі, оқый бер шырағым.

«Қаза тапты» деген жаманат Қадишианы қанша қайтыртқанмен, «Батырдың жары» деген жақсы атак қайраған қанжардай қылпытып жіберді. Қуарған өң кызыра нұрланаң, күрмелек қалған тіл сайрап кетті.

...«Соның нәтижесінде жаудың сол құрамасы талқандалып, Дои майданымен Алпыс екінші армия флангыларының ұштасуына үлкен үлес қосқан еді Сейтен. «Социализм» батареясы сол артполктың құрамында. Сондықтан ол өз қолхозының жауынгері Сейтеннің өшін алым снарядтарын бүгін де дәл түсіріп тұр.

Міне, Сейтеннің кегін алу кезегі өзіме де келді. Бүгінгі шабуылымызға жау ақтық күшін жыйып алып, көптеген танктерін карсы атакаға шығарды. Танктердің арпалысы да, жаяу әскердің штыктасқан қолма-қол айқасы сыйқты. Ондағы ұрыстың тағдырын күштің басымдығы, жауынгердің шашшандығы мен әдісқойлығы шешетін болса, мұнда танк құрышының қалындығы, жүргізуінің әдісқойлығы мен зеңбірекшілің мергендігі ұтады. Бірақ, мұнда зеңбірекші жүргізуінге тәуелді болғандықтан ол екеуінің жүрегі, ұрыс үстінде бірдей соғуы шарт. Бүгінгі шабуыл жолындағы майдан жерінің қыртысы таңкты толқын үстіндегі қайықтай ырғалтты. Сондықтан қарама-қарсы шабуылмен келе жатқан екі жақтың да машиналары алыстаң атыспады. Бірақ, алғашқы талабының сөті түскен менің зеңбірекшім бетпе-бет атысқа жеткенше снарядын таусындырап алды. Міне жекпе-жек айқастың жұз метріне жеттік. Екі жақтың да снарядтары қарама-қарсы ұшын, бұл екі араның ауасы электр тогына айналғандай тірі жан тұрса лезде күлі көкке ұшардай болып кетті. Қейбір снарядтар өзара соқтығысып орта жолда ауада жарылып жатқан сыйқтанады. Маган карсы келе жат-

кан машина жүрісін шабандата қойды, мен кілт тоқтап қалдым. Екі зеңбірекші де бір мезетте атты. Неміс снаряды жапырыздан зу етіп өтіп кетті де, оны атқан танктан қара тұтін аралас қызыл жалын лап ете қалды. Бұдан кейінгі жерде танк біткеннің ерсілі-қарсылы араласа сапырылысып, өркеш-өркеш бұйра қара бұлттың күркілдей-жарқылдай тоғысқанын елестетті. Мен өз қарсымдағы қара алbastының қабырғасын қақыратқанин кейін көршіме көмектесіп, оң мен солға бұрыла бүйірден атыс әдісіне көшкен едім. Бірақ, атқышым оғын таусып алды. Ендігі жерде «мені ат» деп тұрып алу, немесе жалтара түсіп кері тайкудан басқа амал қалмады. Оның үстіне, өзіме қарай тағы бір сынар мүйіз өкіріп келе жатыр. Қуаты тең екі танк бар шапшандықпен келіп бетпе-бет соқтығысар болса еңалды мен екі жургізуші езіліп қалуы тиіс. Сонда да қарсы келген жаудан жалтармадым. Орал құрышы мен Рур темірі ақырғы рет сынға түсті. Екі танк маңдай тіресіп тұрып қалмай, бірінің бірі шынжыр төстерін егей жоғары шапшыды, менің танкымның салмағы да, қуаты да басым келгендікten жау танкысы шапшығанмен шалқасынан түсті. Оның әкипажы қазір тәбесімен отырма, әлде жанышылып жатырма,— онда менің жұмысым қанша,— темір бетонды ДОТ-тың үстінен өткендей ырғыта түсіп жөнеп бердім. Осы кеткеннен машинамыздың маңдайын Рейхстагка бір-ақ тіремей тоқтамайтын шығармыз»...

Николай Колосовтың дәптеріндегі бір күндік оқыйға осылай аяқталған екен.

— Соғыс біткен соң, Сталинград қаласынан Сейтеп-ге ескерткіш саламыз,— деді Есеналы.

— Я, граниттен саламыз,— деп қуаттады оны Дмитрий Андреевич.— Волга-матушка соғыстан соң, жағасында жан қыйған ерлер еліне актарар асыл қазнасын!

## **СЕГІЗІНШІ ТАРАУ**

### **1**

Бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың январь айында Ленинград пен Новгород түбінде, февраль-мартта Бұг пен Днестр өзендерінде, апрель-майда Одесса мен Перекоп төңірегінде, қазір Петрозаводск мен Выборг түбінде — төртінші рет сұрапыл соққы жеп мертіккен андай іннен-інге тығыла бастады жау.

Колхоз дүшпаны Қалдыбай Құлмұқанов, Есеналы айтқандай киімнің етегіне жабысқан ошағанға ұсап, бұл өчірде әлі жүр. Әрине, Есеналы оның әрекетін дәрменсіз әрекет деп есептегендіктен оны ошағанға теңеді. Өйткені, ошаған қойдың жүнінен тазарттылса аттың шашасына жабысып, жабысқан жерін айнала бүре бүркеніп өзіне ұя жасап алғатын тікенек. Сондай-ақ, Құлмұқанов та ашық арпалысқа шығу дәрменінен айырылған соң астырын әрекетке көшті.

Бұрнағы жылды, Еділбай қойын жылыша екі рет төлдетудің «зыяндылығын» дәлелдеймін деп ашық айтысқа шығып жеңіліп қалған болатын-ды. Артынан, көп ұзамай-ақ орнынан алынғанмен «кәрі мүгедек» болып алды да «домалақ қағаз» кәсібіне түсті. Мұнысын откен жылдың жазынан бастады. Алғашқы «сигналы» былай жазылды: «Зоотехник Таутан Тайбағаров Отан соғысы майданының тылышын әлсірету ниетімен сыйыр малыш кежегесінен кері өсіру зыянкестігін бастады, жыл толмаған баспақ қашарларды шағлысқа қосты. Бұл зыянкестікке колхоз басқармасы да, аудан басшылары да жол ашып отыр» — деп соңына бір топ малышының сыртынан қолдарын қойды да, облыстық жер бөліміне жолдады.

Облыстық жер бөлімі сол ауданға шыққалы отыр-

ған бір өкіліне осы «арыздың» да анық-танағын тексере қайтуды тапсырды. Ол өкіл келгеннен кейін аудандық мал дәрігерін және жер бөлімінің зоотехнигін алыш Қайнарға соқпастан Сүттігендіге тіке тартты. Шағылышқа қосылған, жыл толмаған баспақтар болмағанмен 17 айлық қашарлар екен. Бірақ, соның өзі комиссия мен Таутан арасын алыстатып, едәуір келісе алмаушылық туғызды. Өйткені, Торсықбай Жөнекеев өзінің отыз жылдық дәрігерлік өмірінің ішінде бұл оқыйғаны бірінші рет көріп отырғандықтан Таутан жағына шыға алмады. Зоотехниканы жетік білмейтін облыстық өкіл оның осынысын пайдаланады. Аудандық зоотехник өкілдің ырқына жығылды. Олармен келісе алмай, әбден амалы құрыған Таутан радио арқылы Есеналыны хабарлады.

Егер ол осыдан үш жыл бұрынғы Есеналы болса Қасқырқараға міне шапқылап барып сол комиссияға «Сүттігендіден тайып тұр» дер еді. Бұғін Таутанды таңдаудың күшін баулып:

— Жасамақ актын жасай берсің, істеген ісінді рас-  
таң актына қолынды қоя бер,— деді ол.— Бұғін таңда  
олардың портфеліне сол акты ғана болмаса, сыйыр  
сыймас. Шынтуайтқа келгендегісін тағы көре жатармыз.

Мына сөзіне қараганда, өзінен Есеналы едәуір қүшті отырғанын сезген Таутан, енді комиссиямен көп даулас-  
пады.

Есеналы да өзінің сенімді арқа сүйері болған соң қүшейіп отырғой. Ол аудан орталығын радиога шақырып біраз әуреленіп көріп, ала алмай, ақырында ауылдық совет кенсесіне қарай аяңдады. Сүттігендідегі комиссияның Қайнарға соқпай кетпесін сезіп отырған Есеналы, енді онымен өзі беттескенде тайсалмас үшін қосымша күш іздеді.

Мақтам Есеналыға ой сала кенес берді.

— Өзіңіз айтып отырған сыйқты «шатақ-шарғылар»  
өзірше бола береді, Есеке,— деді ол.— Өйткені, қоғам-  
дық өмірде әрқашан өсіп келе жатқан мен өліп бара жат-  
қан нәрсе өмір сүреді. Қарама-қарсылықтардың куресі,  
қаусаған кәрі ескілік пен жайнаған жарқын жаңалық  
арасындағы, өшіп бара жатқан мен туып келе жатқан-  
ның арасындағы курес, табиғат пен қоғам дамуының  
негізі болып табылады. Сондықтан, даму бар жерде  
курес бар. Даму жолындағы арпалыста шыныңқан

адам бар жерде жеңіс бар. Ал, Сүттігендідегі комиссияның кімдер екенін мен де білмеймін. Қайнарга бір соқпай кете алмайтын шығар. Келе қалса көре жатармыз, саспаңыз.

Бұл кеңес Есеналыны бұрынғыдан да күшайте түсті.

... Сүттігендіден Қайнарга кештіғұрым келіп жеткен комиссия, ауылдық совет кеңесіне бұрылмастан колхоз басқармасына тірелді де, председательдің кабинетіне енді. Бұл кезде Есеналы партия тарихы қысқаша курсының төртінші тарауы бойынша былтыр жазған концептісіне қайта үніліп отыр еді. Ол, орнынан қозғалмай, көзілдірігін алмай-ақ амандасты да, сыпайы сөзбен келгендердің бүйімтайын сұрады. Комиссияның председателі — облыстық жер бөлімінің өкілі өзінің сыйыр фермасында көрген-білгенін баяндай келіп, жасаған актын оқыды. Содан кейін оған Есеналының қол қоюын талап етті. Есеналы өзінің алдына қойылған актыға қол қоймастан сазара қалды да, талапкерлерін едәуір тосылтып таstadtы. Біраздан кейін өзіне тесіле қарап отыргандарға:

— Ленин мен Сталин байытқан маркстік ғылым,— деді сл манағы Мактый нұсқаған бағытпен, өзін марксизме жетік адам етіп көрсеткісі келіп,— қоғам құбылыстарының жеке бір топтарының заңдарын ғана емес, табиғат пен қоғам дамуының неғұрлым жалпы заңдарын зерттейтін ғылым. Зерттеу үстінде ол ғылым өзі де дамый отырып, өзге ғылымдардың бәрін дамытады. Бұған қалай қарайсыздар? — деп сұрады ол «енді тырп ете алмайтын шығрасындар» деп ойлаған. «Ол ғылым өзге ғылымдарды қандай әдістермен дамытады?» деген сұрақ туа қалса не деп жауап береріне әзірлікіз айтты.

— Бірак мұныңыздың екі жасқа толмаған жас жашуардың организміне ешбір қатынасы жок,— деп ара-ласты әңгімеге мал дәрігері.

— Торсықбай, сенің сүйеніп отырганың, өзінің осыдан отыз жыл бұрынғы көне тәжрибең шығар,— деп егесе түсті Есеналы. — Құлмұқанов та солай қызыр-аятын-ды. Сен де соның ізімен лағып баrasың. Бірак, соның он үшінші жылғы племрассаднігінің екі жасқа то-лық толды деген қашары 250 кило салмақ тартқан екен. Ал, «Социализм» колхозының қырық үшінші жылғы он жеті айлық құнажыны 350 кило. Осы екі арада отыз жылдық қашықтық, ондаған жылдық еңбек, центнерлік салмақ жатқанын байқаймысын өзің?

— Организмнің аты организм, ветеринарияда салмақ салыстырыла жазылған заң жоқ.

— Мен сенің ескі ветеринарияды емес, жаңа зоотехниканы жақтаймын. Өйткені ол Сүттігендіге жаңа келеді де, сыйыр малының бұл өнірде болып көрмеген асыл нәсілін ала келді. Еділбай койын жылына екі төлдettі. Орлов рысагын Тұлпарлыдан туғызды.

— Бұныңға дауым жоқ,— деді Торсықбай.— Бірақ, сыйырдың жаңа нәсілі деп отырғаныңыз әлі кемеліне келмеген, түбінде қолтумадан артық қаша сүт өнімін берері белгісіз нәсіл. Ал, бүгінгі мына ветеринария заңына қайшы оқыйғаны әуелі біріндеп тәжкирибеде сынап алмай өндірісте жаппай колдануға болмайды. Ферма — колхоздың товарлы фермасы...

— Біздің ферма, асыл тұқымды мал өсіру ісін де, товарлы ферманың да міндетін қатар атқара алады. Костромада өскен сүтті сыйыр Сүттігендіде де өседі. «Караваево» совхозында бұзаулаған құнажын «Социализм» колхозының сыйыр фермасында да бұзаулайды,— деді Есеналы өзіне Таутанның талай айтқанын қайталап.

Сөйтіп, колхоздың председателімен де келісе алмаған комиссия, енді кідірместен ауданға аттанып кетті. Есеналы қол қоймаған акт ауданда да көп аялдамастан облыстық жер бөліміне сапар шекті...

Міне, бұл өткен жылдың жазында болған оқыйға еді. Сол былтырғы құнажындардың бәрі быйыл бұзаулады да, колхозды қыйыншылықтың екінші түйіріна тіреді...

## 2

Быйылғы жылдың жазы шыға Қалдыбай «домалақ қағаздың» жаңа түрін жасады да, прокурорға жолдады. Мұнысында Есеналының сотқа тартылуын талап етті. «Колхоз председателі Жоламанов жарты мың сауын сыйырды жамыратып жіберіп, мемлекетке азық-түлік тапсырудан бастартты» деп жазды. Біз, осының рас, етірігін прокурордан бұрын біліп қояйық.

— Менің байқауымша,— деген еді былтыр Мақтым Есеналыға,— сыйыр малының саны мен сапасы қатар өсуіне байланысты келесі жылы қыйыншылықтың бұрынғыдан да зоры кездесуі ғажап емес. Егер сауын сыйыр саны келер жылы екі есе өсетін болса, ол ферманың мемлекет алдындағы міндеті де үлгаяды. Эңгіме, не Отан

алдындағы ардақты борыштың акталмауына, не Тайбагаров басқарған еңбектің зая кетүіне тіреледі. Өйткені, ол әлі салмақ үшін күрес қорытындысын шығарған жок. Осындай екі түрлі тұйыққа тірелмеудің үшінші жолы табылуы тиіс...

Жоламанов мал мәселесі жөнінен қандай болмасын тұйыққа тірелмесіне сенген еді. Алдағыны көргіш деген қырағы зоотехник те еңбек зая кетеді еken деп ойлаған жоқ-ты. Оның барлық ақыл-ойы, кайраты, сол жылы шағылысқа қосқан 17 айлық құнажындардың күтіміне, гылми бабына жұмсалды. Өйткені, герафордтан да, қолтумадан да емес, таза қанды бұл нәсіл өзінің «Тойтарыс» атты атасы сыйқты тұлғалы туда ма, әлде Торсықбайдың айтқанында «азғын, ергежейлі» болып туда ма,— онысы әлі белгісіз еді. Асыл туса өзінің жаңа бастамалары басталғаннан бергі шабуылдың бәрінен қорғап, камқорлық жасап отырған Болатовтың сенімі ақталғаны. Оның үстіне колхоздың бірінші рысагы қаратөбел құлның быйыл құнан шығады. Қуанышқа қуаныш қосылып, өмірлік бақыт құсы бір жола мәңгі қолына қонағы. Егер осы төл азғын туса өзі аудан тұргай, бүкіл облыс алдында масқара болады. Өзінен үлкен үміт күтіп, еңбек сарып етіп отырған колхозшылардың да, Ұлжанның да сенімін айырылады. Сондықтан өзінің осы еңбегінің нәтиже-сін тогыз ай толғана күткен Таутанның қыялды қуаныш қанатын қақса, ақсүр ажары құлпыра, күреңіте түсетін де, сәтсіздік тұғырына қона қалса, өңі көгеріп қуқылдана қоятын.

Үдайы екі жұз сексен күндей ғылым мен тәжрибенің бар қуаты жұмсалған бұл нәсіл, «Тойтарыстың» туган күніндеғісінен анағұрлым артық қасиетін көрсетіп-ак туган болатын. Осының өзі де бұл өңірдің ірі оқыйғасы болып еді. Бірақ, жаз шыға Таутан табыстарының бәрі жоққа шығу қаупі туды. Мақтамының өткен жылғы болжаганы дәл келді.

Міне, қазір сауын сыйырдың саны бес жұзге жетті де, ферманы қыйыншылықтың екі тұйығына тіреді.

Оның біріншісі: бес жұз сыйыр он сегіз сауыншыға бөліп бекітілгенде әркайсының жыйырма сегіз сыйырдан келді. Ол осы сыйырларын бір сауғанда бес сағатқа тарта уақыт оздырды. Құніне үш рет сауынга келетіндіктен жарты мың сыйыр ферма басында онбес сағаттай отсыз тұратын болды. Осынысын, ферма басы-

на айдан келу-кетуін, күйіс қайыратын уақытын шығарып тастағанда, тәуліктің төрттен бірі ғана жайылысқа қалды. Ал, зоотехниктің есебінше сыйыр малы жаздың төрт айлық жайылымында ең кемі бір центнерден салмақ қосуы тиіс. Егер сыйыр сауудың бүл тәртібін өзгертуесе ферма жүздеген тонна еттеп айрылады. Оның үстіне асылдандыру ісіне жұмсалған төрт жылдық еңбек бір жазда зая кетеді, жаздай әбден тыттығына жете арыған сыйыр қыс асырауга да көнбейді. Сондықтан сыйырды тәулігіне бір-ак рет сауу, немесе жамырату керек болды.

Екіншіден, колхоздың быйылғы мемлекет алдындағы сүт, май жоспары былтырысынан екі есе артық. Егер бүл борыш өтмелесе колхоз басқармасы кешірімсіз айыпка батады. Еңалдымен Есеналы Жоламанов ешбір «домалақ қағазсыз-ақ» халық сотының алдындағы орындыққа отыра қалады.

Сондықтан Есеналы колхоз басқармасының мәжілісін ферма басында өткізді. Мәжілісте басқарма мүшелерінің әрқайсысы әртүрлі пікір айтты. Таутан сыйырды жамырату, не сауыншылар санын ең кемі слуге жеткізуді талап етті. Егер соңғысы туралы тоқтамға келетін болғанда егіс бригадасындағы алпыс адаминың отызын, не огород бригадасын түгел сыйыр сауынына салу керек. Өткен жылы қой фермасына бүл екі бригададан да адамдар бөлініп, ауыздары күйген Мария да, Қадиша да бүл пікірге қарсы шықты. Зылиқа Таутаның пікірін қуаттады. Құрманбай езі басқарған фермасының жыйырма мың саулығын бес-бес мыңдан төрт ай кезекпен саудырып көргенде жыйырма тоннага таяу ғана сүт өндіре алатындығын айтты. Жайбасар сөз алып, егер мемлекет кымыз қабылдайтын болса «құнан қымыздан» — қырық, «дөненжорғадан» — елу, «бестіасаудан» — алпыс, жыйыны жүз елу тонна кымыз бере алатындығын айттып байыды. Егер барлық бие байланып, оның кымызы қабылданса да, жыйырма мың саулық түгел қосактала сауылса да,— сыйыр фермасының маусымдық сүт өніміне жетпейді.

Мактұм Есенова бүл мәселеге ауылдық совет председателінің көзімен қарады. Ол басқарма мүшелесінің ешқайсысын жақтал та, қарсы болып та пікір айтпады. Бірақ, мемлекет алдындағы борыштың өтелуін қатты талап етті.

Дмитрий Андреевич осы қыйыншылыкты да Еспе каналы құрылсының салынып бітпегендігінен көріп, өзінің сол туралы жоспарының дұрыстығын тагы бір дәлелдеп шықты. Бірақ, соғыс басталғалы колға алынбаған канал құрылсы бүгін таңда, бірер айда өзінің қуатты су электр станциясымен қоса салынып біте коя ма? Оның бағаналары сонау қырға тартылып 500 сыйыр электр қуатымен сауыла қоя ма? Егер соғыс басталысымен осының боларына көзі жетсе Есеналы Еспе каналы құрылсын қолға алмай 1942 жылдың жазында Тұлпарлы жайланаудан мың жылжылық ашық қора салдырар ма еді. Сондықтан ол қазір басқалар түрғай өзіне-өзі ренжіп, іштей қатты қышқылып отыр еді.

— Өз ойынды айттып көр Есеналы Жоламанович,— деді акырында Колосов.

Басқарма мүшелерінің бәрі председательге қадала қарай қалысты. Есеналы әдette мұндай мәселенің қыйын түйіні туралы өз ойни сездірмей тұрып әуелі басқарма мүшелерінің пікірін айттырып алатын да, артынан соның бәрін қорыта келіп өз пікірін үзілді-кесілді бір-ак айтатын-ды. Оның сол айтқаны тұжырымды, нақтылы тоқтам болып шыға келетін. Басқарма мүшелері соғыс басталғалы талай қыйын өткелдерден өткізе басқарып келе жатқан председателінің бұл асудан да асырарына сеніп отыр. Бірақ, бұл сенімді көзіргі мезетте актап шыға қою Есеналының әлі жетпес ауыр жүкке айналып, еңсесін езіп барады. Қайту керек?

Ол өзінің іштей қыйыншылык сездіргісі келмей, сол ішіндегі қыйыншылық бүйрекбетінің қанып тартып алғандай сұрлана сазарып отырса да, сабырлы басшының бейнесін көрсетіп бакты.

— Таутан-ау, осы кездесіп отырған қыйыншылыкты Костромаңың «Қараваевосындағы» жүрт та бастан кешіріп пе еді? — деп сұрады ол аздан кейін салмақпен.

— Ондағы істің тағдырын кадр және механизация шешкен болатын.

Есеналы аз ойланып қалды да:

— Мерзімінде жоспарды да орындаімыз, малды да семіртеміз,— деді жаурының орындықтың арқалығына тірер отырын.— Бұл екі міндетті қатар орындан шығудың жолы бір-ақ қырқаның астында жатыр. Мен қазір атқа қонамын. Өз көзіммен көріп келемін сол жолды.

Тараңдар, басқарма мәжілісі кейінгө қалдырыла тұрады. Зылиқа, сен сыйырды жамыратпа.

— Макұл, ата-еке,— деді Зылиқа да салмақпен,— бірнеше қырдан асқан бізге бір қыр алыс па, шыдап көрейік.

Председатель атасы мен ферма менгеруші келін скеуі де сол қырқаны көріп тұрғанға ұқсады. Оның қандай «қырқа» екені әлі жұмбақ бола тұрса да, мына скеуінің бүл сенімділігі өзгелердің бәрін де сара жолға салып жібергендей болды...

Есеналы таңтертең басталған басқарма мәжілісін сәскеде таратып, күн тәртібіндегі мәселенің кейінгө қалдырыды да, Құрманбайды ертіп алып қой фермасына аттанып кетті. «Сірә, жаңағы бір-ак қырқаның астында жатқан жұмбақ «жолын» сол ферманың төңірегінен іздейтін болуы керек» деп шамаласты қалғандары...

Осы мәселенің басқарма мәжілісінде шешілмей, кейінгө қалғаны үшін Мақтым өзін өзі кіналады. Өйткені, сол басқарма мәжілісінде, жоспардың орындалуын талап еткениен басқа келелі пікір айта алмай қалды. Осы қатесін сезген Мақтым, Мария мен Қадишаны Қайнарга қайтармай, кезектен тыс партия жыйылысын өткізбек болып ферма басында қалдырып қойды. Оның басты қатесінің өзі осы партия жыйылысын басқарма мәжілісін кейін қалдыруында болып отыр ғой. Бірақ, Қайнарда қалған Айнабек мұғалімнен басқа партия мүшелері: Өзі мен Таутан, Зылиқа мен Қадиша, кандидаттар: Мария мен Шарипа — бәрі де басқармада айтарын айтты. Енді өзі партия жыйылысына баяндама жасап, қаулы жобасын ұсынуға қалды. Тіпті, жыйылыс шақырмай-ақ, Есеналыға ауылдық совет атынан қойған талапты, Таутанға партия үйімінің атынан қойса, ол сөзсіз орындаиды. Бірақ, соны орыннатам деп отырып іс жүзінде Құлмұқановты қолдаған болып шыкпас па? Ферманың осындай түйікқа тірелері туралы өткен жылғы ескертүін елемеген Таутанға қатаң шара қолдану керек пе? Ал, зоотехникті жазалаудан шығар пайда ие? Содан бері, сол түйіктан шығатын жол тауып бере алатын болса өзі қайда қалды?

Мақтымның қоңырқай ажары бірсесе қуқыл тартып, бірсесе қызара құбылып, кішкене ғана бауырсақ мұрның үстінен, ақбикең тарыдай тер көрінді. Етек киізін жыйып алып, туырлығы көтеріле түрілген төрт қанат үйдің әуесі жетпегендегі қапаланың сыртқа шықты.

Сыйыр түскі сауынға келген кез еді. Қішкене денелі, қагылез, пысық жүрісті Мақтым қазір өз депесін өзі көтере алмай келе жатқандай аяғын анда-санда бір басып ауыр қозғалады.

Түскі сауынға ариалып әдейі көлеңкелеген, айналасы ашық, елу сыйырлық зәулім шатырлар ішінде сауыншылар сүтті көпірте күрілдетіп сыйырларын сауып жатыр. Алшая күйсеп түрған акбас құнажын сыйырлардың көсіктей емшегінен сүтті парлата сауып отырган сауыншы әйелдің еңбегін есептеді Мақтым. Өзіне бекітілген жыйырма сегіз сыйырдың әрқайсысын он бес минуттен үш мезгіл сауғанда ол әйел тәуліктің жыйырма бір сағатын сыйыр сауумен өткізеді екен. Міне, дәл осы мезетте де адам қамы деген ардақты, аса жауапты мәселе, Мақтымды бұрынғысынан да қатты қыйнады...

### 3

Қысты күні сұрапыл борапы тәулікten соғып-соғып откеннен кейін сары аязы сақылдал тұратын бұл өнірдің жазында да, аспан айналып жерге түскендей ыстық күндер болады. Сарша тамыз тамшы тамызбай, қызыл жалын күн аспан астын қуыра бастаса, түстіктен азынаған аңызак кіші-гірім көлдерді ортайта сораптайды.

Бүгін осындай күндердің бірі еді. Аң атаулы інненінге тығылды. Өлімтік аңсан, тышқан аулап қалықтаған күшіген мен шөлге қонған дуадактан басқа құстардың бәрі орманға паналады. Ұшып-қонып, тыным таппайтын ала қанат көбелек пең жақ жаппайтын шырылдауық шегірткеден басқа жәндіктердің бәрі тым-тырыс, жымжырт. Тұнімен қотан күзеткен көк тәбет, малға еріп өріске шықпай, тілін салақтатып, көлеңкеде жатып алды. Ферманың көшкенде пар-парлан бричкаға жегетін қызылшұнақ аруана нарлары күлге көміле шөгіп, күнге мандаі төсеп рахатқа батып жатыр. Сондыктan малшылар түйені рахат жайынан қозғамады да, сыйырды сәскелік сауынан кейін оқырадан қорғап құрақты көлге паналатты. Сауыншы қыз-келішектер, әдеттегісінше өзенге суға түсуге кетті.

Дәл осы мезетте ферма басына Болатов келді. Фермада, ошақ басындағы асбазшы әйелден басқа қыбыр еткен жан жоқ. М-ка ішінде едәуір қапаланып келген Болатов, асбазшы әйелмен аман-сая сұрасын, түскі аска

қандай тағам даярланып жатқанын білді де, өзен жаққа қарай аяқдады.

Бұл өзен, осы ферманың жазғы жайлалауын аймалай ағатын, Тұлпарлы тауының қуатты сарқырамасы еді. Ферма жыл сайын осы кезде келіп қоныс ететін өзеннің бұл иіні, кісі бойламайтын терец, жары биік, ені кең айдынды жері. Сондықтан, бұл айдынды малшылар пляжға айналдырып алған. Өзен бойының салқын саясы тынысын кеңейте бастаған Болатовтың көзіне бұл пляж өте көнілді көрінді. Қазір ол кәдімгі су спортшыларын көріп тұр. Су ішіндегі жұзу жарысы өз алдына, жар басынан өзенге, қарылғаш бейнелене қарғудың өзі су спорты чемпиондарын елестетеді көзге. Болатов пляждан жоғарырақ, өзін су ішіндегілер таный алмластай жерден қарап тұрды. Өзен ағыны өте қатты екен. Бергі беттен қатарласа сүңги жұзген қыз-келіншектерді, арғы жағаға тура жеткізбей ықтырып апарып, сонау мүйістен шығарады. Бұл көрініс Болатовтың ойына ой қосты.

«Я, өзен ағыны өзірге асау,— деп ойлады ол.— Біреуінің білегіңде көне қоймайды. Тіпті жапа-тармағай бетімен қалқый беретін болсаңдар бәріңде де бас имейді, ағызып әкете береді. Ағыла бересіндер ме? Табиғат тағыларының бәрін ырыққа көндірдіңдер. Құланға да құрық салдындар, арқарды да көгендедіңдер, боранды бурадай шөгердіңдер,—сөйтесіндер де, асау өзеннің ағыны мен ағыла бересіндер...»

Қазір өзеннен шықкан малшылармен қездесіп, солардың ішіндегі салқам қыз Шарипамен әңгімелескенде айтылмақ болып тұрған бұл ойды, жар астынан естілген екі адамның әңгімесі бөліп жіберді. Олар Мақтым мен Таутан екен. Ол екеуі де өзен жағасында, асау ағынға қарап қойып әңгімелесіп отыр. Дәл тұсында, жар басына келіп тұрған Болатовты олар әлі көрген жоқ. Сөздерінің бағытына қарағанда екеуінің арасында едәуір ренжісу бар сияқты.

...— Соғыс кезінде, оның үстіне көнерген косилка мен сепаратордан басқа машинасы жоқ мал фермасының осы табысын олқы дегіңіз келе ме? — деп ренжиді Таутан.

— Әңгіме, табыстың олқылығында емес, молшылығында, молшылықтың баяндышыры үшін күрес тәсілінде болып отыр емеспе,— деп қынжыла ізденеді Мақтым.

— Бұған таңдағы тәсіл--- жамыратуған...

— Жамырата алмайсыз, колхоздың председателін сottатуға апарып соқтыратын тәсілімен оның малын асылдандыра алмайсыз.

— Ендеше, сыйырды электр қуатымен саудырыңыз. Осы екі жолдың бірінен баска үшінші жол жоқ.

— Сол электр қуатын өндіргіш күш қайда? Соны тауып беріңізші?..

Бұлардың бұл айтысЫн Болатов бөліп жіберді:

— Электр қуаты алдарыңызыдағы асау ағында. Ал, оны өндіргіш күш әне, ағынмен арналыса шынығып келеді,— деп пляж жаққа нұсқады. Бұл мезетте бір топ малыш ағынға қарсы жүзе жарысып келе жатыр еді.

Мақтым мен Таутан жалт бұрылып қарай қалысты да, жар басында түрған Болатовты көріп жоғары көтерілді.

Қазір, бір ғана Болатов емес, бір топ болып шоғырланып түрған бұларды Зылиқа да көріп судан асыға шықты, тасалана киінді. Киініп жатып: «Қыздар, Бақтыяр аға келіп қалды!» деп дауыстады. Қыз-келіншектер судан шыға-шыға келіп, киім-кешектерін киіне бастады.

Бәрінен бұрын киініп алған Зылиқа үйіне қарай асыга адымдаپ келеді. Оның ойынша, қазір Болатовты үйіне шақырып қонақ етеді. Қонақасыға Мақтым, Таутан, Есеналыларды да шақырады. Таңертеңгі басқарма мәжілісінде шешілмеген мәселе түйіні, енді өз үйінің төрінде, Болатовтың қатынасуымен шешіліп қалуы тиіс. Сондықтан бұл қонақасыға, өзінің үш жасар ұлы Сағындыққа меншіктеп жүрген марқасын сояды. Ас жеп отырған Болатовқа: «Алышыз, бұл Сағынжаның сыйлығы» дейді. Сонда Сағындық та, Бақтыяр ағаға қонақасы беріп отырып ферманың келешегі туралы келелі кеңес тыңдайды. Зылиқа өзенмен екі арадағы өзінің осындей қысқаша ой жолымен келіп үйін жыйстыра бастады.

Өзеннен шыққан қыз-келіншектер Бақтыяр ағаны ортаға ала қаумалай әңгімелесумен келіп, асқанаға арналып тігілген ақ үйге кіргізді. Зылиқа оны өз үйіне шақырғысы келіп асқанаға барып еді, бірақ, Болатов малышылармен араласа орнығып отырып алған екен. Асбазшы әйел бірінші тарелканы құрметті қонағына ұсынып жатыр. Сауыншылар мен түнгі сменаның бақташылары Бақтыяр ағаға тұс-тұстан түрлі сұраптар коя жамырай әңгімелесіп отыр. Өзен бойынан мұнда жеткенге дейінгі әңгіме совет имформбюросының соңғы

хабары туралы болса керек. Қазір сол әңгіме, Қызыл армияның жуық арада женіп шығатындығымен қортындыланды да, тақырып малшылар өміріне қарай ауысты. Бірақ, әзірге адамдардың тұрмыс халы: тұрғын үй жайы, тағам, киім, сельпо бөлімшесінің көпшілік қолды товарлары сыйқты жайттар айттылып жатыр. Шарипа, тұтынушылар қогамының аудандық басшыларын сыйнай сейлеп шытынып отыр. Болатов малшылардың әрқайсысымен «сен» арқылы сөйлесе, туған ағадай баурап барады.

Өз үйінен тамақтанатын Зылиқаға да, сол үйде жатқан Таутанға да, асқананың бүгінгі түскі тағамы бұрынғысынан дәмдірек, онда отырып тамақтану көнілдірек көрінді..

#### 4

Таң атқалы көктен жерге от шашқандай шыжытып тұрған қызыл күн еңкесе бере етектегі шабыра бұлтқа енді. Сондықтан батыс көкжиектің қызыл рауаны аспан астын күреңіте құлпыртты. Кештіғүрим теріскейден есекен салқын самал, күні бойы түстікten соққан аңызатың алдынан шығып кері куып тастағандай-ақ жан-жануарлардың тынысын кеңейте аймалай бастады. Күндейдігі шыжыған ыстықта өзен-көлді, көлеңкені паналяған колхоз тұліктері, қазір иен даға еркіндей қаптады. Шұрқырай кісінесіп, асыр салған құлыш-тай, тарпандай ойнақтаған бота-тайлак, тәбе-төбеден қарғып билеген қозы-лақ, манағы жым-жырт жайлауды құлшындыра тусты...

Мана малшылармен бірге сыйыр фермасының асханасынан тамақтанып шыққаннан кейін Болатов пен Мактыйм қой фермасының отарларын аралап келуге кеткен еді. Олар Есеналыны ол фермадан кездестіре алмай кайтты. Оның қайда кеткенін Құрманбай Марқабаев біле тұрса да айтпады.

Зылиқа мана Болатов пен Мактыймның қонак болуын өтінген еді. Сондықтан олар қазір сыйыр фермасына қайта оралып келіп отыр. Мана басқарма мәжілісінде шешілмеген мәселені малшылар Болатовнен кеңесіп қазір шешкендікten, енді Есеналының келуі тосылды. Зылиқа оны сыйыр өрісін аралап кешігіп келетін шығар деп ойладап, піскен асын түсірмей едәуір күтіп еді. Бірақ, күндізгі сменадан жаңа келген бакташылардың бі-

рі: «Есекең бүгін сыйыр жайылысына келген жок» деп хабарлады.

Ас түсірлді. Қонақ сыйлау ісімен мұқыят шұғылданған Зылиқаның Сағындыры да үйиқтамады. Қунде кеш үйиқтап, ерте оянатын Сағындық бүгін де өз үйінде айтылып жатқан ферма болашағы туралы әңгімені бар назарын аудара тыңдал отырған болатын. Қазір ол, қонақасы бергеннен кейін қонағын құрметтеп шығарып салатын үй қожасындау-ақ, Болатовтармен бірге сыртқа шықты. Үш жасар бөбектің бұл әрекетінде де бір мәніс бар. Балажан Болатов мана оны М-каға мінгізіп, көрмеген жерлерін көрсете қыдыртып әкеліп еді. Қазір де сейтетін шығар деп ойлады ма, әлде Болатовтың балаға деген мейрімі туған анасынан күштірек әсер етті ме, әйтеүір, Сағындық соңынан қалмай қойды.

Болатов ерке бөбекті көтеріп, Мақтым, Зылиқа, Таутапдармен бірге қызыл отауга қарай келе жатыр. Аспапи әлемінде бір шүйке бұлт жок. Андыздаған көп жұлдыз бен ай жарығы күндізгідей. Ферма басы жым-жырт. Жақжаппас қотан төбеттері де бакташылармен бірге, өрістегі малда. Тұлпарлы сарқырамасы ғана ауыл сыртында асаудай арқырап жатыр. Самалы жібектей есіп, құлпырған көк майсасы жұпардай аңқыған жайлаудағы жаз кеші! Жастың да, көрінің де жаң сезімін жадыратып жіберетін мұндай жаз кеші, осынау келе жатқан төрт адамның да ой өзенін толқытпай, көңіл күйлерін шерплей түр ма десенізші! Шіркін, сол ойларды толқыта толғап отырып таң атырар ма еді!. Оған уақыт бар ма? Міне, қызыл отаудағы радиодан совет имформбюросының кешкі хабарын тыңдал шыққан қыз-келіншектер Болатовты ортаға ала сампылдасты... Эне, прожекторын жарқырата жүйткіп келе жатқан тағы бір машина ферма басына жақындал қалды. Моторының гүрілдеуіне қарағанда жүк машина сыйқты...

Мана басқарма мәжілісін кейінге қалдырып, жыйылған мүшелерді таратқаннан кейін, Құрманбаймен бірге кой фермасына баратын сыйқтанып аттанған Есеналы былай шыға бере ауданға тартқан болатын. Құрманбайға өзінің қайда кеткенін ешикімге айтпа деп тапсырған. Ондағы ойы: кешке дейін, сағатына он бес километр алып отыратын бөкенжеліспен ауданды оралып қайту... Ауданда Болатовтың кабинетіне еніп отырып: «Бақтияр ау, өзіңмен мүшәуараласып алатын бір жайт болып қал-

ды» — деп бастап, бүгінгі басқарма мәжілісінде шешіл-меген мәселенің жай-жапсарын баяндайды... Содан кейін оған Болатов «малды да семірту, жоспарды да орындаудың» айқын жолын көрсетіп береді... Болатовқа алғысын айтып шыққаннан кейін, аудандагы өзге мекемелердің ешкайсының соқпастан қайтып оралады, аямен жүріп отырып Қайнарға ымырт жабыла келеді... Ертең басқарма мүшелерін жыйып алады да, «мал тұқымын асылдандыру ісін жүргізе отырып, мемлекеттік жоспардың орындалу жолын таптым, ол мынау»— деп жариялады...

Өз ойының осындай жетегіне еріп, ауданға жолсыз-бен тұра тартқан ол, Қайнарға келе жатқан Болатовқа жолшыбай да кездесе алмай асып кеткен еді. Бірақ, аудандық партия комитетіне келіп, Болатовтың Қайнарға кеткенін білгеннен кейін, дереу келген ізімен кері жортпақ болған Есеналы еріксіз бөгеліп қалды. Есеналының ауданға шақыртқалы отырған тергеуші Айдарханов, оның өзі келгенін көрді де, көшеден кабинетіне шақыртып алдып, столының алдында тұрган орындыққа отыргызды. Өмірінде тергеушінің алдын көрмеген Есеналының жүрегі қобалжый қалды.

— Фамилияңыз, есіміңіз және әкеңіздің аты кім? — деп сұрады Айдарханов тергеушілер әдеті бойынша, Есеналының аты-жөнін біле тұрса да.

— Япырау, оның қанша қажеті болып қалып еді, өзіңде де, жүртқа да мәлім, кәдімгі Есеналы Жоламанов емеспін бе мен?

— Сұракқа дәл жауап беріңіз, тұган жылышыңыз?

— Жасым елу тәртте, бір мың сегіз жұз тоқсаныншы — сыйыр жылы туыппын.

— Негізгі кәсібіңіз, немесе мамандығыңыз?

— Бұрынғы кәсібім — колхозшылық, мамандығым — жылқышылық еді, қәзіргі кәсібім — Қайнардағы «Социализм» колхозының председательдігі, мамандығым — колективке басшылық...

Айдарханов тергеуді осылай бастап, Есеналының анкетін толтырып алғаннан кейін, колхоздың мемлекеттік жоспарды орындауына оның исліктен «қарсы» болатындығын мошқай бастады. Қарсы болмаса да «болды» деген «сигнал» түскенін Есеналы енді түсінді. Бірақ бұл тергеу, Таутанды жақтайтын Есеналыға да ешіккен Қалдыбайдың «домалак қағазы» бойынша жүргізіліп отырғанын, сол қағазға, өз өмірінде болып көрмеген

«қылмыстары» жазулы тұрғанын ол қайдан білсін? Есеналының екі сағаттай мөшқап, күдікті ешшерсе таба алмаған Айдархановтың өзі де іштей аң-таң бол қалды...

Осындай кідірістің Қасқырқараға да кесірі тиіп, колхозына тез жетуге асықкан Есеналы оны болдырып алды да, Қайнардан колхоздың жүк машинасымен ымырт жабыла шыққан еді. Міне, қазір ол сыйыр фермасына келіп түсіп тұр.

Есеке, атқа жүруден қалыңқырап бара жатқан жоқсуз ба? — деді Болатов аман-сау сұрасқаннан кейін Есеналының қытығына тие қалжындал.

— Қасқырқара болдырып, жолы қысқарыңқырап қалды,— деді Есеналы.— Оқасы жоқ, өзі де кәрі және қазақы жылқы ғой жануар... Бірақ, ат жыйырма жыл, адам жүз жыл жасайды. Мен, Қасқырқара жеткізе алмаған мұратқа машинамен жеткім келеді. Демек, машинасыз ұзақ сапардың мағнасыздығы сыйқты, машиналанбаған машинылық кәсіп жетім екен, мұнсыз зоотехникамыз да тұл екен. Бұған менің көзім жетіп келіп тұрмын. Енді соған қолымды жеткіз. Сенен сұрағалы тұрған ең қадірлі қадем осы, Бақтыяр.

— Қалаған бүйімшызыздың өзі осы Тұлпарлы сарқырамасында жатқан көрінеді,— деді Болатов, Шарипаға күле қарап қойып,— оның қуатымен сыйыр сауу қолымнан келеді деп тұр, мына Шарипа.

— Бірақ, Шарипа асau ағынға құрық салып, оны ерлегенше сыйыр суалып кетеді ғой,— деді Есеналы Болатовтың Мутовка туралы айтып тұрғанын ұғынып.— Оған мына советіміз көне ме? — деп Мақтымға иүсқады.

— Совет, сүт орнына май қабылдайтын болды...

— Е, бәсе, көп жасасын! Май қабылдайтын болса, оны таба аламыз,— деді Есеналы. Соңша қатты қуанған-дықтан бұл тақырып бойынша енді аузына сөз түспей қалғандай-ақ, Болатов көтеріп тұрған немересіне құшағын жайды.— Сағынжан, қарағым ағаңың қолын талдырыдың ғой, өзіме келші!

— Аға машинаға да мінгізеді,— деп Болатовтың мойнынан құшақтай түсті Сағындық.

күс арасы тегістеле бастады. Қолтығын толтыра түскен әукесі сыйқтанып, кіндіктен де бір әуке білінді. Сыйыр баласының бәрінде болатын — оң жақ бүйірдің ұршығы түбіндегі ояң бұларда жоқ. Бұрыңғы қолтуманың бұзауымен салыстырғанда, салмаққа екі есе басым, бұлардың ұлken сыйыр болып өсіп жетілгенде сүті де соңша көп боларына Есеналының көзі жетіп жүр. Өйткені бұл нәсіл күні-түні қаша азықтаңдыrsa да, бір оты қану дегенді білмейді. Жаратылысы солай болып төлдеді ме, әлде Таутан оларды әдейі мемлекеттікке бейімдей өсіріп келе ме,— әйтеуір күйіс қайырғаннаң басқа уақытының бәрінде жей береді, суға қанып алады да, жей береді. «Жей беретін болса, жем аямаңдар» дейді Есеналы бақташыға. «Олай емес Есеке, азықты аямаудың да шегі бар. Зоотехниктің шартына шығып кетсек, мұның асыл бол өсуіне пұқсан келеді» дейді бақташы. «Ендеше сол зоотехникалық шартқа ешбір пұқсан келтірмеңдер» — дейді Есеналы.

Міне, осы бұзаулар тұғанына тоғыз ай толмай-ақ тайынша атына ие болды. Таутан өзінің ай сайынғы дәстүрі бойынша, осы таңдаулы тайыншаларының өсу салмығын өлшең жатқан кезде, кештіғұрым ферма басына Ұлжан келді.

Бұл кезде, бақташылар мен мал фельдшері сыйырлардың саулығына байқау жүргізіп жатқан болатын. Май айының аяғында қолға алынып, қазір салынып болыш қалған өзен жағасындағы Мутовка құрылышылары да кешкі демалысқа қайтып, ферма басының бар адамы түгел дерлік еді.

Ұлжан өзінің мініп келген атының, ер-тұрманын жеңілдей қантарып қызыл отау сыртына байлады да, сонау шеттегі Таутанға қарай аяндады.

Таутан мен Ұлжаның үйлену тойын күтіп жүрген малшылардың бәрі де соларға назар аударып қарай-қарай қалысты. Бірқатар жас малшылар сол екеуінің төңірегіне топтана түсті...

Алғашқы төл «Тойтарыс» дүниеге келгеннен бері шытырман шатақ-шарғылардың, айтыс-тартыстардың бөріне біржола соққы беріп шыққан «Удар» атты тайынша-бұзау таразыға түсіп түр еді. Таутан өзінің жаиына келіп тұрган Ұлжанға, оны қаумалай келіп тұрган жастарға таразыдағы салмақты көрсетіп:

— Міне, қараңызы,— деді — екі жұз елу кило. Құлмұқановтың екі жылдық құнажының біздің «Удар» төғиз аймен басып тұр...

Осы мезетте колхоздың жүк машинасы ферма басына келіп дүр етіп тұра қалды. Машина ішіне бетімен бірдей көк шөп салыныпты да, оның үстінде бір семіз қойдың аяғы байлаулы жатыр. Машинасын тоқтатқанмен, моторын сөндірмеген шофер кабинасын ашып:

— Ұлжан, сені іздел аспан астында кезбесеген жерім жок, ту-у Тұлпарлыны, Тобылғылыны оралып келемін, толы бактың үштен біріндей-ақ бензинім қалды,— деді ол қабағын шытып. — Есекең сені де, Зылиқаны да шақырып жатыр, баласы келді.

— Баласы?.. Фалым ба? — деп жамырай сұрады малшылар.

— Я, жаңа түстен кейін келді, өңірі толы алтын жұлдыз, ордендер, медальдар көрінеді. Председатель өте көңілді.

Таутан мен Ұлжан да, машинаны қоршай қалған малишалар да, еңәуелі Зылиқаны кайнысының батыр болып келуімен құттықтаң, содан кейін шоферге Фалым туралы сұракты жаудыра бастады. Бірақ, шофер: «келіпті, жауды жеңіп батыр болып келіпті» дегеннен басқа ешнәрсе айта алмады. Өйткені, оның өзі сол Фалымды әлі көрген жоқ екен. Баласы келісімен куанышы қойнына сыймаған Есеналы, мұны гараждан тұра қырға жөнелтіпті.

Осы машинамен Қайнарға барғысы келген бірер адамды ала кетуден шофер бас тартты.

— Есекең, Тұлпарлыдан Ұлжанды, Сүттігендіден Зылиқаны ғана шақырып, Тобылғылыдан өз меншігіндегі он қойының ішінен ең семізін ала кел,— деді. Басқа ешкімді мінгізе алмаймын,— деп Есеналы айтып жіберген тоқетерін қайталады шофер.

— Мұның өзі бір құпия той болды ғой,— деді бір малшы.

— Зылиқа келіні дейік, ал Ұлжан неменесі еді? — деді тағы біреуі.

— Өзгемізді шақырмай-ақ қойсын, зоотехниктен несін қызғанып отыр екен? — деді үшінші біреуі Есеналыға өкпелегенсіп.

— Ондай өкпелерінді өзіне айтындар, мен солдат, менің жұмысым бастықтың әмірін орындау. Ұлжан сен

баратын болсаң машинаға отыр, бармайтын болсаң оныңды айт, жүріп кетемін,— деді ол асығып.— Үау, Зылиқа, киініп болсаң шықсаншы, найқалмай.

Ұлжан абдыраған пішінмен Таутанға қарады. Таутан:

— Барыңыздар, әдейі машина жіберіп арнап шақырган соң бару керек,— деді.

Зылика мен Ұлжаның машинаға мінуін күтіп асығып тұрган шофер, дереу моторын дүрілдете қойды да, машинасының астындағы тұтік тұrbасынан тұтінді бұрқ-бұрқ еткізе жүріп кетті.

## 6

Есеналы Фалымның келуіне арнап өткізетін тойды екі қүнге созғысы келді. Баласы кешке таман келген соң жүк машинаны дереу Тобылғылыға жөнелтіп бүгін соятын қой алдыруға, келіні Зылиқа мен орынбасары Ұлжанды хабарлауға ғана мұршасы болды. Ертең әдейі дайындалып, жұмыстар қолы тиіп келе алады-ау деген колхозшының берін шақырмак. Бүгін келгендер Қайнардағы актив және Дмитрий Андреевич сыйкты өзінің замандастары ғана болғандықтан,— олар Есеналы үйінің төргі кең болмесіне-ақ сыйысым отырысты. Соңырақ келген Мактұм жақын отырған Антонина Федоровнадан Марияның мұнда қалайша келе алмай қалғандығын сұрап еді, ол: «Басым ауырды дей ме,— әйтекеір үйде жатып калды» деп күбір ете түсті.

Фалым келісімен-ақ үйінен ауыл көлеміндегі жаңа ғалыктарды, өзі білетіндердің аман-түгелін сұрастыра отырып, сөз арасында: «Сарқыт үйленді ме?» деген еді. Сонда Нұргайша: «Әй, сол ессессоққа кімнің қызы күйеуге шықсын, жүр ғой қара басын қайда қоярға білмей» деп салған... Содан кейін Фалым көршінің үйіне кіріп сәлемдесіп шыққысы келіп еді, бірак, өз үйіне келгендер қаумалап оны босатпай қойды. Дмитрий Андреевичтің үйіне Есеналының өзі барып оны әйелімен шақырып келді де, Марияны өзі келеді деп ойлады ма,— оған ешінорсе демей кетті...

Конактары аса көп болмағандықтан, конакасы жабдығын Нұргайша мен Зылиқаның өздері-ақ үлгеріп жүр. Есеналы үйіне жыйылғандармен бірге баласынан майдан әңгімесін тындалп отыр. Фалым Москва түбінен бастап, сонау Польша шекарасына дейінгі жауынгерлік сапарының

сандаган оқыйғаларын тізбектеп, жол-жөнекей сұрактар-ға бөлінбей әңгімелейді. Алғашында Ұлжан мен Фалымның көзқарастарынан бірдене үқпақ болып қадағалағандардың ойын ұмыттырып, енді майдан эпизодтары жетелеп әкетті...

— Мына жұлдызының Калиниңнің өзі тақты ма? — дед сұрады Есеналы сөз арасында баласынан.

— Өзі.

— Михаил Иванович «Қай колхоздансын?» деп сұрады ма? — деді Колосов.

— Сұрады,— деді Фалым Дмитрий Андреевичтің ыңғайына қарай — Қайнар аулындағы «Социализм» колхозынанмын дедім.

— Бәрекелде!

— Жасың үзак болсын!

— Жұлдызың құтты болсын! — дескен дауыстар жа-мырай түсті.

Төр бөлмедегі қуаныш, Есеналының үш бөлмесін кернеп кеткендей болды. Бір колхоздан екі батыр шығуы, олардың Колосов пен Жоламановтың балалары болуы, сол екі семьяны, әсіресе Есеналының көңлін судай тас-тырды. Ол өзінің досы Дмитрий Андреевичке «балам батыр» дей алмағанмен «Москванды қорғап қалды» деп мактандырып еді. Енді, Фалымның батырлығымен мактана отырып, «туысқан Белоруссияны азат етті, поляк халқын құлдықтан құтқарды» дегендерді де қосатын болды...

— Айта бер Фалым әңгіменді.

— Е, соナン соц?

— Хош, сонымен көзге түрткісіз қараңғы түнде Дне-прден өттіңіздер...

Фалым әңгімесін жалғастыра берді...

Бұл кезде Дмитрий Андреевичтің үйінде, Сарқыт пен Мария арасындағы қарым-қатынасқа байланысты әңгіме жаңа ғана басталып еді.

Софыс біткенше, майдандағы жауынгерлер колхозға қайтып оралғанша, колхозға да председатель болып алмақ, Таутаңды да күып жібермек, содан кейін Ұлжан мен Марияның біреуіне үйленбек Сарқыт, Құлмұқановтың қолшоқпары болам деп үнемі сәтсіздікке ұшырап келгені оқушымызға мәлім. Ал, бүгін колхозға Фалымның келуі Сарқыттың тәбесінен жасыл түскендей болды. Нұргайша айтқандай қара басын қайда қоярға білмей тарықты. Тарықпасқа амалы иешік? Енді оның істеп келген

айла-шарғыларының сырь ашылады. Фалым мен Мария алдында қарабет болады. Содан кейін оны бүкіл колхозшылар масқаралайды. Тіпті, соңдай құлық-сұмдыққа баруының себептері казбалана басталса, күні бүгінге дейін ешкім білмейтін бүркемелерінің де ашылып қалуы мүмкін... Сондықтан оның ойыниша осының бәрінен оңай құтылып, негізгі «нысанасын» көздей беру үшін жалғыз-ақ соқпақ жол бар. Сарқыт үшін бұл соқпақ — Марияның оған біржола берілуі ғана. Уш жылдан астам уақыт әуре-сарсаңға салынғанда берілмеген Марияны, енді қалған бір кеште қолына қондыра қою нағайбіл екенін сезе тұрса да, «суға кеткен тал қармайдының» кебін киді. «Есеналы баласы келу тойына қасында отырган Марияны шақырмай, қырдан Ұлжанды алдырыды...— деп ойлады Сарқыт.— Майданнан Марияға бір хат жазбай Ұлжанға «жазып», Марияның жазған хаттарына жауап бермей келген Фалым, келісімен Мариянықіне кіріп те шыққысы келмеді... Соған күйініп үйінде жатқан оның бетін өзіме бұрып бүгін кеште «я» дегізsem, бір айтқанынан қайтпайтын табанды Мария ертең айный алмайды да, мендік болып, менің сөзімді сөйлейді... Бұлай болмай шыға қалғандағы амалды содан кейін іздейін...»

— Айтпап па едім осының боларын,— деп бастады ол кроватта жатқан Мария жаңындағы орындыққа отырып,— Есеналы екі тойдың қонағын бір қоймен сыйлас жатыр, жаңа машинамен ту-у Тұлпарлыдан Ұлжанды алдырыды, қазір той үстінде некесін қыяды.

— Келмей жатып қыйыла қоятын неткен оп-оңай неке өзі? — деді Мария таңданып.

— Өзгесінің бәрі бітіп, әңгіме тек осыған тіреліп тұрғанын әлдекашан айттым емес пе? Фалымның өзі де, сол үшін қысқа сүректі отпуск алып келсе керек.

— Тойына аудандық ЗАГС-тен де адам шақырылып па?

— Қазактың ескі салты бойынша, той үстінде қазақша қыйылады неке.

— Некеленстіндер жаңа салтшыл жастар емес пе?

— Ескішіл әкелері бар...

Мария Сарқыттың ендігі сөзіне құлақ қоймай теріс аударылып жатып алды да, «Ұлжан неткен екі жүзді еді» деп нальды. Оның уәдесін «жалған» деп қорытты. Әйткені, оның осы уақытқа дейін Таутанға шықпай жу-

руін Фалымды күту деп жорыды. Сонда да сол тойға ба-  
рып Фалымды бір көргісі келеді. Оны бір көрсө, Сарқыт-  
тың айтқанының бәрі сандырақ болып шығатындей, үміт  
сенімі сергіткендей болды. Бірак, сезімнен де намысы  
күштірек, міңезінің ауырлығы басымырак. Оған қосым-  
ша салмақ болып жатқан бір жағдай, Фалымның кетісі-  
мен мұның үйіне кіріп сәлемдесіп те шықпауы...

Сарқыт Ұлжан мен Фалымның үйленгеннен кейінгі  
өмірі туралы тілімен орақ орып біраз отырды да, акы-  
рында өзінің ұсынысын айтты:

— Есепталы тойына шакырмады деп біз екеуіміз неге-  
капаланамыз Маша? — деді ол. — Жүр, көл бойына ба-  
рып, бакта жүріп көніл көтеріп қайтайық.

Мария Сарқытпен бірге баққа барап, бармасын айт-  
канша есік тықылдай калды. Бүгінгі қуаныштың ішін-  
де Марияның болмауына аса кынжылған Нұрғайша,  
оны шакырып келуге Зыликаны жіберген еді. Бірак, ол  
Марияны Нұрғайшаның атынан шакырмай Фалымның  
атынан:

— Маша жүр, киін, кенжем сені жоктап отыр, келсін  
деп жатыр,— деді.

— Бармайды Маша,— деді Сарқыт Мариядан бұрын.  
— Ұлжан мен Фалымның арасына қыстырылмайды, олар-  
дың ата-енелерінің ала көзіне атылмайды Маша...

— Барамын,— деді Мария орнынан ұшып тұра келіп.  
— Барамын, көремін Фалымды. Сарқыт Сарманыч сен  
шыға тұр, мен киінемін...

Мария қала қыздарыниша киінбек болып, гардеробта-  
ры утюgteулі киімдерін дайындал қойды да, жуынуға  
шықты. Бұтін бір сабының дерлік көбігін шығындаі  
жуынды. Күнге күйе коңырайған ажарын опалап қалпы-  
на келтіргенмен, көк жібек көйлек денесіне жараспады.  
Соғыстан бұрын бойына шакталып тігілген көйлектерінің  
қайсысы да қазіргі денесіне өте тығыздалып қалыпты.  
Өзінің толығайып қалғанын көйлектерінің тарлығынан  
көргендей ызаланды ол. Қалай еткенде де, бүгін Фалым-  
ға сыпайы көрінуді көксеген ол, кіші женгесі Дарьяның  
қара жібек көйлегін киіп айнаға қарап еді, ол жараса  
калды. Соғыс басталғалы бірінші рет киіп тұрған биік  
өкшелі туфлиі, өзін бұрынғысынан едәуір бінгейтіп, ке-  
меліне келе бойжеткен етіп шығарды.

Үйінен шыға келгенде қақпа алдында күтіп тұрған  
Сарқытка, ұзын қара көйлекті, бас киімсіз Мария күміс

басты кыздай болып көрінді. Құтіп тұрған ол: «Қайтсем екен?» деп кіжінді. Қандай арам ойласа да, Марияның бетін бұра алмасын, тіпті өзінің қара күшінің де, Мариямен салыстырғанда басым түсे алмасын сезген Сарқыт әз бетімен кетті...

Бұл кезде Есеналы үйіндегі шай жабдығы жыйылғанмен кешірек соыйлған қой еті ойдағыдан болып пісе қойған жоқ еді. Мария Есеналынікіне енгіз сәтте Нұрғайша мен Зылиқа сыртта, ошак басында жүрген болатын. Төрті бөлме лық толып отыр. Фалымның әңгімесі біргелкі әяқталған болу керек, жыйылғандар майдандағы ерлік істерді мадактап өзара гүілдесе бастаған. Соңдықтан ба, әлде бұл жыйында Мария жоқ болғандықтан оның үйіне әзі барып шыққысы келді ме,— әйтеуір үйге кіріп келе жаткан Марияны Фалым орта бөлмеден карсы алды. Онаша бөлмеде бетпе-бет келген ол екеуі де кідіре қалысты. Алдымен Мария тіл қатты:

— Поздравляю! — деп қолын созды ол Фалымның әңіріндегі ордендары мен алтын жұлдызына қарап тұрып,

— Рахмет! — деді Фалым Марияның қолын алып.

Осы «поздравляю», «рахмет» дегенин баска сөзді екеуі де таба алмағандай іркіліс болып қалған секундгерді, Фалым — өзінің протезді сол жақ қолын шалбарының калтасына салуға, Мария оны майданиаш Қайнарға әкеліп тұрған «қыска мерзімді отпуск» емес, сол прогрез екенін біліп алуға пайдаланған сыйқтанды. Ол екеуінің кара көздері бір-бірінен «қайсымыз кіналы?» деп сұрасқандай қадала қалысты да, «кіршікесізбін» дескендей кірпіктерін қакты. Содан кейін «әбден керісіп ала-шықшы» дескендей карашықтары бірін-бірі жоғарыдан гемен төгіле шолып барып, басып тұрған жерлерінен берірек шыкты да, екеуінің ортасындағы бір нүктеге тірелді. Осы іркілістен кейін, тіл катиастан тыска қарай жүре берген Фалымды Мария көзбен де, көңілмен де шығарып саяшты тұрып: «Батыр... батыр тұлғалы жігіт болыпсың, — деп ойлады оның қапсагайлана толысқан денесіне көнілі толып,— жүрегіңің түбіне қандай қасиет сактап әкелдің екен?».

«Тылдағы ротала шыныққаның шын болса,— деп ойлады Фалым шығып бара жатын,— сенің де әңгіменді тындан көремін... сұрапыл сокқанда иілмеген еменбісін, талай бұралған талмысын, байқармын»...

Фалымның тыстан үйге кіргенін Мария орта бөлмеде

күтіп тұрып төргі бөлмеге онымен бірге кірді. Есеналы да, Әділ де, Марияны Фалымның «өзі шақырып келді» деп ойлады...

Екі табақпен келген астың, бас салынған табағы карттар жағына койылды да, төс салынғаны — жастарға тартылды. Жастар табағына ауыскан Фалым қатар отырған Ұлжан мен Марияның Ұлжан жағына отыруга тұра келіп қалып еді. Бірақ, Ұлжан орнынан тұрып Марияның аржагына отырды да, оны жылжытып Фалымға қатарластырды.

Ұлжанның мұнысын қадағалап отырған Есеналы мен Әділ біріне бірі қарасты. Осының бәрін байқап отырған Дмитрий Андреевичтің шүшірек көк көзі ойнақшы күлімсіреп, бірсесе өзінің екі замандасын мысқылдау, бірсесе Фалыммен өз қызының қатарласа қалғанын қоштау ишаратын сездірді.

Той үстінде де, тараарда да, не жанаша, не ескіше ешбір «неке» қыйыла қоймағанын көрген Мария қонақтарын шығарып салып тұрған Фалымнан:

— Біржола келдің бе? — деп сұрап еді, ол:

— Москвандың Тимирязев атындағы Академиясына оқуға түсетін болдым, бір жетіден кейін кетемін,— деді...

\* \* \*

Фалым келген соң бір жетіден кейін, Кайнар қыстағында ойда жок оқыйға бола қалды. Бұл оқыйға, өмірдің ескі-күскүларын тиеген майсыз арба шықылдап келе жатып жетегі шорт сыйғандай оқыйға болды.

Клубка Қайнардағы екі жұз үйдің адамдары түгел дерлік жыйналған. Өйткені бұл жыйылыс соғыс кезіндегі Қайнар тұнығын ылайламақ болған арам ниеттілерді әшкерелеуге ариалған еді.

Мұндайда ете сабырлы Дмитрий Андреевич бірсесе жанында отырған Есеналыға «мынаның өзі настоящий дурак екен гой» деп сыйырлайды да, бірсесе «егіншінің ішінен де мұндаі дурак шығады екен-ау» деп қынжылады іштей.

Есеналы бірсесе өзінің соғыс басталғалы көрмей келген көлеңке жактарын көріп өкінеді. Бірсесе, «мұндайыңды білсем, алқымыннан алып әкеннің көріне...» деп кіжінеді. Ол да Дмитрий Андреевичтің құлағына сыйырлап:

«бұл әшкөреленіп отырғандардың өзі, туып келе жатқанға өліп бара жатқанның істейтін әрекеттері» дейді...

Бұл оқыйға, халық сотының Қайнарда болып отырған ашық мәжілісі еді. Сот председателі айыптау қортындысын жариялады:

«Айыпкер Сарқыт Сарманов,— деп басталды айыптау қортындысы,— 1914 жылы туған. Бұрынғы саудагердің баласы. 1934 жылдан бері «Социализм» колхозының мүшесі. Социалистік ауылшаруашылығына зыянкестік әрекеттерімен әшкөреленіп отырған биология ғылымының жауы Қалдыбай Құлмұқановтың колшокпары. Айыпкердің соғыс кезіндегі әрекеттері бойынша жүргізілген төртеуде мынадай қылмыстары ашылды:

Айыпкер Сарқыт Сарманов 1941 жылдың екінші жартысынан бастап, огород бригадасын басқара отырып, ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзып, колхоз мүлкін талан-таражға салып келген. Отken үш жыл ішінде колхоздың жүз пүт астығын, қырық центнер картобын зансыз шығындаған.

Агрозоотехникалық шараларға қарсы үгіт жүргізген, сыйыр малының тұқымын асылдандыру, Орлов тұқымдас айғырды үйірге салу, Еділбай қойын жылына екі рет төлдету, картоптың «көзін» егу істеріне бөгет жасау максатымен, колхоз жауы Құлмұқановқа көмек көрсеткен.

Майдан мен тыл жауынгерлерінің әрасындағы таза махаббатқа кір жағып, жалған хаттар үйимдастырған, өсек таратқан»...

— Айыпкер, Сарқыт Сарманов,— деп сұрады сот председателі,— айыптау қортындысында көрсетілген қылмыстарыңызды мойындаісыз ба?

— Мойындаімын.

— Қалдыбай Құлмұқановтың сізге айыптау қортындысында көрсетілген тапсырмаларды бергені рас па?

— Рас.

— Сіз ол тапсырмаларды орындаңыңыз ба?

— Қолымнан келгенінше орындағым.

— Сарқыт Сарманов, сіз отырыңыз. Екінші айыпкер Қалдыбай Құлмұқанов, түрегелініз...

## **ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ**

### **1**

Көктемде көк пен жердің арасын шұғыласына шомылдыра шығатын шүлен күн, Қайнар көліне шапағын шаша, Құнтөбеден күле қарап, аруананың өркешіндегі Ақшоқының үстінен шығушы еді. Дөңнің Құнтөбе атаниң да осыдан болуы тиіс. Жаңа ғана сол Ақшоқы, алтын құнді басына шляпа ғып киіп тұрған тәрізді еді. Қазір, колхоз үйлерінің де, әр үйден шыққан адамдардың да көлеңкесі аяқ астында қалып, тәніректің бәрі құңгей болып құліп тұр. күн жоғарылай жузіп, Қайнар мен Қаймактының қақ ортасындағы жолбарыс кейінгіс жотаның үстіне келді. Сол баяғы, соғыс басталардан бір күн бұрын «мертілген» жота, әлі жолбарыс кейіпін өзгертпей жымыйып жатыр. Жаңа ғана әр өсімдіктің басында мөлдіреген шық, масаты кілем үстіне меруерт моншақтар шашылғандай еді. Қазір соны күн қайтадан жыйып алып, орнына аспаннан алтын шашып тұрған тәрізді. Бұдан екі ай бұрын, ак сеңсөң тонын айқыра жамылып, жүргегі мұздай қатып жатқан кара жер, қазір көк бүлістей құлпырып, жан-жануарлардың бәрін мейіріміне бөледі. Кеше түстен кейін батыска қарап басын жарған қызғалдақ, алысқа аттандырган сағынышты жарын қарсы алып тұрған арудың қызыл ерніндегі, күнге қарап қадала қалған.

Соғыстан бұрын Мария мен Ғалымның Құнтөбе басынан Қайнарға шаңғы тепкен сәттері есінізде шығар. Сол бір сәт күн батар алдындағы алас-қанаң кезең еді-ау. Сол кезеңде түбінде не жатқаны белгісіз түңғыйық терең көл, соғыс жылдарында арнасын толтыра көтеріліп, Еспе мен Еділшенің ағыс қарқының қа-

тайтып жіберген еді. Қазір оның ортасынан бүркүрай қайнаған бұлағы барлық сүйн желсіз толқытып, төсінде жұзғен каз-үйректерін баппен тербетіп жатыр. Қайнарды қаұмалай құлпырған орманнан сайраған бұлбұл үні, судағы қашқылдаған қаз даусына қосылғанда, Есеналының кең кеуделі, жуан шекті домбырасына Ғалымның скрипка қосқаны сыйкты. Қөлде шоршып ойнаған шабактарға көктен шүйілген шағалалар, аспаннан кесек-кесек ақ күміс жауып тұрғанға ұқсайды. Нәк сол шағалалар түстес көгаршындар балалар бақшала-рынан ұшып, аспандаған антенна сымына конады. Қазір колхоздағы барлық балалар жыйылып, әлемге ақ күміс құстар самғату ісімен шұғылданып жатқан сыйкылды. Салтанат сапына тұрғаңдай көше бойындағы көк терек-тердің әрқайсысы өз тұсындағы ашық тerezelerге, құл-пырған жасыл жапырағынан буда-буда букет ұсынып тұр.

Осындай көркем көрініске бөлениген ауылдың көңілді адамдары жыйылып, бір үлкен салтанат құрғалы жатқан сыйкты. Бұдан бірнеше ай бұрынғы, қантардай ызығарлар ажарлар көктемдей құлпырып, көптеген ауыр мінезділердің күлкісі күмістей сылдырайды. Эсем әзіл де, тәтті ән де осы көптің аузында. Бірак, соның бәрінің көңілі шат, жүзі жарқын болғаимен, кигендері жұмыс киімі. Кеше ғана Қаймақтының жара топырағын мак-палдай майдалағанда тер сінген киімдері қайта киілген. Өңіріне ордендары, медальдары, гвардия значогы та-ғылған майдан гимнастеркалары мен жұлдызсыз пилот-калар да қайта киіліп қалыпты. Жүк машинаға, көлік-терге құрал-саймандар тиеліп жатыр. Басқарма кеңесінің алдындағы алаңнан көтерілген Қызыл ту түбіне, ер-әйел, кәрі-жас тұс-тұсынан лек-легімен келіп топтана береді. Аудандық партия комитеті мен Атқару комитетінің, «Социализмге» ерен ерлік үшін тапсырған туы еді бұл. Енбек майданының талай алаңнан көтеріліп, талай биігінен желбіреген жеңіс туы тағы да канатын қара толқып тұр, тағы бастагалы тұр мына жүртты бір жорыкка.

— Баста, Есеналы Жоламаныч,— деді Колосов, манадан бері өзі көтеріп тұрған туды енді соған ұсынып.

Бұрынғы әдетті бойынша, Есеналы туды қолға алысымен-ақ: «Ал және, еріндер мына менің соныннан» деп адымдай жөнелуі тиіс еді. Қазір өйтпеді. Қызыл тұлға

колхозға кеше гана келген Павел Колосовка тапсырды:

— Сен баста Павел, бұл аттанысты да сен баста!

Талай-талай жауынгерлік тапсырмаларды қабылдап үйренген Павелдың екі өкшесі бір-біріне тық ете түсті де, оң колы фуражкесінің күнқағарына көтеріле калды:

— Спасибо, за доверие, товарищ председатель<sup>1</sup>)

Соғыстан бұрынғы жас гидро-милиоратор, майдандағы екпінді ротаның ер саперы, еңбек туын да аса қуанышпен қолға алды. Дмитрий Андреевич баласының туды әскери қагидамен қабылдағанына қарай қызып кетіп, «бұл тәртіпті біз де білеміз» дегендегісі ме, әлде, қазірден бастап-ақ өзін аттаныстың командирі етіп көрсеткісі келді ме,— әйтеуір баласына қарап бүйрық раимен қеудесін көтере дауыстады:

— Бейбіт еңбек жолымен, коммунизмге қарай ма-арш!

Колосовтың осы айтқанына сай, немесе одан да жа-лындырақ сөз, қапелімде аузына түспей қалған Есеналы:

— Я, сәт! — деді

Дмитрий Андреевичтің баласына беріп тұрған бұл ауызекі жолдамасын жүрттың бәрі ортақ қабылдады да, Есеналының «я, сәтін» бәрі бір дауыспен қайталай қадам басты.

Алда «Жолбарыс» жонына көтеріле бастаған көңілді көпшіліктің ішінде Есеналы мен Дмитрий Андреевич қатар жүріп келе жатыр.

Есеналының бүгінің сырт пішіні, бұрынғысынан өзгеше көрінді. Әдетте жаз киетін пүшпақ бәрікті тастан, шляпа киіп шығыпты. Сарша тамызда да тастанамайтын желең шапаншасы да, соның ішінен буынып жүретін, кіселі бұғы белбеуі де жок. Осы заманың интеллигенттерінше тіктірген трико костюмының тәсқалтасынан сағатының күміс үзбесі көрініп тұр. Бұрын атқа қонғанда хром етік киетін де, кеңесіне барғанда, галошын ауыз бөлмеге шешіп, кабинетте мәспен отырушу еді. Казір осыдан бір ай бұрын сельпо магазинінде тұрган жәңіл сары туфліді жібек по скимен киіп келе жатыр. Бүгін оның келбетіндегі кепет өзгерісті де көре қойды жүрт. Қалың қабағында, жогарыдан төмен күлай тік түсіп тұратын терең екі сала, казір қатар-қатар көлденен тартаула сандарға айналыпты. Ертемен шаш та-

<sup>1</sup> Сенімізге ракмет, председатель жолдас.

разысына кіріп шыққан болу керек, бұрын ажарын ыз-  
ғарлы көрсетіп тұратын қою, бурыл сақалшағы шок-  
шаланып, мұрты да сұлууланып қалыпты. Бүйрек бетін-  
дегі қызыл шырай мен үлкен койкөздің күлімсірегендегі  
нұры, ішкі қуанышын айтпай-ак жарияладап тұр.

Есеналыға қарағанда, Дмитрий Андреевичтің сырт  
пішіні, барлау экспедициясын басқарып далаға шыққан  
геология инженері сыйқты. Құнқараның өзі үлкен та-  
релканың жартысында кепке, кендірлі полотнодан кен  
тіктіріп, жеңіл етікпен киген костюм, жалғандысын жа-  
урынына қайырып жамыла кигеп, әрі кең, әрі ұзын бия-  
зы брезент плашь,—еңсесі биік, қапсағай зор денесін  
одан сайын зорайта түскен. Оның жирен қаба сақалы  
мен шалғысыз қою мұртына ұстара тименті. Бірақ, со-  
ның өзі қызыл сары ажарына жарасып, қүнге шағылыш-  
кан мыстай жылтырайды. Ойнакшыған шүнірек көк кө-  
зі, күн көзінен ғажаппен екі жұлдыз туып тұрғандай  
кулімдейді. Әдетте өзі аз сөйлен, Есеналыны көбірек  
тыңдайтын ол, қазір сөзден аузы босамай, трубкасы  
сөніп кала береді.

Оның әңгімесін қаумалай тыңдал келе жаткан егін-  
шілердің бірі «быйылғы жылы жылан ойдан қырға қа-  
рай жорғалтайды; жаз жауынды болады, егін бітік шы-  
ғады» деп еді, Дмитрий Андреевич соны да жалғасты-  
рып біраз жерге созды. Енді бір малшы: «Быйыл қойжуа  
ерте пісті, малдың түгін тартса май шығатын болады»  
деп еді, Есеналы: «Онысы рас, айтқаның келсін» деп  
екі-ақ сөзбен куаттап қойды.

Дмитрий Андреевич енді Есеналыны сөйлетпек болды  
ма, әлде, өзінің бүгінгі жалынды жүрек сырын актар-  
ғысы келді ме,— әйтеуір тағы бір жаңа тақырып бас-  
тады:

— Бейбіт өмірдің көктемі қандай көркем, Есеналы  
Жоламаның, а?! Жасай бергің келеді! Коммунизм жа-  
зына дейін жасай бергің келеді!

— Жастардың тілегін тіле, жастар жасасын.

— Я, жастар бізден көп жасайды да, біз көрмеген-  
дердің бәрін көреді. Бірақ, Есеналы Жоламаның, сен де  
картая берме, менен де жассын. «Социализм» колхозының  
атын жаңартып «коммунизм» қоймақ болып жүрген  
өзің гой.

— Ешкімнің де қартайғысы, өлгісі келмейді Дмитрий  
Андреевич. Бірақ, колхоздың атын да, затын да жаңар-

татын жастар. Мен айтсам, соларға сеніп айтам, «Асыл тастан, ақыл жастан шығады»...

— Соныңа «қайрат халықтан шығады» дегенді қос.

— Дауым жок, қайрат халықта. Халық өзінің қайраты мен қасиетін егіп жастарын туғызды. Жана дүниеге келген жастар өз ортасына бейімделе, оның келешегін ала келді. Сондықтан, менің қырық жыл мал баккан жайлалауды, менен ширек ғасыр соң туған Таутан жаңартып жіберді. Қырық жыл егін еккен сенен қырық жасы кіші Мария тұмаса, картоптың көзін еккен бір гектардан мың пүт өнім орылmas еді. Ал, сен қартайғың келмесе Қаймақтыдан бұтақты бидай өсір.

— Өсіремін, егер сен Еспе каналын бітіріп, Еділшені бөгеп беретін болсаң.

— Өте орынды талап, бірақ, соған өзің айтып келе жатқан халық қайраты керек...

— Әне, халық келе жатыр, халық! — деп дауыстаған бір колхозшы әнгімені бөліп жіберді.

Бұл кезде жүрт «Жолбарыс» жонына көтеріліп, оның шоқтығына Павел Қызыл туды тігіп түр еді. «Қызылжар» колхозы жақташ шаңдатып, өңшен пар-пар атқа жеккендер тізіліп келе жатыр екен. Есеналы құнсалада карады. Қөп алдында километрдей оқшау келе жатқан қос қаратөбел бар желісімен самғап жакындал қалды. Сол тарантастан да қызыл ту көтерілген. Жүрт шу етегүсті:

— Уау, ана келе жатқандар қызылжарлықтар ғой.

— Япырау, мына алдыңғы пар біздің Тұлпарлының тұлпарлары емес пе?

— Дәл өзі, анау Таутан.

— Қатарында ту ұстап отырған Ұлжан.

Бүгін, мұнда аудан көлемінің өзге колхоздарынан да адамдар келетінін олар жақсы білетін-ді. Бірақ, «Қызылжар» колхозының бригадасын Ұлжан мей Таутан бастап, ең бірінші рет «Социализм» колхозының екі асыл қаратөбел дөненін пар жегіп келеді екен деп ешкім ойлаған жоқ еді. Бәрі таңдана калысты.

Есеналы мен катар тұрған Дмитрий Андреевич, оны шынтағымен ептең тұртіп қойып ақырын ғана:

— Мына екеуінің осы әрекеті де жастар жаңалығы ма? — деп сұрады.

— Бұлардың мұнысы,— деді Есеналы да жай сейлеп,— «Қызылжар» колхозына қамқорлық. Ол колхоз-

дың «Социализмге» келіп қосылмайынша, өздігінен өркендей алмасына менің көзім әлдекашан жеткен. Сондыктан бұлардың мұнысын коммунистік дәстүр деңбағалау керек.

Дмитрий Андреевич, енді Есеналының ескі ырымшылдығын мінегісі келдіме, әлде ежелгі әдетін тағы бір кайталап оны осы жерде де бір шымшый қытықтап қоюға кызықты ма,— әйтеір аузы қарап тұрмады:

— Осы екеуінің ерлі-зайыптылығына басында құда болыскандар кімдер екен? — деді.

— Күйесу мен қалыңдық қағидасы күн сайын жана-ра жасарып, «құдалық» дегеннің өзі өзімізбен бірге картаіып қалған қағида ғой. Сіра, сен екеуміз ең соңғы құдалар болып қалатын шығармыз.

Есеналыға әрі ақылшы, әрі сыншы Дмитрий Андреевич, оны Қайнардан «Жолбарыс» шоқтығына шықканша түрткілеп келіп, осы соңғы сөзін айтқызды да: «Отта шыныққан құрыштай қайрат,» деп жүретін бағасына «Қайнардай сарқылмас ой, қырандай көргіш қырағы!» дегенді қоса корытты.

Дүрілдетіп келіп, делбесін қатты тартпай-ак «тр-р» дегенде кос каратәбел тоқтай қалды. Ұлжан тарантастан түсті де, ешкімге бөгелмestен Есеналыға келіп:

— Есеке, мына туды құрлыстың кай жеріне тік дейсіз,— деді.

— Ракмет, шырағым, құрлыс бастығы мына Дмитрий Андреич қой,— деп, қасында тұрган Колосовқа нұсқады Есеналы.

— Бұл ту «Қызылжардың» қанша адамын бастап келіп тұр? — деп сұрады Дмитрий Андреевич.

— Егіс бригадасы түгел.

— Ракмет! Бұл бригада каналдың Қаймакты жағынац, соғыстан бұрын өзінің бастаған участесін кайта қолға алтын болсын, құрлыстың бас инженері Павел Митрич Колосов.

— Карай қалыңдар, тұс-тұстан топ-тобымен келе жатыр,— деп дауыстады тағы бір колхозшы.

Бұлар «Вперед», «Екпін», «Торжество труда» колхоздарынан келे жатқан бригадалар еді. Бірак, соның бері де, қызылжарлықтарды бастап салтанатты келген Таутан мен Ұлжандай көңіл аудара алмады. Өйткені, жүрттың көбі кос тұлпарды қоршай қалысып, соның қасиетін мадақтасып жатыр.

Есеналының көзі де қаратәбелде. Ол бүгін аудан көлемінен канал күрлісіна жыйылғандарға осы асылдарын да мактаныш еткелі тұр. Тауташың өзі де бұл ри-сактарын текке парлан жегіп келип тұрган жок. Ақ бас сыйырлардың салмагы кемелге келіп қала тұrsa да, әлі сүт рекордын жасай алмаған болатын-ды. Бұл үшін алда әлі бес жылдық бел-белестер жатыр. Аудан көлемінің талай колхоздарынан келген өкілдер, сыйыр фермасының бүгінгісі мен келешегін көріп кетіп жүр. Бірақ солар жылқы фермасын кашықсына ма, әлде «жылқының аты жылқы ғой», қаша желгіш болса да машинадан оза алмайды» деп менсінбей ме, әйтеуір бұл жана тұқымның жайын жақсы білмейтін-ді. Өзге тұргай, қызы-жазы Қаймактыдан шыкпайтын, осы колхоздың өз егіншілері де көрмеген болатын. Ал бүгін, Колосовтың тілімен айтқанда «Еспе каналымен коммунизмге жол ашпақ» жүрттың сибере «мен де үлес коса аламын» деп келіп тұрган тәрізді Таутан.

Барлық колхоздардан келетін бригадалардың түгел жыйылыш болуы тосылып, құрлыстың басталуына арналған митинг ашылғанша, қос қаратәбелдің касиетін зерттеді жүрт. Етсіз бас, бота көзді, сирек жал, сыйыс құйрықты, биіктігі атан түйедей, көшесі екі құлаш жануардың әркім өзінше сыйпаттады.

- Омырауы есіктей екен!
- Шоқтығы аруананың өркешіндей!
- Сауыры төңкерілген тайқазандай екен жануардың!..
- Шоқтығы мен сегізкөзінің биіктігі бірдейін қарашы!..
- Бұл өңірде мұның қапталдығына шақ келетін ертабылар деймісін!..

Тұлғасын осылай сыйпаттағандар, жүрісіне де шұбаданған жок. Жаңа ғана көптеген жақсы аттар мұның желісіне шауып ілесе алмай далада қалып келгенін бәрі көріп тұрды. Енді камытка қашалық кайраты барлығы жұмбақ болып, соны әркім өзінше жорамалдай кеу-кеуlestі. Бірақ, әніәрсөні іс жүзінде сынау қагыйдасы жорамал жолын қысқартып тастанады.

Осы мезетте «Социализм» егіншілерінің Қаймактыдан көшірілген көшпелі жатак үйі құрлыс басына жакындал қалып еді. Үлкен темір дөңгелекті қызыл вагон керегінде

жұмыстың әр участесіне көшіріле беретіндіктен «көшпелі жатақ үй» атанған. Ішіне барлық жадбықтары тиелген сол вагонды екі атан өгіз мықшыя тартып, жұмыс басына зорға жеткізіп тұр. Соған мына екі дөненді жегіп көрғісі келген егіншілер тұс-тусынан шуылдасып, бірқатары өгізді, бірқатары атты доғара бастады. Бұл сын Таутанды әдеуір қобалжыта түсті. Бірақ, көптің алдына шыға алмады.

«Бестіасаудың» бес кәсесін біржола сіміріп алып, қызара бертіп келіп тұрған Жайбасар атынан қарғып түсті.

— Былай тұрындар, бұл трактор да емес, өгіз де емес. Ат олай жегілмейді, міне, былай жегіледі, бері әкеліндер.

Егер бұл вагонды екі дөнен орнынан қозғай алмай қалса, өз колхозының егіншілері тұрғай, барлық колхоздардың өкілдері алдында келемеж болатыны Жайбасардың ойында жоқ. Өзі мәпелеп өсірген жануарларын егіншілер жеге алмай қор қылады деп жармасты. Таутан болса бұл дөнендерді әлі ауыр жүкке салып көрген жоқ еді, сондықтан қысылып тұр. Дауылпаздың кайратын өз сынынан өткізген Есеналы, мыналарға да, сонын тұқымы ғой деп сеніп тұр. Оның үстіне, асыл тұқымды аттың да, мынадай салтанат үстінде сынға түсуінің өзі Есеналы үшін үлкен салтанат.

— Ал, кәне кейін тұрындар,— деді Жайбасар делбені қолына ала вагонның алдына отырып.— Кейін тұрындар деймін түге қамаламай, біреуінді басып кетіп, пәлеге қалармын осы.

— Жәке, тең тартқыза гөріңіз,— деп ескертті журегі алып ұшып тұрған Таутан.

«Тізгінді тең ұстамаса жас жылқы сыңарезу болады» дейтін кәрі жылқышы бұл екі аттың да ауыздықтарын делбемен катар қозғап:

— Шұу жануар,— деді. Вагонның бар салмағы аттардың тұяғына түскендей, тағасы жерді оя, созыла тартты. Жаңағы атан өгіздердей мықшымай сүйреді жүкті.

— Пай-пай-пай, бұйым ғұрлы көрмеді-ау жануарлар...

— Бері бүр, өрге қарай.

— Япырау, тіпті жортып кетпесе неғылсын;

— Желісіне жіберіп көрші, желіске,— деп шулаған

жұрт қаратөбелдің аршынды аяцина ілесе алмай жүгіре басып қаумалай түседі.

— Кейін жүріндер деймін, басып кетеді біреуінді,— дейді Жайбасар делбені қағып.— Эйтпесе мына жатак арбаларыңа тиеліп жатып алындар, бір биссауымда Тұлпарлыдан түсірейін де, әркайсыңа бір-бір саяктың үйін бақтырайын.

Онсыз да тиеліп алғысы келіп қызығып келе жаткан жұрт вагонге жабылды. Егер соның бәрі вагонге толып алса, ат қанша алып болса да орнынан козғай алмас еді. Соны сезе калған Есеналы:

— Жә, жетер енді,— деп дауыстады.

— Уай, Жайбасар құтырма, тоқтат, доғар!.

Таутан да вагонге ешкімді жібергісі келмей корып жүр еді. Оны жұрт ортага ала жабылыш, алакан үстінде әлпеншек төптіріп жатыр...

— Есеке, жұрт жыйылып болды ғой деймін, митингіні бастай берейік,— деді Мактым.

Бұл жерде митинг мінбесіне шығып кімің ие айткандарын баяндалап уақыт оздырмай-ақ, содан кейінгі көрініске көше берейік. Бірақ сол көріністі, мұнан төрт жыл бұрын, осы айдаң жыйырма бірі күні кештіғұрым Есеналының қөзімен бір көріп едік ғой деменіз. Ондағысынан өзгешеліктері бар. Әне, сол жылы динамиттен шошынған жұрт казір оны өз колынан көміп, жарып жатыр. Содан бері «жолбарыс» кейіпінен айырылмай әлі жымыйып жаткан жотаның тоғайрагы актарыла бастады казір. Сонда, топырағы желген бураның шудасындај желлілдеген жер, казір дауыл күнгі теңіз бетіндей... Сондағы елу жігіттің күрекпен лактырған топырағын, қазір бір экскаватор бір-ақ асап тұр. Сол бір күні, Еспе сұнының Каймақтыдан ауысуына шұбәланған «Қызылжар» колхозынан келген звено еді. Қазір сол колхоздың егіс бригадасы тұтас келіп құрлыс басына еңбек туын тікті. Тек осы бір ғана бригада емес, аудан көлемінен келген барлық бригадалардың аузындағы сөзі, жүргегінің түбіндегі ойы — Еспе каналымен иен дәүлеттің есігін ашу. Әне, соның бәрі сұыққа тоңған, ыстыққа күйген, соғыс өртіне шарпылған, еңбек көрігінде балқыған, ызамен кекке суарылған тұлға. Соның бәрінің қыймылын тұтас алғанда, осы өнірдің аспандаған асқарына қарай қагылып бара жаткан қаркын қанаты тәрізді.

— Болатов жолдастың пәтерінің телефонын қосыныз-шы... Сәламатсыз ба, мен Мақтым ғой... Людмила екеуі міз жаңа ғана келіп тұрмыз, үлгере алмай қалдык...

Демалыс күнгі сәске түс еді. Совет Одағының батыры Николай Колосов пен гвардия майоры Ербөлек Есеновтың келе жатқаны хабарланған телеграмма кеше алынған болатын-ды. Қайnar ауылы оларды қарсы алу тойын Еспе каналы құрлысының басында өткізбекке дайындалып жатыр. Мақтым мен Людмила аудан орталығынан қарсы алмак болып, қаратебел дөнендердін тройкасымен таңтерең аттаңған. Бірақ олар поезд келуіне жарты сағаттай кешігіп қалды. Батырларды вокзал басынан қарсы алған Болатов, еналдымен өз үйіне түсірді. Мақтым қазір аудандық партия комитетіндегі дежурный бөлмеден телефон соғып отыр. Осылай болатынын Болатов күні бүрүн сезген еді. Мақтымдардың да қарсы алуға келетіні жайлы хабарлы Бактияр, олар уакытында келіп үлгерген жағдайда да кездесу сөтіне ариап жонақасы беруді жоспарлап, әйел Раушанга ертемен ескерткен. Қазір Мақтым мен Людмиланы телефон арқылы үйіне шақырған ол, Ербөлек пен Николайға кімді шақырғанын сездірmedі. Кележак контакттарды қабылдауды Раушанға тапсырып көзін қысып койды...

— Людмила-ау, бассайшы аяғынды тезірек,— дейді Мақтым.— Өзі шақырып отыр ғой.

Жасы отызға кірген, зор денелі, шикіл сарының қызыл шырайлышы, өткір көк көзді әйел, Мақтымнан жалықтау басып, іркіліп келеді. Бұл тракторны Людмила. Егер ол, топыракты тобығынан жешіп егіс үстінде келе жатса Мақтымның алдын орай асықтырар еді. Қазіргі сәтте оның жүрегі қаша тулағанмен Болатовтың үйіне ене коюға именіп келеді. Оның ойынша: майданин ерім келіп отыр екен деп аудан басшысының үйіне баса-көктей кіріп бару әдепсіздік. Бірақ тәрт жыл бойы сарғая сагынған Николай кетіп отырган үй есітін кен анып, ішінен мейірімді, махаббат құшагы жайылып тұрғандай, соңша ыстық тартып барады. Солай болып та шыкты. Кызыл шатырлы, кішірек екі кабат үйдің қақпасы алдынан Раушан қарсы алды бұларды...

Ұлы Отан соғысының такырыбына жазылған бір зор шығарманың эпилогын елестетті ерлі-зайынтылар. Тыл-

дың барлық тракторшылары мен майданың барлық танкистері, күллі колхоз парторгтері мен армияның барлық саяси қызметкерлері құшактасып сүйіспін тұрганға үқсады. Осынау бір тамаша көріністің өзі, жеңістің кепілі ерен ерлік пен таза махаббат деп тұр. Осынау бір тәтті мезет — құрыштай шынықкан денелерді қайта балқытып, тотықкан ажарларды құлпыртып жіберді. Төрт жыл бойы көңілді бір көншітпей жүректі қысқылап келген сағыну капасын, қазір осы үйдің ашық терезесінен енген таза әуе жуып әкеткендегі тыныс кеңіп кетті. Ерлізайыптылар арасында гана айтылатын әзілге төрт жыл күрмелген тіл де сайрап қоя берді.

Әртүрлі тағамы толы тұрган кең столға шақырылған қонактар бірінші бокалдарын Болатовка арнаң көтерісті.

— Жасыныздың үзак болуы үшін ішемін Бактияр Булатович,— деген Людмиланың тілегін бәрі бір ауыздан қоштады.

— Мен Колосовтар семьясының ұлылығы үшін ішемін,— деді Болатов.

### 3

Майдан батырлары Қайнарға келген соң екі айдан кейін, Қайнар қызы Марияны Москва-студенті Фалым қарсы алды. Откен күзде Фалым ауылға келгендеге, онын жазғы каникулде Москвада қалып қоятыны, Москваға окуға Марияның баратыны жоспарланып,— ол екеуі осылай уәделескен болатын-ды. Бұл уәде, содан бергі жазысан хаттар арқылы да бекітілген.

Вокзал басында кездескенип бергі санаулы сағаттар ішінде бұл екеуінің әңгіме-әрекеттері, әдетте сағынысып қосылған жас достар дәстүрінен әріге бара койған жок еді. Ал, мына Горький паркі Марияның ежелгі мінезін әп-сэтте өзгертіп жібергендегі болды. Фалыммен қолтықтаса қыдырып келе жатса да, көңілі әриәреңге ауыткый берді. Сонау қырық бірінші жылы Фалым екеуіне Қайнар орманынан табылмаган, откен күздің бір кешіндеге табылып, бірақ сарғая бастаган қызыл гүл, қазір Горький паркінде құлпырып тұр. Оның бір букетін мана Фалым вокзал басына алғып шығып үсініп та еді. Қазір сол гүлдің мындаған букетін осы парктің өзі үсініп тұрған сыйкты. Жан-жак жаркырап, кешікі жарықтың мұндаі өткіріне үйренбеген көзді ұялта берді. Кай аллағемен қай түкпірге барса да таса бола аларлық көлеңкө көрін-

бейді. Төңірегі толы өздеріндегі жастар. Ешқайсысының көңілінде ешбір түйткіл, қабактарында кіrbіц жок. Бәрінің жүздері жаркын, ауыздарында әзіл. Соның бәрі, мұның бойында жок бір жана касиеттің адамдары сыйктаңды. Тіпті, жанында қолтықтастын келе жатқан Фалымның өзі бұрынғысынан өзгеше бір жаңа адам болып көрінді.

Сондықтан, осы ортаға бейімделу максаты Мария жүргіне орнығып алды да, алаңдап әурелене бастады. Қайзыздың қалай қиінгені, жүріс-тұрыстары, әңгіме-әрекеттері еріксіз пазарын аударып әкетті. Фалымға әңгімелеп, оған ой салмақ болып келген бір тақырыбы: Ұлжан мен Таутаниң үйлену тойы туралы еді. Бірақ, бұл тақырып, мышадай салтанат паркінің төріне күнде шығып жүрген Фалымды қызықтыра алмайды деп ойлады. Москва жаңа жаңалыктарын таныстыра әңгімелеп келе жатқан Фалымға, сез арасында:

— Трофим Денисовичпен таныса алдың ба, аман ба, не істеп жатыр екен? — деп сұрады.

— Таныстым, жуық арада ол мені өзінің ғылми лабараториясында қабылдады,— деді Фалым, еңесін көтере маңғазданып. Оның каникулге қайтпай қалуындағы максатының өзі Трофим Денисовичтің шәкірті болу еді.

— Ал, оның өзі қазір Мичурин атындағы селекция станциясына кетті. Сонда жатып бір зор ғылми іс атқаратын болу керек...

— Тағы қандай жаңалық ашқалы жатыр екен, а? — деп інкәрләнди Мария.

— Сталиннің бір зор тапсырмасы болса керек,— деді Фалым ақырын ғана.— Менің шамалауымша, Трофим Денисович сол тапсырманы орындауға кіріспін жатыр-аудеймін...

— Ол қандай тапсырма болуы тиіс, а?

— Бүкіл дүние жүзілік маңыз алатын бір үлкен ғылми шайқас болуға тиіс қой деп ойлаймын. Қөп кешік-пей-ақ Трофим Денисович биологиядағы морганизм-вей-сманизмдерге қарсы атакаға шығатын шығар деп ойлаймын...

— Оған біз катынаса алармыз ба екен?

— Катынасамыз,— деді Фалым.

Мария оған біртүрлі әсем назбен жымыя, дидарлана карады. Осы сәтте музыка ойнады да, паркте саяхаттап жүрген жастардың бәрімен бірге бұл екеуін де би ала-

цына еріксіз шыгарды. Марияның сол қолы, Ғалымның мойнына асыла бергенде, Ғалымның оң қолы Марияның мықынынан жоғарырақ оралды. Екі жүрек бірі-бірінің дұрсілдеген дүбірін естіп, тілдесіп түрған тәрізденді. Дубірлескен, тілдескен, ұғынысқан жүректер, сол сәтте Мария мен Ғалымның денелерін балқытып, ыстық қанын біржола араластырып жібергендей болды. Вальс күйінін ыргағы би алаңын Қайнар көліндей толқытып түрдү.

## ОҚУШЫЛАРДЫң ЕСИНЕ!

Осы кітап туралы пікірлерізді мына адреске хабарлаулырыңызды сұраймыз.

Алматы қаласы, *Пролетар көшесі 11-үй*  
Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет  
Баспасы.

**Жардем Тлеков**

### **ҚАЙНАР**

### **ПОВЕСТЬ**

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1953

Редактор *A. Байтанаев*.

Художник *A. Михайлов*

Техредактор *B. Гиричев*.

Корректор *K. Байменова*.

Подписано к печати 11/VII 1953 г. УГ05857. Изд. № 89. Бум. 84x108<sup>1/2</sup> =  
б. л. 4,12 — п. л. 11,68. (Уч.-изд. 12,42 л.) Тираж 15000. Цена 5 руб. 25 коп.

г. Алма-Ата, Полиграфкомбинат Главполиграфиздата Министерства культуры  
КазССР. Зак. № 833.







5c. 251